

Джон Буньян



РУХАНИ САЯХАТ

# **РУХАНИ САЯХАТ**

Джон Буньян

Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің діни сараптама-  
сынан 5-05-16/462 нөмірі бойынша 08.09.2015 күні өткізілді.

ӘОЖ 2  
КБЖ 86.3  
Б 84

Джон Буньян  
РУХАНИ САЯХАТ – Алматы:ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ, 2015 – 266 бет.

ISBN 978-601-7451-01-1

«Рухани саяхат» кітабы аллегориялық стильде жазылған ру-  
хани саяхат туралы баяндайды. Джон Буньян кітаптағы бас  
кейіпкер – сенушінің жолында кездесетін түрлі азғырылулар мен  
қиындықтарды бейнелі түрде суреттейді. «Рухани саяхатты»  
оқыған әр адам өзін бас кейіпкердің орнына еріксіз қойып, өз  
өміріне сырт көзбен қарай алады.

ӘОЖ 2  
КБЖ 86.3

ISBN 978-601-7451-01-1

©ШЫҒЫССӘУЛЕСІ, 2015

# РУХАНИ САЯХАТ

МӘСІХШІЛІК КЛАССИКА КІТАПХАНАСЫ

Джон Буньян

Кітаптың алғашқы басылымының  
330-жылдығына арналады

ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ  
2015



## МАЗМҰНЫ

Джон Буньянның өмірі ..... 6

### I-бөлім

#### Аспан еліне саяхат

1-тарау. Түрме және түс көруші .....	21
2-тарау. Сары уайымның батпағы .....	25
3-тарау. Осы дүниелік ғұлама .....	28
4-тарау. Тар қақпалар .....	33
5-тарау. Түсіндірушінің үйі .....	36
6-тарау. Айқыш ағаш .....	42
7-тарау. Қиыншылық тауы .....	46
8-тарау. Салтанатты сарай .....	49
9-тарау. Аполлион .....	56
10-тарау. Өлім көлеңкесі алқабы .....	60
11-тарау. Сәлім және айнымас .....	63
12-тарау. Сөзуар .....	69
13-тарау. Әбігершілік жәрмеңкесі .....	77
14-тарау. Сәлім және үміттенуші .....	85
15-тарау. Күмән қамалы және алып торығу .....	93
16-тарау. Қуаныш тауы .....	99
17-тарау. Сенімі аздың хикаясы және оның таңғажайып жерде болуы .....	102
18-тарау. Надан .....	115
19-тарау. Соңғы сынақ. Көктегі қала .....	121

II-бөлім  
Сәлима және оның балалары

1-тарау. Сәлімнің әйелі Сәлиманың жолға дайындалуы .....	127
2-тарау. Тар қақпалар .....	133
3-тарау. Түсіндірушінің үйі .....	141
4-тарау. Айқыш ағаш .....	149
5-тарау. Салтанатты сарай .....	153
6-тарау. Қорлық көру алқабы .....	163
7-тарау. Адалдық пен қорқақтық .....	170
8-тарау. Гай .....	177
9-тарау. Мнасонның үйі .....	185
10-тарау. Қуаныш тауы .....	189
11-тарау. Лайықты .....	195
12-тарау. Ғажайып ел .....	199
13-тарау. Атамекен .....	204
Ескертпелер .....	210

# ДЖОН БУНЬЯННЫҢ ӨМІРІ

Алғашқы ізденістер

Джон Буньян 1628 жылы Эльстоуда, Англияның қақ ортасындағы Бетфорд атты шағын қалада дүниеге келді. Оның ата-бабасы емес, ата-анасы туралы мәліметтің өзі мардымсыз. Олар өте кедей тұрған, от жағушы болып істейтін әкесі отбасының жалғыз асыраушысы болды.

Бірақ әкесі ұлының білім алғанын қалап, оны Бетфордтағы кедей балаларының мектебіне берді. Бала сол жерде сауатын ашты, бірақ көп ұзамай-ақ әкесіне көмектесу үшін үйіне қайтуға мәжбүр болды. Мектепте балалардың өнегелік тәрбиесіне аса назар аудармайтын, сондықтан өзге балалар секілді Джон Буньян да ол жерден ешқандай тәрбие алған жоқ. Эльстоуға қайтып келгеннен кейін, ол көптеген әдепсіз істерге барды, өтірік айтудан да бас тартпайтын. Кейіннен өз жазбаларында мойындағанындай, қызық-думан қуудан оны ештеңе тежей алмайтын.

Он сегізге толған шағында Джон Буньян парламент әскерінің қатарына қабылданып, парламенттің корольге қарсы соғысына қатысты. Лестерге шабуыл кезінде қандай да бір себеппен Джонның орнына басқа жауынгер қояды және ол соғыс басталған алғашқы сәтте-ақ оққа ұшады. Осы және өмірі қыл үстінде тұрған осыған ұқсас өзге де жағдайлар оны жиі толғандыра бастайды.

Құдайдың өзін қандай да бір жолмен аман сақтап келе жатқанын ол тек уақыт өте келе ғана түсіне бастады. Бірақ бұл туралы тереңірек ойланудың орнына ол жан тыныштығын сақтау үшін олардан басын алып қашады. Сол екі арада оның ұйқысы қашып, қорқынышты түстер көре бастайды, көзіне әлденелер елестейтін болады. Ол Құдай өзінен теріс айналды деп ойлап, тіпті, еш қамсыз өмір сүретін малдардың өздеріне қызғанышпен қарай бастайды.

Сонда ол өзін мазасыз ойлардан арылтатын адамдарды белсене іздей бастайды және шамасы келгенше Құдай жайында ойламауға тырысады. Кейде ол өзін жан бақтырып отырған жалғыз жұмысын жиі тастап кететін, сөйтіп, бірнеше күн бойы бір тілім нан сатып алатын ақшасы болмай жүретін.

Джонға жаны ашыған кейбір қайырымды адамдар оған үйленіп алуға кеңес беретін. Олар Джонға мүмкін әйелі жақсы ықпал жасайтын болар деп үміттенетін еді. Ол бұл кеңеске құлақ

асып, Құдайды қатты қастерлейтін бір адамның қарапайым қызына үйленеді. Тұрмыстық жағдайы тым нашар қыз жасауына тек «Іс жүзіндегі ізгілік» және «Адамды Аспан Патшалығына апаратын жол» атты екі кітап қана әкеледі.

Қыздың мойынсұнушылығы мен сүйіспеншілігі Джонға оң әсерін тигізеді. Әйелінің көңілін қалдырмас үшін ол мүлдем ұмытып үлгерген сабақтарын қайта оқуды жалғастырады. Жексенбі күндері болатын Құдайға құлшылық ету қызметіне баруға көңілі ауған ол күтпеген жерден діни жорашылдыққа бет бұра бастайды. Бағушының киген киімдеріне қызығады, бағушының адами қасиеттеріне қарамастан, Джонның көз алдында бағушының беделі өте жоғары болады.

Ол уақыттар Англияның діни-нанымдық өмірі гүлденіп тұрмаған шақ болатын. Жексенбі күндері Құдайға құлшылық ету мен осы дүниелік құмарлықтарға берілу араласа жүретін. Қауым заңы бойынша жексенбі күні ғибадатханада таңғы және кешкі Құдайға құлшылық қызметі жүргізілетін. Ал осы екеуінің ортасында түрлі көңіл көтеру шаралары өткізілетін, ойындар ойналып, тіпті, би биленетін; мінажат етуге де, Джон Буньян бел ортасында жүретін сауық-сайранға шақыруға да бір қоңырау соғылатын еді. Ол қауым қоңырауын соққанды жақсы көретін. Бірде түскі ғибадатқа шақыруға қоңырау соғып келген ол ғибадатханаға кіріп, бағушының уағзын тыңдау үшін әйелінің жанына келіп отырды. Ол күні бағушы Құдайға арналған күнді дұрыс орындау туралы әңгімеледі. Осы уағызды тыңдап отырып Буньян жексенбі күндері болатын сауық-сайраннан бас тартуға бел байлады.

Өкінішке орай, оның бұл ізгі ниеті ұзаққа созылмады: өзі айтқандай, уағызды жүрегінен ығыстырып тастаған ол арада екі сағат өтпей-ақ көңіл көтеруге аттанды. Сауық-сайранның нағыз қызған кезінде ол кенеттен: «Күнәңнен бас тартып, мәңгілік рақатқа ие болғың келе ме, әлде, күнәмен өмір сүруіңді жалғастырып, сол үшін тозаққа түскің келе ме?» – деген дауысты естіді.

Ол қаққан қазықтай орнында тұрып қалды да, ойға шомды. Оған өзін Иса Мәсіхтің Өзі жазғырып тұрғандай болып көрінді... Сол сәтте өзінің жаза тартуға лайық Күнәкар өмірінде қаншама жамандықтар жасағанын есіне түсірген ол: «Болары болды ғой, енді қалған өмірімді де осылай қызықты өткізгенім дұрыс емес пе?» – деген ойға келді. Осылайша сауық-сайранға бұрынғыдан да белсене араласып кетті. Оның жан дүниесінде жамандықтан – жақсылыққа немесе жақсылықтан жамандыққа қарай кілт өзгеріс болғанын достарының ешқайсысы байқаған жоқ.

...Бірде ішімдікке сылқия тойып алған ол аузына келген боқтық сөздерді айтып, көше бойымен келе жатты. Оның аузынан

шыққан боқтық сөздерге тіпті жанынан өтіп бара жатқан жеңіл жүрісті әйелдің өзі шыдай алмай: «Қарандаршы, мынау Құдайдан безген боғауыздың нағыз өзі екен. Жастарды бұзатын осылар ғой!» – деді. Әсіресе осындай әйелдің аузынан шыққан бұл сөздер Джонға қатты әсер етті.

Қатты ұялып кеткен ол енді анайы сөздер айтпауға бекінді және Киелі Жазбаны оқи бастады. Джонның бойында болған мұндай кілт өзгеріске эльстоулықтардың көпшілігі қайран қалды және оны мақтай бастады. Бұл қолдау оның бойында менмендік сезімін тудырып, ол бүкіл Англияда менен өткен Құдайға ұнамды адам жоқ деп ойлай бастады.

Ол өзін осы дүниеде ұстап тұрған сауық-сайран құру мен ішімдікке салынудан біртіндеп арыла бастады. Бірақ бұл тек сыртқы өзгеріс қана болатын. Дегенмен әйелі осыған да қуанышты еді. Кейін жазғанындай, ол кезде Джон әлі рухани өзгеріске ұшырамаған еді. Осындай ерік күші, осындай жаман әдеттерді жеңе білу қаншалықты мақтауға лайық болғанымен, біз Исаның: «Сендер жоғарыдан қайта туылуға тиіссіңдер», – деген сөздерін есте ұстауға тиіспіз. Өзімізге солай болып көрінетін ізгілігіміз бізге құтқарылуды да, күнәларымыздың кешірілуін де бере алмайды. Буньян осыны сезінді және әділетті өмір сүруге қаншалықты тырысып жүргеніне қарамастан, өзін әділ соттың алдына баруға дайынмын деп есептеген жоқ. Кейде өзін Эльстоудағы ең кіршіксіз адам ретінде сезінетініне қарамастан, ол өлім туралы ойлаудан қорқа бастады. Өзіне не керек екенін өзі білмей, бір нәрсенің жетіспейтіндігі туралы ойдан азап шеге бастады.

### **Буньянның рухани жаңғыруы**

Бірде оған әлдебір шаруалармен Бетфордқа бару қажет болды. Бір үйдің алдында отырған үш жарлы әйелдің жанынан өтіп бара жатқан ол неге екені белгісіз тоқтай қалып, олардың әңгімелеріне құлақ түрді. Әйелдер өздерінің Күнәкар екендерін түсінгендері және оларды тек Иса Мәсіх қана құтқара алатыны, өздерінің қалай рухани қайта жаңғырғандары және жүректерінде Киелі Рухтың қалай әрекет етіп жатқаны туралы айтып жатты. Әйелдердің сөздері оған қатты әсер етті.

Бұған дейін естіген уағыздарының ешбірі оған дәл осылай әсер етпеген еді. Ол өзінің қайта туылуы, Киелі Рухқа кенелуі

және Құдай Ұлының айқыштағы өлімі мен қайта тірілгеніне деген сенімі арқылы құтқарылуға қол жеткізуі қажет екенін қатты сезінді. Естіген сөздерінен жүрегі алабұртқан Буньян олардың растығына көз жеткізуге бел байлады. Арада көп өтпей ол әлгі әйелдермен танысып алды. Әйелдер Киелі Жазбадан өз сөздерінің растығын дәлелдейтін тұстарын оқып берді.

Бірақ бұл қуаныш ұзаққа созылған жоқ. Джонның бойын өзімді таңдаулылардың қатарына жатқызуға қандай құқым бар деген күмән жайлай бастады. Мүмкін, ол өз жаны туралы ойлауды тым кеш бастаған болар және құлшыныстарының бәрі зая кететін шығар? Содан кейін ол өз сенімін керемет жасау арқылы сынап көруге бел буды. Бірақ керемет жасай алатын күш беруін сұрап мінажат ете бастаған кезде кенет ол бұлай істеуге болмайтынын түсінді. Ұзақ толғанған ол ақыры жан дүниесін әлгі әйелдерге ашып беруге шешім қабылдады. Бірақ әйелдер оның барлық сұрақтарына жауап беруге қабілетсіз екендерін айтып, оған бағушы Гиффордқа баруға кеңес берді.

Бағушы қауым мүшелерімен жиі әңгіме өткізіп тұратын еді. Буньянға сол жиындарға қатысуға кеңес берді. Джон біртіндеп адасушылықтарынан арыла бастады, ол Құдай сөзін мойынсұна қабылдауы тиіс екенін түсінді.

Бірақ та Киелі кітапты оқуы оның абыржуын одан әрмен ұлғайта түсті. Киелі Жазбаның әрбір жолы оның Күнәкар екеніне көзін жеткізіп отырды және оқығандары туралы ойлаған сайын ол қатты торығып, жүрегім тыныштыққа кенеледі деген барша үмітінен ажырай бастады. Оған өзі Құдайдан тым алшақтап, Оған қайтып келуі енді мүмкін еместей болып көрінді. Ол өзінің бойын шайтан билеп алды деп есептеді. Тартқан азабының ауырлығы сондай, Джон оны көз жасы арқылы сыртқа шығарудан аянбас еді, бірақ ол жылай білмейтін.

Алайда ол Құдайға жалбарынуын тоқтатқан жоқ, уақытының басым бөлігін Киелі Жазбаны оқу мен мінажат етуге арнады. Бірде, көршісінің үйінде қонақта отырған ол: «Егер Құдай біздің жақтасымыз болса, онда бізге кім қарсы?» – деген дауысты естігендей болды. Тағы бірде оның көңілсіз ойларын Киелі Жазбадағы Құдайдың бәрін Мәсіхтің айқыштағы қаны арқылы Өзімен татуластырғаны жайлы айтылатын тұсы тарқатты. Жүрегін қайғы басып жүрген ол кейде осындай жұбатулар алып жүрді. Мұны Джонның өзі Киелі Рух келген ғажайып сәттер деп атайтын.

Киелі Рухтың қатысуымен жазылған Інжіл Мәсіхтің айқыштағы өлімі арқылы құтқарылуға деген үміттің кепілі болып табылатынына оның көзін дәл осындай сәттер мен Жазбаны оқуы жеткізді.

Киелі кітаптан өзге Буньян өзі кездейсоқ тауып алған тағы бір кітап – Мартин Лютердің Ғалаттықтарға жолдауға түсіндірмесін оқыды. Бұл кітап оны жаңа ойларға жетеледі.

Жақсылық пен жамандықтың, сенім мен күмәннің күресі ұзаққа созылды. Буньян өзін жиі Яһуда Исқариотқа ұқсатып, бұрынғы күнәкар өмірі арқылы Исаны сатып кеткендей сезінетін. Оған қасиеттілікке деген барша ұмтылысы пайдасыз секілді болып көрінетін. Кейде ол «жаның баяғыда тозақтың меншігіне айналған» деп сыбырлап тұрған шайтанның дауысын естігендей болатын және сондай шақтарда ол мүлде жабырқап қалатын. Сол кезде ол: «Мәсіхтің өзіңе ұсынған құтқаруынан бас тартқан кезің болды ма?» – деп сұраған мейірімді үнді еститін. – «Жоқ» – деп жауап беретін ол сонда. – «Байқа, өзіңмен сөйлесіп Тұрғанға немқұрайлы қарама!»

Сонда оның жүрегіндегі күмән бірден басылып, аз уақытқа тынышталып қалатын.

Бір күні өзі көрген аянға ұқсас нәрсе оны жан жабырқаушылығынан біржола айырды. Егіс даласы арқылы кетіп бара жатқан ол: «Сенің әділдігің көкте!» – деген дауысты естіді. Басын жоғары көтерген ол адам әділдігінің бейнесіндей болып нұрға оранып тұрған Мәсіхті көрді. Сол кезде ол кенет Құтқарушының – Оған сенім артқандар үшін әділеттіліктің бейнесі болып табылатынын, Ол Өзінің қасиеттілігі арқылы адамдардың күнәларын жауып тастағанын және Оның төгілген қаны оларды барша айыптаулардан ада еткенін айқын түсінді. Өзі жүріп келе жатқан егіс алқабы Буньян үшін аспанға апаратын есіктің қақпасы болды және оны күнә мен күмәннің құлдығынан мәңгілікке құтқарды.

«Рухани саяхат» кітабында ол өзінің рухани жаңғыруға дейінгі өміріндегі жан дүниесінің жағдайын егжей-тегжейлі баяндайды және бұл азапты жан толқуларының себебін, тіпті, мінажат етіп отырған кезіндегі сенімі аздығынан, күнәға деген жеңілтек көзқарасы мен тәкаппарлығынан көреді. Тартқан азаптары пайдасын тигізгенін және өзінің Әйүп секілді күмәнданудан азап шегіп, нәтижесінде Құдайдың көптеген рақымшылықтарына ие болғанын мойындады.

Құдайға сенім артқаннан кейін, Буньян Құдай сөзіне сәйкес өзінің ендігі міндеті адамдарға Мәсіх туралы уағыздау екеніне көз жеткізді. Сөйтіп, шомылдыру рәсімінен өткеннен кейін ол баптистердің қауымына қосылды. Мәсіхтің соңғы кешкі ас кезіндегі «Мені естеріңе түсіру үшін осылай істендер» деген сөздері оған үлкен қолдау болды. Осы кезден бастап ол бағушының Құдай сөзін уағыздауына көмектесті, науқастарға және жаман істермен айналысатын адамдарға барды. Осының арқасында Джонның беделінің өскені сондай, оны кіші діни қызметкер етіп сайлады...

Жұмысқа тым беріліп кеткен ол науқасқа шалдығып, өкпесінің қабынуынан өліп кетудің сәл алдында қалды. Бірақ ол Құдайдың еркі бойынша сауығып кетті. Өкінішке орай, әйелі оның рухани қайта жаңғыруының қызығын ұзақ көре алмай, ерте қайтыс болып кетті. Буньян Құдай сөзін уағыздаудан ешқашан бас тартқан жоқ, сондықтан арада көп өтпей оның есімі бүкіл аймаққа жайылды. Ол тіпті ең немқұрайлы, ең ойы бұзық адамдардың өздерін сендіре алатын. Сондықтан да қауымға келушілердің өтініштері бойынша ол уағыздаушы болуға лайықты деп танылды. Ол бұл қызметіне ризашылықпен мінажат ете кірісті және оған өзінің бүкіл өмірін арнады.

### **Сенімнің сыналуы**

Ол уақытта ағылшын өкіметі англия шіркеуінің ресми бағушысы атағын алмаған адамдарға уағыз айтуға тыйым салатын. Бірақ та Буньян мұны қаперіне ілген жоқ. Адамдар оның сыртынан арызданып, Буньян Інжілді уағыздамау туралы жазбаша ескерту алды. Сонда сенімдегі бауырларының көпшілігі Буньянға ара түсті де, өкімет оны біраз уақытқа жайына қалдырды.

Бірақ билік басына Стюарттар қайтып оралғаннан кейін ар-ұждан еркіндігіне бұғау салынды. Буньян қызметін үлкен қиындықпен атқарып жүрді. Алғашында ол танылмас үшін әр түрлі киімдер киініп жүрді, бірақ кейіннен бұл қылығынан ұялып, ештеңеге қарамастан ашық әрекет жасауға бел буды.

Бірде оны Сомель атты шағын ауыл тұрғындары алдында уағыз айтуға шақырды. Уағыз кезінде комендант бастаған сақшылар келіп, оны тұтқындауға берілген рұқсат қағазды көрсетті. Буньянның билікке бағынудан өзге амалы жоқ еді. Бұған дейін достары оған жиі ескерткен болатын, бірақ Буньян оларға құлақ аспады...



Ауылдың көптеген сенуші тұрғындарының өтініштері бойынша оны түнгі уақытқа босатып қоя берді, бірақ ертесі таңертең қайта тұтқындап, соттың алдына алып барды. Сотта оған бұрынғы от жағушының уағыз айта алмайтыны және егер бірнеше досы ол бұдан әрі уағыз айтпайды деп жазбаша куәлік беретін болса, оны бірден босатып қоя беретіндерін айтты. Қол қоятын қағаздар үстел үстінде дайын жатыр екен. «Құдай сөзін уағыздамаймын деп қалай уәде бере аламын? – деп дауыстап жіберді ол. – Еркіндікке шыға салысымен, Құдай тапсырған қызметімді дереу қайтадан жалғастырамын».

Сөйтіп, 1660 жылдың 1-қазанында Джон Буньянды Бетфорд түрмесіне жапты.

Бұл арада көптеген адамдар, тіпті оның көзқарасын қолдамайтындар, оның ішінде мемлекеттік қауымның өкілдері де оны азат етуге күш салды. Англикандық бір қауымның бағушысы оның бұлай істеуге ешқандай құқы жоқ екеніне сендіруге тырысып, Буньянды Ізгі хабар таратудан бас тартуға үгіттеді. Бірақ та Буньян айтқанынан қайтқан жоқ. Тағы бір ақылшы соттың шешіміне қатысты апелляция беруге және корольдің еркіне бағынып, мемлекеттік шіркеудің рәсімдерін ұстанатынын ел алдында жариялауға кеңес берді. Буньян мұнымен де келіскен жоқ. Ол өзі үшін патшалардың Патшасының еркі бәрінен жоғары екенін айтты. Ал Оның еркі – әрбір адам шамасы келгенінше Құдайдан алынған сыйды Оның даңқы үшін пайдалануы.

Буньян корольдіктегі ең жаман түрмелердің біріне қамалды. Айналасы суға толы ормен қоршалған екі тар камера мен шағын аула тұтқындарға лық толы. Түнге қарай оларды екі камераға 60 адамнан бөліп қамайтын.

Таза ауада жүріп, тынымсыз қозғалыста болуға үйренген Буньян үшін бұл ауыр тиді. Кейде оның еңсесі түсіп кететін, бірақ ол Құдайдың даңқы үшін өз ұстанымдарына адал болып қалуы керектігін сезінді. Соттың хатшысы оны азаттық алудың шартын орындауға үгіттеп босқа әуре болды – Буньян оған жанашырлығы үшін рахмет айтып, оның ұсыныстарынан бас тартты.

Осы кезде корольдің таққа отыратын кезі келіп жетті. Салт бойынша Карл Екінші саяси тұтқындардан өзгелердің бәріне рақымшылық жасауға жарлық шығарды. Саяси тұтқындардың қатарына ілінген Буньян түрмеде қала берді.

Буньянның түрмеге қамалардан бір жыл бұрын алған екінші әйелі оны босатуға өтініш жасау үшін Лондонға аттанды. Ол жоғарғы соттардың біріне Буньянды рақымшылыққа ілінгендердің

тізіміне қосуын сұрап жалбарынды. Бірақ онысынан еш нәтиже шықпады. Отырған жеріне бұзақылардың ордасы деп әділ баға берген Буньян онда аяқ киімдердің бауын жасаумен айналысып, әйелі мен бірінші некесінен туған балаларының күнкөрісіне қажетті ақша табатын.

Аймақтық соттың екінші отырысында достарының кейбірі оны азаттыққа шығаруға тағы да күш сала бастады. Бірақ билік өкілдері оның уағыз жүргізуден бас тартуын талап етіп тұрып алды. Буньян тағы да келіспеді де, тағы алты жыл түрмеде қалды.

Ол отбасын қатты сағынып, көзі көрмейтін қызының тағдырына алаңдайтын. Олардың көріп жатқан қиыншылықтарын көз алдына елестететін, бірақ оларға Құдайдың көмектесетініне сенетін.

Түрмеде ол он екі жыл отырды. Түрме қарауылдарының біреулері оған жақсы қараса, екіншілері – өте қатал болды. Кейбіреулердің оған жандары ашығандары сондай, дәл мерзімінде қайтып келемін деген сөзіне сеніп, оның біраз уақытқа сенімдегі бауырларына барып қайтуына ерік беретін.

Ақыры еркіндікке шығатын уақыт та келіп жетті. Король мәсіхшілердің бәріне өз орталарынан бағушы сайлап алып, Құдайға құлшылық етуге еркін жиналуға болатындары туралы жарлық шығарды. Мәсіхшілердің көпшілігі түрмеде отырған бауырларын еркіндікке шығару әрекетіне белсене кірісіп кетті.

Көптен күткен бұл жарлықтың шығу тарихы мынандай. Ричард Карвер атты бір квакер (англиядағы діни қауым мүшесі) бірде корольдің алдында болып, осыдан жиырма жыл бұрын болған бір оқиғаны оның есіне салады. Вустер түбіндегі шайқаста сол кезде тақ мұрагері болып жүрген Карл Екіншінің әскері жеңіліс тауып, айқас алаңынан қашуға мәжбүр болады. Болашақ корольді бір адам құтқарып қалып, өзінің қайығына дейін арқалап алып барады. Бұл адам Карвер еді, енді ол сол жақсылығының қарымтасы ретінде корольден сенімдегі бауырларын құтқаруын сұрайды. Король 1672 жылдың 13-қыркүйегінде болған бұл оқиғаны ұмытпаған еді, сондықтан сенімдері үшін түрмеде отырғандарға еркіндік беретін жарлыққа қол қояды. Осылайша Буньян түрмеден босап шығады.

Үйіне келіп, отбасының жағдайының тым нашарлап кеткенін көрген Буньян белсене жұмысқа кірісті.

Қауым бұл кезде бағушысыз қалған еді – Гиффорд Буньян түрмеден шықпас бұрын қайтыс болып кеткен болатын. Джонға бәрі бірауыздан бағушы болуды ұсынды. Сенушілерге көп көмегін тигізе алатынын және сенбеушілерді – Сөздің күші арқылы Мәсіхке әкеле алатынын сезінген Буньян бұған келісті.

## Бағушы Джон Буньян

Буньян Инжілді уағыздауға өзін Құдайдың таңдап алғанына сенімді болды. Ол күнәнің құлдығындағы адамдарға Құдайдың ұлы сүйіспеншілігін тынбай жариялауға өте ынталы еді.

Ол түрмеде өзімен бірге отырғандарға Мәсіх туралы айтатын. Оның Құтқарушыға деген сенімі, Оған үздіксіз қызмет етуге деген тілегі үшін отырғаны жайлы бәрі білетін еді. Түрмеде отырған он екі жылдың ішінде Буньян Киелі Жазбаны терең зерттеді. Ол қауымға өзгелерді азап Шегушіге қызмет етуге және Сол үшін азап шегуге үйретуге дайын күйде келді. Оның сөздері анық, әрі түсінікті болатын. Оны сауатсыздар да, мәдениетті, оқыған адамдар да бірдей дәрежеде мұқият тыңдайтын.

Мұның сыртында ол байқампаз болатын, сөздерін дәл бейнелеп айтатын және анық, нақ сөйлейтін, осылайша ол барлық жағынан да Мәсіхтің лайықты қызметшісі болды. Сондықтан ол уағыз айтқан жерлерде адамдардың көп жиналатыны сондай, көбінің ғимараттың ішіне сыймай, сыртта тұрып тыңдайтындарына таңдануға болмайды. Жазғы мезгілдерде ол жиі ашық алаңдарда уағыз айтатын және ауасы тар, қапырық ғимараттардан гөрі ашық аспан астында сөйлегенді жақсы көретін.

Белгілі бір күндері ол көрші ауылдарда өзі ашқан шағын қауымдарға баратын. Ара-тұра Джон өзі кеңінен танылған Лондонға да барып тұратын. Оған уағыз айтатынын бір күн бұрын ғана ескертіп қою жеткілікті еді. Оның жолдан келе салып адамға лық толы залдың мінберіне көтерілетін кездері жиі болып тұратын. Бақытқа орай, бұл табыс, бұл танымалдылық оның басын айналдырған жоқ. Ол бар даңқты Құдайға берді.

Бірақ соған қарамастан, кіршіксіз өмір салты оны жаладан құтқара алмады. Буньянның жиналыстарына жиі келіп тұратын бір ауқатты адамның қызы сол үшін үйінен қуылады. Өйткені оның әкесі англикандық шіркеудің жолын қатаң ұстанушы адам еді. Кейінірек ол енді ешқашан Буньянды тыңдауға бармайды деген шартпен қызын кешіреді.

Бірде қыз әкесінен Буньянның жиналыстарына жіберуін сұрап жалбарынады. Жүрегі жібіген әкесі оған рұқсат береді және сол түні аяқ астынан қайтыс болады...

Сол кезде оны Буньянмен жыныстық байланысы бар қызы у беріп өлтіріпті деген сыбыс тарайды. Тергеу амалдары жүріп, мұның жала екендігі дәлелденеді де, Буньянның беделі бұрынғыдан да арта түседі.

Ол Бетфордтан кетіп, тыңдаушылары көп және жалақысы да жоғары жерлерге барып қызмет ету туралы көптеген ұсыныстар

алатын. Бірақ Буньян ешқайда қозғалған жоқ: тек анда-санда ғана өзге графтықтарға барып, ондағыларға рухани көмек беруге келісімін беретін.

Жақсы тұқым құнарлы топыраққа түсті. Сөздің көптеген тыңдаушылары Оның орындаушыларына айналды. Құдайға бет бұрған адамдардың саны күн сайын артып, қауым үлкейе бастады. Адамдардың «епископ» деп атайтындарына қарамастан, Буньян өзін қатардағы қызметкермін деп есептеді. Ол Мәсіхтің сенімді қызметшілерінің арасынан маңызды шаруаны тапсыруға болатын адамдарды бірден көре білетін. Ол Мәсіх белгілеген екі рәсімнің: шомылдыру рәсімінен өту мен кешкі ас рәсіміне қатысуды қатаң талап ететін. Буньян науқастарға үздіксіз барып тұрды. Ол бауырлар арасындағы пікір келіспеушілігін тез шеше білетін. Мазасыздыққа бой алдырған жүректі сабасына түсіріп, дұрыс жолға бағыттай алатын. Бетфордтан кеткендермен үздіксіз байланыста болатын және олардың өзге қауымдарға мүше болуына рұқсатын беретін. Олардың тек Құдай сөзінің жетегімен жүргендерін қалайтын. Ол күнә жасағандарды әшкерелеп, алдымен өзі сөйлесетін; оған бағынбаған жағдайда сенімде нық тұрған бауырларды көмекке шақыратын және оған да болмаған жағдайда ғана қауымнан аластайтын. Бірақ әлгі күнә жасаған адам кінәсін мойындап қайтып келсе болды, Буньян оны, бауырлық сүйіспеншілікпен қайтадан қуана қабылдайтын. Осылайша, қауымның әрбір мүшесінің өз міндеттері болды: сенімге жаңа келгендер сенімде нығайып, өз кезектерінде тәжірибесі аздарға тәлім беретін жағдайға жеткенге дейін оларды ересектер өз қамқорлықтарына алатын.

Буньян Киелі Рухтың жетегінде болды. Қауым мүшелерін Джон өмірдің нанымен қоректендірді, өзі үлгі көрсете отырып оларды сенімге, адамгершілікке және маңайындағы адамдарға деген сүйіспеншілікке бағыттады. Ол Мәсіхтің даңқы үшін тынбай қызмет етуге, күнәға батқандарды Ізгі хабар айту арқылы Оған алып келуге үйретті. Осы дүниедегі адамдарды өздерінен кері итермеуі үшін ол сенімдегі бауырлардың арасында ұрыс-керіс, келіспеушіліктің болуына жол берген жоқ. Көп адамдардан тұратын қауымның бағушысы деп аталғанына қарамастан, ол өмірінің соңына дейін өзгелерге қызмет етуден танған жоқ.

### **Буньянның шығармалары**

Джон Буньянның қаламы қарымды болды. Бірақ оның алғашқы әдеби шығармаларын баспаға беру қиын еді: оның ойлары

қаламынан бұрын жүріп отырды, сондықтан қалып кеткен сөздер көп болатын. Оның «Бірнеше інжілдік шындық» деп аталатын шығармасы пікір таластыру сипатында болды.

Кітаптың мақсаты – Құдайдың Тоқтысының құтқарушы құрбандығы жайындағы квакерлер ілімінің қателіктерін ашып беру болатын. Шындыққа қарсылардың жауабы көп күттірген жоқ. Буньян қатаң түрде қарсы шықты. Бірақ осы кезде Буньянды тұтқынға алды. Түрмеге қамалуы оның жұмысын жалғастыруына кедергі келтірген жоқ, керісінше – тұтқын бола тұра кітап сату арқылы отбасын да, өзін де асырап отырған ол үздіксіз жазумен болды. Сенімдегі бауырлары мен достарының көмегімен ол шағын кітапшалар шығара бастады. Бұл шығармалардың үлкен табысқа ие болғаны сондай, кейбір шимайлаушылар өз шығармаларына оның суретін жапсырып, оның атынан шығара бастады. Оның шағын шығармаларының ішіндегі қызықтыларының бірі: «Күнәкарға арналған мол рақым». Бұл жерде оның мына ойына баса назар аударуға кету қажет: «Құдай мені барынша сендірді, шайтан мені барынша азғырды, тозақтың қорқынышы мені қатты азапқа салды, сондықтан мен сезінгендерімнің бәрін сіздер үшін қағазға түсіріп отырмын».

Мұның сыртында Буньян сенім арқылы ақталу, өлгендердің қайта тірілуі және басқалар жайында көптеген терең мәнді трактаттар жазды. Бұл жерде Буньянның дін зерттеу жағынан білімі болмағанын атай кету қажет... Ал енді пікірталасқа келген кезде Буньян өз-өзіне ие бола алмайтын. Білдірілген көзқарастар Жазбаның рухына сай келмеген кезде ол қызу қарсылық білдіретін.

Оның шығармаларынан «Менің сенімімнің сыры және менің нанымдарым» атты кітапшасын атай кету артық болмайды. Онда Буньян мәсіхшілердің бәрінің, тіпті, шомылдыру рәсімінен әлі өтпегендерді де тазарудан өтуге рұқсат ету туралы көзқарасын қорғауға тырысады, өйткені Буньян Құдайдың Өзі белгілеген рәсімдердің міндетті түрде орындалуы тиіс екеніне берік сенетін. Мұндай көзқарасы үшін көбі оның шақырылуына адал емес екенін айтып наразылық білдіретін. Бірақ та көзқарастарын өзгертуге оны ештеңе мәжбүрлей алмады.

«Рухани саяхат» атты белгілі туындысын жазуды Буньян түрмеде отырған кезінде бастаған болатын. Оған дейін де, одан кейін де мәні жағынан онымен бір қатарға қоюға болатын туынды дүниеге келген жоқ. Кітаптағы ойдың тереңдігі, ондағы кейіпкерлердің айнытпай келтірілген мінез-құлықтары мен әрекеттері, оның киелі кітаптық шындықтарды білуі мен түсінуі – осының бәрі бұл кітапты он жетінші ғасырдың екінші жартысындағы әлемдік әдебиеттің белгілі туындыларының қатарына жатқызады.

Кітапты жазып бітіргеннен кейін ол оны басып шығаруға болатынын не болмайтынын білу үшін қасындағы тұтқындарға оқуға беріпті деседі. Біреулер оны басып шығаруға, ал екіншілері олай істемеуге кеңес береді. Бірақ Марсон атты бір тұтқын кітапты дереу баспаға беру қажеттігін айтып тұрып алады. Бірақ кітапты басып шығару жолындағы қиындықтарды шешуге біраз уақыт кетіп, ол тек 1687-жылы ғана басылып шығады. Кітаптың табысы орасан болды! Он жылдың ішінде бірінің артынан бірі он екі баспасы шықты және Буньянның көзі тірі кезінде-ақ ол жүз мың данамен таралып үлгерді. Кітап біртіндеп бүкіл дүние жүзінің мойындауына ие болды: қазір ол 200-ден астам тілге аударылған. Осы тамаша кітапты безендіруге көптеген суретшілер қатысып, оның оқиғасының желісі бойынша суреттер салды.

«Рухани саяхат» кітабынан кейін Буньян «Жаман адамның өмірі» атты туындысын жазды, ал 1682 жылы «Рухани күрес» кітабын басып шығарды. Автор шайтанның қармағына түсіп қалып, содан соң оны Мәсіх құтқарып алған адамның өмірін баяндау арқылы өзін бейнелеп көрсетті деген пікір бар. Әскери қызметте және азамат соғысы кезінде алған тәжірибесінің арқасында оның әңгімелері нақты деректерге сүйенгендігімен ерекшеленеді. Шайтанның адамға алғаш шабуыл жасауы, адам жанының Құдайдан толықтай алшақтауы, Құдай Ұлының адамдардың арасына келуі арқасында одан азат болуы және жаман рухтың оны Жаратушыдан алшақтатып әкетуге үздіксіз талпынуы кітапта жарқын, әсерлі баяндалады. Бұл кітап күнәсіне өкініп жүрген Күнәкар үшін де, сенуші адамның күнделікті мәсіхшілік өмірі үшін де бірдей қызықты.

1683-жылы Буньян «Рухани саяхат» кітабының Сәлімнің әйелі мен балаларының саяхаты туралы баяндайтын екінші жартысын басып шығарды. Автор балалардың ата-аналары қайтыс болғаннан кейінгі өмірі жайлы үшінші кітапты шығаруды ойластырды, бірақ бұл шығарма мүлде жазылмаған немесе жоғалып кеткен болуы мүмкін, себебі ол қайтыс болғаннан кейін жарыққа шыққан және оны Буньян жазды деп есептелген кітап оныкі болмай шықты.

Буньянның шығармалары бірінің артынан бірі (алпысқа жуық кітап) шығып жатты, олардың кейбірі әжептәуір көлемді болатын. Бұлар негізінен уағыздар мен Құдай сөзін талдаулар болатын. Буньян сенімге жан беруге, өз замандастарының ғана емес, болашақ ұрпақтың сенімге немқұрайлылығына қозғау салуға талпынды. Міндет қиын еді, топырақ та үнемі құнарлы болған жоқ, бірақ та Құдайға үмітін артқан Буньян адамның азғыру алдындағы

әлсіздігінің, күмәндану мен күнәкарлықтың ауыр жүгін сезіне отырып үздіксіз күресумен болды.

Оның шағын шығармаларының ішінен тіпті ең қатты қарсыластарының өздерін мойындатқан «Жастарға арналған кітап», «Заң және рақымдылық» кітаптарын айта кетуге болады. Оның барлық шығармаларына шолу жасай отырып, олардың барлығы түсінікті, жатық тілмен жазылған, кейіпкерлерінің ойлары анық, қисынды, кітаптар нақты және қисынды салыстырулар мен астарлы сөздерге толы деген қорытындыға келуге болады. Оның шығармаларының бәрінің мақсаты біреу – адамның жанын оятып, оны Мәсікке алып келу.

Мысал ретінде оның жайбасар, мәңгілікке апаратын жолда қалғып жүрген адамдарға арнап айтқан сөздерінен үзінді келтіре кетейік: «Жалқау неме, қашанғы ұйықтап жатасың...» (Нақыл сөздер 6:9). Шынымен-ақ сен өлімге апаратын ұйқыға кетуге бел байладың ба? Көктен және тозақтан келген хабарлардың сені шынымен де оята алмағаны ма? Сен шынымен де тағы біраз уақыт ұйықтай тұруға мұрсат сұрамақсың ба? Шіркін, егер мен қайғымды шешендікпен білдіре алатын болсам ғой, онда мен сен үшін сондай қайғырып, сені жоқтап соншалықты жылаған болар едім! Өлімге бет алып бара жатқан бейшара жан! Сен үшін қайғыра алмайтындай жүрегім неткен қатал еді? Егер сен дене мүшеңнің немесе отбасы мүшелерінің біреуінен айырылсаң немесе жақын досыңды жоғалтсаң, – мұның ауыр қасірет екені даусыз. Бірақ сен байғұстың өз жаныңды өлімге душар ететінің одан да қорқынышты! Егер де ол тозаққа бір не екі күнге, тіпті, бірнеше жылдарға кетіп бара жатса да ештеңе емес еді, бірақ ол онда мәңгілікке кетеді ғой! О, мәңгіге кетіп барады деген қандай қорқынышты еді! Мынандай жан түршіктіретерлік сөзді есту қандай ауыр десеңші: «Менен аулақ кетіңдер, қарғыс атқандар! Шайтанға және оның хабаршыларына дайындалған мәңгілік тозақ отына түсіңдер!»

Буньян күмән мен қорқыныштан азап шеккендерді былай деп жұбататын: «Құдайдың рақымдылығына күмәндану адамдардың барлығының дерлік өмірінде болады: бұл сирек кездесетін құбылыс емес, бірақ бұл өзінің Күнәкар екенін шынайы сезінетіндер үшін адам төзбес сезім. Заңнан аттау – күнә, бірақ та ақтауға және айыптаудан азат етуге қабілетті Құдайдың рақымдылығына деген күмән – бұл үлкен күнә. Сондықтан да мені мұқият тыңда, қорқыныш пен күмәніңнен арыл. Оған сенің толықтай қақың бар,

себебі ағыстары рақымдылық пен мейірімділік болып табылатын өмір өзені бар. Тәнінің саулығы үшін емдік қасиеті бар судың маңына жақын орналасуға ұмтылған адамдарды көрген кезіңде сенің де осы суды табуға бар жаныңды салуға тиіс екенің есіңде болсын. Себебі сені рухани кеселдеріңнен сауықтыратын, қорқыныш пен күмәндарыңнан арылтатын дәл осы су».

Мәсіхте шаттанып жүрген сенушіге ол бұдан басқа сөздер айтатын: «Құдай әрбір мәсіхшінің өзіне жоғарыдан белгіленген жерден табылып, өзіне жүктелген міндеттерін орындап жүргендерін қалайды. Сонда мәсіхшілер – Құдайдың бағындағы гүлдер іспетті болады. Бағбан қай гүлді қай жерге отырғызса, ол сонда өседі және қабырғаны бойлай өскен шырмауықтан бастап самырсынға дейін бәрінің жемісі Оның даңқын білдіреді. Олар өсіп тұрған топырақ – ең құнарлы топырақ, ал осы гүлді бағына еккен Бағбан біздің де Жаратушымыз болып табылады. Сондықтан қызуы жоқ от немесе иісі жоқ жасанды гүл, болмаса жемісі жоқ жасанды ағаш болып қалмауды сұрап мінажат етіңдер».

### **Буньянның өмірден озуы**

Буньян өз нанымы үшін бүкіл өмірінің соңына дейін дерлік азап шегуге мәжбүр болды. Корольдіктің мемлекеттік дін ұстанымына қарсылығын көрген өкімет оны жек көрді және оған кедергі жасауға тырысты. Түрлі себептермен бірнеше рет оны дүние-мүлкінен айырды, тіпті, бірде ол уағыз айтатын сиыну үйінің есігін мөрлеп тастады. Сондықтан да оның жиналыстарды ашық аспан астында өткізуіне тура келді. Сонда ол бар дүние-мүлкін әйелінің басына аударуға шешім қабылдады.

Отбасының қамын осылайша қамтамасыз еткен ол енді өзін толықтай Мәсіхке қызмет етуге арнай алатын еді. Оның атағы күн санап жайыла берді. Буньян кітап оқу арқылы өзінің білімін көтеріп отырды. Қоғамның түрлі сатысындағы адамдармен араласу оның ой-өрісінің кеңеюіне оң әсерін тигізді. Ол бай мен кедейдің арасын бөліп-жармай, Інжілді бәріне бірдей дәрежеде бар ынтасымен уағыздады.

1688 жылдың басында ол әлсіздік ауруына шалдығып, денсаулығы нашарлап кетті. Ауруынан біраз айыққандай болған ол қайтадан бар ынтасымен жұмысқа кірісіп кетті. Бірақ, өкінішке орай, оның уақыты таусылып келе жатыр еді! Джон Буньян отбасынан жырақта қайтыс болды, туыстары онымен қоштаса



да алмады. Буньянның өліміне себепкер болған оның жұмысын жанкештілікпен атқаруы еді. Бір бай адамның баласы одан өзін мұрагерлік құқынан айырған әкесінен кешірім алып беруін өтінеді. Бұл өтінішті оның әкесімен кездеспей тұрып орындау мүмкін емес еді. Салт атпен 50 шақырым жер жүріп барған Буньянның жігіттің әкесімен әңгімесі сәтті болады. Жігітке мұны өз аузымен жеткізбек болған ол жолай Лондонға соға кетпек болады. Жолда ол қатты жаңбырға ұрынып, бір танысының үйіне тоқтауға мәжбүр болады. Сол жерде ол ыстығы көтеріліп жатып қалады да, арада көп өтпей көз жұмады. Буньянның мәсіхшілік қызмет жолындағы өлімі – оның өмірінің лайықты аяқталуы болды. Оның жарығы ешқашан бәсеңдеген жоқ және ол үнемі сенімді серік етіп жүрді. «Мені жоқтап жыламаңдар, – дейтін ол айналасындағыларға, – қасиетті өмір сүріңдер. Мен Құтқарушы Өзі ақтап алған Күнәкарларға даярлап қойған орынға сендерден бұрын кетемін. Біздер сол жерде кездесіп, шаттыққа толы мәңгілік өмір жайындағы жаңа әнді бірлесіп айтатын боламыз».

Оны жерлеуге жиналған халық құрметті де сүйікті бағушыларының өліміне қатты қайғырды.

Әсіресе Бетфорд қауымының қайғысында шек болған жоқ...

Джон Буньянның өмірі оның кітабындағы көреген түске сәйкес болды: ол Уайымның батпағынан басталып, мәңгілік даңқ Патшалығына салтанатпен енумен аяқталды.

# АСПАН ЕЛІНЕ САЯХАТ

## I-БӨЛІМ

### *Бірінші тарау*

#### ТҮРМЕ ЖӘНЕ ТҮС КӨРУШІ

Осы дүниенің иен даласын аралап саяхат жасап жүрген мен кездейсоқ түрмесі<sup>1</sup> бар бір жерге тап болдым. Сонда біраз дамылдап алуға аялдап, ұйықтап кетіппін. Сол кезде түс көрдім...

Түсімде үстіне кір-кір шапан киген бір адамды көрдім. Ол үйіне арқасын беріп, жол бойында қимылсыз тұр екен. Қолында кітап, ал арқасында – ауыр жүк. Ол кітабын ашып оқи бастады да, кенет неге екені белгісіз, иықтары селкілдеп жылады. Содан соң қатты торығып<sup>2</sup>: «Не істесем екен?» – деп дауыстап жіберді.

Жүрегін қайғы басқан ол үйіне қайтып оралды да, жан дүниесіндегі азапты шамасы келгенше әйелі мен балаларына сездірмеуге тырысты. Бірақ ол ұлғая берген азабын ұзақ жасыра алмады. Ақыры, ол бәрін әйелі мен балаларына ашып беруге бел байлады: «Сүйікті әйелім! Қымбатты балаларым! Мен қайғыдан жанымды қоярға жер таба алмай жүрмін! Мен құрыдым, себебі бүкіл өмірімді Күнәкарлықпен өткіздім ғой! Егер біз мен әлі жақсы білмейтін, бірақ бізді азапты өлімнен құтқаратын жалғыз жолды таппайтын болсақ, онда біздің қаламыздың<sup>3</sup> көктен түскен өртке оранып, бәріміздің құрдымға кететінімізді естідім».

Бұл сөздерді естіген кезде туыстары таңданып қалды,<sup>4</sup> бірақ оның айтқандарына сенгендіктен емес, ол есінен адасыпты деп ойлап қатты қайғырды. Уақыт жай болып кеткендіктен олар оны жатып,<sup>5</sup> демалуға көндірді.

Түнді дөңбекшіп, ұйқысыз өткізді. Мазасыздығы азаюдың орнына ұлғая түсті. Ол таң атқанға дейін жылап, күрсінумен болды. Таңертең әйелі мен балалары оның жағдайын сұрады. Ол жағдайының барған сайын төмендеп бара жатқанын, уайымдарын қайта-қайта айта берді. Бұл үйдегілердің қытығына тие бастады. Алғашында олар оның алабұртқан көңіл-күйін қатал сөздермен басуға талпынды, содан соң оны бос әңгімелер айтып алдандыра бастады; ақыр соңында онымен сөйлесуден қашқақтайтын болды. Ал ол болса барған сайын оқшауланып, отбасы үшін мінажат етіп жүрді. Ол отбасының өзіне сенбегендеріне өкініп, өзінің ауыр

тағдырын ойлап қайғырды. Кейде ол жалғыз өзі егіс алқабына барып кітап оқып, мінажат етті.

Арада бірнеше күн өтті. Бір күні мен оны егіс алқабы арасынан әдеттегісінше кітап оқып келе жатқан күйінде көрдім. Маған ол бұрынғысынан да жабырқанқы секілді болып көрінді. Кенет ол тағы да: «Құтқарылуым үшін не істеуім керек?»<sup>6</sup> – деп дауыстады.

Мен оның жүретін жолын іздегендей болып, айналасына жалтақтай көз тастағанын көріп тұрдым. Әйтсе де алдында тұрған көп жолдың қайсысын таңдарын білмеген ол орнынан қозғалмай тұра берді. Осы кезде оның жанына Ізгі хабаршы атты адам жақындап келіп:

– Неге жылап тұрсың?<sup>7</sup> – деп сұрады.

– Оқып жатқан кітабым менің өлімге кесілгенімді және өлгеннен кейін Құдай сотының алдында жауап беруге тиіс екенімді айтады. Шынымды айтсам, мен өлімнен және Құдай сотының алдына барудан қорқамын<sup>8</sup>, – деп жауап берді ол мұңайып.

– Сен өлімнен неге қорқасың, бұл өмір жамандыққа толы ғой?

– Себебі арқамдағы ауыр жүгім<sup>9</sup> мені қабірден де төмен тартып алып кете ме деп қорқамын, сонда мен отты өзенге бір-ақ құлаймын. Түрме қорқынышты, бірақ сот пен жазалау одан бетер қорқынышты. Осы ойлар менің жанымды жегідей жеуде.

Сонда Ізгі хабаршы оған былай деді:

– Егер де жаныңда тыныштық болмаса, онда неге жолға шықпайсың?

– Өйткені, – деп жауап берді ол, – қайда барарымды білмеймін.

Сол кезде Ізгі хабаршы оған «Болашақтың қаһарынан қаш!»<sup>10</sup> – деген жазуы бар жарғақты берді.

Бұл сөздерді оқып шыққан адам Ізгі хабаршы жүзіне зер сала қарады да, былай деп сұрады:

– Сонда қайда баруым керек?

Саусағымен үлкен егістік алқаптың шетін нұсқаған Ізгі хабаршы:

– Анау жақтағы Тар қақпаларды көріп тұрсың ба? – деп сұрады.

– Жоқ, – деп жауап берді адам.

– Ал енді алыстағы ана бір көз қарықтыратын жарықты<sup>11</sup> көресің бе?

– Көретін секілдімін.

– Осы жарықты бетке алып жүре бер, – деді Ізгі хабаршы.  
– Тар қақпаларға жеткенде есігін қақ, әрі қарай не істеу керектігін сол жерде айтады.

Мен әлгі адамның көрсетілген жаққа қарай жанұшыра жүгіре жөнелгенін көріп тұрмын. Ол үйінің жанынан өтуге тиіс болатын. Оның алды-артына қарамай жүгіріп бара жатқанын көрген әйелі мен балалары кейін қайтуын сұрап айқайлай бастады. Бірақ құлақтарын қолымен басып алған ол: «Өмір, өмір, мәңгілік өмір!» – деп күбірлеген күйі алған бетінен қайтпай жүгіре берді. Алқапты кесіп өткен ол отбасына көз тастау үшін мойнын да бұрған жоқ<sup>12</sup>.

Көршілерінің бәрі сыртқа шығып, оның артынан қарап<sup>13</sup> тұрды. Біреулері оны мазақтап күлсе, екіншілері балағаттады, ал үшіншілері кейін қайтуын өтініп жалбарына бастады. Соңғы топтың ішінен екі адам оны қайткен күнде де кейін қайтаруға бел байлады.

Олардың бірін Бірбеткей, ал екіншісін –Көнгіш деп атайтын. Әлгі жүгірген адам бұл уақытта алысқа ұзап кеткен болатын, бірақ олар бәрібір оның соңынан түсті. Арада көп өтпей олар сілесі қатқан достарын қуып жетті.

– Көршілерім, мені неге қуып келдіңдер? – деп сұрады ол.

– Сені бізбен бірге кейін қайтуға көндірейік деп келдік, – деп жауап берді олар.

– Жоқ, мен сендермен қайтпаймын, –деді әлгі адам. – Сендер мен туып-өскен және осы уақытқа дейін өмір сүріп келген Өлім<sup>14</sup> атты қалада тұрып жатырсыңдар. Мен оның қандай орын екенін енді ғана білдім. Өлген кезде сендер қабірден де төмен кетіп, мәңгі отқа оранып жататын өзенге түсесіңдер. Қайырымды көршілерім, сендер одан да менімен бірге жүріңдер!<sup>15</sup>

– Қалай?! Достарымызды, үйімізді, тыныш өмірімізді тастап кетеміз бе? – деді Бірбеткейлік наразылық білдіріп.

– Иә, өйткені «бұл жерде қалдыратындарыңның ешқайсысы» ол жақта сені күтіп тұрғанға да татымайды. Егер сонда баруға келісетін болсаң, онда сен де өз үлесіңе ие боласың, себебі мен баратын жақ жақсылыққа толы, ол бәрімізге артығымен жетеді. Жүріңдер, сонда менің айтқандарымның растығына көз жеткізесіңдер, – деді Сәлім (оны дәл осылай атайтын еді).

– Бәрін үйге тастап, белгісіз жақтан не іздейміз? – деді ештеңе түсінбеген Бірбеткей.

– Мен «мәңгілік мұраны» іздеймін. Маған оның көкте, сенімді орында сақталып тұрғаны және уақыты келген кезде оны

алуға ұмтылғандарға теңдей бөлініп беретіні туралы айтылды. Егер қаласаң, бұл туралы менің кітабымнан оқуыңа болады.

– Жеткілікті! Кітабыңды айта бермеші... Одан да турасын айт, бізбен бірге қайтасың ба, жоқ па?

– Әрине, жоқ. Мен соқаның тұтқасынан ұстап алдым, – деді Сәлім<sup>16</sup> кесімді түрде.

– Онда аулақ кетейік, Көнгіш! Өзіміз үйге қайта берейік. Мұндай адамдардың басына бір нәрсе келсе, өздерін бәрінен ақылды санайды, – деді Бірбеткей күңкілдеп.

Бірақ та Көнгіш оған қарсылық білдірді:

– Адамдарды бұлайша қаралаудың қажеті қанша? Егер де қайырымды Сәлімнің айтып тұрғаны шындық болса, онда оның алуға ұмтылған нәрсесі біздің қолымызда бардан әлдеқайда қызықты. Сондықтан да мен көршіммен бірге барғым келеді.

– Не дейсің? Тағы бір ақымақ табылды! Жүр, үйге қайтайық. Мына есерсоқтың сені қандай орға апарып жығатынын кім біледі? Жүр, кейін қайтайық, өзіңнің одан ақылдырақ екеніңді дәлелде<sup>17</sup>, – деді Бірбеткей оны көндіруге тырысып.

Бірақ та Сәлім Бірбеткейге былай деді:

– Жоқ, көрші, одан да сен де бізбен бірге жүр. Біз шынымен де жаңағы мен айтқандарға ие боламыз, оның сыртында – ұлы даңққа қол жеткіземіз. Егер де маған сенбесең, мына кітаптан оқып көр. Ал онда жазылғандардың бәрінің шындық екеніне оған Өзінің қанын Бүріккен жауап береді.

Көнгіш кейін қайтпауға бел байлады.

– Тыңдашы, Бірбеткей көршім, мен осы жолға түсуге бел байладым. Осы қайырымды адаммен бірге барып, оның тағдырын бөлісемін... Бірақ та, Сәлім, сен ол жерге апаратын жолды билетіңіз сенімдісің бе?

– Мен Ізгі хабаршыдан ақыл-кеңес алдым. Ол Тарқақпаларға апаратын жолды көрсетіп берді. Одан арғы жолымызға қажетті нұсқауларды біз сол жерден аламыз.

– Онда жолға шығайық, қайырымды көршім.

Сөйтіп олар бірге жолға шықты. Ал мұндай ақымақтармен жолдас болғысы келмеген Бірбеткей үйіне қайтты.<sup>18</sup>

## *Екінші тарау*

### **САРЫ УАЙЫМНЫҢ БАТПАҒЫ**

Міне, мен Бірбеткейдің үйіне қарай бұрылғанын, ал Көнгіштің Сәліммен бірге жолға аттанғанын көріп тұрмын.

– Көрші, менімен бірге жолға шыққаныңа қуаныштымын! – деді Сәлім. – Сен өте дұрыс істедің! Егер де Бірбеткей бізге әлі белгісіз нәрсенің барша билігі мен қорқынышын мен секілді сезінгенде, онда ол осылай оп-оңай кейін қайта алмайтын еді.

– Тыңдашы, көрші, – деді Көнгіш, – өзіміз ғана келе жатқан кезде маған айтып берші, біз не іздеп барамыз, ол қандай мұра және қайда бет алып барамыз?

– Ол рухани байлықтар, оларды сезінуге болады, бірақ та сөзбен бейнелеп жеткізу өте қиын. Бірақ ол туралы білуді қатты қалайтын болсаң, онда кітабымнан бірнеше тарау оқып бере аламын.

– Сен онда жазылғандардың бәрінің шындық екеніне сенесің бе?

– Еш күмәнсіз сенемін, себебі бұл кітапты өтірік айтуы еш мүмкін емес Біреу берді.

– Тамаша екен! Сонда екеуіміз не нәрсеге ие боламыз?

– Біз мәңгілік тіршілік ететін Патшалықта өмір сүретін боламыз және мәңгілік өмірге ие боламыз.

– Тамаша! Тағы не бар?

– Біз даңққа және үнемі көк аспанға ұқсап жарқырап тұратын киімдерге қол жеткіземіз.

– Керемет... Тағы?

– Ол жерде енді ешқандай қайғы-қасірет болмайды, өйткені ол жердің Қожайыны біздің жүзіміздегі жас атаулының бәрін сүртіп тастайды.

– Ал онда бізбен бірге тағы кімдер болады?

– Онда біз түрлері көз қарықтыратын періштелермен бірге боламыз. Тағы да біз Патшалыққа бізден көп уақыт бұрын келген мыңдаған адамдарды кездестіреміз. Олардың ешбірі жамандықтар жасамайды, олар қайырымды да мейірімді; олар ақ киім киіп, алтын тәж тағынған ақ сақалды қарттар, сызылта әуен ойнаған сырнайшылар болады. Біз жерде қинау көрген, отқа өртелген, аңдарға жем болған, суға батырылған адамдарды көреміз және олардың бәрі мұндай күйге Құдайға деген сүйіспеншіліктері үшін

тап болған. Онда бөрінің дендері сау болады және үстілеріне мәңгі өлмейтіндердің киімдерін киіп жүреді.

– Сені тыңдап тұрып бойымды қуаныш кернеді, – деді Көнгіш, – бірақ біз осы қуаныштарға шынымен де ортақтаса аламыз ба?

– Сол елдің Қожайыны – Құдай Өз кітабында бізге осыны уәде етті және егер біз осыған шынайы ұмтылатын болсақ, Құдай бізге өзінің рақымын төгеді және мұның бәрін де тегін аламыз.

– Жақсы, қымбатты жолсерігім, сенің сөздерің мені қуанышқа бөледі. Қане, жылдамдатайық<sup>1</sup>.

– Қалағанымдай жылдам жүре алмаймын: арқамда ауыр жүк бар. Ол маған қатты кедергі келтіреді.

Осылай жүре әңгімелесіп келе жатқан олар жазықтың ортасындағы батпақ жерге келіп жетті, бірақ аңғалдықтарының кесірінен оны байқамай, балдырдың арасына батып кетті. Бұл батпақ Сары уайымның батпағы деп аталатын. Батпақтан шықпақ болып талпынған Сәлім арқасындағы ауыр жүктің кесірінен одан әрмен батып, балдырға тұншыға бастады. Арқасындағы ауыр қап оны тереңге қарай тарта берді.

– Көрші, саған не болды? – деп сұрады Көнгіш.

– Не болғанын өзім де білмеймін.

Көнгіш бұл жауапқа қатты таңданып қалды да, көршісіне ашулана былай деді:

– Сенің жаңа ғана шабыттана әңгімелеген тамаша өмірің осы ма? Сапарымыз басталмай жатып осындай жағдайға тап болдық, алда әлі не күтіп тұр десеңші? Осы жерден аман шықсам болды! Өзіңнің ертегі еліңе жалғыз бара беруіңе болады!

Осылай деген ол соңғы күшін жинап батпақтан шықты да, үйіне қайтып кетті<sup>2</sup>.

Ал жалғыз қалған Сәлім болса Сары уайымның батпағының Тар қақпалар жағындағы жағалауына шығуға талпынып көп жанталасты<sup>3</sup>. Арқасындағы ауыр жүк оның батпақтан шығуына көп кедергі жасады. Оның әрекеттерінің бәрі зая кетті. Осы сәтте мен оған Көмек<sup>4</sup> атты адамның жақындап келгенін көрдім. Сәлімнен ол:

– Мұнда не істеп жатырсың? – деп сұрады.

– Ізгі хабаршы атты бір адам маған Тар қақпаларға апаратын тура жолды нұсқаған еді, – деп жауап берді Сәлім. – Құдайдың болашақ қаһарынан құтылу үшін мен дереу солай қарай аттандым және жолда күтпеген жерден осы батпаққа түсіп кеттім.

– Баспалдақтарға неге назар аудармадың?<sup>5</sup>  
– Қорқып кеткенім сондай, еріксіз басқа жаққа қарай ұмтылып, сүрініп кеттім де, батпаққа бата бастадым.

– Қәне, қолымнан ұста.

Осылай деген ол Сәлімді қолынан тартып шығарып алды да, сапарын әрі қарай жалғастыруды бұйырды.

Сонда мен әлгі қолын беріп шығарып алған адамға жақындап, одан былай деп сұрадым:

– Айтыңызшы, Өлім қаласынан Тар қақпаларға апаратын жолдағы мына батпақтың үстіне неге көпір салып қоймайды? Немесе жол салып қоюға болатын еді. Онда апаратын өзге жол жоқ болғандықтан, бейшара саяхатшылар осы жерде батпаққа батып кету қаупіне душар болады...

– Бұл батпақты кептіруге де, оның үстінен көпір салуға да болмайды. Бұл жерге күнәнің «жуынды-шайындылары» ағып келеді, оның Сары уайымның батпағы деп аталатыны да содан. Күнәкар күнәсін сезініп, шындықты таныған кезде кенет ол қорқынышқа, күмән мен сенімсіздікке бой алдырады. Бұл жерге дәл осы сезімдер жиналады. Нәтижесінде олар Тар қақпаларға апаратын жолдың топырағын бүлдірді. Бірақ Қожайын саяхатшыларға осындай қауіптің туындайтынына риза деп ойламаңыз. Батпақтың бұл жерде мәңгілікке болуы Оның еркі емес. Менің білуімше, қолдарына түрлі сызбалар ұстаған мыңдаған адамдар бұл батпақты кептіруге талпынды. Бірақ соған қарамастан Сары уайымның осы батпағы әлі тұр және мәңгі тұра береді<sup>6</sup>.

Рас, Заң шығарушының бұйрығы бойынша осы батпақтың үстінен баспалдақтар салынған, бірақ оның бетін басып жатқан көбіктің кесірінен олар өзгер көрінеді. Бірақ, тіпті олар көрініп жатқан күннің өзінде оның үстімен жүріп бара жатқан адамдардың бастарының қатты айналып кететіні сондай, олар міндетті түрде сүрініп, батпаққа бір батып шығады. Бірақ Тар қақпалардың арғы жағындағы жол жақсы әрі жатық<sup>7</sup>.

...Содан кейін мен түсімде Көнгіштің үйіне қалай қайтып оралғанын көрдім. Бүкіл көршілері жиналып, оны қоршап алды. Кейбіреулер оның ақылға келіп, қайтып оралғаны үшін мақтап, ақылды адам екен десті. Ал екіншілері, керісінше, Сәлімнің бірге алыс та қауіпті сапарға шығуды ойлағаны үшін оны ақымақ деп атады. Үшіншілері оны қорқақ деп мазақтап: «Егер біз алыс жолға шығуға бел буатын болсақ, онда алғашқы қиындықтардан-ақ қорқып кері қайтып кетпейтін едік», – деді.



Көнгіш олардың арасында басын жерге салып, қысылып отырды. Бірақ содан кейін біртіндеп өз-өзіне келді де, Сәлімді мазақтап күліп жатқандарға қосылып кетті.

Сол сәттен бастап Көнгіш қайтып ешқашан түсіме кірген жоқ...

### *Үшінші тарау*

#### **ОСЫ ДҮНИЕЛІК ҒҰЛАМА**

Сапарын жалғыз өзі әрі қарай жалғастырған Сәлім алыста қарсы келе жатқан бір адамды байқады. Арада көп өтпей олар бетпе-бет кездесті. Өте «ақылды» бұл адамды Осы дүниелік ғұлама деп атайтын<sup>1</sup>. Ол Өлім қаласынан жақын маңдағы Осы дүниелік саясат деп аталатын үлкен қалада тұратын еді. Осы дүниенің ғұламасы ауыр жүк арқалап, арып-ашып келе жатқан адамның Сәлім екенін бірден түсінді. Аяқ астынан алыс сапарға аттанған Сәлім туралы хабар бүкіл аймаққа таралып кеткен болатын.

– Әй, жас жігіт, мынадай ауыр жүкпен қайда бет алып бара жатырсың?

– Иә, менің жүгім шынында да ауыр. Қайда дейсің бе? Анау алыстағы Тар қақпаларға. Сол жерде бұл жүктен қалай құтылуға болатынын көрсететінін айтты...

– Әйелің, балаларың бар ма?

– Иә, бірақ жүгімнің еңсемді басқаны сондай, олармен енді тыныш, бақытты өмір сүре алмадым. Кейде өзімді жалғыз қалғандай сезінемін...

– Қаласаң мен саған бір жақсы кеңес берейін.

– Егер кеңесің жақсы болса, қуанып қалатын едім. Дәл қазір маған жақсы кеңес қажет.

– Мен саған бұл жүктен тездетіп өз күшіңмен арылуға кеңес беретін едім. Бұл жүк еңсеңді басып тұрған кезде сен Құдайдың өзіңе төгіп тұрған рақымының қызығын ешқашан көре алмайсың.

– Мен мұны білемін, – деп жауап берді Сәлім, – осы жүктен арылудың жолын іздеп жүрмін. Бірақ мұны мен өздігімнен істей алмаймын және бүкіл аймақта маған көмектесе алатын бірде-бір адам жоқ. Сол себептен де мен осы жол арқылы Тар қақпаларға кетіп бара жатырмын. Осы ауыр жүгімнен сол жерде арылармын деген үмітім бар<sup>2</sup>.

– Бұл жолды саған кім көрсетті?

– Өте құрметті болып көрінген бір адам. Жаңылмасам, оның аты Ізгі хабаршы.

– Бұл ақылы үшін оны қарғыс атсын, – деді Осы дүниелік ғұлама ашуланып. – Дүниеде ол көрсеткен жолдан асқан қауіпті де қиын жол жоқ. Егер басқа жолға бұрылмайтын болсаң, онда бұған көп ұзамай өзің де көз жеткізесің. Сенімен бір нәрсе болып үлгергенін көріп тұрмын. Киіміңе Сары уайымның батпағы жұғып қалыпты. Бірақ бұл батпақ – осы жолмен жүретіндерді күтіп тұратын қасіреттердің тек басы ғана. Егер сен осы жолмен әрі қарай жүре беретін болсаң, онда міндетті түрде қалжыраумен, аурулармен, аштықпен, қауіптермен, арыстандармен, айдаһарлармен, түнекпен, қысқасы – өліммен кездесесің. Осы сөздеріме сен. Мен осы ауыр жолмен кетіп бара жатқан көптеген бақытсыз жандармен кездестім. Адамға әлдебір бейтаныс адамның сөздеріне сенгені үшін ғана өлім құшуының қажеті қанша?

– Солайы солай, – деді Сәлім, – бірақ та арқамдағы ауыр жүктің қазір сен айтып кеткендерден әлдеқайда қорқынышты екенін мойындаймын. Оның үстіне, жолымда кездесуі мүмкін қиындықтар мені еш қорқыта алмайды, маған тек осы ауыр жүгімнен арылсам болды<sup>3</sup>.

– Осыншама ауыр жүкті қалай артып алғаныңды түсіндірші.

– Қолымдағы мына кітаптан.

– Өзім де солай ойлап едім<sup>4</sup>! Сенде өздерінің ақылы жетпейтін істі қолға алатын күйрек адамдармен болатын жағдай орын алған. Бұл сұрақтарға жауап таба алмайтын болғандықтан, олар түңілуге бой алдырады. Осындай әрі-сәрі күйге түскен олар өздерінің не қалайтындарын білмей, ойсыз қадамдарға барады.

– Бірақ мен нені іздейтінімді білемін ғой; мен арқамдағы осы ауыр жүктен арылғым келеді.

– Бірақ сен бұл үшін қауіпке толы дәл осы жолды не үшін таңдап алдың? Егер де мұқият тыңдайтын болсаң, мен саған басқа жолды көрсетуге дайынмын. Онда бұл жолдағыдай қауіптіліктер жоқ. Менің ақылым өте қарапайым, көмек дәл жаныңда тұр. Бұған қоса, қайғы мен қолайсыздықтардың орнына сен тыныштыққа және көптеген достарға ие боласың.

– Өтінемін сенен, достым, маған осы құпияны ашып берші, – деп сұрады Сәлім.

– Көргендік<sup>5</sup> деп аталатын жақын маңдағы ауылда Заңдылық<sup>6</sup> атты адам тұрады. Ол өте құрметті, өмірлік тәжірибесі мол адам. Ережелерді қатаң ұстанады, абыройына ешқандай нұқсан келтірмеген. Ол ең шытырман деген жағдайларданда жол таба алады. Оның тығырыққа тірелген көптеген адамдарға көмегін тигізгеніне сендіре аламын. Мұның сыртында, оның

ауыр жүктің салмағымен жүйкесіне нұқсан келген сен секілді адамдарды емдей алатын айрықша дарыны бар<sup>7</sup>. Соған баруыңа кеңес беремін, ол саған бірден көмектеседі. Оның үйі осы арадан бір жарым шақырым жерде. Егер ол үйінде болмаса, онда оның Жарамсақ<sup>8</sup> атты өте әдепті ұлымен танысасың. Саған ол да дәл әкесі секілді көмектесе алады. Ауыр жүгіңнен сол жерде арыла алатынына сенімдімін. Егер сен туған қалаңа қайтып оралуды қаламайтын болсаң, олай етуге мен де кеңес бермеймін, онда әйелің мен бала-шағанды осында алдырта аласың. Қазір бұл ауылда көптеген үйлер бос тұр... Мұнда азық-түлік арзан, сапасы да жақсы. Адал көршілердің арасында тұрасың, бәрінің құрметіне ие боласың.

Сәлім не істерін білмей абдырап қалды. Біраз уақыт ойланып тұрған ол: егер бұл адамның айтып тұрғаны шындық болса, әрине, онда оның ақылына құлақ асып, осы жолды таңдау қажет деген шешімге келді.

- Әлгі құрметті адамға апаратын жол қайсы?
- Ана бір биік тауды көріп тұрсың ба?<sup>9</sup>
- Иә, өте жақсы көріп тұрмын.
- Сен сол тауды айналып барғанда бірінші көрген үйің соның үйі болады.

...Сәлім келе жатқан жолынан шығып, уәде етілген көмекті алу үшін Осы дүниелік ғұлама нұсқаған бағытқа бет алды<sup>10</sup>. Бірақ таудың етегіне жақындап келген кезде Сәлімге ол өте биік және тік секілді болып көрінді. Бұған қоса, жол жар тастардың астымен өтеді екен. Төбемнен тас құлап кете ме деп қорыққан Сәлім алға қарай жүруден жасқанып қалды. Осылайша ол ұзақ тұрды. Арқасындағы жүгі алдыңғы жолмен келе жатқан кезіндегісінен де ауырлай түсті. Таудан жалынның тілі сумаңдай бастаған кезде Сәлім жанып кетемін бе деп қауіптенді. Оның денесін суық тер басып, қорқыныштан қалшылдап кетті... Ол Осы дүниелік ғұламаның ақылын тыңдағанына өкінді.

Осы сәтте Сәлім өзіне қарай жақындап келе жатқан алғашқы танысы<sup>11</sup> – Ізгі хабаршыны байқады. Оны көргенде Сәлім ұялғаннан беті қызарып кетті. Ізгі хабаршы оған бетпе-бет жақындап келді де, бетіне тіке қарап:

- Сәлім, сен мұнда не істеп жүрсің? – деп сұрады.
- Сәлім басын төмен салып, үнсіз тұра берді.
- Сен әлгі Әлім қаласының жанында қайғырып, жылап отырған адам емессің бе? – деп сұрады Ізгі хабаршы.
  - Иә, қымбатты ұстаз, иә.

– Мен саған Тар қақпаларға апаратын тура жолды көрсеттім емес пе?

– Иә, жолды көрсетіп, түсіндіріп бергенсіз.

– Онда сен неге мен көрсеткен жолдан тез бұрылып кеттің? Өзің жүріп келе жатқан жолыңнан алыстап кетіпсің ғой?

– Сары уайымның батпағынан әзер шыққаннан кейін бір адамды кездестірдім. Ол мені жақын мандағы ауылдан арқамды ауыр жүктен босататын адамды табатыныма сендірді.

– Оның түрі қандай адам еді? – деп сұрады Ізгі хабаршы.

– Маған ол білімді және құрметті адам секілді болып көрінді. Ол мені өз ақылына құлақ асуға көндірді. Осылайша мен осы жерге келдім. Ал жар тастары жолдың үстіне төніп тұрған мынау тауды көрген кезде олар мені басып қала ма деп қорықтым.

– Ол адам саған не айтты?

– Ол қайда және не үшін кетіп бара жатқанымды сұрады.

– Тағы не деді?

– Отбасымның бар-жоғын сұрады. Мен отбасымның бар екенін, бірақ осы жүкті арқалағалы бері отбасымнан бұрынғыдай бақыт таба алмағанымды айттым.

– Ол не деп жауап берді?

– Ол маған бұл жүктен тездетіп өздігімен арылуға кеңес берді. Мен өзімнің қалайтынымның да осы екенін, сол себептен де Тар қақпаларға кетіп бара жатқанымды айттым және қалаған жеріме қалай жетуіме болатынын сұрадым. Ол маған көмектесуге қуана келісті және мені осындай жүктен арылтуға көмектесе алатын адамға алып баратын қысқа да қауіпсіз жолды көрсетті. Мен оған сендім де<sup>12</sup>, сол көрсеткен жолмен бағымды сынамақ болдым. Бірақ мына қорқынышты жар тастарды көргенде жасқанып тұрып қалдым. Шынымды айтсам, әрі қарай не істерімді білмедім<sup>13</sup>.

– Бір сәтке аялда, мен саған Құдайдың Сөздерін оқып берейін: «Абай болыңдар, өздеріңе сөйлеп тұрған Тәңір Иені тыңдаңдар! Ежелде Оның тапсырмасымен жер бетінде сөйлеген Мұса пайғамбарды тыңдамай қойған Исраил халқы жазадан құтылмады. Ендеше бізге көктен сөйлеп тұрған Құдайдың Өзінен бас тартсақ, онда алатын жазамыздан одан бетер құтыла алмаймыз!» Ол тағы былай дейді: «Әділ адамым сенімі арқылы шынайы өмір сүреді. Ал кім қаймығып, бағытынан кері қайтса, Мен оған риза болмаймын».

– Ал сен, – деді Ізгі хабаршы сөзін жалғастырып, – сен өзіңнің өліміңе асыққан адамсың. Сен Құдай сөзіне құлақ

аспадың, тыныштықтың жолынан өтірік пен төкаппарлықтың жолына ауыстың және аз болмағанда мәңгілік өлімге душар бола жаздадың<sup>14</sup>.

Бұл сөздерді естігенде Сәлім Ізгі хабаршының аяғына жығылып:

– О, сорлы басым, мен өлімге душар болдым! – деп жылай бастады.

Ал Ізгі хабаршы оның оң қолынан ұстап, тұруына көмектесті де, «адамдардың жасаған бүкіл күнәлары мен Құдайды қорлауларына кешірім беруге болады», тек «сенбеуші емес – сенуші бол», – деді. Осы сөздерді естігеннен кейін Сәлім еркін тыныстай бастады және бүкіл денесі дірілдей орнынан көтерілді<sup>15</sup>.

– Енді мені бұрынғыдан да мұқият тыңда, – деді Ізгі хабаршы сөзін жалғастырып. – Сені не абыржытқанын және бара жатқан адамыңның кім екенін түсіндіріп берейін. Саған жолда кездескен адам – Осы дүниелік ғұлама. Оның бұл атқа лайық екенін айта кету қажет. Неліктен осы дүниелік? Себебі ол тек осы дүниелік шындықтарды ғана айтады және соны берік ұстанады. Оның ілімін ұстанушылар Мәсіхтің айқышы үшін қуғынға ұшырамайтын болғандықтан, ол өзінің осы ілімін өзгелердің бәрінен артық көреді. Ол рухани емес, осы дүниелік көзқараста ойлайды, сондықтан Құдай сөзін бұрмалап түсіндіруге тырысады. Ал енді ол адамның саған берген ақылына келетін болсақ, онда сен кесімді түрде бас тартуға тиісті үш мәселе бар<sup>16</sup>.

Біріншіден, дұрыс жолдан шығу арқылы сен Осы дүниелік ғұламаның кеңесіне бола өз еркіңмен Құдайдың кеңестерінен бас тарттың. Құдай былай дейді: «Тар есіктен кіруге барынша тырсыңдар! Сендерге шын айтамын: көп адамдар кіруге ұмтылғанмен кіре алмайды».

Екіншіден, «Мәсіх үшін масқара болудың Мысырдың қазыналарынан артық байлық...» екенін есіңнен шығармауға тиіссің. Тағы да Ол былай деді: «Кім Маған келіп, Мені әкешесінен, әйелі мен балаларынан, бауырларынан және өз өмірінен артық көрмесе, сол Менің шәкіртім бола алмайды».

Үшіншіден, сен Інжіл жолынан өзге жол атаулының бәрін жек көруге тиіссің, себебі өзге жол атаулының бәрі өлімге апарады. Оның сені қандай адамға жібергені туралы ойлан. Осы дүниелік ғұламаның айтуы бойынша сені ауыр жүгіңнен азат етуі тиіс адам – Заңдылық. Ал Заңдылық сені жүгіңнен арылта алмайды. Ол әлі ешкімді құтқарып көрген жоқ. Заңды орындап жүруің

сені ақтап ала алмайды. Заңдылық – өтірікші, ал оның ұлы - Жарамсақ, қанша кішіпейіл болып көрінгенімен, нағыз екіжүздінің өзі. Олардың бар мақсаттары – сені Тар қақпаларға апаратын жолдан тайдырып, сол арқылы сені өлімге душар ету<sup>17</sup>.

Осыдан кейін Ізгі хабаршы оның көзін жеткізу үшін және айтқан сөздерін дәлелдету үшін қатты дауыстап қолын көкке жайды. Кенет етегінде бейшара Сәлім тұрған таудан алып от жалын көрініп, күркіреген күндей дауыс естілді: «Ал өздерінің Таурат заңын ұстанғандарына<sup>18</sup> сүйенушілердің бәріне қарғыс тиеді! Сол туралы мынадай сөздер жазылған: Таурат заңының кітабындағы барлық ережелерді сақтап орындамағанды қарғыс атады!»

Қатты шошып кеткен Сәлім Осы дүниелік ғұламамен кездескен сәттеріне лағынет айтып, еңіреп жылады. Ол осы дүниелік шындықты ғана уағыздайтын Ғұламаның сөзіне еріп, түзу жолдан тайып кеткеніне ұялды. Оның Ізгі хабаршының бетіне қарауға көпке дейін батылы бармады. Ақыры ол дауысы дірілдеп былай деді:

– Айтыңызшы, менде әлі үміт бар ма?<sup>19</sup> Өзімнің адасқаным үшін қатты өкінемін. Қайтадан Тар қақпаларға қарай жүре аламын ба? Әлде, шынымен-ақ мәңгілікке сыртқа тебілгенім бе?

– Сенің күнәң ауыр, – деп жауап берді Ізгі хабаршы. – Біріншіден, сен Тар қақпаларға апаратын жолдан тайып кеттің; екіншіден, сен тыйым салынған жолға түстің. Бірақ та Есікті ашушы сені қабылдайды, себебі: «ол адамдарға ілтипатты». Бірақ жолдан тағы да тайып кетуден сақтан, «Әйтпесе Ол кәрленіп, көздеріңді құртпақ, ашуы лезде жалындай лауламақ».

Жан дүниесі жеңілдеп қалған Сәлім, Тар қақпаларға қарай дереу жолға шығуға бел байлады.

Күлімсіреген Ізгі хабаршы оның бетінен сүйді де:

– Саған Құдай жар болсын! – деп батасын берді.<sup>20</sup>

### ***Төртінші тарау***

#### **ТАР ҚАҚПАЛАР**

Сәлім алдынан кездескен адамдарға назар аудармай, аяқтарын тез-тез басып келе жатты. Тек ақылы бойынша жолдан бұрылған жеріне жеткенде ғана ол өзін қауіпсіздікте сезінді.

Қайтадан түзу жолға түскен Сәлім көп өтпей-ақ Тар қақпалардың алдына келіп жетті. Қақпаның маңдайшасындағы: «Қағындар, сонда ашылады»<sup>1</sup> – деген жазуды оқығанда ол қуанып кетті.

Жүрегі дүрсілдеп кеткен ол ішінен: «Кіре алар ма екенмін? Есікті ашушы мені, тәубесіне келген күнәкарды қабылдай ма? Егер қабылдаса, Құдайды өле-өлгенше мадақтап өтемін!» – деп күбірлей отырып есікті қақты.

Есікті Тілектес<sup>2</sup> атты ақсақалды шал ашты. Сәлім ол өте қуанышты қарсы алды:

– Сен кімсің? Қайдан келдің? Қайда бет алып барасың?

– Мен күнәнің бұғауына түскен бейшара күнәкармын, – деп жауап берді жолаушы. – Өлім қаласынан келдім. Болашақтың қаһарынан құтылу үшін Сион тауын бетке алып бара жатырмын. Бірақ ол тауға апаратын жол осы Тар қақпалар арқылы өтетіндіктен, мен сенен өткізіп жіберуіңді өтініп сұраймын.

– Сенің өтінішіңді қуана орындаймын<sup>3</sup>.

Осылай деген қарт есікті ашты.

Табалдырықтан аттаған кезде Сәлім қарт өзін дәл бір арқасынан итеріп қалғандай сезінді. Содан соң Тілектес қақпаға жақын маңда Бүлзбүлдің<sup>4</sup> биік, мықты қамалы тұрғанын түсіндірді. Сол жерден ол және оның көмекшілері кідіріп қалғандарды табалдырықты аттап үлгермей жатып жаралау үшін отты жебелермен атқылайды.

Аман қалған Сәлімнің жаны жай тауып, қуанышқа бөленді.

Тілектес оны мұнда кімнің жібергенін сұрады.

– Мен мұнда Ізгі хабаршының ақылы бойынша келдім. Ол маған әрі қарай не істейтінімді осы жерден біле алатынымды айтты.

– Есік алдыңда ашық тұр және оны ешбір адам жаба алмайды.

– Қауіпті сапарымның жемісін енді ғана жей бастадым, – деп жауап берді Сәлім.

– Сен шынымен-ақ жалғыз өзің келдің бе?

Сонда Сәлім Тілектеске өзінің басынан өткен жағдайлардың бәрін жасырмай баяндап берді. Жасаған қателіктері мен адасушылықтары туралы айтты, бәріне тек өзін кінәлап, мейірімділігі үшін Құдайға алғысын білдірді<sup>5</sup>. Сондай-ақ ол Бірбеткеймен<sup>6</sup>, Көнгішпен және Осы дүниелік ғұламамен болған әңгімелері туралы да айтты және Ғұламаға сеніп, Заңдылықтан

көмек сұрамақ болғаны үшін қатты өкінетінін жеткізді. Өзінің ұзақ әңгімесін ол мынандай сөздермен аяқтады:

– Егер де Ізгі хабаршы құтқарып қалмағанда, менің құрдымға кететінім анық еді. Міне, енді мен уайымның батпағына былғанған, қатты шаршаған және күнеларымның жүгі еңсемді басқан күйде алдыңда тұрмын. Менің мәңгілік өмірден гөрі мәңгілік өлімге лайықты екенім даусыз. Бірақ осының бәріне қарамастан Тар қақпалардан өтуіме ерік берген Құдайдың мейірімі қандай шексіз десеңші.

– Бұл тау көптеген адамдардың өліміне себепкер болды, – деп жауап берді Тілектес. – Болашақта да солай бола беретін шығар. Бақытыңа орай, Ізгі хабаршы саған дер кезінде жолыққан екен... Ал ешкімнің мұнда кіруіне кедергі жасамаймыз. Керісінше, тіпті ең күнәкар деген адамдардың өздерін қабылдаймыз. Ал енді, мейірімді Сәлім, соңымнан ер, саған әрі қарай жүретін жолыңды көрсетейін. Анау тар жолды көріп тұрсың ба? Оны дін қайраткерлері, пайғамбарлар, Мәсіх және Оның шәкірттері салған. Ол қатты тартылған пернеге ұқсайды<sup>7</sup>. Сен осы жолмен жүруге тиіссің.

– Оның жолаушыны адастыратындай ешқандай бұрылыс, айырықтары жоқ па?

– Оған көптеген басқа жолдар келіп қосылады, бірақ олар кең және бұралаңдары көп, ал дұрыс жол – тар және тура. Осы белгілері арқылы сен шынайы, тура жолды басқа жолдардан оңай ажырата аласың<sup>8</sup>.

Міне, түсімде мен Сәлімнің Тілектестен өзін әбден шаршатқан ауыр жүгінен арылтуын сұрап жатқанын көріп тұрмын. Тілектес оған тағы біраз шыдауға кеңес беріп, одан арылатын уақытының жақын екенін айтты. Жүктің өздігінен түсіп қалатын орны жақын қалды және бұл үшін оның ешқандай күш жұмсауының қажеті болмайды<sup>9</sup>.

Сәлім арқасындағы жүгін түзеп алып, жолға шықты. Қоштасып тұрып Тілектес бірнеше сағаттық жолда Түсіндіруші атты адамның тұратынын айтты. Сәлім оған міндетті түрде баруы тиіс, сол жерде ол көптеген қызықты нәрселерді көре алады.



## *Бесінші тарау*

### **ТҮСІНДІРУШІНІҢ ҮЙІ**

Арада көп өтпей Сәлім Түсіндірушінің<sup>1</sup> үйіне де келіп жетті. Ол есікті Сәлім бірнеше рет қаққанда әзер естіп ашты.

– Бұл кім?

– Қымбатты қожайын, мен мұнда Тар қақпалардың есігін ашып тұратын Тілектес жіберген саяхатшымын, – деп жауап берді. – Мен осы үйдің қожайынымен<sup>2</sup> сөйлесем деп едім.

Арада бірнеше минут өткенде сыртқа Түсіндірушінің өзі шықты.

– Мен Өлім қаласынан шығып, Сион тауына бет алып бара жатырмын. Тар қақпалардың есікшісі маған сізге бұрыла кетуге кеңес берді. Ол сіздің маған өте маңызды бір нәрсе көрсете алатыныңызды айтты.

– Кір. Саған қажет болатын бір нәрсе көрсетейін<sup>3</sup>.

Ол қызметшіге балауыз жағуды бұйырды да, Сәлімге соңынан еруді бұйырды. Олар бір бөлменің алдына келіп тоқтады да, қызметші есікті ашты. Бөлме ішіне кірген Сәлім қабырғада ілулі тұрған суретті көрді. Онда бір құрметті ер адам бейнеленіпті. Ол назарын көкке тігіп, қолына кітаптардың Кітабы – Киелі кітапты ұстап алған. Оның аузына шындықтың заңдары жазылыпты. Ол осы дүниеге арқасын беріп тұр, басындағы алтын тәжі жарқ-жұрқ етеді.

– Бұл кім? – деп сұрады таңданған Сәлім.

– Бұл – мыңдардың ішінде бір кездесетін адам. Қауымның нағыз бағушысы және Мәсіхтің қызметшісі. Оның көкке созылған қолындағы – кітаптардың Кітабы және аузындағы – шындық Заңы. Оның міндеті осы шындықты ашып беру ғана емес, Күнәкарларға осы шындықтарды түсіндіріп беру. Сондықтан ол сұрап, шақырып және өсиет айтып тұрған адам ретінде бейнеленген. Осы дүниеге сырт қарап тұрған арқасы мен басындағы тәжі осы дүниелік қазыналарға толықтай немқұрайлылықты және күндердің күнінде оның Құдай Патшалығының кереметіне куә болатынына сенімділігін бейнелейді. Саған бірінші кезекте дәл осы суретті бекерге көрсеткен жоқпын. Суреттегі адам сенің жолыңның келесі бөлігіндегі тәлімгерің болады. Бұл адамды жадыға мықтап сақтап ал<sup>4</sup>. Ақыл айтқанның бәрінің сөзіне ере берме және Құдайдың: «Не тындағандарыңа назар аударыңдар!» – деген сөздерін есіңнен шығарма.

Содан соң Сәлімді бір үлкен, қатты шаң басқан бөлмеге алып келді. Бұл бөлме сыпырғыш пен сулы шүберекті ешқашан көрмеген секілді. Түсіндіруші қызметшіге еденді сыпыруды бұйырды. Қызметшінің еденді бар күшін сала сыпыра бастағаны сондай, бөлме іші қатты шаңданып, Сәлім шаңға қақалып қала жаздады. Сонда қожайын қызметші әйелді шақырды да, оған су әкеліп, бөлмеге себуді бұйырды. Енді бөлмені алаңсыз сыпырып, содан кейін еденді жууға болатын еді.

– Бұл нені білдіреді? – деп сұрады Сәлім.

– Бұл бөлме – Інжілдің рақымына әлі кенелмеген адамның жүрегін бейнелейді. Шаң – адамның күнәкар жағдайы мен жан дүниесінің бұзылғандығы. Бөлмені алғаш сыпыра бастаған адам заң, ал оған су сепкен қыз – Інжіл. Сыпыра бастаған кезде бөлменің қалай шаң болып кеткенін көрдің ғой. Құрғақтай сыпырудың еш мәні жоқ, мұндай тәсілмен тазалық жасай алмайсың. Мынаны түсініп ал, заң күнәні жоймайды, жүректі одан тазартпайды, ол тек болмашы немесе баяғыда ұмытылған күнәларды жарыққа шығарады. Ал жүрек Інжілді (Ізгі хабарды) қабылдаған кезде, Құдай сөзі суға ұқсап барша шаңды басады да, жамандықтың бәрін шайып әкетеді. Осылайша күнә жеңіліп, жойылады, жүрегіміз Құдай сөзіне деген сеніміміз арқылы тазарып, даңқ Патшасының тұрағына баруға жарамды болады<sup>5</sup>.

Содан соң Түсіндіруші Сәлімді қолынан жетелеп, шағындау бір бөлмеге алып келді. Онда екі кішкене бала үстел үстінде отыр екен. Олардың үлкенін Шыдамсыздық, ал кішісін – Шыдамдылық деп атайды екен. Шыдамсыздық мазасызданып, әлденеге наразы болса, Шыдамдылық – тып-тыныш отыр. Сәлім балалардың үлкенінің не нәрсеге наразы болып отырғанын сұрады. Түсіндіруші олардың Тәрбиешілерінің келер жылдың басында қымбат сыйлықтар жасауға уәде еткенін, ал Шыдамдылық оны қуана күтіп жүргенде, Шыдамсыздықтың оны дәл қазір алғысы келіп шыдамай жүргенін түсіндірді. Осы кезде бөлмеге біреу кіріп, Шыдамсызға қымбат сыйлықтарға толы қапты тапсырды. Бірақ үлкен қапқа ие болғанның қуанышы ұзаққа барған жоқ. Арада көп өтпей-ақ бәрі сынып, қирап, шашылып қалды. Ал Шыдамдылық бөлмеден құр қол, бірақ алдан қуаныш күткен бақытты күйде кетті.

– Мұның бәрінің нені білдіретінін түсіндіріп беріңізші, – деп өтінді Сәлім.

– Бұл екі бала адамдардың екі түрін бейнелейді. Шыдамсыз – осы дүниенің баласы, ол бәрін дәл қазір, яғни, осы дүниеде

алғанды қалайды. Осы дүниелік адамдар осындай. Олар жақсы нәрселердің бәріне тезірек, осы дүниеде өмір сүріп жатқан кездерінде қол жеткізгілері келеді және «келер жылды», яғни, болашақтағы өмірді күте алмайды. Құдайдың болашақ игіліктер туралы барша куәліктерінен гөрі «Аспандағы тырнадан қолдағы шымшық артық» дегенді жөн санайды. Шыдамсыздық бәрін лезде ысырап жасады және оның қолында тек қиқым-сыйқымдар ғана қалды. Дүниенің ақыры келген кезде оған ұқсас адамдардың тағдыры осындай болады<sup>6</sup>.

– Шыдамдылық дұрыс жолды таңдаған секілді, – деді Сәлім.  
– Шыдамсыздық кедейлікке ұрынып, масқараға ұшыраған кезде Шыдамдылыққа Құдай Патшалығы сый тару етеді.

– Бұған болашақ өмірдің мәңгілік даңқы мен кереметтігін қосуыңа болады, – деді Түсіндіруші, – олар жердегі даңқ секілді уақытша емес. Шыдамсыздық сыйлықты бірінші болып алдым деп Шыдамдылыққа бекерге күледі, себебі жеңіске Шыдамдылық қол жеткізеді. Алғашқылар соңғыларына орын босатуға тиіс болады, өйткені соңғылардың да заманы туады. Ал соңғылар ешкімге орын босатуға тиіс болмайды, себебі олардың соңында ешкім болмайды. Игілікке алғаш болып қол жеткізген оларды тез ысырап етеді. Ал соңғы болып алған оларды мәңгілікке сақтайды, өйткені, оларды ысырап етуге уақыттары болмайды. Осы себептен де Нақыл сөздер кітабында былай делінген: «Ей, балам, есіңе түсірші: сен өмірінде әрдайым жақсылық көріп рақаттандың, ал Елазар ауыртпалық көріп, азап шегіп жүрді. Енді ол мұнда жұбаныш тапса, сен онда қиналып жатырсың».

– Осы жердегі өмірімізде бақыт пен байлық тілемей, мәңгілік қуанышты сабырлықпен күтуіміз керектігін енді түсіндім, – деді Сәлім.

– Дұрыс айтасың. Көзге көрінетін игіліктер уақытша, ал көзге көрінбейтіндер – мәңгілік. Қазіргі шағымыз бен тәни құмарлықтарымыз өзара тығыз байланыста, ал болашақ пен тәни құмарлықтарымыз бірге бола алмайды<sup>7</sup>.

– Осылай деген Түсіндіруші Сәлімді қолынан жетелеп, қабырғасының жанында от жанып тұрған келесі бөлмеге алып келді. Бір адам су шашып, отты сөндіруге жанталасып жүр, бірақ таңданарлығы, от барған сайын күшейе түсуде.

Сәлім тағы да ештеңені түсіне алмады.

– Бұл от адамның жүрегінде әрекет етіп жатқан игілікті білдіреді. Оған су құйып жүрген – шайтан. Шайтан қанша күш салса да, оттың барған сайын күшейіп бара жатқанын көріп тұрсың ғой. Неге олай екенін қазір түсінесің, – деді Түсіндіруші.

Сөйтті де ол қабырғаның екінші жағындағы қолына ыдыс ұстаған адамды көрсетті<sup>8</sup>. Ол ешкімге байқатпай, отқа үздіксіз май құйып тұр екен.

Сәлім мұның мәнісін түсінуді қалады.

– Бұл адам жүрегіндегі Өзінің игіліктерінің әрекетін үнемі демеп отыратын Мәсіх, – деді Түсіндіруші. – Сондықтан, шайтанның қанша тырысқанына қарамастан, Ол Өзі құтқарған жанды сақтап қалады. Ал Оның қабырғаның арғы жағында тұруы азғырушының адам бойындағы игіліктің әрекетін кімнің және қалай ұстап тұратынын көруі қиын екенін білдіреді<sup>9</sup>.

Түсіндіруші Сәлімді тағы да қолынан жетелеп, оны салтанатты сарайдың есігінің алдына алып келді. Сарайдың ғажаптығы сондай, Сәлім аузын ашып, орнында қаққан қазықтай тұрып қалды, және қайдан пайда болғаны белгісіз бойын бір қуаныш кернеп кетті. Сарайдың биік қабырғаларын жағалай үстілеріне алтын киім киінген адамдар серуендеп жүр. Есіктің алдында ішке кіруге талпынған адамдар топталып тұр. Сарайға кіретін есікті қарулы күзетшілер бақылап тұр екен. Олар салтанатты қақпаға жақындауға тырысқан кез келген адамның жанын алуға тиіс болатын. Сондықтан да адамдар оған жақындауға бата алмай, дағдарып тұр. Есіктен солға таман қойылған үстелдің басында бір адам отыр. Үстел үстінде үлкен кітап және сия сауыт тұр. Ол есікке жақындауға батылы барған адамдардың есімдерін тіркеуге тиіс болатын. Кенет бір зор денелі адам үстел басына жақындап келіп: «Менің есімімді жаз!» – деді. Есімі жазылғаннан кейін ол басына дулығасын киіп, қылышын суырып алды да, өзіне қарай тұра ұмтылған күзетшілерге қарсы жүгірді. Ол ештеңеден жасқанбастан қылышын оңды-солды сілтей бастады. Өзгелерді жарақаттап, өзі де біраз жарақат алғаннан кейін<sup>10</sup> ғана ол екі жаққа тізіліп жолды ашқан күзетшілердің арасымен есікке жете алды. Сол жерде оған да сарай ішіндегі адамдардікі секілді алтын киімдер кигізді. Тамаша ән мен «Келіңдер, келіңдер! Мәңгілік даңқты қабылдап алыңдар!» деген дауыстар естілді.

– Мұның бәрінің нені білдіретінін түсінген секілдімін<sup>11</sup>, – деді Сәлім күлімсіреп. – Жолымды әрі қарай жалғастыруға рұқсат етіңіз.

– Тоқтай тұр, – деді оған Түсіндіруші, – мен саған әлі бәрін көрсетіп болған жоқпын.

Сөйтіп, Сәлім қолынан жетелеп, қараңғы бір бөлмеге алып келді. Оның ішінде тор темірге қамалған бір адам отыр екен. Оған қараудың өзі қорқынышты. Оның көздері солып, қолдары салбырап кеткен. Жүзінен шарасыздықтың лебі еседі.

- Бұл нені білдіреді? – деп сұрады Сәлім.
- Түсіндіруші ештеңе түсіндірген жоқ, Сәлімге тек әлгі бақытсыз адаммен<sup>12</sup> өзі сөйлесіп көруге кеңес берді.
- Бейшара жан, сен кімсің?
- Мен бұрынғыдай емеспін<sup>13</sup>.
- Бұрын қандай болып едің?
- Бұрын мен өзімнің ғана емес, өзгелердің көз алдында да Сәлімнің шынайы уағыздаушы секілді болып көрінетінмін. Өзімді Аспандағы қаланың тұрғыны болуға лайықтымын деп санайтынмын және тіпті өзімнің Мекеніме барам деген ойдан қуанышты сезінетінмін<sup>14</sup>.
- Енді не болды?
- Қазір мен торығу мен шарасыздықтың қыспағында қалдым. Осы тордан шыға алмайтыным секілді, олардан да арыла алатын емеспін<sup>15</sup>.
- Бірақ сен мұндай жағдайға қалай жеттің?
- Өз-өзіме риза болғаным сондай, өзімді бақылауда ұстауды, мінажат етуді доғарып, құмарлықтарыма ерік бердім. Құдайдың рақымынан бас тарттым, Киелі Рухты қорладым, сонда Ол мені тастап кетті. Мен шайтанның азғыруына ердім және оның жүрегімді қасарыстырып қойғаны сондай, қазір мен күнәларымды мойындай алмаймын<sup>16</sup>.
- Шынымен-ақ титтей де болса үмітің қалмай, осы бір Торығу торына мәңгілікке қамалдың ба?
- Өкінішке орай, ешқандай үміт жоқ!
- Бірақ та Жаратушының қайырымы шексіз!
- Иә, бірақ мен Құдай Ұлын тағы да өз бойымда айқышқа кердім, Оның өсиеттерін аяққа бастым, Оның айқышта төгілген қанын құрметтемедім. Мен рақымдылықтың Рухын қорладым. Енді маған қорқынышты Сотты шошына күтуден өзге ештеңе қалған жоқ. Мен қазірдің өзінде мәңгілік оттың Құдайдан безгендерді бірақ жалмауға дайын сумаңдаған тілдерін анық көріп тұрмын<sup>17</sup>.
- Бірақ сен не үшін осыншалықты қатаң жаза тарттың?
- Осы дүниелік қызықтар мен құмарлықтарға берілгенім үшін. Мен бақыт дәл соларда деп санадым. Ал қазір оларды есіме алсам болды, ішімді құрт жегідей жеп, жанымды қоярға жер таба алмаймын.
- Шынымен де сен күнәларыңды мойындап, Мәсіхтен кешірім сұрай алмайсың ба?
- Құдай маған енді тәубеге келуді сыйламайды! Оның Сөздері мені жұбатпайды және Оған сенуіме енді күш бермейді.

Өмірде ешбір адам ол жерден құтқара алмайтын Торығудың темір торына мені Оның Өзі қамады. О, мәңгілік! Қорқынышты мәңгілік! Мәңгілік бейшара күй кешуге күшті қайдан алсам болады?

– Мына адамның азабын есіңнен шығарма, Сәлім, – деді Түсіндіруші. – Құдайдың өсиеттерін сақтап жүр және әрқашан сақ бол.

– Бұл сұмдық екен! Ием, Өзіңнің өсиеттеріңді сақтап жүруіме көмектесші! – деді Сәлім жалбарынып. – Үнемі абай болып жүруіме, күнделікті мінажат етуді ұмытып кетпеуіме көмектес және ар-ұятымның азабын тартпауым үшін күнә жасамауыма күш бер<sup>18</sup>. Ал енді сапарымды жалғастыруыма бола ма?

– Сәл күте тұр, саған тағы бір нәрсе көрсетейін, содан соң жолға шығасың<sup>19</sup>.

Ол Сәлімді тағы бір бөлмеге бастап әкелді. Олар кірген кезде бір адам төсегінен тұрды да, денесі қалш-қалш еткен күйі киіне бастады.

– Бұл адам неге осыншама дірілдейді? – деп сұрады Сәлім.

Түсіндіруші әлгі адамнан қорқынышы туралы өзі айтып беруін өтінді.

– Өткен түнде түсімде аспан кенет қап-қараңғы болып кетті, – деп бастады ол әңгімесін. – Бүкіл аспанды қап-қара бұлт басты. Осы қараңғылықта жарқылдаған найзағай оттары өте айқын көрініп тұрды. Күн қатты күркірей жөнелген кезде мен қорқып кеттім. Күшті жел тұрып, бұлттар жөңкіліп көше бастады. Кенет көктен сырнайдың дауысы естіліп, бұлт үстінде, сансыз көп періштелерінің арасында отырған Құдайды көрдім. Бүкіл аспан және Құдай мен Оның періштелері жарқыраған отқа оранып тұрғандай болып көрінді. Бір кезде: «Өлгендер, орындарыңнан тұрып, соттың алдына келіңдер», – деген күшті дауыс естілді. Осы сәтте қабірлер ашылып, өлген адамдар табыттарынан тұра бастады. Олардың кейбіреулерінің жүздерінде қуаныш ойнап, көздерін көкке тігіп тұрды. Ал екіншілері ұяттан жердің тесігіне кіріп кетуге даяр еді. Міне, Құдай кітапты ашып, бәріне жақын келуді бұйырды. Құдай мен өліден тірілген адамдардың арасында әдетте сот пен сотталушылардың арасын бөліп тұратын кедергіге ұқсап лапылдап от жанып тұрды. Құдай Өзінің қызметшілеріне: «Бидайықтарды, қабықтар мен сабандарды жинап алып, отты көлге лақтырыңдар», – деп бұйырды. Кенет дәл аяғымның алдынан жер қақ айырылып, түпсіз тұңғиық пайда болды. Оның ішінен түтін шығып, шатырлап жанған оттың дыбысы естілді.

Сол кезде Құдай әлгі қызметшілеріне тағы: «Менің бидайымды қамбама құйыңдар», – деп бұйырды. Сол кезде қызметшілердің көптеген адамдарды бұлт үстіне қарай көтеріп әкеткендерін көрдім, бірақ мен орнымда қала бердім. Мен де тығылатын орын іздедім, бірақ оны таба алмадым, себебі бұлт үстінен Құдай маған көз айырмай қарап отырды.

Барша күнәларым алдыма қаздай тізіліп, мені айыптай бастады. Осы кезде оянып кеттім. Денемді суық тер басып кетіпті.

– Сені не нәрсе қатты қорқытты? – деп сұрады Сәлім.

– Мен Қорқынышты сот күні келген екен деп ойладым және әділетті Төрешінің алдына баруға дайын емес екенімді сезіндім. Бірақ мен үшін бәрінен қорқыныштысы періштелердің таңдалғандарды іріктеп алып, ал мені тастап кетулері және дәл аяғымның алдынан тозақ тұңғиығының ашылуы болды. Ұяттан өртеніп кеттім<sup>20</sup> және Төреші маған ашумен, наразылықпен қарап отырғандай болып көрінді.

Сонда Түсіндіруші Сәлімге қарап:

– Көргендеріңнің бәрін көңіліңе түйіп алдың ба? – деп сұрады.

– Түйгенде қандай, бұлар менің бойыма қорқыныш пен үміт ұялатты<sup>21</sup>.

– Мен көрсеткендердің бәрін есінде ұста, – деді Түсіндіруші сөзін жалғап. – Бұл кеңестер сені тек алға ұмтылуға итермелесін және түзу жолдан тайып кетуіңе жол бермесін. Жұбатушының Рухы сені қолдап, ұлы Қалаға жетуіңе көмегін тигізсін!

Түсіндірушіге барша кеңестері үшін алғысын айтқан Сәлім қайтадан жолға шықты.

## ***Алтыншы тарау***

### **АЙҚЫШ АҒАШ**

...Міне, мен оның тағы да жолды бойлап келе жатқанын көріп тұрмын. Жолдың екі жағында өте үміттендіретін Құтқарылу атты биік қабырғалар созылып жатыр. Сәлім асығулы, бірақ арқасындағы ауыр жүгі оған кедергі жасап, жүрісін ауырлатып келеді<sup>1</sup>.

Ол Айқыш тұрған дөңестеу жерге дейін тоқтаусыз жүріп келді. Сәл төменіректе қабір бар еді. Сәлім Айқышқа жеткен кезде жүгі

арқасынан ажырай бастағандай болды да, содан соң домалап барып беті ашық тұрған қабірдің ішіне бір-ақ түсті<sup>2</sup>. Одан қайтып мен ол жүкті көрген жоқпын.

Қатты қуанып кеткен Сәлім: «Оның тартқан азаптары маған тыныштық әкелді, ал Оның өлімі маған өмір сыйлады!» – деп шаттана айқай салды.

Айқышқа бір ғана көз салудың өзі ауыр жүгінен қалай азат еткенін түсіне алмаған ол аң-таң болып ұзақ тұрды. Айқыштан көз алмай қарап тұрған оның жанарынан қуаныш пен алғыстың жасы сорғалап ағып тұрды.

Кенет оның алдынан жарқыраған үш бейне пайда болып: «Саған тыныштық болсын!» – деп тіл қатты. Олардың бірі Сәлімге: «Сенің күнеларың кешіріледі!» – деді. Екіншісі оның үстіндегі лас, жыртық шапанын шешіп алып, сән-салтанатты киімдер кигізді<sup>3</sup>. Үшіншісі Сәлімнің маңдайына белгі<sup>4</sup> салды да, қолына мөр<sup>5</sup> басылған шиыршық қағазды ұстатты. Бұл мөр оның ұзақ жолындағы жұбанышы және Аспан қақпасынан өткізетін рұқсат қағазы болуы тиіс еді. Содан соң періштелер жаңа қалай аяқ астынан пайда болса, дәл солай көзден ғайып болды.

Иса Мәсіхтің айқышы  
Арылтады мұңымнан.  
Сол айқыштың тұсында  
Қорғанамын жауымнан.

Күші басым семсерден,  
Әлсіресем қолдайды.  
Қуат алып Иемнен,  
Күресуден талмаймын.

Жаным қайта жанданып,  
Қарсы шығам жауыма.  
Сан мыңдаған қолдардан,  
Қорықпаймын жолымда.

Соқпағыма тар менің,  
Түн ішінде нұр шашар.  
Түңілгенді қуанып,  
Жылағанды жұбатар.



Ізгі хабар негізі  
Сол айқыштан басталған.

Дүниеге өткінші

Шынайы қуаныш сыйлаған, – деп әндеткен Сәлім сапарын әрі қарай жалғастырды.

Сәлім Айқыш тұрған дөңнен жазыққа түсті де, жол бойында ұйықтап жатқан аяқтары шынжырлаулы үш адамды көрді.

Олдардың бірін Ақымақтық, екіншісін Еріншектік, ал үшіншісін – Өзіне сенімділік деп атайтын еді<sup>6</sup>.

Сәлім олардың жандарына келіп:

– Әй, ояныңдар! Сендер дәл түпсіз терең теңіздің үстіндегі көлденең ағашта ұйықтап жатырсыңдар. Тезірек ояныңдар! Бұл жерден кетейік! Егер қаласаңдар, мен сендердің аяқтарыңдағы бұғауларыңнан арылуларыңа көмектесемін, әйтпесе сендер жемтік іздеп ақырған арыстанға ұқсайтынның құрбаны боласыңдар, – деді.

Бұл сөздерді естігенде<sup>7</sup> олар көздерін жалқаулана ашып, әрқайсысы өз қабілетіне сай жауап қайырды:

– Мен ешқандай қауіпті көріп тұрған жоқпын, – деді Ақымақтық.

– Осындай болмашы нәрсе үшін де адамның ұйқысын бұза ма екен? – деді Жалқаулық ренжіп.

Ал Өзіне сенімділік болса тәкаппарлана былай деді:

– Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!

Осылай деген олар қайтадан ыңғайлана жатып, лезде ұйықтап кетті. Ал Сәлім болса сапарын әрі қарай жалғастырды. Ол адамдардың өздеріне төніп тұрған қауіпті мүлде түсінбегендеріне және мұның қайырымдылығын бағаламағандарына қатты қамықты. Бұл оларға жақсы кеңес беруді және аяқтарындағы бұғауларынан құтылуға көмектескісі келді ғой<sup>8</sup>.

Жаңағы әңгіменің әсерінен әлі арыла алмай келе жатқан ол кенет қабырғадан асқан ептілікпен секіріп өткен екі адамды байқады. Қабырғадан секіріп өткен әлгілер жылдам басып Сәлімге қарсы жүрді. Олардың бірін Немқұрайлылық, ал екіншісін – Екіжүзділік деп атайтын.

– Мырзалар, сіздер кімсіздер және қайда бет алып барасыздар? – деп сыпайы сауал қойды оларға Сәлім.

– Біз Мансапқұмарлық атты елденбіз және даңққа ие болу үшін Сион тауына кетіп барамыз, – деп жауап берді олар.

– Сендер неліктен жолдың басында тұрған Тар қақпалар арқылы кірмедіңдер? «...Кім қой қораға есіктен емес, өзге жерден

өрмелеп кірсе, сол – ұры әрі қарақшы», – деп жазылғанын білмеуші ме едіңдер?

– Біздің елімізде қашан да ең қысқа жолды таңдайды және қақпа арқылы кіру ақымақтық іс болып саналады.

– Ал біз бара жатқан елдің Билеушісі мұны мойынсұнбау және Оның еркін бұзу деп есептемей ме?

– Оған басыңды ауыртпай-ақ қой. Біз өз еліміздің ежелден келе жатқан ғұрпын ұстанамыз. Мансапқұмарлық елінің тұрғындарының соңғы мыңжылдықтарда дәл осылай әрекет етіп келгендерін көптеген мысалдар арқылы дәлелдеп бере аламыз<sup>9</sup>.

– Жолды бұлай қысқарту заңға қайшы келмей ме?

– Мың жылдан астап уақыт бойы қолданылып келген бұл ғұрыпты кез келген әділ соттың заңды деп бағалайтынына еш күмән жоқ. Бұған қоса, біздің бұл жолға қалай түскенімізде кімнің қандай шаруасы бар? Ең бастысы – осы дұрыс жолдан шықпай жүру. Сен әлгі қақпа арқылы өттің, бірақ соған қарамастан бізден біраз артта қалып қойдың. Сонда сенің жағдайыңның бізден артықтығы қайсы?

– Мен Құдайдың нұсқаған жолымен жүріп келемін, ал сендер өз қалауларың бойынша әрекет етудесіңдер. Сендер қазірдің өзінде Құдайдың алдында алдамшысыңдар. Сапарларыңды аяқтаған кезде сендерді адал адамдардың санатына қалай қосуға болады? Бұл жолға сендер өз беттеріңмен, Құдайдың батасынсыз түстіңдер және жолдарыңның соңында Оның рақымына ие бола алмайсыңдар<sup>10</sup>.

Немқұрайлылық пен Екіжүзділік оған өз істеріне араласпауға және оларды жайына қалдыруға кеңес берді. Олар көп уақыт үнсіз жүрді. Бір кезде олардың бірі Сәлімге қарап былай деді:

– Сен ол заңдар мен ережелерді біз сенен кем орындайды деп ойлап қалма. Сенің бізден жалғыз айырмашылығың – ол үстіңдегі көйлегің. Бірақ біз саған оны жалаңаш тәніңді жасыруың үшін көршілеріңнің бірі берген болар деген ойдамыз<sup>11</sup>.

– Тар қақпалар арқылы өтпегендіктен, сендер заңдар мен ережелерді орындау арқылы өздеріңді құтқара алмайсыңдар. Ал енді менің үстімдегі киімге келетін болсақ, оны шынымен де мен бара жатқан елдің Билеушісі сыйға тартты және жаңа өзің айтқандай, жалаңаш тәнімді жасыру үшін берді. Бұрын мен жырым-жыртық киімдер киіп жүрдім. Бұл көйлекті Оның маған деген айырықша рақымының белгісі деп бағалаймын. Әрі бұл көйлек менің жұбанышым. Бара жатқан қаланың қақпасының алдына

барғанда Құдай мені танитын болар деп үміттенемін, себебі мен Өзі үстімдегі жырым-жыртық киімдерді шешіп, Өзі киіндірген киімдерді киіп бара жатырмын. Бұған қоса, менің маңдайымда белгі бар. Сендер оны байқай қоймаған боларсыңдар. Ол белгіні маған арқамнан ауыр жүк сыпырылып түскен күні салған болатын. Тағы да сол кезде маған ұзақ жолда жұбанышым болуы тиіс мөрленген шиыршық қағаз берілді. Маған оны Аспан қаласының қақпасының алдына барған кезде қайтарып беру бұйырылды. Бұл шиыршық қағаз менің Жұмаққа кіре алатыныма кепілдік береді. Осының бәрі сендерде де болуы тиіс екендігіне сенімдімін, бірақ олар сендерде жоқ, себебі сендер бұл жерге Тар қақпалар арқылы емес, оны айналып келдіңдер<sup>12</sup>.

Сәлімнің серіктері бұған ештеңе деп жауап қайырған жоқ, бірақ бір-бірлеріне қарап жымыңдасып қойды<sup>13</sup>. Осыдан кейін олар ләм-мим деспей үнсіз келе жатты. Бірде күрсініп<sup>14</sup>, бірде қуана жымыңдаған Сәлім олардан сәл алда келеді. Ол өзіне жарқырған бейне берген шиыршық қағазды<sup>15</sup> жиі-жиі ашып қарайды және оны оқыған кезде қанаттанып кеткендей болады.

## ***Жетінші тарау***

### **ҚИЫНШЫЛЫҚ ТАУЫ**

Олар ұзақ жүріп, ақыры Қиыншылық деп аталатын таудың<sup>1</sup> етегіне келіп жетті. Сол жерде олардың амалсыз бөгелулеріне тура келді. Саяхатшылардың алдында үш жол жатты. Олардың бірі тар екен және ол тауға қарай тік көтеріледі, ал қалған екеуі кең болатын, олар жазық арқылы тауды екі жағынан айналып өтеді екен. Жер астынан дәмі тіл үйіретін бұлақ суы атқылап тұр. еш Сәлім ойланбастан тар жолды таңдап алды. Ол бұлақ суынан құныға сіміріп алды да:

«Тау қанша биік болса да, мен оның үстіне көтерілуге асығамын. Қиыншылықтар мені қорқыта алмайды; мен мұның мәңгілік өмірге апаратын жалғыз жол екенін көріп тұрмын. Мен ештеңеден жасқанбаймын, жан тыныштығына бола алдамшы, өлімге апаратын жолды таңдап алғанша, қиындықтарды жеңе отырып шынайы жолмен жүрген артық<sup>2</sup>» – деп әндете отырып жоғары көтерілді.

Сәлім таңдап алған жолдың өте тік екенін көрген екі саяхатшының оның соңынан ілесуге батылдары жетпеді. Олар үшін жазық жермен жүру әлдеқайда ыңғайлы еді. Мұның сыртында, олар бұл екі кең жол тауды айналып барып әлгі тік көтерілген тар жолға қайта қосылады деп ойлады. Бұл жолдардың – Қауіптілік және Өлім деген аттары да оларды абыржыта алған жоқ. Олардың бірін Қауіптілік жолы қалың жыныстың арасына кіргізіп жіберді, ал ӨЛІМ жолын таңдаған екіншісі тік жартасты қап-қараңғы таудың арасына тап болды. Сол жерде оның аяғы тайып, құздан құлап кетті, содан кейін мен оны қайтып көрген жоқпын<sup>3</sup>.

...Мен Сәлімді мұқият бақылап отырдым. Басында біршама жылдам жүрген ол біртіндеп жүрісін баяулатып, ақыры өрмелеп жүруге мәжбүр болды. Жолдың жартысын артқа тастаған ол бір кезде осы таудың Иесі шаршаған саяхатшылар демалу үшін дайындатып қойған ғажап орынды көрді. Сәлім оның ішіне кіріп, демін басуға отырды. Содан соң қалтасынан шиыршық қағазын шығарды да, рухани күш алу үшін оны оқи бастады. Ара-тұра Айқыш тұрған таудың етегінде алған салтанатты киімдеріне қуана көз салып қояды. Таза ауа мен күн сәулесіне елтіген және қатты шаршаған ол отырған жерінде ұйықтап кетті. Ол ұйықтап жатқан кезде шиыршық қағаз қолынан шығып, төмен қарай домалап кетті<sup>4</sup>. Ұзақ ұйықтаған ол әлдебіреудің: «Жалқау неме, құмырсқадан үлгі ал, ісіне қарап оның, парасатқа ие бол!» – деген дауысынан оянып кетті.

Сәлім қысыла орнынан тұрды да, жолын әрі қарай жалғастырды және таудың басына жеткенге дейін қайтып тоқтаған жоқ<sup>5</sup>.

Шыңның басына шыға бере ол өзіне қарсы жүгіріп келе жатқан екі адамды көрді. Олардың бірін Жасқаншақ, ал екіншісін – Күдікшіл деп атайтын еді<sup>6</sup>.

– Сендер неге кері жүгіріп бара жатырсыңдар? – деді Сәлім таңданып.

Жасқаншақ оған осы биік тауға үлкен қиындықпен шыққандарын және Сионға жақындаған сайын қауіптіліктердің де ұлғая түскенін айтты. Барлығын таразылаған олар кері қайтуға бел байлайды.

– Иә, – деді Күдікшіл оның сөзін қостап, – біз келе жатқан жолдың бойында екі арыстан жатты. Олардың ұйықтап немесе жай ғана мүлгіп жатқандарын түсіну қиын еді, бірақ егер де жақындап баратын болсақ, онда олардың бізді құлпарша ететіндері айдан анық болатын.

– Сендер мені қорқытып жібердіңдер ғой, – деді Сәлім. – Бірақ та құтқарылу үшін мен қалай қарай жүгіремін? Егер де отқа орануға тиіс отаныма қайтып оралатын болсам, онда міндетті түрде өлім құшамын. Ал егер Аспандағы қалаға жете алатын болсам, онда сол жерде құтқарылатыныма<sup>7</sup> сенімдімін. Сондықтан тәуекел еткенім дұрыс. Қайтып оралу – өлімге бас тігу деген сөз. Алға жүру – тәуекелге бас тігу, бірақ есесіне мен мәңгілік өмірді сыйға аламын. Сондықтан тек алға жүремін!

Жасқаншақ пен Күдікшіл асыға төменге жүгіріп кетті, ал Сәлім болса сапарын әрі қарай жалғастырды. Қазір ғана естіген сөздері оның жүрегін алаңдатып келеді. Қауіптіліктер туралы ойлап алаңдап келе жатқан ол кенет тез арада шиыршықтағы Сөзден рухани күш алу керектігін сезінді. Ол қалталарынан қағазды іздей бастады. Бірақ, шиыршық қағаз жоқ болып шықты! Сәлім қатты қамықты<sup>8</sup>, себебі шиыршық қағаздағы сөздер оған сапарындағы ең қиын-қыстау кездерде демеу болып келген еді. Бұға қоса ол Сәлімге Аспандағы қалаға кіргізетін рұқсат қағазы қызметін атқаруы тиіс болатын. Кенет ол жолдағы демалатын орындықта өзінің қатты ұйықтап қалғанын есіне түсірді. Сонда ол тізерлеп отыра кетті де, осы қателігін кешіруін сұрап Құдайға жалбарына бастады. Мінажат етіп болғаннан кейін ол асыға кейін қарай жүрді. Оның жан дүниесінің жағдайын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес еді! Ол сәл ғана дамылдап алуға арналған орында қатты ұйықтап кеткені үшін өзін сөгіп, жылап келе жатты. Жоғалған қағазды тауып алармын деген үмітпен жолдың бойынан көз алмай қарап келеді. Бірақ ол табылар емес! Сонда ол өзін одан әрмен сөге бастады: «Неткен бейшара адам едім! Осындай үлкен қауіптің жанында тұрып қалай ғана ұйықтап кеттім десеңші! Бұл орынды Құдай шаршаған жолаушылардың шалжиып жата кетулері үшін емес, олардың рухани күш жинап алулары үшін орнатты. Қаншама уақытымды, қаншама күшімді бекерге жоғалттым! Күнәлары үшін Құдай Қызыл теңіздің жағасына қайтадан алып келген исраил халқымен де дәл осылай болған еді. Олар сапарларын сол жерден қайтадан бастауға тиіс болды. Әлгінде ұйықтап қалмағанымда, ендігі талай жерге жетіп алған болар едім! Міне, күн де еңкейіп барады, ал тауда қараңғы ерте түседі және ең бастысы: бүкіл күнім зая кетті!»

Осылай қайғырған күйі ол демалатын орынға<sup>9</sup> келіп жетті де, демін ішіне тартып қуыс-бұрыштардың бәрін тінти қарай бастады. Ақыры ол құнды шиыршық қағазын бағана өзі жатқан

сөкінің астынан тауып, оны аса құнды жәдігер секілді қалтасына абайлап салып қойды. Оның қуанышында шек жоқ еді! Ол Құдайға алғысын білдірді де, тезірек шыңның басына шығу үшін асығыс тауға көтеріле бастады<sup>10</sup>.

Шыңның басына ол қас қарайған кезде жетті. Айналаны басқан қараңғылық Сәлімнің есіне әлгінде Жасқаншақ пен Күдікшіл айтқан қауіптіліктерді түсірді. Ол жол бойында жатқан арыстандарды көз алдына айқын елестетіп, аш жыртқыштардың ырылдаған дауыстарын анық естіп тұрғандай болды. «Жыртқыштар жем іздеуге әдетте түнде шығады. Егер олардың біріне кездесіп қалсам не істеуім керек?» – деп ойлады Сәлім.

Бірақ та ол ештеңеге назар аудармастан алға қарай жүре берді. Кенет оның алдынан әсемдігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес табиғат көрінісі пайда болды. Онда Асқан әдемілік атты Салтанатты Сарай<sup>11</sup> бар екен.

### *Сегізінші тарау*

## **САЛТАНАТТЫ САРАЙ**

...Салтанатты сарайға тезірек жету үшін Сәлім жүрісін жылдамдатты. Екі шақырымдай жер жүрмей жатып жол тарыла бастады. Міне, қарауылдың үйшігі де көзге көрінді. Кенет Сәлім дәл алдынан екі арыстанды көрді<sup>1</sup>. «Әлгі Жасқаншақ пен Күдікшіл айтқан қауіптіліктер осы ғой», – деп ойлады Сәлім. Арыстандар ағашқа байлаулы болатын, бірақ олардың шынжырларын көру мүмкін емес еді. Сәлім алға қарай жүруге батылы бармай тұрып қалды. Бірақ оның жасқанып тұрғанын байқап қалған Қырағы атты күзетші:

– Сенің сенімің осындай әлсіз бе еді? Қорықпа, арыстандар ағашқа байлаулы және олар мұнда саяхатшылардың сенімдерін сынау үшін қойылған. Жолдың дәл ортасымен жүр, сонда олар саған тимейді, – деп дауыстады.

Сәлім Қырағының ақылына құлақ асты да, аздап қорқақтағанымен жолдың дәл ортасымен арыстандардың арасынан өтіп кетті. Арыстандар оған тиген жоқ. Жыртқыштардың арасынан аман өтіп кеткеніне бақыттан жүзі бал-бұл жанған ол қақпашының жанына келді<sup>2</sup>.

– Бұл неғылған үй? – деп сұрады ол. – Ол жерде түнеп шығуыма бола ма?

– Таудың қожайыны бұл үйді саяхатшыларға арнап салдырған. Ұзақ та ауыр жолдан шаршаған олар осы жерге аялдап, тыныға алады. Сен өзің кімсің және қайда беттеп барасың?

– Мен Өлім қаласынан шығып, Сион тауын бетке алып бара жатырмын. Қазір кеш болып кетті, сондықтан осы жерге түнеп шықсам ба деп едім.

– Есімің кім?

– Қазір мені Сәлім деп атайды, ал бұрынғы атым – Игіліксіз болатын<sup>3</sup>. Мен Құдай Шамның шатырларында тұрғызуға уәде еткен Япшінің ұрпағымын.

– Бірақ сен неге кешіктің? Күн бағана батып кетті ғой.

– Мен ерте келетін едім, бірақ, өкінішке орай, жолдағы демалатын жерде ұйықтап қалыппын<sup>4</sup>. Ұйықтап жатқан кезде қалтамдағы куәлігім түсіп қалыпты. Мен оның жоқ екенін шыңның басына жеткен кезде ғана байқадым да, қайтадан кері оралуға мәжбүр болдым және қағазды таба салысымен осында келдім.

– Жақсы. Мен осы үйдегі әйелдердің бірін шақырайын. Егер ол сені лайықты деп табатын болса, отбасымызға қабылдайды<sup>5</sup>.

Қырағы қоңырауды шылдыратты. Сол кезде есік ашылып, бөлмеге Естелік<sup>6</sup> атты қыз келіп кірді.

Қырағы оған Сәлімнің Өлім қаласынан Сион тауына кетіп бара жатқан саяхатшы екенін айтты.

– Ол жолда келе жатқанда қараңғы түсіп кетіпті, сондықтан да осы жерде түнеп шығуды сұрайды. Оны біздің отбасымыздың ережелеріне сай қабылдауыңды сұраймын, – деді ол.

Қыз Сәлімнен оның өткені, саяхаты мен үміттері жайында мұқият сұрастырды және оның жауаптарына қанағаттанғандай болды. Сәлімге күлімсірей қараған қыз оған қазір отбасының тағы бірнеше мүшелерін шақыратынын айтты. Сөйтті де ол есік жаққа барып, Даналық, Тақуа және Мейірімділік атты тағы үш қызды шақырды. Сәлімге бірнеше сауалдар қойған қыздар оны үйге кіргізіп, осы үлкен отбасының өзге мүшелерімен таныстыруға шешім қабылдады. Үйдегі адамдардың көпшілігі табалдырыққа шығып, оған: «Біздің үйге кір, Құдайдың рақымы түскен жан! Бұл сен секілді саяхатшыларға арналған», – десті.

Сәлім оларға тағым етті де, олармен бірге үйге кірді. Үйге кіргеннен кейін оны отырғызып, ғажайып сусын берді және кешкі асқа дейін жарасымды әңгіме-дүкен құрды. Олар: Даналық, Тақуа және Мейірімділік болып әңгімелесті...<sup>7</sup>

Әңгімені Тақуа бастады:

– Қымбатты Сәлім, біз сені үйімізге қуана қабылдадық. Бізге өзіңнің саяхатың жайлы толығырақ әңгімелеп берші.

– Әрине!

– Осындай қауіпті жолға шығуға сені не нәрсе мәжбүрледі?

– Мен барлық өзге адамдар секілді өмір сүрдім. Бірақ бір күні қаламыздың тұрғындарының бәрінің қаза болатыны туралы хабар естідім.

– Өз саяхатың үшін дәл осы жолды не үшін таңдап алдың?

– Мұның бәрінен мен Құдайдың жетегін көремін. Мен қайда барарымды білмедім және үш жолдың айырығында не істерімді білмей, әрі-сәрі болып тұрдым. Сол жерде маған Ізгі хабаршы атты адам көмектесті. Ол маған Тар қақпаларға қарай жүруге кеңес берді.

– Сен Түсіндірушіге жолықтың ба?

– О, әрине! Оның үш түсіндірмесін ешқашан ұмытпаймын: бірінші, шайтанның азғыруларына қарамастан, Мәсіх Өзі сыйлаған игілікті адамның жүрегінде сақтап қалады; екінші, адамның күнәға бататындығы соншалықты, тіпті, енді Құдайдың рақымына үміт арта алмайтындай дәрежеге жетеді; үшінші, Қорқынышты соттың уақыты жетті деп есептеген адамның түсі. Иә, мен одан көптеген пайдалы нәрселерге қанықтым және сол жерде қуана тағы біраз болатын едім, бірақ алда жолымның әлі ұзақ екенін білдім<sup>8</sup>.

Ол сөзін аяқтаған кезде әңгімеге Даналық атты екінші қыз араласты.

– Сірә, сен өзің тастап кеткен ел туралы жиі ойлайтын боларсың?<sup>9</sup>

– Иә, бірақ ол туралы ұяла және жаным қинала ойлаймын. Егер мен оны сағынатын болсам, онда баяғыда-ақ үйге қайтып оралатын едім ғой. Бірақ қазір мен көктегі жақсы қалаға, өз Отаныма асығып барамын.

– Ал сен өзіңнің ескі отаныңнан бұрын рақат алған, бірақ тастап кетуге тиіс болған бір нәрсені ала шыққан жоқсың ба?

– Өкінішке орай, бойымда еркімнен тыс бұрын маған рақат әкелген, бірақ қазір қайғы-қасіретімнің себебіне айналған кейбір тәни құмарлықтарым қалып қалды. Егер де қолымнан келетін болса, оларды ешқашан есіме алмас едім. Бірақ жақсы бір нәрсе істемек болған сәтімде олар маған жиі кедергі келтіреді.

– Сен өзіңді мазалайтын нәрсеңді енді жеңген секілді сезінбейсің бе?



– Иә, бірақ өте сирек. Мұндай сәттерде мен өзімді әлемдегі ең бақытты адам ретінде сезінемін.

– Бойыңда бұрын болған жаман нәрселерді жеңгеніңе деген сенімділікті дәл ненің беретінін айта аласың ба?

– Айқышта көргенімді<sup>10</sup> есіме алған кезде; үстімдегі жаңа киімді көргенде немесе төс қалтамдағы шиыршық қағазды оқыған кезде күнәні түбегейлі жеңгенімді сезінемін. Тағы да – ойларым өзім келе жатқан мақсатқа ұмтылған кезде. Сол кезде маған өзімнің өткенім мәңгіге өшкен секілді болып көрінеді<sup>11</sup>.

– Сион тауына жету туралы күшті тілек сенің бойыңда қалай пайда болды?

– Сол жерде мен өзім үшін Айқышта өлгенді көремін және жанымды азаптайтын нәрселердің бәрінен біржола арыламын деп үміттенемін. Ол жерде өлім болмайды және мен онда кіршіксіз адамдардың арасында өмір сүремін. Мен Оны өте жақсы көремін, себебі Ол мені әбден қажытқан ауыр жүгімнен азат етті. Мен өлім жеңілген жерде, ондағылар үнемі: «Бүкіл әлемнің Билеушісі – әрдайым болып келген, мәңгі бар және болашақта келетін Құдай Ие қасиетті, қастерлі, киелі!<sup>12</sup>» – деп сиынып жүретіндердің арасында болғым келеді.

Содан соң әңгімеге Мейірімділік араласты:

– Сен отбасын құрған адамсың ба? Әйелің бар ма?

– Әйелім, төрт балам бар.

– Оларды неге осында ерте келмедің?

– О, мен мұны қуана істеген болар едім! – деді Сәлім көздеріне жас алып. – Бірақ олар менің бұл сапарыма қарсы болды!<sup>13</sup>.

– Оларды көндіруің керек еді! Қалада қалу қауіпті екенін айтып түсіндіруің керек еді!

– Мен дәл солай істедім. Мен оларға Құдайдың маған ашып бергендерінің бәрін айтып бердім. Қаламыздың қиратылатынын да жасырғам жоқ. Бірақ олар маған сенбеді, мені есінен адасты деп ойлады.

– Сөздеріңе батасын беруін сұрап Құдайға сиындың ба?

– Әрине, өйткені әйелім мен балаларым мен үшін өте қымбат!

– Онда олар неге сенімен бірге жүруге қарсы болды?

– Әйелім осы дүниенің қызықтарын қимады, ал балаларым ештеңені ойламайтын, сондықтан менің сөздерімді қаперлеріне алған жоқ. Қысқасы, сапарға менің жалғыз шығуыма тура келді.

– Мүмкін, оларды сенің айтқан сөздеріңе сәйкес емес өмірің үркіткен болар?<sup>14</sup>

– Шынымды айтсам, мен дұрыс өмір сүрдім деп мақтана алмаймын. Жиі теріс әрекеттер жасадым. Адам өз әрекеттері, ұстанатын өмір салты арқылы өзгелердің белгілі бір ілім немесе түсініктерді қабылдауларына кедергі болатынын да білемін. Отбасымның осы сапарға бірге шығуларына кедергі келтірмеу үшін жаман әрекеттер жасаудан аулақ жүруге қатты тырысқанымды шын көңіліммен айта аламын. Мен жамандығы көп нәрселерді істеуден жиі бас тарттым. Оларға ұнамаған болуы мүмкін жалғыз нәрсе, бұл менің Құдай алдында күнә жасап аламын ба және жақындарымды ренжітіп аламын ба деген қорқынышым.

– Өзінің істері жаман, ал інісінің істері жақсы болғаны үшін Қабыл інісі Әбілді жек көрді. Егер де отбасың саған қарсы шыққан болса, онда бұл олардың ненің жақсы, ал ненің жаман екенін түсінбегендерін білдіреді. Яғни, оларға қатысты сенің арың таза<sup>15</sup>.

Осылайша олар кешкі ас келгенге дейін әңгімелесті. Бәрі дайын болған кезде олар үстел басына отырды<sup>16</sup>. Кешкі асқа жақсы шарап пен дәмді ет әкелінді. Ас үстінде олар осы таудың Иесі Кім екені және бұл сарайды Кімнің салдырғаны туралы сөз қозғады. Олардың айтқан сөздеріне қарап, мен Оның өлімнің қожайынын жеңген күшті де батыл Жауынгер екенін түсіндім. Жеңіс оған оңайлықпен келген жоқ, себебі күрес өте қауіпті болды.

– Мен Оның бізге деген сүйіспеншілігіне бола қанын төккенін білемін және соған сенемін, – деді Сәлім.

Бұл сарайдың тұрғындарының кейбірі айқыштағы өлімінен кейін Оны көріп, әңгімелескен. Олар Оның бейшара саяхатшыларды қаншалықты жақсы көретінін Оның өз аузынан естігендеріне куәлік етті. Ол осы дүниедегі ең жарлы деген адаммен бірдей болу үшін даңқ пен мәртебеден бас тартты. Көргендер Оның Сион тауында жалғыз өмір сүруді қаламайтынын айтты. Туғаннан жарлы болғандарына қарамастан, Ол көптеген саяхатшыларды ханзада етті.

Әңгіме түннің бір уағына дейін жалғасты. Содан соң олар мінажат етті де, өздерін Құдайға тапсырып, жататын орынға беттеді. Сәлімді терезелері шығысқа қараған үлкен, кең бөлмеге орналастырды. Бөлме – Тыныштық деген әдемі атпен аталады екен. Ол түні бойы алаңсыз ұйықтап шықты. Оянған кезде оның жан дүниесі шаттанып:

Сүйіспеншілігі мен қамқорлығы Исаның

Саяхатшыларға төгілгенін сеземін.

Тазалады күшіменен айқыштың,

Жұмақ есігі ашық енді білемін<sup>17</sup>, – деп әндетті.

Таңертең бәрі тұрғаннан кейін үй иелері Салтанатты сарайдың көрнекті жерлерінің бәрін көрсетіп болмай, оны жібере алмайтындарын айтты. Сараймен таныстыруды олар мұражайдан<sup>18</sup> бастады. Онда көптеген көне құжаттардың арасында таудың Билеушісінің шығу тегі жазылған құжат та сақтаулы екен. Бұл құжаттан Оның Мәңгілік болғанның Ұлы екені және мәңгіліктен бастау алғаны көрінеді. Бұл жерде Оның жасаған әрекеттері толықтай баяндалыпты және Ол өзіне қызмет етуге шақырып, осы секілді ешқашан бұзылмайтын сарайларға орналастырған мыңдаған адамдардың аттары жазылыпты.

Оған Құдайдың кейбір қызметшілерінің әрекеттері туралы да оқып берді: олар патшалықтарды жаулап алыпты, әділетті орнатыпты, аяндар алыпты, арыстандардың ауыздарын жауыпты, оттарды өшіріпті, семсердің жүзінен аман қалыпты, әлсіздерден күштілерге айналыпты, шайқастарда ержүректік танытып, дұшпандарының құтын қашырыпты. Өзге бір құжаттан ол таудың Билеушісінің тәубесіне келген кез келген күнәкарды қалай қуана қабылдайтыны туралы білді. Күнәкар адам Оны бұрын қанша ғайбаттаса да, Құдайға бет бұрса болды, Мейірімді оны қуана қабылдайды екен. Сәлім көптеген куәліктерді оқыды. Мұнда көне және қазіргі заманғы әңгімелер, Мәсіхтің дұшпандары үшін қорқынышты, бірақ саяхатшылар<sup>19</sup> үшін қуанышты көптеген пайғамбарлықтар бар екен.

Келесі күні қыздар оны қару-жарақ қоймасына ертіп әкелді. Ол жерде Билеуші саяхатшыларға арнап даярлап қойған, ешқашан тозбайтын қылыш, найза, қалқан, дулыға, сауыт секілді түрлі қарулар тізіліп тұр екен<sup>20</sup>. Қару-жарақтардың көптігі сондай, Құдайға қызмет етулері үшін аспандағы жұлдыздардың санымен бірдей адамдарды қаруландыруға болатын еді.

Сондай-ақ, кезінде Құдайдың қызметшілері солардың көмегімен түрлі кереметтер жасаған түрлі заттарды да көрсетті. Мысалы, Мұсаның таяғы; Жаил Сисараны ұрып өлтірген балға мен оның басын жерге қадаған қазық; Гедеон мадияндықтардың әскерін бас сауғалап қашуға мәжбүр еткен құмыралар, алаулар мен сырнайлар. Бұл жерде тағы Шамғардың алты жүз філістірдің көзін құртуына көмектескен ұшы өткір істік те бар екен. Сондай-ақ

ол Самсон соның көмегімен көптеген жеңістерге жеткен есектің жақ сүйегін; Дәуіт алып Ғолиятты өлтірген сақпан мен тасты да көрді. Ең соңында олар Сәлімге Құдай күнәкар адамды шабатын семсерді көрсетті. Сәлім ол жерден көптеген қызықты және маңызды нәрселерді көрді<sup>21</sup>.

...Келесі күні таңертең Сәлім жолға жинала бастады, бірақ қонақжай үй иелері оны тағы бір күнге қалуға көндірді.

– Сонда, – деді олар, – егер күн ашық болса, біз саған Қуаныш тауын көрсетеміз. Бара жатқан жеріңе қазіргі тұрған орныңнан біртабан жақын болғандықтан, оның көрінісінің өзі бойыңа қуаныш ұялататын болады.

Сәлім келісті. Келесі күні таңертең олар үйдің шатырына шығып, солтүстікке көз тастады. Ол жақтан баурайы жүзім бақтары мен жеміс ағаштарына, субұрқақтар мен бұлақтарға толы ғажайып таудың сұлбасы көрініп тұрды. Оның сұлулығынан көз айыру мүмкін емес еді... Сәлім ол жердің қалай аталатынын сұрады. Олар оның Имануил елі деп аталатынын және ол елге барлық саяхатшылардың дәл осы таудағы үйге кіргендей кіре алатындарын айтты.

– Ол жерге жеткенде Аспан қаласының қақпасын көресің және сол жерде тұратын бағушылар саған сонда апаратын жолды көрсетеді<sup>22</sup>.

Ақыры Сәлім өзінің кететін уақыты болғанын айтты, ал үй иелері енді оны тоқтатқан жоқ. Шатырдан түскеннен кейін олар тағы да қару-жарақ қоймасына барды. Сол жерде олар жолда кездесіп қалуы мүмкін дұшпандарынан қорғануы үшін оны басынан аяғына дейін қаруландырды. Осылайша қаруланып алған<sup>23</sup> ол достарымен бірге қақпаға қарай барды да, Қырағыдан бұл жерден қандай да бір саяхатшының өткен-өтпегенін сұрады. Ол біреудің өткенін айтты.

– Оның атының кім екенін білмедіңіз бе?

– Ол өзін Айнымас деп атайтынын айтты.

– О, білемін, білемін! Ол екеуміз бір қалада тұрғанбыз. Қалай ойлайсыз, ол алысқа ұзап кетті ме екен?

– Қазір ол таудың етегіне жетіп қалған болар.

– Рахмет саған, қайырымды дос, Құдай саған бұдан да мол рақымын төксін<sup>24</sup>.

Ол бәрімен қоштасуға оқталып еді, бірақ Даналық, Такуа және Естелік оны таудың етегіне дейін шығарып салмақ болды.

– Таудың басына көтерілу қандай қиын болса, одан төменге түсу дәл сондай қауіпті болады, – деді Сәлім.

– Иә, – деді Естелік оны қостап, – адамның қазір сен бара жатқан Қорлық көру алқабына сүрінбей түсуі өте қиын, сондықтан да біз сені шығарып салуға бекіндік.

Сәлім төменге қарай өте абайлап түсе бастады, бірақ бәрібір де бірнеше рет сүрініп кетті<sup>25</sup>.

Бәрі төменге түскеннен кейін серік қыздары оған нан мен шарап берді де, қоштасып кейін қайтып кетті. Ал Сәлім жалғыз өзі сапарын әрі қарай жалғастырды.

## *Тоғызыншы тарау*

### **АПОЛЛИОН**

Қорлық көру алқабында Сәлімге өте қиын болды. Бірнеше метр жер жүріп үлгермей жатып ол алдынан қарсы келе жатқан түнек періштесі Аполлионды көрді.

Аполлионды көргенде оның бойын қатты үрей жайлады. Ол не қашарын, не дұшпанын тұрған орнында күтіп тұра берерін білмей абыржыды. Бірақ ол арқасында сауыт жоқ екенін тез есіне түсірді, егер ол дұшпанына теріс қарайтын болса, онда әлгі жауыз өзінің уланған отты жебесін оның арқасына еш қиындықсыз қадай салады. Сәлім онымен шайқасқа түсуге бел байлады. Осылайша олар бір-бірлеріне қарай жақындай берді. Құбыжықтың түріне қараудың өзі қорқынышты еді. Аполлионның денесін балықтың қабыршағы секілді түк басқан (мұны ол айырықша мақтан ететін), арқасында айдаһардікі секілді қанаттары бар, аяқтары аюдың аяқтарына ұқсайды. Қарнынан от пен түтін шығып келеді, ал аузы арыстанның аранына ұқсайды. Сәлімге қаһарлана қараған ол<sup>1</sup>:

– Қайдан келесің және қайда кетіп бара жатырсың? – деп сұрады.

– Мен жамандықтың ордасы Өлім қаласынан шығып, Сион тауын бетке алып бара жатырмын.

– Яғни, сен менің бағыныштымсың, себебі осы жердің бәрі менікі, мен – осы елдің патшасы және құдайымын. Егер маған әлі де пайда келтіре алатыныңды білмеген болсам, онда сені бір-ақ ұрып өлтіре салатын едім.

– Мен шынымен де сен иелік ететін жерде дүниеге келдім, бірақ саған қызмет ету өте ауыр және ақысының мардымсыздығы сондай, оған ешкім де тіршілік ете алмайды. Сондықтан, рухани

есейген кезімде мен барлық есті адамдарға ұқсап, бұл бәлекеттен шығудың жолын іздей бастадым<sup>2</sup>.

– Ешбір қожайын бағыныштыларын өз еркімен беруге ешқашан келіспейді. – деді Аполлион. – Ал егер сен өзіңнің бұрынғы қызметің мен алған жалақыңа наразы болсаң, онда менімен бірге кейін орал, сонда мен саған өзімде бардың барлығын беруге уәде беремін.

– Жоқ, мен басқаға, дәлірек айтқанда – патшалардың Патшасына қызметке тұрып қойдым. Мен адал адаммын, сондықтан саған қайтып орала алмаймын.

– Бірақ өздерін Патшаның қызметшісімін деп есептейтіндердің көпшілігінің маған қайтып оралатын жағдайлары жиі кездеседі. Сен де солай істе, сонда бәрі орнына келеді<sup>3</sup>.

– Мен Оған адал боламын деп ант бердім. Енді Оған қалай сатқындық жасаймын? Сатқындық жазаға лайық, сондықтан мен жаза тартатын боламын!

– Бірақ сен менімен де дәл осылай істедің ғой, соған қарамастан егер маған қызметке қайтып оралатын болсаң, мен сені кешіруге даярмын.

– Мен саған уәдені көмелетке әлі жетпей тұрған кезімде бергенмін. Ал қазір өзім қызмет етіп жүрген Патшаның бұрын сен үшін істегендерімнің бәрін кешіруге даяр екенін білемін. Саған шындықты айтайын, сүйкімсіз Аполлион, мен жаңа қызметімді жақсы көремін, Иемнің басқаруына, еліне және жаңа ортама разымын. Оның патшалығын дүниедегі ешбір байлық үшін сенікіне айырбастамаймын. Сондықтан менен аулақ жүр, мен Оның қызметшісімін және тек Соның соңынан ілесемін.

– Сен жағдайды дұрыс бағалап, бұл жолда өзіңді не күтіп тұрғаны туралы ойласаңшы. Оның қызметшілері маған бағынбайтын болғандықтан, өмірлері көбіне жаман аяқталатынын білесің ғой. Олардың көпшілігі қандай ұят өлімге душар болды десеңші! Сен жаңа Иенді менен артық деп есептейсің және Соған қызмет еткенді артық көресің, бірақ сол Қожайының Өзінің қызметшісіне көмектесу үшін қаласынан бір рет те сыртқа шыққан жоқ. Ал өзіме адал адамдарды алдау арқылы болса да Оның билігінен қалай азат ететінімді бүкіл дүние жүзі біледі! Қаласаң мен саған да көмектесе аламын<sup>4</sup>.

– Оның көмек көрсетуге тым асықпайтын себебі, Ол Өзінің қызметшілерінің сенімдерін сынап көргісі келеді. Ал адамдардың Ол үшін тартқан азаптарына келетін болсақ – бұл олардың ең

ұлы даңқтары! Олар жамандықтан арылуды жер бетінде күтпейді, олар өз Патшалары Періштелерін ертіп жерге келген кезде алатын даңқтарын күтеді<sup>5</sup>.

– Бірақ сен жаңа Қожайыныңа қызметке тұрғаннан кейін де Оған адал болған жоқсың ғой. Соған қарамастан Одан сыйлық ала аламын деп ойлайсың ба?

– Мен Оған қай жерде адал болмадым, Аполлион?

– Сапарыңның ең басында рухың түсіп, Сары уайымның батпағына батып кетуге шақ қалдың. Арқаңдағы ауыр жүгіңнен арылу үшін дұрыс жолдан бұрылып кеттің. Жолда ұйықтап қалып күнә жасадың және соның кесірінен құнды шиыршық қағаздан айырылды. Арыстандарды көргенде іштей кері бұрылуға дайын болдың. Өзіңнің саяхатың және көрген, білгендерің жайлы айту арқылы сен тек өзіңе атақ іздеп жүрсің<sup>6</sup>.

– Бұл айтып отырғандарыңның бәрі рас. Өмірімде мен сен айтқандардан әлдеқайда көп қателіктер жасадым. Бірақ өзім қызмет ететін Патша қайырымды және мені кешіруге дайын. Оның үстіне, жаңағы әлсіздіктер мен күмәнданулар менің бойымды сенің жеріңде жүрген кезімде жайлай бастаған болатын. Мен күнеларымды мойындадым да, ақыры Патшаның Өзінен кешірім алдым<sup>7</sup>.

Бұл сөздерді естіген кезде Аполлион қатты ашуға мініп, арыстандай ақырды:

– Мен бұл Патшаның қас жауымын. Мен Оны, Оның заңдарын және Оның халқын жек көремін; бұл жерге мен сені өлімге душар ету үшін келдім.

– Байқа, Аполлион, менен аулақ жүр! – деді Сәлім еш қаймықпастан. – Мен нағыз патшалық және киелілік жолымен келе жатырмын. Жолымнан былай тұр!

Бірақ Аполлион оның дәл алдына келіп, зәрлі дауыспен былай деді:

– Мен қорқыныш дегеннің не екенін білмеймін! Өлімге дайындал, өйткені бұдан әрі қарай жүре алмайтыныңа жер асты патшалығыммен ант етемін. Сенің саяхатың осы жерде тоқтап, сүйегің осында қалады!

Осылай деген ол отты жебесін Сәлімнің дәл кеудесін көздеп жіберіп қалды. Бірақ Сәлім қалқанын ептілікпен тоса қалып, қауіптен аман қалды<sup>8</sup>. Өмір үшін күрестің басталғанын сезген ол енді өзі шабуылға шықты. Аполлион оған қарай жебелерді қардай боратты. Ержүректікпен қорғанып жатқан Сәлім бір кезде аяқ-қолдары мен басындағы жарақаттарын ауырсынып сүрініп кетті.

Аполлион оған өршелене шабуылдады. Алған жарақаттарынан көп қан жоғалтқан Сәлімнің күші сарқыла бастады<sup>9</sup>.

Оның шаршағанын байқап қалған Аполлион қоян-қолтық айқасқа көшіп, оны жерге жығып алды. Сол сәтте Сәлімнің қолынан қылышы шығып кетті. Аполлион шаттана: «Енді сен менікісің!» – деді. Осылай деп ол Сәлімді қатты қылқындыра бастады. Бірақ Құдай Сәлімнің аман қалғанын қалайтын еді<sup>10</sup>. Сәлім есебін тауып қылышына қол жеткізді.

– Қуанбай-ақ қой, тұңғықтың періштесі! Мен орнымнан тұрамын! – деді ол.

Осылай деп қылышпен қатты ұрып қалған кезде Аполлион шайқатылып кетті. Мұны байқаған Сәлім:

– Біз өзімізді сүйетіннің Атымен жеңіске жетеміз! – деді.

Мүлдем сасып қалған Аполлион қанаттарын жайып жіберіп қаша жөнелді. Осыдан кейін Сәлім оны қайтып ешқашан көрген жоқ.

Шайқас кезіндегі Аполлионның аузынан шыққан ырылды ауызбен айтып жеткізу мүмкін емес. Сәлім терең дем алды. Аполлионға қылышымен ауыр жарақат салғанын түсінген кезде ол шаттана көкке көзін тікті<sup>11</sup>.

– Өзімді арыстандардың аранынан құтқарған және мына Құбыжықты жеңуіме көмектескен Құдайға алғысымды айтқым келеді.

Кенет, көктен көзге көрінбейтін қол Өмір ағашының жапырақтарын ұсынды. Сәлім оларды алып, жарақатына басқан кезде жаралар бірден жазылып кетті<sup>12</sup>.

Сәлім нан жеп, шарап ішіп алу үшін жерге тізе бүкті. Өлденіп алғаннан кейін ол қылышын қолына ұстап<sup>13</sup>, алға қарай қадам басты.

Қорлық көру алқабынан кейін басқа – Өлім көлеңкесі<sup>14</sup> алқабы басталатын еді. Аспандағы қалаға апаратын жол тек сол арқылы ғана өтетіндіктен, Сәлім оны айналып өте алмайтын еді. Бұл алқап шөл далаға ұқсайтын. Еремия пайғамбар оны былай бейнелейді: «...қуаңшылық пен қара түнек жайлаған, шөл далалары мен шұңқырлары бар, ешкім аяқ баспайтын да, мекендемейтін де құла түз<sup>15</sup>...»



## Оныншы тарау

### ӨЛІМ КӨЛЕҢКЕСІ АЛҚАБЫ

...Міне, Өлім көлеңкесі алқабына аяқ баса салып, Сәлімнің екі адамды кездестіргенін көріп тұрмын. Олар Ғажайып ел туралы жаман хабар әкеле жатқан болатын. Қатты асығып бара жатқан олардан Сәлім<sup>1</sup>:

– Мырзалар, осыншама қайда асығып бара жатырсыңдар? – деп сұрады.

– Артқа, артқа, егер де өмірің, жан тыныштығың сен үшін әлі қымбат болса, онда саған да кейін қайтуға кеңес береміз.

– Не болды?

– Не болды дейсің бе? Біз сен келе жатқан жолмен жүріп, дйттеген жерімізге таяп бардық. Ал егер тағы біраз жүргенімізде, онда саған ескерту үшін кері қайта алмай қалатын едік.

– Ол жерде сендермен не болды?

– Біз Өлім көлеңкесі алқабына кіріп кете жаздадық, бірақ басымыз істеп, алдымен оған көз салғанымыз дұрыс болыпты.

– Сонымен, ол жерден не көрдіңдер?

– Не көрдіңдер дейсің бе? Оның атының өзі неге тұрады! Ол жер көзге түртсе көргісіз қараңғы екен. Сансыз көп жындар мен тұңғық айдаһарлары ұшып жүр. Барлық жерден шынжырлармен бұғауланған мыңдаған адамдардың ыңырсып жылағандарына ұқсас дыбыстар шығып тұр. Аспанда қап-қара бұлттар ерсілі-қарсылы жосуда. Ал осының бәрінің үстінен өлімнің қанаты жайылып тұр. Қысқасы, ондағының бәрі қорқынышты! Ол нағыз түнектің елі екен.

– Сендердің сөздерің өзімді дйттеген жеріме апаратын дұрыс жолда екеніме деген сенімімді нығайта түсті.

– Жарайды... бұл сенің жолың шығар, бірақ біз кейін қайтамыз<sup>2</sup>.

Олар лезде көзден ғайып болды. Ал қолына қылышын жалаңаштай ұстаған Сәлім сапарын әрі қарай жалғастырды.

Мен оң жақта бүкіл алқапты бойлай терең ор тартылып жатқанын байқадым<sup>3</sup>. Бұл осы жерге барлық уақытта соқыр соқырды жетелеп әкеліп, екеуі де мәңгіге жоқ болатын ордың дәл өзі болатын<sup>4</sup>. Ал алқаптың сол жағын жақсы адамның өзін тартып әкетуі мүмкін, сор батпақ алып жатыр. Бір кезде осы батпаққа Дәуіт патша да түсіп кеткен болатын, егер де Құдырет Иесі көмекке келмегенде, оның жағдайы мүшкіл болар еді.

Батпақ пен ордың арасындағы сүрлеу өте тар еді, сондықтан бейшара Сәлім өте абайлап жүруге мәжбүр болды. Тастай қараңғы жермен келе жатқан ол батпақ пен ордың арасындағы сүрлеуді дұрыс бағдарлап табуға тиіс болатын. Ол әйтеуір абайлап алға қарай жылжып келе жатты. Қорыққанынан тізелері дірілдеп, кейде үрейлі дауысы естіліп қалады.

Жолдың ортасына таман жеткен кезде алдынан тозақтың тұңғыығы пайда болды. Одан жалаңдаған оттың тілдері көрінеді. Бейшара Сәлім енді не істесе болады? Қылышпен отқа қарсы шыға алмайсың ғой. Сәлім қылышын қынабына салды да, Мінажат деп аталатын басқа қаруын қолға алды.

«Ием, өтінемін, жанымды азат етші!» – деп жалбарынды ол.

Біраз уақыт бойы ол осылайша жүріп келді, оттың жалаңдаған тілдері оны кез келген сәтте шарпуға даяр еді, ыңырсыған үндер мен айқайлаған дауыстар бір сәтке толастаған жоқ. Кейде оған өзін тас-талқанын шығарып таптап жатқандай болып көрініп кетеді. Кенет оған өзін жаудың бүтіндей бір әскері қуып келе жатқандай болып сезілді<sup>5</sup>. Кері бұрылуды ойлай бастап еді, кенет осы қорқынышты жолдың жартысын жүріп қойғаны ойына оралды. Ол басына түскен сынақтардың бәріне ерлікпен төтеп берді және енді артқа қайтудың немесе алға қарай жүре берудің қайсысы қауіптірек екендігі белгісіз. Сонда ол алға қарай жүре беруге бел байлады. Дұшпандары өкшесін басып келеді. Олар қолдарын иығына салған кезде Сәлім қатты дауыстап: «Құдайдың құдіретіне үміт артамын!» – деді. Сонда дұшпандары қолдарын тартып алып, лезде түнекте ғайып болып жатты.

Бейшара Сәлімнің көргендері мен естігендеріне таң қалғаны сондай, оның өз дауысын танудан қалғанын байқадым. Тозаққа кірер есіктің алдынан өтіп бара жатқан кезінде жанына шайтан келіп, құлағына Құдайды қорлайтын түрлі сөздерді айта бастады. Сәлімге бұл сөздер оның өз аузынан шығып жатқандай болып сезілді. Бұл оны қатты қамықтырды. Ол жақында ғана жақсы Көргеніне тіл тигізгені үшін өзін айыптай бастады. «Егер өз-өзімді ұстай алғанымда, онда бұлай күнә жасамаған болар едім», – деп ойлады ол. Бірақ құлақтарын тығындап қою оның ойына келмеді. Солай еткенде ол жаңағы сұмдық сөздердің қайдан шығып жатқанын бірден түсінген болар еді<sup>6</sup>.

Әбден ұнжырғасы түсіп, бір сөз айтуға шамасы қалмаған ол кенет қараңғылық арасынан: «Қап-қараңғы шатқалда жүрсем де мен, Қорықпаймын ешбір қауіп-қатерден, Себебі Өзің менің

қасымдасың, Жігер береді сойылың мен таяғың», – деп әндеткен адамның дауысын естіді<sup>7</sup>.

Мұны естігенде ол қатты қуанып кетті. Біріншіден, енді ол осы алқап арқылы өзі секілді Құдайды қастерлейтін тағы бір адамның келе жатқанын білді. Екіншіден, ол түнек арқылы келе жатқан бұл адамды Құдайдың Өзі қорғап тұрғанын түсінді. «Бұл жерден Оны көре алмасам да... Неге Ол мені де қорғамайды?» – деп ойлады Сәлім. Үшіншіден, ол әлгі адамды қуып жетуден үміттенді. Ал жаныңда серігің болғанда кез келген жолмен жүру көңілді болады. Ол жүрісін жылдамдатты да, дауыстап әлгі адамды шақыра бастады. Бірақ алысқа ұзап кеткен ол адам жауап қайырған жоқ. Жарық түсе бастады, сол кезде Сәлім: «Ол қара түнекті таңғы арайға айналдырады»<sup>8</sup>, – деген сөздерді есіне алды.

Айнала әбден жарық болған кезде ол қараңғы түнекте арасынан аман өткен қауіптіліктерге жақсылап қарау үшін артына көз салды. Ордың шын мәнінде қаншалықты терең және батпақтың қаншалықты қорқынышты болғанын ол енді ғана анық көре алды. Ал олардың ортасындағы сүрлеу сондай тар еді! Мұны көргенде бейшара Сәлімнің төбе шаштары тік тұрды! Ең тереңде ұшып жүрген құбыжықтардың бәрі көрініп тұр, бірақ олар жарықтан қорқып жоғарылай алмауда. Себебі: «Құдай қараңғыда жасырынған ой-ниеттерді ашады, қара түнекті жарыққа шығарады», – делінген ғой.

Осы сәтте көкжиектен көрінген күн Сәлімнің рухын біраз көтеріп тастағандай болды. Ол Өлім көлеңкесі алқабының бірінші жартысы қанша қауіпті болғанымен, өзі жүріп өтуі тиіс қалған жартысының одан әлдеқайда қауіпті екенін білетін еді. Ол тұрған жерден бастап алқаптың соңына дейінгі жолдың бәрі неше түрлі тұзақтар мен терең орлар арқылы өтеді. Онымен қараңғыда жүру өзінді өлімге байлаумен бірдей еді. Бірақ, оның бақытына орай күн шықты да, Сәлім шаттана былай деді: «Оның «шам-шырағы» үстімде жарқырап, Оның түсірген нұрымен түнекте адаспай жүріп келемін!»

Алқаптың екінші жартысынан ол қараңғы түспей өтіп үлгерді<sup>9</sup>. Кенет, жолдың соңынан ол адам сүйектеріне толы тауды және соған жақын маңнан ертеде Пұтқа табынушылық және Папалық кеңес деп аталған екі алып тұрған жынның ордасын көрді. Сүйектері әр жерде шашылып жатқан саяхатшыларды азаптап өлтірген дәл солар болатын. Сәлімнің жолы болды, екі алыптың бірі өліп<sup>10</sup>, ал екіншісі тірі болғанымен, алжыған шалға айналғандығының

арқасында ол жолдың бұл бөлігінен аман есен өтіп кетті. Шалдың қатып-семіп қалған дене мүшелері икемге келмейді, ол өтіп жатқан саяхатшылардың артынан құры сес көрсетіп, қарғап-сілегеннен артық ештеңе істей алмайтын еді. Өз жолымен жайбарақат жүріп келе жатқан Сәлім әлгі алыптың: «Әлі көбінді отқа тастамайынша сендердің ақылдарың кірмейді!<sup>11</sup>» – деген сөздерін естігенде, біраз кідіріп, оған таңдана қарады.

Бірақ та:

Өлім көлеңкесі түскен жерден ұзап аулақ кетеміз,  
Иса Мәсіх уәде еткен орынға да жетеміз.  
Қорықпаймыз күресуге шындық үшін бұл жолда,  
Құдайымыз – қолбасшымыз күш дарытар қашан да.

Дәрменсіз боп, бар әл-қуат сарқылса да кеудеде,  
Мәсіх бізге жар болады, жете аламыз жеңіске!  
Түнек бұлты сейілгенде, төгіледі нұр көктен,  
Періштелер жеңіс әнін бірге шырқар бізбенен, – деп әндеткен  
күйі әрі қарай сапарын жалғастыра берді.

### ***Он бірінші тарау***

#### **СӘЛІМ ЖӘНЕ АЙНЫМАС**

Сәлім айналаға бағдарлап қарауға мүмкіндік беретін төбешіктің үстіне көтерілді<sup>1</sup>. Сол жерден ол дәл осы жолмен алда кетіп бара жатқан ескі досы Айнымасты көрді. Қуанып кеткен Сәлім:

– Әй, достым, мені сәл күте тұр, бірге барайық! – деп дауыстады.

Оның дауысын естіген Айнымыс тоқтап, артына қарады. Сонда Сәлім тағы:

– Тоқта, мені күт! – деді.

Бірақ та Айнымас оған:

– Күте алмаймын! Қанқұйлы кекшілдер өкшелеп жетіп қалды! – деп жауап қайырды.<sup>2</sup>

Бұл сөздер қозғау салған Сәлім соңғы күшін бойына жиып, Айнымастың соңынан ұмтылды. Ол тіпті өз-өзіне риза кейіппен одан озып та кеткен еді. Бірақ, күтпеген жерден бір нәрсеге шалынысып құлап түсті. Өздігінен тұра алмай тырбаңдап жатқан оның жанына Айнымас жүгіріп келіп, орнынан тұруына көмектесті<sup>3</sup>.

Содан кейін олар бастарынан өткен жағдайларды әңгімелей отырып бірге жүрді.

– Қымбатты бауырым, сені қуып жеткеніме өте қуаныштымын, – деді Сәлім. – Екеуміздің жолымызды Құдай қосты<sup>4</sup>, енді біз сапарымызды бірге жалғастыра аламыз.

– Мен қаламыздан сенімен бірге шығуды жоспарлаған едім. Бірақ сен ерте кетіп қалдың да, осы ауыр жолды жалғыз басып өтуіме тура келді.

– Мен кетіп қалғаннан кейін сен Өлім қаласында көп тұрдың ба?

– Ол жерде ендігәрі қала алмайтынымды сезгенге дейін тұрдым<sup>5</sup>. Сен кетіп қалғаннан кейін көптеген қауесеттер тарады, тіпті, қаламыздың көктен түскен өртке оранатыны туралы да айтылды.

– Рас па?!

– Иә, бір кездері әңгіме тек осы жайында ғана болды!

– Сенен өзге құтқарылғысы келген ешкім болмады ма?

– Басты тақырып қаланың қиайтыны туралы болғанымен, оған шын мәнінде ешкім сенген жоқ. Кейбіреулердің сен туралы айтып мазақтап отырғандарын өз құлағыммен естідім. Бірақ жеке өз басым қаламыздың отқа оранатынына еш күмәнданған жоқпын, сондықтан да ол жерден кетіп қалдым.

– Көнгіш туралы ештеңе естімедің бе?

– Иә, оның сенімен бірге Сары уайымның батпағына дейін жеткені туралы естідім. Оның сол жерде батпаққа батып қалғанын айтады, бірақ ол мұны ешқашан мойындаған емес. Ал мен бұған күмән келтірген жоқпын, себебі оның киімдері батпаққа былғанған болатын.

– Көршілеріміз оған не айтты?

– Қайтып оралғаннан кейін ол барлығының мазағына айналды. Көпшілігі оны жек көріп, ешкімнің оған жұмыс бергісі келмеді. Қазір оның жағдайы қаладан кеткенге дейінгі жағдайынан әлдеқайда ауыр.

– Ол жүрмек болған жолды өздері де жек көрген болса, онда олар неге оған осылай істеді?

– Олар: «Оны дарға асу керек! Ол діннен безуші! Ол өзі ұстанатын дінді сатып кетті!» – деп шуылдасты. Менің ойымша, оларды оған Құдайдың Өзі қарсы қойып, көзге шыққан сүйелдей етті.

- Ал онымен сен өзің жеке сөйлесіп көрдің бе?
- Бірде көшеде онымен кездесіп қалдым, бірақ ол ұялғандай болып көшенің қарсы бетіне өтіп кетті. Сөйтіп, онымен әңгімелесудің сәті түспеді<sup>6</sup>.
- Шынымды айтсам, жолға алғаш шыққан кезде мен оған үлкен үміт арттым. Ал енді қазір байқап тұрсам, ол бүкіл қалалықтармен бірге қаза болатын секілді. «Ит итаяғын жаламай тоймайды», – деп бекер айтылмаған ғой. Оны жайына қалдырайық. Одан да маған жолда көрген қызықтарың мен қиыншылықтарың туралы айтып берші.
- Мен сен түсіп кеткен батпақтан аман өтіп, Тар қақпаларға жеттім<sup>7</sup>. Содан соң мен Азғындық атты біреуді кездестірдім, ол мені азғыруға талпынды.
- Одан аман құтылғаның жақсы болған екен. Ол Жүсіпті қатты азғырған болатын және ол сол үшін өмірімен қоштасуға шақ қалды. Сонымен, әлгі тұлға саған қандай жамандық жасады?
- Адамдарды қармағына түсіру үшін оның қандай тәсілдер қолданатынын сен көз алдыңа елестете де алмайсың. Азғындық жағымпаз, жабысқақ, түрлі қуаныштар мен ләззаттарды уәде етеді<sup>8</sup>.
- Бірақ Азғындық саған ар-ұждан тазалығының рақатын уәде ете алмаған болар?
- Есесіне түрлі тәндік және сезімдік рақаттарды ұсынды!
- Оның қақпанына түспегеніңе Құдайға шүкір! Сен оның қызметінен бас тарттың ғой, солай ма?
- Әрине. «Қадамдары көрге қарай бағытталар», – деген сөздерді есіме түсірдім. Оның арбауына түсіп қалмау үшін көздерімді жұмдым да, әрі қарай жүре бердім.
- Басқа да оқиғалар болды ма?
- Қиындық тауынан түсіп бара жатқан кезімде, оның дәл етегінен бір қаусаған шалды кездестірдім. Ол менің кім екенімді және қайда бара жатқанымды сұрады. Мен өзімнің рухани саяхатшы екенімді және Аспандағы қалаға кетіп бара жатқанымды айттым. «Өзің бір адал жігіт көрінесің, – деді ол маған. – Менің жанымда қалып, жақсы жалақы алып тұрғың келмей ме?» Мен одан кім екенін және қайда тұратынын сұрадым. Ол өзінің Алдау қаласынан шыққан Кәрі адам екенін айтып жауап берді<sup>9</sup>. Мен одан жұмысы және жалақысы жайында сұрадым.
- «Мен азғындық үйін ұстаймын. Беретін жалақым – сені өзімнің мұрагерім етемін. Менің үйімде бүкіл әлемнің ең қымбат қазыналары бар. Менің қыздарым саған қызмет көрсететін болады». «Қанша қызың бар?»

«Үшеу, – деп жауап берді ол. – Тән құмарлығы, Көрсеқызарлық және Тәкаппарлық. Егер қаласаң, олардың бірін саған әйелдікке бере аламын». «Сенің үйіңде қашанға дейін тұруыма болады?» – деп сұрадым мен. «Өлгенше», – деп жауап берді ол.

– Сонымен, сен қандай шешімге келдің?

– Бастапқыда онымен келісім келді. Оның ұсынысы маған қызықты әрі орынды секілді болып көрінді. Бірақ содан кейін мен оның маңдайынан: «Мына қаусаған шалдың ұсынысынан бас тарт<sup>10</sup>», – деген жазуды оқығандай болдым.

– Содан соң не болды?

– Әлгінің маңдайынан оқыған сөздер маған төбемнен мұздай су құйып жібергендей әсер етті. Онымен бірге үйіне кірсем болды, оның мені дереу құлдыққа сатып жіберетінін бірден түсіндім. Сондықтан оған бұл әдемі сөздерін өзіне сақтап қоюға кеңес бердім. Сонда ол мені артымнан адам жіберетінін және оның қалған жолда бүкіл көңіл-күйімді бүлдіретінін айтып қорқыта бастады. Бұл жерден кету үшін артқа бұрылған кезімде қатты соққыны сезіндім. Көз алдым қарауытып кетті, денемнен біреу бір кесек ет кесіп әкеткендей сезіндім<sup>11</sup>. Жаным қиналып: «Неткен сорлы адам едім!» – деп айқай салдым.

Оның қолынан қалай құтылып, қалай орнымнан тұрғанымды және қалай жолға шыққанымды өзім де білмеймін. Жарты жолға жетпей артыма бұрылып қараған мен артымнан қатты жүгіріп келе жатқан біреуді көрдім. Әлгі адам мені демалатын орында қуып жетті.

– Ол жерге мен де тоқтап, тынықпақ болғанмын, – деді Сәлім. – Бірақ қатты ұйықтап қалып, шиыршық қағазымды жоғалтып алдым.

– Сөзімді аяғына дейін тыңда, – деді Айнымас. – Әлгі адам мені қуып жете салысымен басымнан қатты ұрып қалды. Мен жерге құлап түстім. Есімді өзгер жиып: «Не үшін?» – деп сұрадым. «Көрі адаммен қалуды ойлағаның үшін<sup>12</sup>» – деді ол дауысы күндей күркіреп. Сөйтті де кеудемнен қайтадан төмпештей бастады. Мен одан аяушылық жасауын сұрап жалбарындым, бірақ ол өзінің аяушылықтың не екенін білмейтінін айтып жауап берді. Егер де біреу келіп, оған тоқтатуды бұйырмағанда, менің таяқтан жан тәсілім ететінім анық еді.

– Ол кім болды екен? – деп сұрады Сәлім.

– Алғашында мен Оны танымадым, бірақ кейіннен Оның қолынан және бүйірінен жарақаттардың орнын байқадым. Сонда мен Оның Құдайдың Өзі екенін түсіндім...

– Ал сені ұрған адам Мұса болатын. Ол өз заңдарын бұзған ешкімді аямайды.

– Бұл менің онымен алғашқы кездесуім емес еді. Ол менің үйіме келіп, егер жолға шығуды ұзаққа созатын болсам, онда үйімді өртеп жіберетінін айтып қорқытқан болатын<sup>13</sup>.

– Сені Мұса қуып жеткен жердегі таудың басындағы Салтанатты Сарайды байқадың ба? – деп сұрады Сәлім.

– Иә, сарайды да, оның алдында ұйықтап жатқан арыстандарды да көрдім. Бұл түс кезі болатын. Менің уақытым әлі көп еді, сондықтан да есікшінің жанына тоқтамай, таудан төменге түсіп кеттім.

– Иә, сенің бұрылмай кеткеніңді дәл сол есікшінің өзі айтқан болатын. Сарайға кірмегенің қандай өкінішті! Ол жерде сен мәңгі есте қалатын көптеген нәрселерді көретін едің. Жарайды, ал енді айтшы, Қорлық көру алқабынан біреуді кездестірдің бе?<sup>14</sup>

– Иә, ол жерден мен Наразылық деп аталатын біреуді кездестірдім. Ол мені өзімен бірге кейін қайтуға үгіттеді. Оның наразылығының басты себебі – бұл алқапта адам барлық құрметтерден айырылады екен. Егер мен ақымақтық жасап, Қорлық көру алқабы арқылы өтуге бел байласам, онда мен өзімнің Тәкаппарлық, Асқақтық, Менмендік, Жалған даңқ секілді достарымды ренжітіп алады екенмін.

– Сен бұған не деп жауап бердің?

– Мен олардың маған тәндік жағынан туыс болып келетіндерін айттым. Бірақ мен сапарға шыққаннан кейін олардың бәрі менен теріс айналып кеткен болатын. Мен де олармен бар байланысымды үздім. Ал енді Қорлық көру алқабына келетін болсақ, ол оның мәнін дұрыс түсіндірмейтін секілді. «Менмендік — күйреудің басы, Асқақтық — құлаудың алды». Наразылықтың кеңестерін тыңдағанша, Қорлық көру алқабы арқылы жүріп өткенім артық.

– Алқапта өзге ешкімді кездестірмедің бе?

– Ұят деген біреуді кездестірдім. Шынымды айтсам, атына заты осыншалықты сай келмейтін адамды өмірімде бірінші рет кездестіруім. Өзгелермен әлде бір келісімдерге келуге болатын еді, бірақ мына жабысқақтан ажырау өте қиын екен!

– Ол не айтты?

– Ол бұл сапарың есі дұрыс адам айналысуға тұрмайтын болымсыз нәрсе деп, діннің өзіне қарсы шықты. Ұжданды болу – еркекті масқара ететін мінез. Ал барлық уақытта батылдарға тән



болған еркін өмірмен қоштасу – біздің замандастарымыздың көз алдында ең үлкен ақымақтық болып табылады. Атақты, бай және бұ дүниенің ақылдыларының ішінде адал жолды таңдағандары өте аз. Осылайша ол саяхатшыларды жерден алып, жерге салды. Қауымда уағыз тыңдап отырып адамның жылап қалуы, ал үйінде жан дүниесінің бұзылғандығы туралы ойлап «аһ» ұруы, әлдеқашан өтіп кеткен болмашы бір нәрсе үшін көршілерінен кешірім сұрауы, сұраусыз алған нәрсені орнына қоюы ұят және масқара іс екенін айтты. Дін адамды көпшіліктің алдында ерсі етіп көрсетеді, себебі әркімнің өз әлсіздіктері бар (азғындықты ол осылай атайды), ал сенуші болған адам олардан арылуға тырысады. Сол себептен де мәсіхші осы дүниедегі қызықтардан аулақ жүретін адамдармен араласып, олармен рухани бауырластық құруға мәжбүр. Бұл ұят нәрсе емес пе?<sup>15</sup> Ол менімен көп нәрселер жайында сөйлесті және олардың бәрін жіпке тізіп баяндап беру мүмкін емес.

– Сен оған қарсы қандай уәж айттың?

– Не? Мен тіпті не айтарымды білмедім! Әлгі ұят мені қызарақтауға мәжбүр етіп, тұзағына түсіруге шақ қалды. Бақытыма қарай: «Сендер адамдар алдында әділ болғансып жүрсіндер, бірақ Құдай жүректеріңде не бар екенін жақсы біледі. Адамдар бұларыңды жоғары бағалағанмен, Құдай алдында ол — жексұрындық» деген аятты дер кезінде есіме алдым. Ұяттың тек адамдар туралы ғана айтып тұрғанын, ал Құдайдың және Оның Сөзінің құдіреттілігі туралы ештеңе демейтінін мен тек сонда ғана байқадым. Сот күні үкім бізге осы дүниедегі батылдығымыздың немесе тәкаппарлығымыздың деңгейімен емес, Құдайдың заңы мен даналығына сәйкес шығарылады деп ойлады. «Жоқ, – деп ойлады мен, – бүкіл әлем Оның Сөзіне қарсы шықса да, бәрібір Құдайдың айтқаны дұрыс. Ал Құдай бізге сеніміміздің болғанын және ар-ұяттымыздың таза болуын бұйырады. Сондықтан да Құдайдың Патшалығы үшін осы дүниедегілердің көз алдында ақымақ көрінуге батылы баратындар осы Патшалықтағы ең даналар болады. Мәсіхті сүйетін жарлы Оны жек көретін ең бай адамнан ауқатты». Осындай ойға келген мен оған: «Жалған Ұят, менен аулақ кет, сен менің құтқарылуымның жауысың: құдіретті Құдайға емес, саған қызмет еткенді артық көреді деп ойлайсың ба?» Мен саған айтайын, достым, әлгі Ұят деген бір жабысқақ бәле екен. Ол құлағыма түрлі нәрселерді, мысалы, сенімнің кейбір тұстарының күлкі шақыратыны және менімен кездесуді қаншалықты ұзақ күткені жайлы сыбырлауын қоймайды. Ақыры

мен оның босқа әуре болатынын, себебі ол үшін жек көрінішті нәрселерді мен ұлы даңқ ретінде бағалайтынымды кесіп айттым. Ақыры одан құтылған кезімде қалай қуанғанымды айтпай-ақ қояйын...

– Сен үшін өте қуаныштымын, бауырым, – деді Сәлім.  
– Одан аман құтылғаның жақсы болған екен. Шынында да оның аты затына сай емес. Өзімізді ұятты сезінуіміз үшін ол біздің соңымыздан қалмайды<sup>16</sup>. Бірақ біз үнемі оған қарсылық танытамыз, себебі былай делінген ғой: «Даналар қадір-құрметті иемденеді, надандар болса, масқараны иеленеді».

– Менің ойымша, – деді Айнымас, – біз өзімізді шындық үшін батыл күрескер ретінде көргісі Келетіннен көмек сұрауға тиіспіз.

– Әрине. Ал сен әлгі алқапта басқа ешкімді кездестірген жоқсың ба?

– Жоқ, басқа ешкімді кездестірмедім. Бүкіл жол бойында, тіпті Өлім көлеңкесі алқабында да төбемде күн жарқырап тұрды.

– Сенің жолың болған екен, досым!

Өз кезегінде Сәлім жолдасына өзі кездестірген қауіптіліктер туралы әңгімелеп берді...

## ***Он екінші тарау***

### **СӨЗУАР**

Арада біраз уақыт өткенде Айнымас өздерінен біраз қашықтықта кетіп бара жатқан адамды байқады<sup>1</sup>. Ол адамды Сөзуар деп атайтын еді. Ол ұзын бойлы, сымбатты кісі болатын. Айнымас одан:

– Достым, қайда бара жатырсың? Аспан еліне емес пе? – деп сұрады.

– Дәл солай.

– Тамаша, онда бірге жүрейік.

– Жақсы.

– Онда кеттік, жол-жөнекей рухани азық жайында әңгімелесе жүрейік.

– Ақылды адамдармен жоғарғы материялар жайында әңгімелесу маған қашан да үлкен рақат сыйлайды, – деп жауап берді Сөзуар. – Пікірлес адамдарды кездестіргеніме қуаныштымын. Бұл өте сирек кездесетін жағдай. Көбіне құрғақ әңгімені ұнататын саяхатшыларды кездестіресің.

– Иә, бұл өкінішті жағдай, – деді Айнымас, – тіл адамға Құдайды және Оның істерін мадақтау үшін берілді емес пе?

– Сенің сөздерің жүрегіме майдай жағады. Осындай әңгімеден жақсы, әрі пайдалы не бар десеңші! Әсіресе, ғажайыптар атаулыны жақсы көретін мен секілді адам үшін. Тарих туралы, табиғаттың тылсым құпиялары мен ғажап белгілері туралы дәл де нақты мәліметтерді Киелі Жазбадан өзге қайдан таба аласың?

– Солайы солай ғой. Бірақ біздің әңгімеміздің мақсаты одан барынша пайда көру.

– Мен де солай ойлаймын. Бұл тақырыпқа пікірталастыру өте пайдалы. Әңгіме барысында адам бұрын ойына кірмеген көптеген нәрселерді біле алады, мысалы, жердегі құндылықтардың түкке тұрмайтынын, ал көктегі құндылықтардың маңыздылығын, біздің игі істеріміздің түкке тұрмайтынын және Иса Мәсіх арқылы құтқарылу қажеттігін. Мұның сыртында, адам тәубеге келудің, сенімнің, мінажат пен төзімділіктің бар екенін түсінеді. Жалған ілімдерді теріске шығарып, шындықты ұстануды және сенбеушілерді дұрыс жолға бағыттауды үйрене алады<sup>2</sup>.

– Мұның бәрі дұрыс және осыларды сенің аузыңнан естіп тұрғаныма қуаныштымын...

– Көптеген адамдардың мәңгілік өмірге қол жеткізу жолында сенімнің маңызды екенін түсінбеулерінің себебі – дәл осындай әңгімелердің болмауынан, – деді Сөзуар. – Олар заңдарды қатал ұстанып өмір сүруіміз арқылы Құдай Патшалығына бара аламыз деп есептеп, ештеңеден хабарсыз тіршілік ете береді.

– Иә, бірақ бұл шындықты түсіну Құдайдың сыйы болып табылатынын ескерте кету қажет. Адам бұған тек талпынысының немесе оған қатысты бос әңгімелердің көмегімен қол жеткізе алмайды.

– Иә, егер ол жоғарыдан берілмесе, адамның өздігінен ештеңе ала алмайтынын жақсы түсінемін. Барлығы әрекет емес, рақымдылық бойынша беріледі. Бұған дәлел ретінде саған Киелі Жазбадан көптеген тұстарды келтіріп бере аламын.

– Жақсы, ал ендігі әңгімемізге қандай тақырыпты таңдаймыз?

– О, маған бәрібір! Көктегі және жердегі, осы дүниелік және рухани нәрселер, өткен және болашақ, адамгершілік тақырыбы және Інжіл туралы әңгімелесу маған ешқандай қиындық туғызбайды. Мен өз отаным және алыстағы елдер, маңызды және аса маңызды емес нәрселер жайында көптеген қызықтар айтып

бере аламын. Кез келген тақырыпқа әңгіме қозғау мен үшін түкке тұрмайды.

Сапарласының жауабына қатты таңданған Айнымас сәл алда кетіп бара жатқан Сәлімге таяп, ақырын дауыспен былай деді:

– Бізге жақсы жолсерік тап болыпты. Өзінің білмейтіні жоқ екен!

Сәлім күлді:

– Сен сонша таң-тамаша болып келе жатқан мырза адамдардың бастарын жақсы айналдыра біледі.

– Сен оны білуші ме едің?

– Мен оны оның өзінен де жақсы білетін шығармын.

– Оның кім екенін айтсаңшы енді.

– Оның аты Сөзуар. Ол біздің қалада тұрады. Оны танымайтыныңа таңмын. Бірақ, қаламыз үлкен ғой...

– Ол кімнің баласы және қайда тұрады?

– Әкесінің аты Мылжың, олар Өтірікшілер көшесінде тұрады. Қалада ол Өтірікшілер қатарынан шыққан Сөзуар деген атпен белгілі. Ол сондай бейшара әрі бақытсыз адам<sup>3</sup>.

– Бірақ ол сондай жақсы әсер қалдырады екен.

– Иә, ол жақын танысқанға дейін бәріне жақсы адам болып көрінеді. Елдің көзінше ол өзін қасиетті адам ретінде көрсетеді, ал үйінде жағымсыз, жаман адам. Оны тек алыстан ғана әдемі көрінетін суретпен теңеуге болады.

– Сен маған қалжыңдап тұрған сияқтысың.

– Құдай сақтасын, қалжың үшін бауырымды қаралауға бармаймын ғой. Саған ол туралы тағы бір нәрселер айтып берейін. Бұл адам кез келген ортада өзін судағы балықтай сезінеді. Қазір сенімен қалай әңгімелесіп отырса, сыраhanaда сыра ішіп отырып көршісімен дәл солай әңгімелеседі және сыра басына шыққан сайын, оның шешендігі де арта береді. Оның жүрегінен де, жанынан да, іс-әрекеттерінен де шынайы сенім сезілмейді. Оның бар ойлайтыны: бұлбұлдай сайрап, өзінің шешендігін көрсету<sup>4</sup>.

– Ол адам туралы шынымен де осынша қателестім бе? – деді Айнымас таңданып.

– Иә, қателестің... Олар жайында былай айтылған: «...Олар айтады, бірақ айтқандарын орындамайды» және «...Құдайдың Патшалығы сөзбен ғана емес, Оның құдіретімен көрінеді». Ол мінажат ету, тәубеге келу, сенім, рухани қайта туылу жайында айтады, бірақ та, өкінішке орай, бұлар тек сөз ғана. Оның жүрегінде қасиетті ештеңе жоқ. Мен оның үйінде болдым, оның

отбасында және сыртта қандай екенін көрдім... Оның үйінде сенім жоқ. Оның үйінде ешкім мінажат етпейді және ол жерден күнәсін сезінген ешкімді байқай алмайсың. Ол шынымен де мәсіхшіліктің эппақ көйлегіндегі қара дақтың дәл өзі. Өзінің сөзшеңдігімен ол Иса Мәсіхке жала жабады. Үйінен тыс жерде ол «киелі», ал үйінде – өзезіл. Оның отбасы да бұдан қатты зардап шегуде: ол жақындарына қатал, қызметшілеріне әділетсіз. Өте сараң. Үнемі біреуді алдап кетуге талпынып жүреді. Өз мақсатына жету үшін ол ештеңеден аянбайды. Ең қорқыныштысы, ол өз ұлдарын да осыған тәрбиелеуде және олардың бірінің бойынан Құдайды қастерлеушілікті байқай қалса болды, оны бірден бәрінің көзінше ақымақ деп айыптай бастайды. Менің ойымша, ол өзінің азғын өмірі арқылы көптеген адамды сенімнен кері итерді және егер Құдай тоқтатпайтын болса, ол әлі талай адамның түбіне жетеді<sup>6</sup>.

– Сен оны танитындықтан және адамдарды мәсіхші тұрғысынан бағалайтын болғандықтан мен сенің сөздеріңе күмән келтіре алмаймын.

– Егер ол адамды білмейтін болсам, онда ол туралы мен де дәл сен секілді ойлаған болар едім. Оны айтасың, егер де мұның бәрін дінге жаулық көзқарастағы адамдар айтқанда, мен оны жала жабу деп қабылдаған болар едім (себебі Құдайды қастерлейтіндерге жиі жала жабады ғой). Бірақ саған айтқандарымның бәрі ащы шындық, менің өз көзіммен көргендерім. Тәртіпті адамдар олармен таныстықтарынан қысылады. Оның атының өзі адамдарды ұялуға мәжбүрлейді. Оны бауырым не досым деп атауға ешкімнің батылы бармайды.

– Иә, сөз бен істің мүлде екі басқа нәрселер екенін енді түсіндім. Енді сақ болуға тырысамын.

– Әрине, бұлар әр түрлі нәрселер. Тән мен жан бір нәрсе емес қой. Жансыз тән өлі, сол секілді әрекеті жоқ сөз де бос. «Құдай Өкеміздің алдындағы таза да мінсіз діншілдік мынау: мұқтаждық көрген жетім-жесірлердің қамын ойлау және өзін осы дүниелік арамдықтардан кіршіксіз пәк ұстау». Сөзуар мұның қажеті жоқ: ол онсыз да шынайы мәсіхші болуға болады деп есептейді. Осылай ол өзін алдайды. Тыңдау – бұл тұқымды жүрекке қабылдау: ал ол өсіп шыға ма әлде, мол жеміс бере ме, ол белгісіз. Сот күні сендер тындадыңдар ма, ойландыңдар ма деп емес, орындадыңдар ма<sup>6</sup> деп сұрайды. Жауабымызға байланысты үкім шығарылады. Заманның ақырын егіншілер жемісті – сенімнің жемісін жинайтын орақ науқанымен салыстыруға болады. Мұны мен сол күні

Сөзуардың жағдайының қандай жаман болатынын көз алдыңа елестете алуың үшін айтып тұрмын.

– Менің есіме бұл адал және арам малды қалай айыруға болатыны туралы Мұсаның түсіндірмесін түсірді, – деді Айнымас. – «Тұяғы екіге бөлінген ашатұяқты әрі күйіс қайыратын барлық хайуандардың етін жеулеріңе болады. Сендер үшін күйіс қайырмайтын кез келген хайуан арам. Ондаймен жанасқан әркім арамданады». Сөзуарды арам малға теңеуге болады. Ол күйіс қайырады, яғни, сөзді естиді, бірақ күнәларымен қоштасуға бел байлай алмайды...

– Киелі кітаптық мәтіннің мәнін сен дұрыс түсінесің. Бұған елші Пауылдың сөзшең адамдарды сыңғырлаған қоңырауға және шылдырлаған асатаяққа теңегенін қосуға болады. Бұлар шынайы сенімнен және Інжілдің рақымынан ажыраған адамдар. Олар Құдайдың балалары тұратын көктегі тұраққа қабылданбайды.

– Шынымды айтсам, ол адаммен әңгімелесу мен үшін өте жағымды болды. Бірақ сен менің көзімді аштың. Ал енді одан қалай құтыламыз?

– Менің ақылыма құлақ сал, сонда оның сенен көп өтпей-ақ жалығатынына көз жеткізесің. Оған бар да, Құдай рақымының адамға әсері жайында байыпты әңгіме баста. Осы күшті ол өз жүрегінде, өз үйінде және бүкіл өмірінде сезіне ме, соны сұра<sup>7</sup>.

Айнымас қайтадан Сөзуардың жанына барды:

– Бауырым, басыңды көтер! Не туралы ойланып кеттің?

– Осы уақыттың ішінде қаншама нәрселер туралы әңгімелесіп үлгеретін едік, соны ойлап тұрмын.

– Онда бастайық. Егер рұқсат етсең, әңгімеміздің тақырыбын мен таңдайын: Құдайдың құтқарушы рақымы адамның жүрегінде қалай пайда болады?

– Не туралы әңгімелескің келіп тұрғанын түсіндім. Шын мәнінде маңызды сұрақ және мен оған қуана жауап беремін. Менің жауабым қысқаша түрде былай: біріншіден, егер адамның жүрегінде Құдай рақымы өмір сүретін болса, ол күнәға қарсы наразылық тудырады. Екіншіден...

– Тоқта, асықпа. Меніңше, жүректегі Құдай рақымы күнәні жек көру сезімін тудырады деуің керек еді.

– Иә, бірақ наразы болу мен жек көрудің арасында қандай айырмашылық бар?

– О, айырмашылық үлкен! Адам жай жақсы көріну үшін әдемі сөздермен күнәға наразылық танытуы мүмкін, бірақ күнәні

жек көру тек Құдайдың рақымының әсері арқылы ғана мүмкін болады. Мен мінберден күнәні жазғырып қатты сөздер айтқан, бірақ жүректерінде, үйлерінде және бүкіл өмірлерінде күнәмен тату тұрған көптеген уағызшыларды білемін. Патша уәзірі Потифардың әйелі жұрттың бәріне қасиеттілік туралы әңгімелер айтты, бірақ өзі шын мәнінде зинақор болды. Кейбіреулер күнәні өзгеше сықпыртады. Ондайларды бұзықтығы үшін баласына ұрсатын, бірақ содан соң бірден оны құшақтап, еркелете жөнелетін анамен салыстыруға болады.

- Байқаймын, мені сөзден ұстағың келетін секілді...
- Жоқ, мен тек айқындылықты қалаймын.
- Ойымды соңына дейін жеткізуге мұрсат бер. Екіншіден, Киелі Жазба шындықтарын жақсы білу.

- Иә, киелі кітаптық шындықтарды беске білуге болады және сонымен бір мезгілде жүректе Құдайдың рақымы болмауы мүмкін. Адамның жан-жақты, терең білім алуға қол жеткізуі және сонымен бір мезгілде бәрінен құралақан қалуы, яғни, Құдайдың баласы бола алмауы мүмкін. Мәсіх Өзінің шәкірттерінен: «Осыларды білесіңдер ме?» – деп сұраған кезде, олар: «Білеміз», – деп жауап берді. «Мұны біліп, осылай іс-әрекет етсеңдер, бақытты боласыңдар!» Ол білетіндерге емес, іс-әрекет ететіндерге бақытты боласыңдар дейді. Білудің іс-әрекетсіз жүретін түрі болады, мұны теориялық жағынан білу деп атауға болады. Өз қожайындарының еркін өте жақсы білетін, бірақ оны орындамайтын қызметшілер кездеседі. Адамның Інжіл шындықтарын жатқа білуі, бірақ мәсіхші болмауы мүмкін. Сондықтан да сенің қорытындың дұрыс емес. Теория сөзшеңдер мен мақтаншақтарға ұнайды, ал Құдайға іс жүзіндегі әрекет керек. Әрине, білімсіз іс-әрекет жасау мүмкін емес. Жалпы, білімнің екі түрі бар: оның бірі сөз жүзінде талқылаумен шектеледі, екіншісі адамды Құдайдың еркін қуана орындауға мәжбүрлейтін рақымдылыққа, сенім мен сүйіспеншілікке негізделген білім. Шалағай адам білімнің бірінші түрін қанағат етеді, ал мәсіхші өзін білімнің екінші түрінсіз елестете алмайды: «Түсінік сыйлашы, тәліміңді сақтамақпын, Оған шын жүректен мойынсұнбақпын».

- Сен мені тағы да сөзден ұстауға тырысудасың, бұл жақсы емес<sup>8</sup>.
- Онда рақымдылық әрекетінің өзге дәлелін келтір.
- Жоқ, олай еткім келмейді, екеуміздің келісімге келе алмайтынымызды көріп тұрмын.

- Онда мұны менің істеуіме мүрсат бер.
- Жақсы, мархабат.
- Рақымдылықтың әрекеті оған ие болған адамның жүрегінде және оның жақындары үшін көрінеді. Бұған қол жеткізген адам өзінің күнәкарлығын сезінеді. Бұл түсінік оның жан дүниесінде күнәсі үшін қайғыру мен ұялу сезімдерін туғызады. Міне, сонда оған Құтқарушымыз Иса Мәсіхтің Өзі ашылады. Адам Иса Мәсіхпен бүкіл өмір бойына келісім жасауы керектігін түсінеді. Сонда оның жүрегінде рухани шөлікпеу пайда болады. Өзінің Құтқарушысына деген сенімі қандай үлкен болса, оның сенімі де сондай үлкен, жан тыныштығы да сондай тұрақты болады. Ол осы жер бетіндегі өмірінде Құдайға одан да жақсы қызмет етуге ұмтылады. Жалпы, әлі шайтанның билігінен толықтай азат болмағандықтан және қасиетті шындықтарды әлі де толықтай білмейтін болғандықтан адам бұл сезімдерді рақымдылықтың әрекеті ретінде қабылдауға әрқаз қабілетті бола бермейді. Сондықтан қайта туылған адамға бойында болып жатқан нәрселерді түсінуіне біраз уақыт қажет болады. Оның бойындағы Құдай рақымының әрекеттерін оның туыстары, жақындары мен таныстары да байқай алады. Қайтадан туылған күнәкар Иса Мәсіхке өзінің жеке Құтқарушысы ретінде сенетінін жасырмайды да. Ол өзінің өмір салтын жаңа жағдайына сай толықтай өзгертеді. Иса Мәсіхке сөз емес, іс жүзінде қызмет етуге тырысуы – міне жүрегінде Құдайдың рақымы әрекет ететін адамды бейнелейтін нәрселер осылар<sup>9</sup>. Егер осы айтқандарыма қарсылықтарың болса, оны тыңдауға дайынмын. Ал егер олай болмаса, онда саған тағы бір сұрақ қоюға рұқсат ет.

- Жоқ, қазіргі менің шаруам теріске шығару емес, тыңдау, сондықтан келесі сұрағыңды тездетіп қоя беруіңе болады.

- Жақсы. Сенің өмір салтың өзің айтқан ұстанымдарға сай келе ме? Әлде, сенің бар сенімің тек сөз жүзінде ғана ма? Өтінем, жауап беретін болсаң, Құдай саған «Аумин» деп айта алатындай шын жауап бер. Өзіңді мәсіхші ретінде көрсетіп, бірақ бұрынғы өміріңді жалғастыра беру, басқаша айтқанда, қой терісін жамылған қасқыр болу – жамандықтың ең үлкені<sup>10</sup>.

Бұл сөздерді естігенде Сөзуар қызарып кетті, бірақ есін тез жиып былай деді:

- Сен тым тереңдеп кеттің ғой. Шынымды айтсам, әңгімеміз мұндай бағытқа бұрылады деп күтпеген едім. Сен менімен бала секілді сөйлесіп отырсың. Мұндай сұрақтарға жауап берейін деген ойым мүлде жоқ... Мұндай сұрақтарды маған не үшін қойып отырсың?<sup>11</sup>



– Себебі мен сенің сөзге жақын екеніңді байқадым. Ашығын айтатын болсам, мен сенің сеніміңнің жай сөз ғана екені және мәсіхшілік туралы әңгімелеріңнің өмір салтыңа мүлде қайшы екендігі жайында естідім.

– Егер сен қаңқу сөздерге оңай сеніп, осылайша қатты сөгетін болсаң, онда мен сені тіпті байланыс жасауға да тұрмайтын қазымыр адам деп есептейтін боламын. Сау бол!<sup>12</sup>.

– Айттым ғой, – деп қарсы алды Сәлім Айнымасты. – Осылай болатынын білгенмін. Сенің сөздерің мен оның ойлары мүлде кереғар. Ол өзінің күнәкар өмірінен гөрі сенімен ажырасқанды жөн көрді. Бара берсін, біздің ештеңеміз кетпейді. Ерте ме, кеш пе, онымен бәрібір айырылысуымызға тура келетін еді. Ондайлардан аулақ болу керек.

– Онымен бұл әңгімені бастағанымға қуаныштымын, – деп жауап берді Айнымас. – Мүмкін, бір кездері ол менің осы сөздерімді есіне алып қалар. Қалай дегенде де, мен оған ойымды ашық айттым және енді ол үшін жауапты емеспін<sup>13</sup>.

– Оның адасушылықтарын көрсетіп, дұрыс істедің. Шындықты ашық айтатын адамдар қазір сирек кездеседі. Егер де мұндай екіжүзділерге адамдардың бәрі сен секілді қарағанда, онда олар не өз өмір салттарын өзгерткен болар еді, не мәсіхшілердің қауымынан мүлде шығып кететін еді.

Осындай әңгімелесіп келе жатқан олар шаршағандарын да сезген жоқ<sup>14</sup>. Былай деп әнге басқан кезде жол одан да көңілді бола түсті:

Дүниені кезіп адасып, тығырыққа тірелдім,  
Бірақ бүгін жолды тауып, тура жолмен келемін.  
Бұрын ынтық болсам сұмдық істеріне Содомның,  
Бүгін міне, өрлеп барам қақпасына Сионның.

Құмар едім тәни ләззат, лас істерге өткінші,  
Енді бүгін Мәсіхпенен өмір сүрем пәк, ізгі.  
Артқа тастап күнә менен арам құмарлықтарды,  
Жұмақ бағын мақсат еткен жаңа өмір басталды.

Менің емес жетістігім, тапқан мені – Құдайым,  
Бет бұрғаннан кейін енді сенімде нық тұрайын.  
О, Тәңірім, бір Өзіңді мадақтауда жүрегім,  
Енді маған жолбасшы бол, соңыңнан мен еремін.

## Он үшінші тарау

### ӘБИГЕРШІЛІК ЖӘРМЕҢКЕСІ

Олар алқаптан өтіп қалған кезде қарсы келе жатқан біреуді көрген Айнымас оны бірден таныды.

– Бауырым, – деп дауыстап жіберді ол, – кімнің келе жатқанына қарашы!

– Бұл менің қайырымды досым Ізгі хабаршы ғой! – деді Сәлім таңданып.

– Менің де! Маған Тар қақпаға апаратын жолды көрсеткен дәл сол болатын.

Олармен қатарласқан Ізгі хабаршы:

– Сендерге тыныштық болсын, Мәсіхтің сүйіктілері! – деп амандасты.

– Амансың ба, қымбатты Ізгі хабаршы. Маған жасаған жақсылығың үшін алғысым шексіз!

– Сені көргеніме шын жүректен қуаныштымын! – деп қосты Айнымас. – Жолымыздың түйіскені қандай жақсы болды!<sup>1</sup>

– Ал, біз ажырасқаннан кейін не болғанын айта беріңдер<sup>2</sup>.

Жолаушылар оған жолда кімдерді кездестіріп, бұл жерге дейін қандай қиындықпен жеткендері туралы әңгімелеп берді.

– Сендер үшін өте қуаныштымын. Көптеген қиындықтарға тап болғандарың үшін емес, солардан жеңімпаз болып шыққандарың үшін. Сендер үшін де, өзім үшін де өте қуаныштымын. Мен тұқым септім, ал сендер орасыңдар. Соңына дейін шыдайтын болсаңдар, тұқым себушінің де, орушының да бірге қуанышқа кенелетін күні алыс емес. Сендерді шынайы өмірдің тәжі күтіп тұр, сондықтан да оған қол жеткізуге асығыңдар. Спортшылар жеңімпаздың тәжін алу үшін жүгіреді. Біреуі суырылып алға шығады, бірақ дәл мәренің алдында оны одан да күшті біреуінің қуып жетіп, тәжді дәл иегінің астынан алып кететін жағдайлары жиі кездеседі. Сондықтан сендерден өтініп сұраймын, қолдарыңдағы тәжден айырылып қалмаңдар. Шайтанның жебесі жететін жерден сендер әлі ұзаған жоқсыңдар, күнәмен күресте әлі қан төккен жоқсыңдар. Даңқ патшалығын бетке алып жүре беріңдер және олар әлі көрінбесе де, уәде етілгендерге сенім артыңдар. Жүректеріңе осы дүниелік нәрселердің еніп кетуінен сақтаныңдар. Адамның жүрегі өте әлсіз әрі күнәкар. Көздеріңді көкке тігіңдер. Жердегі және көктегі биліктердің бәрінің сендерге уәде етілгенін есте ұстаңдар<sup>3</sup>.

Сәлім жылы сөздері үшін Ізгі хабаршыға алғысын айтты.

– Бізбен бірге жүрсеңші. Сенің қолдауың мен кеңестерің бізге сондай қажет! Алда бізді тағы қандай қауіптіліктер күтіп тұрғанын және біздің қандай әрекет етуіміз керектігін айтып беруіңді өтініп сұраймыз.

– Сүйікті балаларым менің! Білесіңдер ме, Інжілдің сөзі бойынша Аспан Патшалығына жеткенге дейін сендер көптеген сынақтардан өтуге тиіссіңдер: жүрген жерлеріңде түрлі қайғы-қасіреттерді көретін боласыңдар. Сондықтан сендер саяхатымыз уайым-қайғысыз өтеді деп ойламаңдар. Сендер өздеріңе арналған қиындықтардың біразынан өттіңдер, алда әлі талайы күтіп тұр. Арада көп өтпей сендер бір қалаға жетесіңдер. Сонда көп қиындыққа тап боласыңдар, дұшпандарың іздеріңе түседі. Сол жерде біреуіңе өмірлеріңмен қоштасуға тура келеді, бірақ өз сенімдеріңе соңына дейін берік болыңдар, сонда даңқ Патшасы сендерге өмір тәжін сыйлайды. Қаза тапқаныңның өлімі кісі қолынан болып, тартатын азабы да ауыр болатынына қарамастан, ол тірі қалғаныңнан бақыттырақ болады. Себебі ол Аспан қаласына бұрын жетеді және тірі қалғанның алда көретін қиыншылықтарынан азат болады. Сол қалаға барып, мен айтқандардың бәрі орындалған кезде қайырымды достарыңды еске алыңдар. Батыл болыңдар және жандарыңды Құдайға тапсырыңдар, себебі Ол – Өзгермейтін Жаратушы<sup>4</sup>.

Міне, мен діндарлардың шөлді алқаптан өтіп, Әбігершілік деп аталатын қалаға жеткендерін көріп тұрмын. Бүкіл жыл бойына онда Әбігершілік жәрмеңкесі деп аталатын жәрмеңке болып жатады. Оның атауы егер оны таразыға тартатын болса, онда салмағы бос қуыстан да жеңіл болатын қаланың атынан шыққан. Бұны «Әбігершілік»! — деп үйрететін Даналықты уағыздаушы. — (Жеке өздігінен өмірдің) бәрі де құр бекер әрі мағынасыз». Бұл жәрмеңке жаңадан пайда болмаған, ол көне заманнан келе жатыр. Оның пайда болуының қысқаша тарихы мынадай:

Осыдан бес мың жыл бұрын да саяхатшылар Аспандағы қалаға бет алып бара жатты. Олар әр түрлі жастағы және қоғамдағы орындары да әр түрлі құрметті адамдар болатын. Бұл жолмен бір кезде жолдастарымен бірге Белзевүлде, Аполлионда, Легионда жүрген болатын. Аспандағы қалаға апаратын жолдың Әбігершілік қаласы арқылы өтетінін түсінген кезде олар сонда бекершіліктің түрлі нәрселерімен сауда жасауға болатын жәрмеңке ұйымдастыруға келісті. Ол жерден бәрін: үйлерді, жер иеліктерін,

фирмаларды, қызметтерді, атақтарды, елдерді, патшалықтарды, құмарлықтарды және тағы басқа жан рақаттарын сатып алуға болатын. Онда жезөкшелер де, бұзылған еркектер де, ауқатты әйелдер де, балалар да, малалайлар да, өмір де, тән де, жан да сатылатын еді. Алтын, күміс, гауһарлардың түр-түрі болатын. Бұл жәрмеңкеде түрлі алаяқтар, құмар ойыншылар, кезбе әртістер толып жүретін. Ұрлық, адам өлтіру, зинақорлық секілді нәрселерді тәулік бойына тегін көруге болатын еді. Жәрмеңке қан қызыл түске малынып тұратын<sup>5</sup>.

Саяхатшыларға оңай болуы үшін жәрмеңкелер әдетте қатарлар мен алаңдарға бөлініп тұрады. Әбігершілік жәрмеңкесі де дәл солай болатын. Ол жерде Британ қатарлары, Француз қатарлары, Орыс, Италиян, Неміс, Испан және тағы басқа көптеген қатарлар бар. Бір кезде мұнда Рим тауарлары үлкен сұранысқа ие болды. Ол жерді қазір Қарт атты ханзада басқарады. Ол өтіп бара жатқан саяхатшыларды уәде беру арқылы алдына тізе бүктіріп, аяғынан сүйгізуге тырысады. Бір қолына өзінің айтуы бойынша Аспан қаласының қақпасын ашуға болатын үлкен кілт ұстап отырады. Екінші қолындағы «Қарғыс» деп аталатын қамшысымен тыңдамағандарды аяусыз сабайды.

Жоғарыда айтып кеткенімдей, Аспандағы қалаға апаратын жол қызу жәрмеңке жүріп жататын шулы қала арқылы өтеді. Сион тауына бара жатқандар ол қалаға соқпай өте алмайды. Жерде тұрған кезінде патшалардың Патшасыда Өз Патшалығына осы қала, осы жәрмеңке арқылы қайтты. Оны осы жәрмеңкенің қожайыны Белзевұл ханзаданың өзі бір нәрсе сатып алуға көндірмек болды. Егер өзіне бағынуға келісетін болса, онда осындағының бәрін Оған беруге уәде етті. Бірақ оның тауарлары Оны еш қызықтырған жоқ, Ол бір тиын шығармастан қаладан кетіп қалды.

Осылайша, біздің саяхатшыларымыздың жолы да осы қала арқылы өтуге тиіс болатын. Олар жәрмеңке ішімен бірнеше қадам жүрмей жатып-ақ онда күшті толқыныс басталып кетті. Мұның бірнеше себебі бар еді. Біріншіден, саяхатшылардың киімдері олардыкінен мүлде өзгеше еді. Біреулер оларды есі ауысқандар, екіншілері – сайқымазақтар, ал үшіншілері – жатжерліктер деп ойлады. Екіншіден, қалалықтар олардың тілдерін мүлде түсіне алмады. Бұған таңдануға да болмайтын еді, себебі саяхатшылар қанахан тілінде, ал жәрмеңкедегілер – осы дүниенің тілінде сөйлейтін. Осылайша, олар жабайылар деген атқа ие болды.

Үшіншіден, тұрғындардың таңданыстарына орай, саяхатшылар өздеріне ұсынылған тауарларға еш назар аударған жоқ. Олар тіпті тауарларға қарау үшін кідірген де жоқ, ал саудагерлер заттарын ұсынып шуылдаған кезде құлақтарын жауып алды да, көздерін көкке қадап: «Көздерімізді әбігершіліктің қызықтарынан алшақтата гөр», – деп дауыстады.

Олардан біреу кекесінмен:

– Сендерге не керек? – деп сұрады.

Оның бетіне тура қараған олар:

– Біз шындықты іздеп жүрміз<sup>6</sup> – деп жауап берді.

Бұл сөздер тұрғындардың арасында үлкен наразылық тудырды. Біреулері оларды мазақтап, екіншілері балағаттай бастады. Ақыры қалалықтар оларды таяққа жығуға шешім қабылдады. Сол кезде не болып кеткенін айтып жеткізу қиын! Жәрмеңкені тану мүмкін емес еді – шашылған тауарлар, талқан болған беттер, сынған тістер, айқай-шу... Болған жағдай туралы біреу қожайынға жеткізді. Ол нөкерлеріне саяхатшыларды дереу тұтқынға алуды бұйырды.

Саяхатшыларды сотқа алып жүрді. Қазылар олардың кім екендерін, қайда бара жатқандарын сұрай бастады.

– Біз бұл жердің бетінде қонақтармыз және өзіміздің Аспандағы Мекенімізге кетіп бара жатырмыз, – деп жауап берді олар. – Біз ешкімді қорлаған жоқпыз, ештеңе ұрлаған жоқпыз, сондықтан бұл әрекеттеріңізді түсінбей тұрмыз. Біздің бар іздеп жүргеніміз – шындық.

Оларды есі ауысқандар деп қабылдап, жәрмеңкенің қатарларына іріткі салуға келді деген айып тағу үшін қазыларға бұл жауап жеткілікті болды<sup>7</sup>. Оларды қайтадан ұрып-соғып, таспен атқылай бастады. Ақыры оларды алаң ортасына тордың ішіне қамап қойды. Адамдар оларды мазақтап, бір жасап қалды. Ал жәрмеңкенің қожайыны бұл көріністен үлкен ләззат алды.

Саяхатшылар бұл мазақтаулардың бәріне шыдамдылықпен төзді. Олар балағатқа балағатпен жауап қайырған жоқ, керісінше, өздерін азаптап жатқандарға баталарын берді.

Олардың момындықтары мен шыдамдылықтары әсер еткен және көпшіліктің мына қылықтарымен келіспеген кейбіреулер оларға жақтаса бастады. Сонда ашулы тобыр оларға дүрсе қоя берді. Олар: «Сендер де дәл солар секілді қылмыскерсіңдер! Сендер олардың құпия жақтастарысыңдар! Сендерді де солармен бірге қамау керек! Олар дарға асылсын!» – деп үлкен шу көтерді.

– Олардың түрлеріне қараңдаршы, – деді саяхатшыларды жақтағандар, – бұлардың ешкімге залалы жоқ. Момақан, қарапайым адамдар, қылмыскерлерге еш ұқсамайды. Біздің жәрмеңкеден мұндай жазаға лайық адамдардың түр-түрін табуға болады.

Бұл сөздерден кейін тобырдың төзімі шегінен шықты. Қырғын төбелес басталып, кімді кім ұрып жатқаны түсініксіз болып кетті.

Бұл екі арада бейшара саяхатшыларды тағы да қазылардың алдына алып барды. Оларды тағы да жәрмеңкенің шырқын бұздыңдар деп айыптап, қатал жазаға кесті. Олардың аяқ-қолдарын шынжырлап, жақтаспақ болғандарға сабақ болсын деп жәрмеңкенің ішімен әрі-бері алып жүрді. Сәлім мен Айнымас бұл қорлыққа да ержүректікпен шыдады. Сонда оларға жәрмеңкедегі тағы біраз адам жақтаса бастады<sup>8</sup>. Бұл азаптаушыларды одан әрмен ашуландырды да, олар саяхатшылардың екеуін де өлім жазасына кесті.

Үкімді орындауға қажетті шаралар дайын болғанша оларды тағы да торға қамап қойды.

Осы сәтте олар бәрі сөзбе-сөз орындалған Ізгі хабаршының айтқандарын естеріне алды, бұл олардың сенімдерін одан әрмен нығайта түсті. Бұдан арғы жолды біреуі ғана жалғастыратыны оларға айдан анық еді. Олар бір-бірлеріне өмірімен алғаш қоштасқандары рақаттың жемісін бірінші тататынын айтты және әрқайсысы мен өлсем екен деп тіледі. Содан соң олар өздерін мұқтаждықтарымыз бен мүмкіндіктерімізді бізден артық Білетіннің еркіне тапсырды да, алда не боларын төзімділікпен күте бастады<sup>9</sup>.

Саяхатшылардың үстінен болатын қоғамдық соттың болатын күні белгіленді. Құдайға қас атты қазы айыптауды оқыды:

«Бұл адамдар – біздің осындағы саудамыздың дұшпандары. Олар қаламыздың тыныштығын бұзды және екі күннің ішінде өздеріне жақтастар тауып үлгерді»<sup>10</sup>.

Айнымас сөз сұрады:

– Мен өзімнің қарсылығымды тек Жаратушымыздың Атына тіл тигенде ғана білдірдім. Тыныштықты қалайтын, сабырлы адам болғандықтан менің елдің арасына іріткі салуым мүмкін емес. Біздің сөздерімізге құлақ асып, айтқандарымыздың шындығына көз жеткізгендер адамгершілік тұрғысынан тек тазара түсті... Ал енді сендердің Белзәбүл атты ханзадаларыңа келетін болсақ, ол біздің Құдайымыздың жауы, мен оны жек көремін.

Қалаған адамдарға ханзаданы қорғап, ал саяхатшыны айыптап сөйлеуге ерік берілді. Сөз сөйлеуге Көре алмаушылық,

Ырымшылдық және Жарамсақтық атты үш куәгер ниет білдірді<sup>11</sup>. Олардан Айнымса атты айыптыны білесіңдер ме, өз қожайындарыңды қорғап не айта аласыңдар деп сұрады.

Бірінші болып сөзді Көре алмаушылық алды:

– Мейірбанды мырзалар! Мен бұл адамды көптен білемін және оның...

– Тоқта! Куәгер алдымен ант беруі тиіс...

– Ант берген Көре алмаушылық сөзін әрі қарай жалғастырып:

– Мейірбанды мырзалар! Шын мәнінде бұл адам әлемдегі ең ниеті бұзық адамдардың бірі. Ол не ханзадаларды, не халықты, не заңды, не әдет-ғұрыпты сыйламайды және өзі сенімнің басты негіздері деп аталатын көзқарасын таңуға қолайлы мүмкіндікті құр жібермейді. Бірде мен оның мәсіхшілік пен біздің Әбігершілік қаламыздың әдет-ғұрыптарының мүлде екі түрлі нәрселер екенін, сондықтан олардың ешқашан шығыса алмайтындарын айтып тұрғанын өз құлағыммен естідім. Бұл сөздері арқылы ол біздің қандай мақтауға да лайықты әрекеттерімізге ғана емес, біздің өзімізге де тіл тигізіп отыр.

– Бұл айтқандарыңа тағы қосарың бар ма?

– Әрине, әлі талай нәрселер айтуға болады, бірақ мен құрметті тыңдармандарды шаршатып аламын ба деп қорқамын. Егер де өзге куәгерлердің сөздері оған өлім жазасын кесуге жеткіліксіз болып жатса, мен тағы да куәлік беруге дайынмын.

Ол орнына барып отырды да<sup>12</sup>, қазы келесі куәгер Ырымшылдықты шақырып, оған ханзаданың даңқын қорғап сөз сөйлеуді бұйырды. Барлық ережелер бойынша ант қабылдаған Ырымшылдық сөзін бастады:

– Мейірбанды мырзалар! Мен бұл адаммен туыс емеспін, оны жақын танымаймын және танығым да келмейді. Бірақ мен оның сенімінің біздің қала үшін обадан да қауіпті екеніне сенімдімін. Жақында біз әңгімелесіп қалдық, сонда ол еш қаймықпастан біздің сеніміміздің түкке тұрмайтынын және бізді құтқара алмайтынын айтты. Бұдан біз шынайы емес, жалған Құдайға құлшылық етіп жүрміз, күнәкарлықпен өмір сүреміз және сондықтан мәңгілік қарғысқа ұшыраймыз деген қорытынды шығаруға болады. Менің бар айтайын дегенім осы<sup>13</sup>.

Ортаға үшінші куәгер – Жарамсақтық шақырылды. Ант қабылдағаннан кейін ол былай деп сөзін бастады:

– Құрметті мырзалар! Мен бұл адамды көптен білемін және оның бұзық ойлы сөздерін жиі естуіме тура келді. Ол бәріміз құрметтейтін Белзібұл және оның ардақты достары: Кәрі адам,

Тәни құмарлық, Мансапқұмарлық, Азғындық және Сараңдық мырзалар туралы жаман сөздер айтады. Ол тіпті: «Егер сендер менің сенімім бойынша өмір сүргендеріңде, бұл мырзалардың қаладан кетулеріне тура келер еді», – деген сөздерді айтудан тайсалған жоқ. Оның батылдығында шек жоқ! Бұл оңбаған біздің қадірлі ханзадамызды құдайсыз деп атады. Ол біздің жоғарғы қоғам адамдарына күйе жақты<sup>14</sup>.

Жарамсақтық сөзін аяқтаған кезде қазы айыпталушыға қарап:

– Сен, діннен безген, сатқын! Өзің мына адал адамдардың саған қарсы айтқан куәліктерін естідің бе? – деп сұрады.

– Өзімді қорғап бір-екі ауыз сөз айтуыма мұрсат беріңіз, – деді Айнымас.

– Жексұрын! Сен өмір сүруге лайық емессің! – деді қазы ашуға булығып. – Сен өлуге тиіссің! Бірақ жиналғандардың менің кең пейілдігіме көз жеткізулері үшін саған сөз сөйлеуге рұқсат етемін.

– Біріншіден, – деп бастады сөзін Айнымас, – Көре алмаушылықтың таққан айыптарына қатысты. Егер қандай да бір ереже немесе қандай да бір заң, әдет-ғұрып немесе өмір салтының өзі Құдай сөзін қабылдамайтын болса, онда бұл халықтың сенімінің мәсіхшілікпен ортақ ештеңесі жоқ деген сөз. Егер менің айтып тұрғаным қате болса, онда бұған көзімді жеткізіңіз, сонда мен өз сөздерімді қайтарып алуға дайынмын. Екіншіден, Ырымшылдықтың айыптауына қарсы Құдайға шынайы мойынсұну үшін Оған деген сенім болуы керектігін айтқым келеді. Құдайға табыну қандай түрге енсе де, егер ол Құдайдың еркі бойынша айқындалмайтын болса, онда ол шынайы бола алмайды. Мұндай табыну Құдайға ұнамайды және бізді мәңгілік өмірге апара алмайды... Енді соңғысы, Жарамсақтық айтқан ойымды бәрінің көзіңше қайталағым келеді. Осы қаланың ханзадасы да және оның бүкіл сарайы да бұл қаладағы өмірден гөрі тозаққа көбірек лайық. Құдай мені мейірімінен айырмасын!<sup>15</sup>.

Сонда қазы залда отырған алқа билерге қарап былай деді:

– Құрметті мырзалар! Алдарыңда қаламыздың өмірінің шырқын бұзған адам отыр. Сендер құрметті куәгерлердің куәліктерін және айыпкердің жауаптарын тыңдадыңдар. Оны ақтау немесе жазалау енді сендердің қолдарыңда. Алдымен сендерді өзіміздің қылмыстық кодексіміздің тарихымен қысқаша таныстыра кетуді өзімнің міндетім санаймын. Біздің құрметті ханзадамыздың қызметшісі Ұлы перғауынның заманында егер



бөтен сенімді ұстанатын адамдар тым көбейіп кететін болса, онда жаңа туған балалардың бәрін суға батырып өлтіру қажеттігі жайлы заң қабылданды. Тағы да біздің ханзадамыздың қызметшісі болып табылатын Набуходоносордың заманында егер кімде-кім алтын пұтқа табынбайтын болса, жанып тұрған отқа лақтырылуы керектігі жайында заң қабылданды. Дарий заманында да солай болды: егер біреу одан өзге Құдайға табынатын болса, онда ол арыстандар тұрған орға лақтырылуы тиіс болды. Алдарында отырған бүлікші бұл заңдарды тікелей бұзды. Перғауын қабылдаған заң қылмысқа тосқауыл қоюға арналған болатын. Егер біз басқа заңдарға жүгінетін болсақ, онда дінімізге тіл тигізген бұл адамның өлім жазасына лайық екені айқын болады.

Алқа билер кеңесуге кетті. Олар мыналар еді: Соқыр, Түкке тұрғысыз, Ашушаң, Қаскөй, Бағытсыз, Ағаттық, Кекшіл, Менмен, Алдамшы, Аяусыз, Мейірімсіз және Қайтпас. Олардың әрқайсысы өз пікірлерін айтты. Нәтижесінде олар оны кінәлі деп тапты.

Жиналысты басқарып отырған Соқыр өз ойын бірінші болып білдірді:

- Бұл адамның діннен безген екені айдан анық!
- Оның көзін жер бетінен жою керек! – деді Түкке тұрғысыз.
- Дұрыс айтасың, оның түрінің өзі жағымсыз! – деп қосты

Ашушаң.

– Мен ол секілді адамдарды жек көремін! – болды Қаскөйдің пікірі.

– Сенімен толықтай келісемін, ол үнемі менің «ұстанымдарымды» жақтырмайтын, – деді Бағытсыз.

– Дарға асу керек! Дарға! – деді жан-жақты ойланған Ағаттық.

– Жексұрын! – деді Менмен.

– Оны бүкіл жан-тәніммен жек көремін! – деді Кекті.

– Ол қаңғыбас! – деді Алдамшы.

– Оны дарға асудың өзі аз! – деді Қатігез.

– Әлемдегі ешбір қазына үшін оның пікірімен келіспес едім.

Ол өлімге лайық! – деді Қайтпас.

Олар оны өлім жазасына кесуге бірауыздан шешім қабылдады<sup>16</sup>.

Өз қалаларының қылмыстық кодексінен бір мысқал да ауытқымау үшін мұқият жоспар құрылды. Алдымен оған дүре соқты, содан соң таяққа жықты, найзамен түйреді және ақырында таспен атқылап өлтірді. Бейшараның денесін қылышпен кескілеп, содан соң отқа тастады.

Айнымас өзінің күнәкар жердегі өмірін осылай аяқтады.

... Бірақ мен адамдардың артында ешкімге байқалмай тамаша екі ат жегілген отты күйменің тұрғанын көрдім. Айнымас жан тапсыра салысымен көзге көрінбейтін қолдар оны көтеріп апарып күймеге салды, содан соң періштелер сырнайлатып Аспандағы қалаға алып кетті. Сәлімге Құдай басқа тағдыр тағайындап қойған еді. Оны қайтадан түрмеге алып барды, бірақ бірнеше күннен кейін ол қашып шықты.

## ***Он төртінші тарау***

### **СӘЛІМ ЖӘНЕ ҮМІТТЕНУШІ**

Бірақ Сәлім ұзақ жалғыз жүрген жоқ. Оны саяхатшылардың сенімдері үшін шеккен азаптарын көріп, тәнті болған Әбігершілік қаласының бір тұрғыны қуып жетті. Соттағы Айнымастың сөздерінің оған қатты әсер еткені сондай, ол Сәлімге қосылуға бел байлады. Оның аты Үміттенуші болатын. Осылайша, шындық үшін куәлік етіп бір саяхатшы өлгенде, оның күлінен жаңа Мәсіхтің<sup>1</sup> жолын қуушылар пайда болды.

Арада көп өтпей олар Пайдакүнем атты біреуді қуып жетті.

– Сен біздің жерлесіміз емессің бе? Қайда бет алып барасың?

Бейтаныс өзінің Шешендік қаласынан шығып, Аспандағы қалаға беттеп бара жатқанын айтты. Бірақ ол өзінің атын айтқан жоқ.

– Шешендік қаласынан? Ол жақтан әділ өмір сүретін адамдар табыла қоя ма? – деп сұрады Сәлім таңданып.

– Неге табылмасын?

– Кешір, мейірбанды мырза, сенің атыңды білуге бола ма?

– Біз бір-бірімізді мүлде білмейміз. Егер сапарды жалғастырмақ ойың болса, бірге жүруге қуана келісемін, ал егер олай болмаса – жалғыз кете беремін.

– Естуімше, Шешендік қаласы өте бай дейді.

– Иә, бұған күмәнданбай-ақ қойсаң да болады. Онда менің бай туыстарым өте көп.

– Олардың кімдер екенін сұрауға бола ма?

– Бүкіл қала тұрғындары деуге болады, ал ең жақындары мына мырзалар: Тұрақсыз, Құбылма және қаланың атауы соның

аталарының атына берілген Шешендік. Сондай-ақ Көргісу мен Бұра тартқыш мырзалар да менің туыстарым. Ал біздің әміршіміз Екіжүзді мырза менің нағашым болып келеді. Қысқасы, атамның сөзіне ісі сай келмейтін қарапайым теңізші болғанына қарамастан, мен белгілі де ауқатты адамға айналдым. Айтпақшы, байлыққа мен де дәл осындай жолмен қол жеткіздім.

– Әйелің бар ма? – деп сұрады Сәлім.

– Иә, менің әйелім де ізгілікті адам, ол – ізгілікті Жорта істеуші ханымның қызы. Ол өте белгілі тұқымнан шыққан. Жақсы тәрбие алған ол ақсүйектер қоғамында өзін қалай ұстау керегін және қарапайым адаммен қалай сөйлесу керектігін біледі. Біздің мәсіхшілдігіміз ережелерді қатаң ұстанбайды, біз кейбір жағдайларда еркіндіктерге бара аламыз. Мысалы, біз ешқашан ағынға қарсы жүзбейміз, қазынамыз алтын мен күміске толы болғанда ғана ынталылық танытамыз және халықтың біздің пір тұтқандарын өте қатты ұнатамыз<sup>2</sup>.

Осы кезде Сәлім Үміттенушіні шетке алып шығып, оның құлағына былай деп сыбырлады:

– Меніңше, Шешендік қаласының бұл тұрғынының аты Пайдакүнем. Егер бұл солай болса, онда біз жер бетінен іздесең таба алмайтын жылпос адаммен бірге келе жатырмыз.

– Оның атының кім екенін сұрашы, – деді Үміттенуші. – Мен адамның өз атынан неге ұялатынын түсінбеймін.

– Мейірбанды мырза, – деді Сәлім бейтанысқа қарап, – сен өзіңді дүниедегі ең ақылды адамдай сезініп сөйлейді екенсің. Жаңылмасам, сенің атың Пайдакүнем ғой?

– Бұл ат емес, мені жақтырмайтындар берген лақап есім. Барлық ұлы адамдар секілді мен түрлі қорлауларға төзуге мәжбүрмін.

– Мұндай лақап атқа ие болуға өзің себепкер болған шығарсың?

– Жоқ! Заман талабына сай мен өз көзқарастарымды өзгертіп отырдым және одан ешқашан зиян шеккен емеспін. Өзімнің өмірімнің осындай сәтті болғанынан мен Құдайдың батасын көремін. Бұл үшін адамдар мені неге жақтырмайды екен?

– Сен туралы көп естіген едім, – деп жауап берді Сәлім. – Егер де менің пікірімді білгің келсе, ашығын айтайын, бұл ат саған өте лайық.

– Солай ойлағың келсе, ойлай бер. Бұл үшін сенімен араздасқым келмейді. Бірақ та егер біз бірге жүретін болсақ, мен саған жақсы әңгімелер айтып беретін едім.

– Егер бізбен бірге жүргің келетін болса, – деді Сәлім, – онда дауылмен, суықпен және аптап ыстықпен арпалысуыңа тура келеді. Бірақ менің түсінуім бойынша, сен ондайды қаламайсың. Сен мәсіхшілікке адал болып қалуға және қандай жағдайда да одан бас тартпауға тиіссің.

– Маған өз көзқарастарың мен сеніміңді таңбауыңды өтінем. Менің өзімше ойлап, өзімше әрекет жасауыма ерік бер, сонда мен сендермен бірге жүремін.

– Жоқ, біздің сенім бойынша жүрсең ғана бірге барасың.

– Мен өзіме ұнайтын және айналамдағыларға ешқандай қауіп тудырмайтын ұстанымдарымнан ешқашан бас тартпаймын. Егер сендер мені өздеріңмен бірге жүруге лайықсыз деп тапсаңдар, мен жалғыз кете беремін. Бірге жүруге лайық деп есептейтін басқа адам тауып аламын<sup>3</sup>.

Сәлім мен Үміттенуші өздері жеке кетті. Біраз жүргеннен кейін арттарына бұрылып қараған олар Пайдакүнемді әлдебір үш адамның қуып жеткендерін көрді. Пайдакүнем оларға иіліп сәлем берді, олар да сыпайы жауап қатты. Олардың бірі Жантыныштығы, екіншісі – Күмісқұмар, ал үшіншісі – Үнемшіл болатын. Олар Қарпығыш мырзаның мектебінде бірге оқыған болатын. Мектеп Ашкөздік аймағындағы Пайда атты сауда қаласында орналасқан еді.

Қарпығыш оларды ақшаны күшпен, алдау, мақтау немесе қайырымды істер істеген болып көріну арқылы табу өнеріне баулуға тырысты. Төртеуінің бұл өнерді жете меңгергені сондай, олардың кез келгені осындай мектеп ашып, оны жақсы басқарып кете алар еді.

Аман-саулықтан кейін, Күмісқұмар Пайдакүнемнен:

– Алда кетіп бара жатқан екеу кімдер? – деп сұрады.

– Аспандағы қалаға сапарды өздерінше түсінетін бір түрлі адамдар.

– Олар неге аялдап, бізді күтпейді. Бәріміз бір қалаға бет алып бара жатырмыз ғой.

– Олардың түсініктері тым таяз. Олар тек өз ұстанымдарын ғана ұстанады, ал өзгелердің ұстанымдарын теріс деп санайды. Адам қаншалықты жақсы болса да, егер оның көзқарасы өздерінің іліміне сәйкес келмесе болды, олар онымен бірге жүруден бас тартады.

– Бұл жақсы емес, – деді Үнемшіл. – Өдеттен тыс әділетті, сол себепті өзгелерді айыптайтын адамдар тобы барын білеміз. Айтшы, сендер не нәрсеге келісе алмадыңдар?

– Олар өз жолдарын кез келген ауа райында да жалғастыра беруіміз керек деп есептейді, – деді Пайдакүнем. – Ал мен ауа райы жаман кезде күте тұрғанды ұнатамын. Олар Құдай үшін бәрін құрбан ету керек деп санайды, ал мен бірінші кезекте өз өмірің мен өз пайдаң туралы ойлау керек деп есептеймін. Адамдардың көбі түсіне бермесе де, олар өз діни ұстанымдарын берік ұстанады, ал мен оларды жағдайға қарай өзгертіп отыру қажет деп санаймын. Олар тіпті бәрі өздерін жек көріп, бейшара өмір кешіп жүрсе де сенімдеріне адал болады. Ал мен сенімді тек мәсіхшілік байлықта өмір сүріп, бәрі оған қол соғып қошамет көрсеткенде ғана уағыздаймын<sup>4</sup>.

– Осы бағытыңнан тайма, қымбатты досым, – деді Жантыныштығы оны мақтап. – Өз байлығын сақтап қалуға және оны одан әрмен көбейтуге мүмкіндігі бола тұра одан қандай да бір идея үшін бас тартқан адам нағыз ақымақтың өзі. Жылан секілді айлакер болуымыз қажет! Араға қараңдаршы, ол қыстай жылы жерде ұйықтап, көктемде, бәрі гүлдеген кезде бір-ақ оянады. Құдай жерге жауынды және ашық күндер жібереді. Жауынға қарамайтын ессіздер болса, онда сапарларын жалғастыра берсін, ал біз күннің ашылуын күтеміз. Жердегі қызықтарды Құдай бізге рақатын көруіміз үшін бергенін тіпті ақымақтың өзі біледі. Ыбырайым мен Сүлеймен өз сенімдерінің ілімін ұстана отырып мол байлық жинай алды. Олар алдымызда кетіп бара жатқан саяхатшыларға ұқсамайтын еді.

– Бұл жайында бәріміз бір пікірде секілдіміз, – деп қосты Үнемшіл. – Сондықтан басқа әңгімеге көшейік.

– Иә, әрине, бұл туралы енді айта берудің қажеті жоқ, – деді әңгімеге араласқан Күмісқұмар. – Кім Киелі Жазбаға сенбесе және ақылын басшылыққа алмаса, сол өз еркіндіктерін түсінбейді және өз пайдасын іздемейді.

– Бауырлар, – деді Пайдакүнем бәріне қарап, – жол қысқарту үшін бір сауал қоюыма рұқсат етіңдер. Мысалы бір адам, мейлі ол бағушы немесе саудагер болсын, жердегі рақаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін ұсыныс алды делік. Өлгі адам бұған келісе ала ма әлде соған қарамастан адал адам болып қала ала ма?

– Сенің сұрағыңның мәнін түсіндім, – деді Күмісқұмар. Біріншіден, бұл адам – қауымның бағушысы екен делік. Ол жақсы, бірақ табысы тым аз адам деп елестетейік. Кенет оның алдынан тамаша мүмкіндік ашылады. Егер ол ынталана уағыз айта бастайтын болса және келушілердің сүйіспеншілігіне ие болу

үшін өзінің кейбір ұстанымдарынан бас тартатын болса, онда үлкен қызметке тағайындалады. Беделі онсыз да жақсы болған жағдайда ол адамға мұнымен неге келіспеске? Тіпті, оның басқа да көптеген нәрселерге бара отырып адал адам болып қалуына болады. Неге олай болмасқа?

Біріншіден, бұл мүмкіндік оған құдіреттің күшімен берілгендіктен, оның жерлік рақаттарға көбірек қол жеткізсем деген тілегі заңды. Сондықтан да ол еш уайымдамастан өз мақсатына қол жеткізуге ұмтыла алады.

Екіншіден, жақсы өмір сүруге деген тілегі оны белсенді уағыздауға, яғни, өз борышын Құдайдың еркіне сай адал орындайтын тәртіпті адам болуға итермелейді.

Үшіншіден, егер ол келушілерге жағу үшін өзінің көзқарастарынан ауытқыйтын болса, онда оның бойында өз-өзін құрбан ету сезімі жақсы дамыған, ол момын және жақсы орындаушы, сондықтан өте жақсы бағушы болуға лайық деген сөз.

Төртіншіден, аздан гөрі көпті артық көретін бағушы бұл үшін пайдақор адам болып есептелмеуі тиіс, себебі соның арқасында ол келушілерінің санын көбейте алады және мұның сыртында, жақсылық жасауға қосымша мүмкіндіктер алады.

Ал енді сұрағымыздың екінші бөлігіне келейік, яғни, ол адам – саудагер деп елестетейік. Оның сауда айналымы тым шағын екен делік. Егер ол сенуші адамға айналса немесе тым болмағанда солай болып көрінуге тырысса, онда ол табысын молайта алатын еді, бай қызға үйленіп, өзіне ауқатты сатып алушылар тауып алар еді. Бұл адамның әрекетінен мен айыптайтындай еш нәрсе көріп тұрған жоқпын және мұның неліктен екенін айтайын: біріншіден, сенушілік – бұл қашан да игі нәрсе, екіншіден, бай қызға үйлену немесе ауқатты сатып алушыларға қол жеткізуге тырысу заңға мүлде қайшы емес; үшіншіден, жақсылыққа жақсылық жасау арқылы сенушіге айналған адамның өзі де жақсы адамға айналады. Оның сүйкімді әйелі, пайдалы сатып алушылары, жақсы табысы бар және осының барлығы оның Құдайға мойынсұнған адамға айналуының арқасында болды. Мұны мен жақсы, пайдалы және Құдайға ұнамды іс деп есептеймін<sup>5</sup>.

Күмісқұмардың жауабын қалғандары үлкен қызығушылықпен тыңдап, сүйсіне қабылдады. Бұлай істеудің жақсы және пайдалы екендігімен бәрі де келісті. Бұл пікірді теріске шығара алатын ешкім табылмағандықтан, осы сұрақты оларға да қойып көру

үшін әлгілер өздеріне таяу маңда кетіп бара жатқан Сәлім мен Үміттенушінің жанына жақындауға шешім қабылдады.

Олар қатты дауыстап шақырғаннан кейін саяхатшылар кідіріп, оларды күтіп тұрды. Аман-саулықтан кейін іштеріндегі үлкені Жантыныштығы оларға әлгі сауалды қойып, өз пікірлерін білдірулерін сұрады.

– Тіпті кішкентай баланың өзі мұндай сұрақтың мыңына жауап бере алады, – деді Сәлім. – Егер де Мәсіхтің соңынан тек нан табу үшін ғана еру қандай заңсыз болса, Оны осы дүниелік игіліктерге қол жеткізу үшін пайдалану да дәл сондай жексұрындық. Тек пұтқа табынушылар, екіжүзділер, шайтан мен сиқыршылар ғана осылай ойлай алады!

1. Пұтқа табынушылар Хамор мен оның ұлы Сихем Жақыптың қыздары мен малдарына ие болуды ойлады. Бірақ олар бұған тек сүндеттеу рәсіміне отырғанда ғана қол жеткізе алатын еді. Сонда олар өз адамдарына былай деді: «Тек біздегі бүкіл еркек атаулы олар сияқты сүндеттелетін болса ғана, олардың ер адамдары бізбен бірге тұрып, біртұтас халық болуға көнеді. Осылай өз отар-табындары мен жиған-тергендерінің бәрі де біздікі болмай ма? Олар қыздар мен малға ие болуды қалады, ал дін оларға қалаған игіліктеріне қол жеткізу үшін ғана қажет болды.

2. Екіжүзді парызышылдар да дәл осы саясатты ұстанды. Олар ұзақ мінажат ететін, бірақ олардың сенімдері бар-жоғы жетімдер мен жесірлерді тонап алудың құралы ғана болатын. Сондықтан олар Құдайдың қарғысына ұшырады.

3. Бойын шайтан жайлап алған Яһуда Исқариот да сенімді дәл осы мақсат үшін пайдаланды. Ал оның өлімі қандай сұмдық болды!

4. Шимон-сиқыршы да осы жолды таңдап алды. Ол Киелі Рухқа кенелуді осы дүниелік байлықтарға қол жеткізу үшін қалады және сол себептен елші Петірден қатаң сөгіс естіді.

5. Сенімді өз мүддесі үшін пайдаланатын адамның оны осы дүниелік нәрселерге оп-оңай айырбастап кететініне сенімдімін. Яһуда өзінің Ұстазын ақша үшін сатып кетті. Сендердің пікірлеріңмен тек пұтқа табынушылар мен Екіжүзділер ғана келісе алады. Құдай әркімнің ісіне қарай жазасын береді.

Олар бір-бірлеріне аңтарыла қарап, алғашында оған қарсы ештеңе айта алмай қалды. Үміттенуші өз жолдасының сөздерін қолдады. Үнсіздік біршама уақытқа созылды. Пайдакүнем мен оның серіктері өздеріне ұнамайтын адамдардан аулақ кету үшін жүрістерін баяулатты.

– Бұлар адамның үкімін тыңдауға шыдай алмаса, онда олар Құдайдың үкіміне қалай шыдайды? Егер мәңгі лаулап жататын отқа тасталса олардың күндері не болады?<sup>6</sup> – деді Сәлім.

Жүрістерін жылдамдатқан Сәлім мен Үміттенуші арада көп өтпей Тыныштық<sup>7</sup> деп аталатын жазыққа келіп жетті. Сол кезде кенет айнала жап-жарық болып кеткендей болды да, олардың бойларын қуаныш кернеді. Бұл жазық шағын еді, сондықтан олар оны тез жүріп өтті. Оның қарсы бетінде Пайда атты аласа төбе және онда күміс кен орны бар еді. Саяхатшылар күмісі мол осы кен орнына көз салу үшін жолдарынан жиі бұрылатын. Түбінде күміс жатқан осы шұңқырдың жиегіне жақын келген саяхатшылардың көпшілігі аяқтарының астындағы жердің былқылдақ екенін сезетін және кенге жақсылап көз салу үшін еңкейіп, мәңгілікке ор ішіне құлап кететін. Ал жолы болғандары аяқ-қолдары сынса да, әйтеуір үйлеріне аман-есен оралатын.

Жақын маңда мейірбан жүзді Димас атты адам жүргіншілерді тоқтап, кен орнына көз салуға үгіттеп тұр. Сәлім мен оның жолдасын көрген Димас оларға:

– Әй, тоқтаңдар! Мұнда келіңдер! Сендерге бір тамаша нәрсе көрсетейін, – деді.

– Бізді жолымыздан бұра алатындай оның соншалықты не болуы мүмкін?

– Бұл жерде күмістің мол кені бар. Сендер көп күш жұмсамай-ақ байлыққа кенелесіңдер.

– Жүр, көрейік, – деген ұсыныс жасады Үміттенуші.

– Жоқ, мен бармаймын, – деді Сәлім кесімді үнмен. – Бұл жерде көптеген адамдар қаза болды деп естігенмін. Оның үстіне байлық – бұл адамға құрылған қақпан, ол саяхатшының жолына көптеген кедергілер тудырады<sup>8</sup>.

Сөйтті де Сәлім Димасқа қарап былай деді:

– Бұл жер қауіпті ғой, солай ма? Ол көптеген адамдардың жолдарын әрі қарай жалғастыруларына кедергі болды ғой?

– Жоқ, аса қауіпті емес, – деді Димас тура жауаптан тайғақтап, – тек алаңғасарлар үшін болмаса (осы сөздерде айтқан кезде ол қызарып кетті).

– Бұл жерде бір сәтке де аялдауымызға болмайды, кетейік, – деді Сәлім.

– Мына кереметке көз қырын да салмай кете бересіңдер ме? – деді Димас оларды азғыруын қоймай.

– Димас, сен біздің Жаратушымыздың шынайы жолының дұшпанысың және бір кезде өзің де жаман жолға түскенің үшін



айыпталған болатынсың, – деп жауап берді оған Сәлім. – Енді неге бізді де жолдан тайдыруға ұмтыласың? Егер жолымыздан бұрылатын болсақ, онда Патшамыздың алдына қалай барамыз? Біз бұған қуана алмаймыз, керісінше, ұяттан жерге кірердей боламыз.

Димас олардың бауыры екенін және егер саяхатшылар сәл кідіретін болса, онда өзінің де олармен бірге жолға шығатынын айтып сендіруге тырысты.

– Сенің атың кім? Мен дұрыс атадым ба? – деп сұрады Сәлім.

– Иә, менің атым Димас, Ыбырайымның ұлымын.

– Мен сені білемін. Гехазиді арғы атаң, ал Яһуда – әкең және сен де дәл солардың жолымен кетіп барасың. Сенің әкең атақты сатқын және өмірін дарға асылумен аяқтады, сен де соның жолын құшасың.

Ал Пайдакүнем мен оның жолдастары Димас бір шақырғаннан ақ кенді көруге барды. Олар кенге қараймыз деп орға түсіп кетті ме немесе көбірек жинап алайық деп қазып жүріп уланып өлді ме, ол жағын білмеймін. Бар білетінім, оларды одан кейін ешкім ешқашан көрген жоқ<sup>9</sup>.

...Міне, саяхатшыларымыздың Тыныштық жазығынан өтіп, көне ескерткіштің алдына аялдағандарын көріп тұрмын. Бағанға айналған әйелге ұқсайтын нәрсені көрген олар қатты таңданып тұрып қалды. Содан соң олар ескерткішті айналып қарай бастады. Олар мұның нені білдіретінін ұзақ уақытқа дейін түсіне алмады. Ақыры Үміттенуші оның жоғары жағындағы әлдебір жазуды байқады. Оны Сәлімге көрсетіп, оқи аласың ба деп сұрады. Сәлім қинала отырып: «Лұттың әйелін естеріңе алыңдар» деген жазуды оқыды. Сонда олар мұның құтқарылу үшін Содом қаласынан қашып келе жатып қиратылған қалаға қараймын деп артына бұрылған кезде тұзды бағанға айналған Лұттың әйелі екенін түсінді.

– Иә, бауырым, – деді Сәлім толқып, – бұл Құдайдың құдіреті емей немене! Егер біз Димастың арбауына көнгенімізде, онда біз де өзге саяхатшылар үшін ескерту белгісі болып табылатын дәл осындай бағанға айналған болар ма едік...

– Оның арбауына бір сәтке болса да еліккеніме ұяламын және Лұттың әйеліне ұқсап бағанға айналып кетпегеніме таңданып келемін. Өйткені оның күнәсі мен менің күнәмнің арасында ешқандай айырмашылық жоқ қой! Ол жай ғана артына

бұрылып қарады, ал мен барып күміске қарамақ болдым. Мұндай ой басыма қайтып келмеуі үшін ол енді маған сабақ болсын<sup>10</sup>.

– Иә, көргенімізден сабақ алайық, – деді Сәлім оны қолдап, – бұл әйел Содомда өлуден аман қалды, бірақ бәрібір тұз бағанына айналып басқа өліммен өлді.

– Мейлі, – деді Үміттенуші, – ол бізге ескерту болады: Қорах, Датан мен Абирон және екі жүз елу адам күнәкарлықта қаза тапты және өзгелерге сабақ болды.

– Содом тұрғындары жайында Құдайдың алдында олардың үлкен күнәкарлар болғаны айтылады. Содом елі – Құдайдың бай әрі табиғаты тамылжып тұрған бағы болған. Құдай оған сондықтан да қатты ашуланып, қиратып тастады. Осының бәрінен Құдайдың ескертулері мен берген белгілеріне қарамастан күнәкарлықпен өмір сүргісі келетіндер міндетті түрде Оның қаһарына ұшырайды деген дұрыс қорытынды шығаруға болады.

### ***Он бесінші тарау***

#### **КҮМӘН ҚАМАЛЫ ЖӘНЕ АЛЫП ТОРЫҒУ**

...Міне, саяхатшылар жүріп келе жатқан жолдың оларды Дәуіт патша Құдай өзені, ал Жохан өмір өзені деп атаған өзенге алып келгенін көріп тұрмын<sup>1</sup>. Жол өзен бойын жағалай жүретін. Біздің саяхатшылар үшін жолдың бұл бөлігі нағыз рақаттың өзі болды. Өмір суының әр тамшысы олардың шаршаған рухтарына күш берді. Өзеннің жағалауын бойлай жемісі жайқалған қалың ағаштар өсіп тұр. Олардың көлеңкесі ұзақ жүрістен шаршап, әрі қатты ыстықтаған жолаушыларға сая болды.

Өзеннің екі жағалауының да гүлдері солмай, жыл бойы жайқалып өсіп тұратын шалғын жер екен. Олар гүлдеп тұрған алаңқайға тынығуға тоқтады да, ұйықтап кетті. Олар бұл жерде өздерін толықтай қауіпсіздікте сезіне алатын еді. Осы жерде саяхатшылар бірнеше күн болды және қайта жолға шығар алдында:

«Саяхатшылар аялдап, демалатын орынға: сарқырап аққан өзендерге, жасыл құрақты жағалауларға, иісі аңқыған гүлдермен көмкерілген жасыл жайлауларға қараңдаршы... Мына ағаштардың шырынды жемістерін татып, көлеңкесін саялаған әркім мұнда тағы біраз аялдау үшін қолындағы барын берер еді» – деп әнге басты.

Содан соң олар қайтадан жолға шықты, себебі олардың саяхаттары әлі аяқталған жоқ еді.

Алаңқайдан өте салысымен олар жолдың біртіндеп өзеннен алыстап бара жатқанын байқады. Күмістей жарқыраған өзен суынан алыс кету өкінішті еді, бірақ та бетке алған жолдарынан бұрылуға олардың батылдары бармады. Жол біртіндеп тастақ, ойқы-шойқы бола бастады. Саяхатшылардың аяқтарын тас тіліп, қаны шығып кетті. Бірақ бір кезде бұл тастар да бітер деген үмітпен олар алға қарай жүре берді<sup>2</sup>. Бір кезде сол жақтарынан қоршаумен қоршалған, Бұрма алаңқай деп аталатын басқа бір алаңқайды байқады<sup>3</sup>. Ол алаңқайға қарай тар соқпақ кетіп жатыр.

– Егер де бұл алаңқай біз жүретін жолдың бойын бүтіндей алып жатқан болса, онда сонымен жүргеніміз дұрыс, – деді Сәлім өзінің адал жолдасына.

Қоршаудың жанына таяп келіп, ішіне көз тастаған ол қоршаудың қарсы бетінен өз жолдарымен жапсарлас жатқан тағы бір сұрлеуді байқады.

– Бізге керегі де дәл осы еді, – деді Сәлім қуанып, – бұл жолмен жүру жеңіл әрі жұмсақ. Бауырым, жүр, осы жолға түсейік<sup>4</sup>.

– Ал егер бұл сұрлеу бізді басқа жаққа бұрып әкетсе ше?

– Олай болуы мүмкін емес! Қара, ол да біз баратын бағытқа қарай созылып жатыр.

Досының тілін алған Үміттенуші онымен бірге қоршаудың ішіне қарай өтті. Сұрлеуге түскен кезде олар онымен жүрудің қаншалықты жайлы екенін бірден сезінді. Көп өтпей олар алдарында кетіп бара жатқан біреуді байқады. Оның аты Өз-өзіне сенімді еді. Олар одан бұл жолдың қайда апаратынын сұрады.

– Аспандағы қалаға, – деп жауап берді ол.

– Көрдің бе, мен қателескен жоқпын, – деді Сәлім. – Біздің дұрыс жолда екенімізге енді көзің жетті ме?

Олар бейтаныстың соңынан ілесті. Бір кезде жер бетіне қараңғылық түсе бастады. Түнде аспанда ай да, жұлдыз да көрінбегендіктен, ештеңе көру мүмкін болмады. Алда кетіп бара жатқан Өзіне сенімді терең орға құлап мерт болды. Бұл орды осы жердің қожайыны өз-өздеріне тым сенімді ессіздерге арнап әдейі қаздыртып қойған болатын<sup>5</sup>.

Саяхатшылар оның құлаған дыбысын естіді. Не болғанын білу үшін олар оны дауыстап шақырды. Бірақ ешқандай жауап ала алмады. Оларға тек өліп бара жатқан адамның әлсіз ыңырсыған үні естілді.

Қатты қорқып кеткен Үміттенуші:

– Біз қайда тап болдық? – деп дауыстап жіберді.

Жолдасы ештеңе деп жауап қайырған жоқ, бірақ ол өздерінің дұрыс жолдан тағы да қиыс кеткендерін түсінді. Кенет найзағай

жарқылдап, күн күркіреп, қатты жаңбыр жауа бастады. Жердің бетін су басты<sup>6</sup>.

Сонда Үміттенуші серігіне күйіне қарап:

– Шіркін, дұрыс жолдан ауытқымағанымда ғой! – деді.

– Бұл сүрлеудің бізді өз жолымыздан алыстатып әкететінін кім білген! – деді Сәлім оны сабасына түсіруге тырысып.

– Мен басынан-ақ қауіптенген болатынымын, бірақ жасың үлкен болғандықтан саған қарсы шықпайын деп едім.

– Бауырым, маған ашуланбашы. Дұрыс жолдан ауытқып, қауіп-қатерге ұрынуымызға себепкер болғанымға өкінемін. Кешір, менің жаман ойым болған жоқ...<sup>7</sup>

– Қамықпа, достым, мен ашуланып тұрған жоқпын. Мүмкін, бұл жағдай бізге пайдасын тигізер.

– Сенің осындай кең пейілділігіңе разымын. Бірақ біз бұл жерде қалмауымыз керек, кейін қарай жүріп көрейік.

– Алда мен жүрейін, – деді Үміттенуші.

– Жоқ, алда мен жүремін және қауіпке кез болсақ бірінші болып өлемін, себебі мұнда менің кесірімнен тап болдық.

– Жоқ, сенің алда жүруіңе жол бермеймін, – деді Үміттенуші айтқанынан қайтпай. – Қазір сенің көңілің орнында емес, сондықтан жаңсақ қадам жасауың мүмкін.

Осы кезде олардың қуанышына орай: «Жүрегіңді өзің бұрын жүріп келе жатқан шынайы жолға бұр. Оған қайтып орал!» деген қатты дауыс естілді.<sup>8</sup>

Бұл уақытта олардың тым биікке көтеріліп кеткендері сондай, енді артқа қайтудың өзі қауіпті еді. Сонда мен: «Дұрыс жолдан тау қандай оңай, ал оған қайта түсу қандай қиын», – деп ойладым. Олар ештеңеден қаймықпастан кейін бұрылды, бірақ түннің тым қараңғы болғаны, ал судың тым биікке көтеріліп кеткені сондай, олар бірнеше рет өлім аузынан қалды. Бұл түні олар сүрлеуді ақыры таба алмады. Ақыры олар құрғақ жер тауып, сонда таңның атуын күтуге бел байлады. Әбден шаршаған олар бірден ұйықтап кетті.

Сол жерге жақын маңда Күмән деп аталатын қамал бар еді. Оның қожайыны Торығу атты алып болатын<sup>9</sup>. Ештеңеден хабары жоқ олар соның иелігіндегі жерде ұйықтап қалған еді. Таңертең аймағын аралап серуендеп қайту үшін қамалынан шыққан алып өз жерінде ұйықтап жатқан Сәлім мен Үміттенушіні көрді. Ашуға мінген алып оларды оятып алып кім екендерін және мұның жеріне қалай тап болғандарын сұрады. Ұйқыларын әлі жөндеп аша алмаған және кімнің алдында тұрғандарын білмейтін олар:

– Біз саяхатшылармыз, кешегі сұрапыл түнде адасып кеттік, – деп жауап берді.

– Сендер менің жерімді таптағандарың үшін кінәлісіңдер, – деді алып гүрілдеп, – сондықтан менің соңымнан еріңдер!

Өздерін сәл де болса кінәлі сезінген олар алыпқа ешқандай қарсылық көрсете алмады. Алып оларды қамалындағы сасық иісі мүңкіген зынданға тастады. Олар онда нәр татпастан төрт күн жатты. Бұл қасіретке өзінің кесірінен ұрынғандарын сезінген Сәлім жолдасына қарағанда қаттырақ қайғырып, өзін жазғырумен болды<sup>10</sup>.

Торығудың Сенімсіздік атты әйелі бар еді. Кешкісін ұйықтауға жатқан кезде ол әйеліне зынданда жатқан екі саяхатшы туралы айтты. Олармен не істейтініне қатысты әйелінен кеңес сұрады. Әйелі оларды аяусыз таяққа жығу туралы «дана кеңес» берді.

Келесі күні таңертең ол күйеуіне жабайы алма ағашынан жасалған сойыл әкеліп берді. Сойылды қолына ұстап алған алып зынданға келді де, оларды аяусыз соққылай бастады. Саяхатшылар алғашқы соққылардан кейін-ақ естерінен танып қалды. Алып оларды қайтадан зынданға тастады. Күннің қалған уақытын олар ыңқылдаумен және жылаумен өткізді.

Келесі түні Торығу мен оның әйелі Сенімсіздік тағы да саяхатшылар туралы әңгіме қозғады. Әйелі олардың әлі тірі екендеріне танданып қалды және енді олардың бойларына өз-өздеріне қол салу туралы ой сіңіруге кеңес берді.

Таңертең қайтадан зынданға барып, олардың қайғы мен жарақаттан әлсіреп жатқандарын көрді де, оларға өз-өздерін өлтіруге кеңес берді. Бұл жерден олардың ешқашан тірі шықпайтындарын айтты. Пышақ, тұзақ жіп пен удың кез келгенін таңдап алуларына ерік берді. Ал батылдықтарын бойларына жиған саяхатшылар Алыптан өздерін босатып қоя беруін сұрай бастады. Бұған одан әрмен ашуланған Торығу арыстанша ақырып бейшара саяхатшыларға қайтадан тап берді. Талмасы ұстап қалмағанда, күші мен ашуы бойына симай тұрған Торығу оларды өлтіріп қоятын еді (күн өте ашық болған күндерде ол осылай ауырып қалатын).

Алып оларды жайына қалдырып, сыртқа шығып кетті. Бейшара тұтқындар әрі қарай не істейтіндері жайлы ақылдаса бастады. Мүмкін, олардың Алыптың айтқанын тыңдап, өз-өздеріне қол жұмсағандары дұрыс болар?<sup>11</sup>.

– Бауырым, енді не істейміз? – деді Сәлім. – Мынандай жағдайда біз ұзаққа бара алмаймыз. Өле салғанымыз артық

шығар? Маған мына зынданнан гөрі қабірдің іші жылырақ секілді болып көрінеді! Мүмкін, оның айтқандарын құп алармыз?<sup>12</sup>.

– Әрине, біз жаман жағдайға тап болдық, – деді оның серігі, – және маған да мынандай өмірден гөрі өлімнің өзі артығырақ секілді болып көрінеді. Бірақ... біз бара жатқан елдің Қожайыны: «Кісі өлтірме», – деп өсиет айтқан. Өзгелерді өмірінен айыруға біздің ешқандай құқымыз жоқ. Біреуді өлтірген адам тек оның тәнін ғана өлтіреді, ал өзін өлтірген адам өзінің жанын да өлтіреді. Бауырым, сен өлгенде өзіңді күтіп тұрған тыныштық жайлы айтасың, бірақ сен кісі өлтірген адам баратын тозақ туралы ұмыттың ба? Бізге: «кісі өлтірушінің мәңгілік өмірі жоқ» деп айтылған. Оның сыртында, Торығуға барлық билік беріліп қойған жоқ. Менің түсінуім бойынша, мұнда түскен біз секілділердің көпшілігі бұл жерден қашып шыққан. Кім біледі, мүмкін, бір күні ол есікті құлыптауды ұмытып кетер. Болмаса тағы да талмасы ұстап, бар күшінен айырылып қалар. Ыңғайы келе қалса, мен бұл жерден қашып шығамын<sup>13</sup>. Бұл ойдың менің басыма бұрынырақ неге келмегеніне таңым бар! Бауырым, тағы біраз шыдайық және өлім туралы енді ойламайық. Бұл жерден құтылып шығатынымызға сенімдімін.

Үміттенуші досын осындай сөздермен жұбатумен болды. Олар тағы бір күнді қараңғылықта, аштық пен қайғы-қасіретте өткізді.

Олардың өз ақылына құлақ асқан-аспағандарын білу үшін Алып кешкісін зынданға тағы келді. Ол тұтқындардың шалажансар күйде жатқандарын көрді. Аштықтан, шөлден және іріңдеп кеткен жарақаттарынан қатты азап шеккен олар әзер қозғалады. Тұтқындардың әлі тірі екендігі қатты ашуландырғаны сондай, ол:

– Енді өз обалдарың өздеріңе! Осы дүниеге келгендеріңе өкінетін боласыңдар! – деп көрлене айқайлады.

Торығудың сөздерін саяхатшылар шошына тыңдады, Сәлім, тіпті есінен танып қалды. Есін жиғаннан кейін ол Алыптың айтқандарына құлақ асқанымыз дұрыс бола ма екен деп ойлай бастады. Үміттенуші досын тағы да жұбатуға кірісті:

– Қымбатты бауырым, бұрын сен ержүрек адам едің ғой! Сені тіпті Аполлионның өзі жеңе алмады, сен Өлім өлкесі алқабынан көргендерің мен естігендеріңнен де қорыққан жоқсың. Қаншама азап пен қорқыныштардан аман өттің, ал қазір... Шынымен де бойыңда үрейден өзге ештеңе қалмағаны ма? Зынданда екеуміз бірге отырмыз ғой, ал мен рухани жағынан сенен әлдеқайда әлсізбін. Алып мені де аяусыз ұрды, сен секілді мен де аштық пен шөлден азап шегудемін. Тағы біраз шыдайық! Әбігершілік

жәрмеңкесінде өзіңнің қандай батыл болғаныңды есіңе түсірші – сені шынжырлар да, темір тор да, досыңның азапты өлімі де қорқыта алмады. Сондықтан мәсіхшіге лайық емес жаман атаққа қалмау үшін тартып жатқан азаптарымызға ерлікпен төтеп берейік<sup>14</sup>.

Тағы да кеш болды. Ұйықтауға барғанда әйелі Алыптан тағы да саяхатшылар жайында сұрады.

– Олар алған беттерінен еш қайтпайтын алаяқтар екен! Олар қандай азап көрсе де өз-өздеріне қол салмайды.

– Ертең оларды қамалдың алаңына алып шығып, өзіміз оларға дейін о дүниеге аттандырған адамдардың қаңқаларын көрсет. Арада апта өтпей-ақ олардың да осындай күйге түсетіндерін айтып сендір.

Таң атқаннан кейін Алып оларды алаңға алып шықты.

– Қараңдар, – деді Алып оларға өлген адамдардың қаңқаларын көрсетіп, – мыналар сендер секілді саяхатшылар болған және олар да менің иелігімдегі жерге кіріп кетті. Мен оларды өлтіріп тастадым. Егер беттеріңнен қайтпайтын болсаңдар сендер де солардың жолын құшасыңдар.

Тұтқындар күні бойы қапаста жатты. Кешкісін Алып әйелімен тағы да саяхатшылар туралы әңгіме қозғады. Күйеуі оларды өз-өздеріне қол салуға әлі мәжбүрлей алмағанына қатты таңданатынын мойындады.

– Менің ойымша, олар бізді біреу келіп құтқарып алады немесе ебін тауып қашып кетеміз деген үмітпен өмір сүретін секілді, – деді әйелі.

– Ертең оларды бір жағына шығарамын, – деді Алып.

Ал дәл осы кезде, түн ортасында екі тұтқын мінажат етуге тұрды және жарық түскенге дейін дамылсыз мінажат етумен болды<sup>15</sup>.

Таң ата бергенде Сәлім кенет:

– Мен қандай ақымақ едім! Еркіндікте сайрандап жүрудің орнына қараңғы қапаста жатырмын! Менде Торығу қамалының кез келген есігін аша алатын Уәде атты кілтім бар ғой! – деп қуана дауыстап жіберді.

– Жақсы болды ғой! – деді Үміттенуші қуанып, – оны тезірек шығар, бауырым!<sup>16</sup>.

Сәлім қойнынан кілтті шығарды да, қапастың есігін ашуға талпынды. Есік бірден ашылып кетті. Олар қапастан шығып, қамалдың ауласына апаратын есікке жетті де, оны да сол кілтпен ашып алды. Темір қақпаға жеткенде олардың біраз қиналуларына

тура келді, бірақ кілт оны да ашты! Олар есікті тым қатты ашқандықтан қақпа қатты сықырлады да, Алып ұйқысынан оянып кетті. Олардың соңынан қуу үшін Алып орнынан қарғып тұрды, бірақ кенет аяқ-қолдары дірілдеп, орнынан қозғала алмай қалды.

Тұтқындар осылайша қапастан қашып шықты және тек Торығудың қамалынан шығып кеткеннен кейін ғана өздерін қауіпсіздікте сезінді.

Сүрлеуге жеткеннен кейін олар өзге саяхатшыларды Алыптың тұтқынына түсіп қалу қаупінен қалай құтқарып қалудың жолын ойластыра бастады. Сонда олар сол жерге бір үлкен тасты қойды да, оған: «Бұл сүрлеу Күмәндану қамалына алып барады. Онда Аспан қаласы Патшасының дұшпаны, Оның қасиетті саяхатшыларын өлімге душар етуге талпынатын Торығу атты алып тұрады»<sup>17</sup>, – деген жазу жазып қойды.

Осыдан кейін осы тастың жанынан өткен көптеген адамдар ондағы жазуды оқып, қауіптен аман құтылып жүрді.<sup>18</sup>

Ал біздің саяхатшылар қуанғандарынан былай деп әндетті: «Біз дұрыс жолдан бұрылып кеттік және бөтеннің иелігіндегі жерге аяқ басудың қандай болатынын білдік. Күмән атты қамалдың иесі Торығудың тұтқынына түспеу үшін бізден кейін келетін саяхатшылар сақ болсын».

## ***Он алтыншы тарау***

### **ҚУАНЫШ ТАУЫ**

Біз жоғарыда айтып кеткен таудың Иесіне тиесілі Қуаныш тауына саяхатшылар еш бөгелместен жетті. Олар асуға шықты да, айналадағы бау-бақшалар мен жүзім бақтарына шаттана көз тастады. Таудың етегінде малшылар қой бағып жүрген болатын. Саяхатшылар Қуаныш тауының кімге тиесілі екенін және мына малдардың кімдікі екенін сұрады<sup>1</sup>.

– Бұл Имануилдің жерінде және Оның қаласына жақын маңда орналасқан, – деп жауап берді бағушылар. – Малдар да Соныкі, олар үшін Ол Өзінің өмірін қиды.

- Осы жол Аспандағы қалаға апара ма?
- Сендер дұрыс жолда тұрсындар.
- Әлі ұзақ жүреміз бе?
- Біреуге алыс, біреуге жақын<sup>2</sup>.
- Ал жол қауіпсіз бе?



– Сенушілер үшін қауіпсіз, ал әділетсіздер онда өлім құшады<sup>3</sup>.

– Демалып, күш жинап алуды қалайтын саяхатшылар үшін бұл жерден орын табылмас па екен?

– Таудың қожайыны бізге «жиһанкездерге қонақжайлық танытуды ұмытпауды» тапсырған болатын, сондықтан бізде бардың бәрі сіздердің құзырларыңызда, – деп жауап берді бағушылар.

Саяхатшылардың алыстан келгендерін түсінген бағушылар олардан қайдан келгендерін, қайда бет алып бара жатқандарын және жалпы бұл жерге дейін қалай жеткендерін сұрады, себебі бұл жерге аз адамдар ғана жететін. Саяхатшылардың жауаптары қайырымды бағушылардың көңілдерінен шықты. Олар: «Қуаныш тауына хош келдіңдер!» – деп қошемет көрсетті.

Бағушылары Таным, Тәжірибелі, Қырағы және Шынайы<sup>4</sup> деп атайтын еді. Олар саяхатшыларды өз шатырларына ертіп апарып, дәмді ас дайындап берді. Бағушылар олардан бірнеше күн осында аялдауларын өтінді. Саяхатшылар бұл ұсынысты қуана қабылдады.

Оларды таңертең оятқан бағушылар тауға серуендеп қайтуды ұсынды. Саяхатшылар бұған қарсы болған жоқ. Олар таудың Адасу деп аталатын шыңының ең басына көтерілді. Оның екінші жағы тік жартаc екен. Төменге көз салған саяхатшылар онда үйіліп жатқан адам сүйектерін көрді.

– Бұл нені білдіреді? – деп сұрады Сәлім.

– Үменей мен Філеттің<sup>5</sup> өлгендердің қайта тірілуі туралы сөздеріне еріп, адасушылыққа ұрынғандар туралы сендер ештеңе естімеп пе едіңдер?

– Естігенбіз, – деп жауап берді саяхатшылар.

– Мұнда жатқандар дәл сол адасушылар. Олар әлі күнге дейін жер қойнына берілген жоқ және соларға ұқсап тым биікке көтерілуге немесе жартастың жиегіне тым жақын келуге талпынғандарға ескерту қызметін атқарады<sup>6</sup>.

Содан соң бағушылар оларды Ескерту деп аталатын басқа таудың шыңына шығарып, алдыға көз тастауларын өтінді<sup>7</sup>. Бұл өте қорқынышты көрініс еді. Олар молалардың арасында сенделіп жүрген адамдарды көрді. Бұл адамдардың бәрінің көздері көрмейді екен, сондықтан олар үнемі мола тастарына сүрініп, ол жерден еш шыға алмай жүр. Сәлім мұның мәнісін түсіндіруді сұрады.

Бағушылар оларға былай деп жауап берді:

– Осында келе жатқан кездеріңде жолдың сол жағында жатқан сүрлеуді байқадыңдар ма?

– Иә, әрине.

– Бұл сүрлеу Торығу атты алып тұратын Күмәндану қамалына алып барады. Ал мына адамдар, – деді бағушылар зағип адамдарды нұсқап, – сол қамалдың қабырғасына жеткенге дейін дәл сендер секілді саяхатшылар болған. Жүріп келе жатқан жолдары тастақ болғандықтан, олар қабырғаның арғы жағындағы жұмсақ шөптесін жолды таңдады. Сол алаңқайда оларды Алып Торығу ұстап алып, Күмәндану қамалының қараңғы қапасына қамап қойды. Суық та қараңғы қапаста біраз отырғаннан кейін Алып олардың көздерін соқыр етті де, молалардың арасында сенделтіп қойды. Ұлы Данышпанның: «Даналық жолынан адасқан – о дүниеге жақында аттанар жан» деген пайғамбарлығы осылайша орындалды.

Бір-бірлеріне қараған Сәлім мен Үміттенушінің жанарлары жасқа толды, бірақ олар бастарынан өткерген оқиға жайлы тіс жарған жоқ<sup>8</sup>.

Содан соң бағушылар оларды төмендегі жазыққа алып жүрді. Онда таудың терең түкпіріне апаратын есік бар екен. Бағушылар есікті ашқан кезде оның ішінен күкірттің иісі аңқып кетті. Қараңғылық пен қою түтіннің арасынан олар шатырлап жанған ағаштардың дыбысы мен мен ыңырсыған үндерді естіді.

– Ал бұл нені білдіреді? – деп сұрады Сәлім таңданып.

– Бұл тозақтың кіреберісі, – деп жауап берді бағушылар.

– Екіжүзділер, Есау секілді тұңғыштық жолын сатқандар, Яһуда секілді Құдайды сатқандар; Ескендір секілді Ізгі хабарға кір келтіргендер немесе Анани мен Зәпира секілді өтірікшілер сонда барады.

Сонда Үміттенуші бағушылардан:

– Бір кезде олар да біз секілді саяхатшылар болған ба? – деп сұрады.

– Иә, және тіпті біршама ұзақ уақыт.

– Олар жолдың қай бөлігінде қаза болды?

– Өртүрлі бөлігінде. Біреулері осы таудан астында, ал екіншілері – оған жете алмады<sup>9</sup>.

– Саяхатшылар бір-бірлеріне қарады:

– Бізге күш беруін сұрап Құдайға үздіксіз мінажат етуіміз қажет, – деді олар.

– Иә, күш сендерге әрі қарай да қажет болады. Тіпті, оны қолдануларыңа да тура келуі мүмкін.

Осы кезде саяхатшылар сапарларын әрі қарай жалғастыруды қалады да, бағушылар оларды шығарып салмақ болды. Ашық

тауының басына шыққанда бағушылар өзара кеңесіп, оларға осы жерден дүрбі арқылы көруге болатын Аспан қаласының қақпаларын көрсетуге шешім қабылдады. Көргендері мен естігендерінен естері шығып кеткен бейшара саяхатшылардың қолдары дірілдеп, дүрбіні жөндеп ұстай алмады және сол себептен ештеңені жөндеп көре де алмады<sup>10</sup>. Әйтсе де олар ар жағында әдеттен тыс тамаша бір нәрсе бар қақпаға ұқсас нәрсенің сұлбасын байқағандай болды.

Сөйтіп олар: «Бағушылардан біз өзгелерге мәлім емес сырды білдік! Бұл құпияны білгілерің келсе, онда тезірек бағушыларға барыңдар», – деп әндете отырып сапарларын жалғастырды.

Қоштасарда бағушылардың әрқайсысы оларға ақыл-кеңестерін берді. Таным әрі қарайғы жолдың сызбасын сыйлады. Тәжірибелі: «Азғырушыдан сақ болыңдар», – деп ескертті. Қырағы Таңғажайып жерде ұйықтап қалмауға кеңес берді, ал Шынайы: «Сендерге Құдай жар болсын!» – деген тілек білдірді.

Осы жерде мен оянып кеттім.

### *Он жетінші тарау*

## **СЕНИМІ АЗДЫҢ ХИКАЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАҢҒАЖАЙЫП ЖЕРДЕ БОЛУЫ**

Қайтадан ұйықтаған кезімде мен әлгі оқиғаның жалғасын көрдім. Саяхатшылар таудан төменге түсіп, Аспан қаласына апаратын жолға қарай беттеді. Сол жақта сәл төменде Өзін дәріптеушілік деп аталатын жер көрініп тұр. Ол жерге осы жолдан бөлінген сүрлеу Алып барады.

Осы сүрлеуді бойлап қуаныштан жүзі бал-бұл жанған бір жас жігіт келеді. Оның есімі Надан болатын<sup>1</sup>. Мәсіхіш одан кім екенін, қайдан келе жатқанын және қайда бара жатқанын сұрады.

– Мен ана төменде көрініп жатқан жерде тұрамын және Аспандағы қалаға кетіп бара жатырмын.

– Бірақ сен Аспандағы қаланың қақпасынан қалай кірмексің? Сен көп қиындықтарға тап боласың ба деп қорқамын, – деді Сәлім.

– Өзге жақсы адамдар секілді мен де кіремін.

– Ал рұқсат қағазың бар ма?

– Жоқ, бірақ мен Иемнің еркін білемін және өзім де лайықты өмір сүрдім. Әркімге тиісінше бердім, мінажат еттім, ораза ұстадым, ондықты беріп тұрдым, қайыр садақа тараттым және қазір бара жатқан ел үшін атамекенімді тастап шықтым<sup>2</sup>.

– Достым, бірақ сен осы жолдың басындағы Тар қақпалардан өте алмай қалдың емес пе? Мұнда сен айналма жолдар арқылы келдің. Сондықтан, өзің туралы қанша жақсы ойда болсаң да, сот күні сені қалаға кіргізудің орнына ұры, адам өлтіргіш деп айыптайтын болады.

– Мырзалар, – деді Надан, – мен үшін сендер мүлде бөтен адамсыңдар. Сендер өз елдеріңнің дінін ұстанасыңдар, ал маған өз елімнің дінін ұстануыма ерік беріңдер. Мен бәрі жақсы болады деп үміттенемін. Ал енді сіздер айтып отырған Тар қақпаларға келетін болсақ, оның бұл жерден өте қашықта екенін бүкіл жұрт біледі. Мен тіпті біздің адамдардың ішінде онда апаратын жолды көрсете алатын біреудің табылатынына күмәндімін және оның қажеті де шамалы, себебі бұл жерге қарай бізден көкмайса жол шығып жатыр.

Оның қандай надан адам екенін түсінген кезде Сәлім Үміттенушіге былай деп сыбырлады:

– «Өзін данышпан деп санайтыннан гөрі, ақымақтан жұрт көбірек үміт күтеді». Ақымақ қай жолмен жүрмесін, оның санасы жетпейді және оның ақымақ екені бәріне көрініп тұрады. Әңгімемізді әрі қарай жалғастырамыз ба, жоқ әлде оны оңаша қалдырып, біздің айтқандарымыз жайлы ойлануына мүмкіндік береміз бе, соны білмей тұрмын. Артымызға қарайлай жүреміз, мүмкін, оған көмегіміз тиіп қалар.

– Иә, оны әзірше оңаша қалдырайық, естігендері туралы ойлансын... Меніңше, оған бәрін бірден түсіндірудің қажеті жоқ. Егер біз біртіндеп айтатын болсақ, оның түсінуіне жеңіл болады.

...Олар алға озып кетті. Надан олардың соңынан үнсіз еріп келеді. Кенет олар өте қараңғы жерге тап келді және жеті зұлмыр рухтың бір адамды жеті арқанға байлап алып, бағана малшылар көрсеткен есікке қарай сүйреп бара жатқандарын көрді. Мұны көргенде Сәлім мен оның серігі қатты қорқып кетті. Сәлім әлгі адамның жүзін дұрыстап көріп алуға талпынды. Сәлімге ол Жолдан таюшылық қаласында тұратын танысы Бас тартушыға ұқсайтын секілді болып көрінді. Бірақ та әлгі бейшара қылмыс үстінде қолға түскен ұрыға ұқсап басын төмен салып алғандықтан, ол оның дәл сол екеніне толықтай сенімді бола алмады. Олар өтіп кеткенде артына бұрылып қараған Үміттенуші оның арқасынан: «Азғын және жаза тартуға лайық жолдан таюшы» деген жазуды оқыды<sup>3</sup>.

Сәлім жолдасына қарап:

- Осы жерден шыққан бір адаммен не болғаны қазір ғана есіме түсті. Оның аты Сенімі аз болатын: ол адал да тәртіпті адам

болатын және Шынайылық атты қалада тұратын еді. Бірде оның басында мынандай жағдай болды<sup>4</sup>.

Қазір біз тұрған жерге Кең қақпалар шығатын жол келіп қосылады. Оның бойында кісі өлімі көп болатындықтан, бұл Өлілер жолы деп аталады. Дәл екеуіміз секілді саяхатшы Сенімі аз да сол жолдың шетіне тынығуға аялдап, мызғып кетті. Осы сәтте Кең қақпалардан шыққан жолдың бойымен Жабысқақ, Жүгенсіз және Кінәлілік атты зор денелі үш жас жігіт келе жатқан болатын. Ұйқысынан жаңа оянып, әрі қарай жүруге дайындалып жатқан Сенімі азды байқаған олар дереу оның жанына жетіп барды. Күтпеген жерден дәл жанынан ірі денелі үш еркекті көрген Сенімі аз қорыққанынан бозарып кетті. Оның қарсылық көрсету туралы ойлауға да батылы бармады. Жүгенсіз одан ақша салған әмиянын беруді талап етті. Оның әмиянын беруге асыға қоймағанын көрген Жабысқақ асқан ептілікпен қолын оның қойнына сұғып жіберді де, күміске толы қапшықты суырып алды. Бейшара саяхатшы: «Көмектесіңдер! Тонап жатыр!» – деп жан дауысы шыға айқайлады. Бірақ осы сәтте Кінәлілік ауыр сойылмен басынан қатты ұрып жіберді де, Сенімі аз кескен теректей серең етіп құлап түсті және өлім сағаты келіп жеткен секілді болып көрінді. Бұзақылар оның жанында тағы біраз уақыт тұрды. Кенет жол бойымен біреудің келе жатқан аяқ дыбысы естілді де, оны Кәміл сенім қаласында тұратын Ұлы рақымдылық атты жауынгер екен деп қорқып кеткен олар алды-арттарына қарамай қаша жөнелді. Арада біраз уақыт өткенде есін өзгеріске жеткен Сенімі аз еңбектеген күйі сапарын әрі қарай жалғастырды<sup>5</sup>.

– Шынымен де олар оның барын алып кетті ме? – деп сұрады Үміттенуші.

– Жоқ, тағы да оның куәлігі мен асыл тастары бар болатын. Бірақ менің естуім бойынша, өзінде бардың бәрін дерлік ұрылар алып кеткендіктен, бейшара қатты қайғырыпты. Оның бірнеше теңгесі ғана қалады, ал бұл саяхатты әрі қарай жалғастыруға мүлде аздық ететін еді. Асыл тастарын сатуға құқы болмағандықтан, аштан өлмеу үшін ол қайыр сұрауға мәжбүр болыпты. Қайыр садақаны аз ғана адамдар бергендіктен, жолдың басым бөлігінде ол ашқұрсақ жүруге мәжбүр болады<sup>6</sup>.

– Әлгілердің Аспан қаласына кіруге құқық беретін куәлікті алмағандары қызық екен? – деді Үміттенуші.

– Иә, шығып кеткен ол ештеңесін жасырып үлгері алмаған болатын. Тек Құдайдың құдіретінің арқасында ғана бұл тастар аман қалды<sup>7</sup>.

– Бірақ ол үшін ең үлкен жұбаныш – куәлікті аман алып қалғаны болды.

– Өкінішке орай, бұл куәліктің баға жетпес нәрсе екенін ол түсінген жоқ. Қатты шошынып қалған ол ұзақ уақытқа дейін өз-өзіне келе алмады. Оның бар ойы сапарды ақшасыз қалай жалғастыратыны жайында болды. Өз куәлігі туралы ол сирек ойлайтын және мұндай сәттерді түнеріп тұрған аспанда жарқыраған кішкентай жұлдызшаның көрінуімен теңестіруге болатын. Бірақ бұл жұлдызша ұзақ жарқырап тұрмайтын еді, себебі ақша туралы көңілсіз ойлар оның жүрегінде бас көтерген бар жақсыны ығыстырып шығаратын.

– Бейшара осы өмірге келгеніне өкінген болар!

– Иә, оның қайғысы өте зор еді! Өзімізді оның орнына қойып көрейікші: жат елде тоналып, далада аш қалу оңай болар ма еді? Оның өмірден түңіліп кетпегені ғажап! Естуім бойынша, ол өзін қалай тонап кеткені жайында жолда кездескендердің бәріне айтып, бүкіл жол бойы ыңырсып, күрсінумен болған.

– Осындай мұқтаждықта тастарының бірін сатып жібермегеніне немесе оны кепілге қойып ақша алмағанына таңым бар<sup>8</sup>.

– Сен өзіңнің не айтып тұрғаның жайлы мүлде ойламайсың! Ол өзінің асыл тастарын қайда кепілге қоя алады немесе оны кімге сата алады? Оны тонап кеткен елде асыл тастар қолданылмайды, өзіне қажетті рухани күшті ол бұл жерден ала алмайды. Мұның сыртында, қақпаның алдына барғанда өзінің асыл тастарын көрсетпесе, онда Аспан қаласының бар игіліктерінен қағылатынын ол біледі. Ал ол үшін бұл мыңдаған қаскүнемнің шабуылынан да қорқынышты.

– Бірақ та Есау өзі үшін ең қымбат асылы болып табылатын тұңғыштық жолын бір табақ жасымық көжеге айырбастап жіберді емес пе? Егер Есау осылай істегенде, Сенімі аздың неге олай етуіне болмайды? – деп сұрады Үміттенуші.

– Әрине, Есау өзінің тұңғыштық жолын сатып жіберді. Өздерін Құдайдың батасынан айырып, қазір де көптеген адамдар осылай істейді. Бірақ сен Есау мен оның жағдайы екі түрлі болғанын есепке алуға тиіссің. Есау тойып тамақ жеуді армандады. «Аштықтан өлейін деп тұрғанымда, маған тұңғыш боп туғандығымның керегі қанша?» – деп ойлады ол. Ал Сенімі аздың сенімі шынымен аз болғанымен<sup>9</sup>, ол оны мұндай ессіздіктен қорғап тұрды. Ол асыл тастарының қаншалықты құнды екенін білетіндіктен, оларды ешқашан сатпас еді. Есаудың сенгені

туралы Киелі Жазбаның еш жерінде айтылмайды. Сондықтан да тек тәнінің қалауын орындауға ұмтылатын, жүрегінде сенімі жоқ адамның тұңғыштығын да, өзінің жанын да еш ойланбастан шайтанға сатып жібере алатынына таңдануға болмайды. Егер де адам қандай да бір қалауын қанағаттандыруға бел байлайтын болса, онда бұл мақсатына жету үшін ештеңеден тайынбайды. Бірақ Сенімі аз ондайлардың қатарынан емес еді. Ол рухани азыққа қол жеткізуге ұмтылды. Асыл тастарды сатуға оның сенімі жол бермеді. Адам көгершінді қарға секілді жемтік жеуге мәжбүрлей ала ма? Сенбеуші адам өзінің тәни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолында бардың бәрін кепілге қоя, сата алады және кез келген нәрсені уәде ете алады. Ал сенуші адам, тіпті оның Сенімі аз, бірақ та шынайы болса, онда ол мұндайға бара алмайды.

– Мен өзімнің қателігімді мойындаймын, – деді Үміттенуші – Бірақ сенің қатал сөздерің екеуміздің ұрысып қалуымызға себеп бола сақтағанын айта кетуім керек.

– Шынымен бе?! Бірақ сен менің айтқандарым жайында асықпай ойлан, сонда осының бәрінің дұрыс екендігімен келісесің.

– Бірақ алыстан біреудің аяқ дыбысын ести сала қаша жөнелген әлгі үшеуі нағыз қорқақтың өзі екен. Сенімі аз неге қарсылық көрсетуге тырысып көрмеді екен? Оның батылдығы қайда? Меніңше, ол осылай тез беріле салуға тиіс емес еді.

– Көпшілігі оларды қорқақтар деп атайды, бірақ та олармен күш сынасып көруге батылы баратындары аз. Сенімі аздың бұған батылы бармады және менің ойымша, бауырым, егер сен оның орнында болсаң, бір соққыдан артыққа шыдамаған болар едің. Рас айтамын, қазір сен олар алыста болғандықтан батыр болып тұрсың. Ал сен олардың дәл қарсы алдында тұрғандарын елестетіп көрші, онда сен мүлде басқаша сөйлеген болар едің<sup>10</sup>. Оның үстіне олардың жалдамалы қарақшылар екендерін есіңнен шығарма: олар кез келген сәтте көмекке келуге дайын түнек патшасына қызмет етеді. Ал ол патшаның дауысы арыстанның ақырғанына ұқсайды. Мен мұны өзім көрдім және оның қаншалықты қорқынышты екенін білемін. Олар маған үшеулеп шабуыл жасады, алғашында мен нағыз мәсіхші ретінде қарсыласып бақтым. Бірақ олардың ысқырып қалғандары сол екен, қожайындары жетіп келді. Құдай маған сауыт кигізіп қоймағанда, сол жерде менің ажал құшуым әбден мүмкін еді. Мен саған айтайын, тіпті сауыт киіп, қолыма қару алған күннің өзінде олармен шайқасу оңай

болған жоқ. Мұндай шайқаста алда сені не күтетінін оны басынан өткізген адам ғана біле алады<sup>11</sup>.

– Жақсы. Бірақ та олар Ұлы рақымдылық келе жатыр деп ойлап, қаша жөнелді ғой.

– Иә, олар Ұлы рақымдылық көрінген кезде тіпті қожайындарымен бірге талай рет қашып кеткен. Ұлы рақымыдылық Аспан Патшасының жауынгерлерінің бірі. Сен Сенімі аз бен Патшаның жауынгерінің арасында айырмашылықтың бар екендігімен келісесің ғой? Патшаның қол астындағылардың бәрі бірдей Оның жауынгері бола алмайды және шайқасқа батылдықымен араласып кетуге олардың бәрі бірдей қабілетті емес. Кез келген бала Дәуітке ұқсап Ғолиятты жеңе алады деп ойлау дұрыс па? Торғайдан бұқаның күшін күтуге бола ма? Біреулер күшті, екіншілер әлсіз: біреулердің сенімдері үлкен, ал екіншілердікі – аз. Ал біз әңгіме етіп отырған адам әлсіз болатын<sup>12</sup>.

– Жігіттердің Ұлы рақымдылық пен кездеспей қалғандары өкінішті, ол әлгілердің сазайларын берген болар еді, – деді Үміттенуші.

– Оларды жеңу ол үшін де оңай емес, – деп жауап берді Сәлім. – Ұлы рақымдылық қаруды жақсы меңгерген және ол әлгілерді олар өзінен қылыш бойы қашықтықта тұрған кезде жеңе алады. Ал егер зұлымдардың бірі арт жағына шығып кетсе болды, оның аяғында нық тұруы қиын болады. Ал жатқан адамның қолынан не келеді? Ұлы рақымдылық жақын танитындар оның беті-басының тыртыққа толы екенін жақсы біледі. Мен тіпті оның бір шайқас туралы былай дегені жайында естідім: «Біз аман қалудан күдерімізді үзе бастадық»<sup>13</sup>.

Бұл қаскүнемдердің қожайындары үнемі жақын маңда жүреді және кез келген сәтте көмекке келуге даяр тұрады. «Алып хайуан көтерілгенде тіпті мықтылар да қорқады, үрейлері ұшып шегінеді. Оған семсер тисе де, зиян келтіре алмайды. Найза, сүңгі, алдаспан да дарымайды. Ол темірді сабандай, қоланы шіріген ағаш іспетті көреді. Садақтың жебесі оны қашуға мәжбүрлей алмайды, сақпанмен атылған тастар ол үшін қабықпен бірдей. Сол хайуанды сойылмен соғу сабанмен ұрған іспетті, алдаспанның тарсылына ол тек күліп қана қояды», – деген сөздер сол туралы айтылған.

Мұндай жағдайда адам не істей алады? Әрине, Әйүптікі секілді атың болса көптеген ерліктер жасауға болар еді: «Оның пысқыруының өзінен жұрт шошынады. Тұлпар өршелене тұяғымен жер тебініп, өз күшіне шаттанып, шайқасқа бас салады.



Ол қорқынышқа күле қарап, ештеңеден қаймықпайды, семсерден де именбейді. Жауынгердің қорамсағы, жалтыраған найзасы мен алдаспаны атының бүйіріне соғылып сатырлайды. Керней тартылғанда, тұлпар өзін ұстай алмай, аласұрған шабытпен шайқасқа бас салады. Ол керней тартылған сайын кісінеп, алыстан шайқастың иісін сезеді, қолбасшылардың өктем дауыстары мен айқайларын естіп тұрады». Бірақ біз секілді жаяуларға олармен кездесуді қалаудың және біз шегінбес едік деп мақтанудың қажеті жоқ. Батылдық туралы көп айтатын адам әдетте шайқаста бірінші жеңіледі. Петірді есіңе алшы. Ол өз-өзіне сондай сенімді болды! Ол өзінің Ұстазына егер шәкірттерінің бәрі тастап кетсе де, Ол үшін тіпті өлуге дейін бара алатынын айтты<sup>14</sup>.

Сондықтан, осындай қаскүнемдіктер жайлы естіген кезімізде біз үнемі мыналарды есімізде ұстауға тиіспіз:

– біріншіден, сауыт кимей жолға шығуға, қалқанды үйге тастап кетуге болмайды, себебі қолтырауынмен ержүректікпен айқасқан адам қалқанының болмауының кесірінен оны жеңе алмайды. Алыс жолға қалқансыз шыққан кезімізде дұшпанымыздың бізден мүлде қорықпайтыны түсінікті. Дана саяхатшылардың бірі: «Ең дұрысы, сенімнің қалқанын алыңдар, ол арқылы шайтанның барлық отты жебелерін қайтара аласыңдар», – деп өте жақсы айтқан;

– екіншіден, біз Құдайдан қолдау, күш және батылдық сұрауға, Қорғаушы-Періштесін жіберуін өтінуге тиіспіз. Өлім көлеңкесі алқабы арқылы өтіп келе жатқан кезде Дәуіттің көңілі шат болды, себебі ол Құдайдың өзімен бірге екенін білді және сезінді. Мұса Құдайсыз бір қадам жасағаннан гөрі өлгенді артық санады.

Иә, қымбатты досым, егер Ол бізбен бірге болса, жолымыздан тіпті осындай мыңдаған қаскүнемдер кездесе де ештеңеден қорқатын жөніміз жоқ. Ал Оның көмегінсіз ең мықты, ең батыл дегендердің өзі жеңіліс табады.

Осылай деген Сәлім:

«Бейшара Сенімі аз! Қаскүнемдер сені ұрып-соғып, тонап алды. Енді сенімді минажат арқылы ұлғайт! Түнекті тек сонда ғана жеңе аласың. Оның көмегінсіз тіпті бір дұшпанға да әлің жетпейді», – деп әндетті.

Осылайша екеуі алда, ал Сенімі аз олардың артында келе жатты. Көп өтпей олар жол айырығына жетті де, не істерлерін білмей тұрып қалды<sup>15</sup>. Себебі бұл жол айырығынан олардың қайсысының Аспандағы қалаға апаратынын айқындау мүмкін

емес еді. Олар осылай әрі-сәрі болып тұрған кезде жандарына қара нәсілді бір адам келіп, не істеп тұрғандарын сұрады. Олар Аспандағы қалаға қай жолдың апаратынын айыра алмай тұрғандарын айтып жауап берді.

– Соңымнан еріңдер, – деді қара нәсілді, – мен де сонда бара жатырмын.

Аспандағы қалаға апаратын жолдан ауытқып бара жатқандарын сезбеген саяхатшылар оның соңынан ерді. Өз қателіктерін олар әдетте жыртқыш аңдарға құрылатын торға түскен кездерінде бір-ақ түсінді. Енді құтқарылу мүмкін емес деп есептеген олар қатты қайғырды<sup>16</sup>.

Сонда Сәлім жолдасына былай деді:

– Тағы да азғыруға түсіп қалғанымды енді түсіндім. Бағушылар бізге Азғырушыдан сақ болуды ескертіп еді ғой.

– Бағушылар бізге әрі қарайғы жолымыздың толықтай сызбасын берген еді ғой, ал біз оған қарамадық та және жалған ақылшылардан сақтанбадық.

Торға оратылып домалап жатқан олар ақымақтықтары үшін өздерін қатты айыптады. Кенет олар ғажайып нұрға оранған бір адамның өздеріне жақындап келе жатқанын байқады. Ол қолына қамшы ұстап алыпты.

– Сендер кімсіңдер, мұнда не істеп жатырсыңдар? – деп сұрады ол.

– Біз бейшара, бақытсыз саяхатшылармыз, Сион тауына бет алып бара жатырмыз. Жол айырығынан біз ақ киім киінген қара нәсілді адамды кездестірдік, ол бізді осында алып келді. Ол өзінің де Аспандағы қалаға кетіп бара жатқанын айтып, бізге көмектесуге уәде берген болатын.

– Ол Нұрдың періштесіне кейпіне енген Азғырушы болатын, – осылай деген ол тордың тас-талқанын шығарып, оларды босатып алды.

– Менің соңымнан еріңдер.

Сөйтті де ол саяхатшыларды қайтадан жол айырығына алып келді.

– Соңғы түнді қайда өткіздіңдер?

– Қуаныш тауындағы бағушылардың шатырында, – деп жауап берді олар.

– Ол сендерге жолдың сызбасын берген жоқ па?

– Берді.

– Сонда, жол айырығына келгенде сендер оған қарамағансыңдар ма?

– Біз ол сызба туралы мүлде ұмытып кетіппіз.  
– Бағушылар сендерге Азғырушының арбауына түсіп қалмаңдар деп ескертті ме?

– Иә, бірақ біз оның тілі осынша тәтті деп ойламаған едік!<sup>17</sup>

Осыдан кейін Ол саяхатшыларға жерге жатуды бұйырды да, оларды қамшымен бірнеше рет ұрып жіберді.

– Мен сүйетіндерімді әшкерелеп, тәртіпке шақырамын. Енді ынталы болып, өкініп, теріс жолдан қайтыңдар! Жолдарыңды жалғастырыңдар және бағушылардың ескерткендерін ұмытпаңдар!

Олар Оған алғыстарын айтты да: «Жалған жолға түскен саяхатшылармен не болғанына қараңдаршы: қайырымды бағушылардың кеңесіне құлақ аспаған олар торға түсті, қайтадан шынайы жолға түсті. Қазір олар азат болды, бірақ қандай құнмен десеңші! Бұл енді өзгелерге сабақ болсын!» – деп әндете отырып қайтадан шынайы жолға түсті.

Арада біраз уақыт өткенде олар осы жолдың бойымен өздеріне қарсы ақырын жүріп келе жатқан біреуді көрді.

– Қара, Сион жақтан біреу келе жатыр, – деді Сәлім таңданып.

– Мен де оны көріп тұрмын, бірақ енді сақ болайық, мүмкін, ол да Азғырушы шығар.

Жандарына келген бейтаныс олардан қайда кетіп бара жатқандарын сұрады. Оның аты Құдайға сенбеуші болатын.

– Біз Сион тауына кетіп бара жатырмыз, – деп жауап берді Сәлім.

Мұны естігенде Құдайға сенбеуші қарқылдап күліп жіберді.

– Не болды? Сен неге күлесің?

– Мен сендердің надандықтарыңа күлемін. Сендер өздеріңе қайғыдан өзге ештеңе әкелмейтін жолды таңдап алыпсыңдар.

– Сен бізді Аспандағы қалаға қабылдамайды деп ойлайсың ба?

– Қабылдайды?! Ондай қала мүлде жоқ!

– Бар!

– Өз үйімде тұрған кезімде, – деді Құдайға сенбеуші, – мен де осы ертегіні естіп, оны таппақшы болдым<sup>18</sup>. Міне, мен жиырма жыл бойы осы қаланы іздеп таба алмай жүрмін, өйткені ешқандай Аспандағы қала да, ешқандай Сион да жоқ.

– Біз Сион тауының бар екені жайлы естіп қана қойған жоқпыз, біз оның бар екеніне сенімдіміз, – деді Сәлім мен Үміттенуші.

– Егер мен де бұған сеніп қалмағанда, бұл қала мен тауды табу үшін соншама алысқа бармас едім. Мен оларды көп іздедім, сендерден әлдеқайда алысқа бардым, бірақ ештеңе таба алмадым. Енді мен жоқ нәрсеге бола уақытымды өткізбей, өмірдің қызығын көру үшін кейін қайтып келе жатырмын.

Сонда Сәлім Үміттенушіден былай деп сұрады:

– Бұл адамның айтып тұрғаны шын емес пе екен?

– Одан сақтан! Ол Азғырушылардың бірі, – деп жауап берді оған Үміттенуші. – Осындайдың бірінің сөзіне ереміз деп қандай жағдайға душар болғанмыз есінде ме? Сион тауы жоқ дей ме? Бұл мүмкін емес! Қуаныш тауының басында тұрып Аспандағы қаланың қақпаларын көрдік емес пе? Оның үстіне, біз сеніммен өмір сүруге тиіспіз ғой. Жүр, бауырым, әйтпесе бізді қамшымен сабаған тағы қуып жетуі мүмкін<sup>19</sup>. Қазір мен саған айтатын кеңесті сен маған беруге тиіс едің: «Балам, тәлімді тыңдауды тоқтатқаның – білімді сөзден бас тартқаның». Қымбатты бауырым, Азғырушының сөзіне құлақ аспа. Жанымыздың құтқарылатынына сенім артайық.

– Мен мұны сеніміміздің шынайылығына күмәнданғаннан сұраған жоқпын. Сені сынап көргім келді және сенің қайтарған жауабыңа қуаныштымын. Ал енді әлгі адамға келетін болсақ, осы дүниенің құдайы оның көзін байлап тастаған. Біз ешқандай жалғандығы жоқ шындыққа сенеміз, сондықтан да жолымызды әрі қарай жалғастырайық.

– Құдайдың даңқын өз көзімізбен көрген кезде қандай шаттыққа кенелеміз десеңші, – деді Үміттенуші қуанып.

Олар жүрістерін жылдамдатты, ал олардың арттарынан қарап тұрған Құдайға сенбеуші қарқылдай күлді...

Арада көп өтпей саяхатшылар бір елге келіп жетті. Ол жердің ауасы олардың тыныстарын тарылтып, ұйқыларын келтіріп жіберді. Үміттенуші өзін қатты шаршаулы сезініп, көзіне ұйқы тығыла бастады.

– Кел, осында біраз жатып, көз ілдіріп алайық, – деді ол Сәлімге.

– Жоқ, болмайды: егер біз осында ұйықтайтын болсақ, онда ешқашан қайтып оянбаймыз.

– Неге олай дейсің, бауырым, – деді Үміттенуші таңданып, – ұйқы адамның шаршағанын басып, күш береді ғой.

– Бағушылардың бірінің Таңғажайып елде ұйықтап қалмауды ескерткенін ұмыттың ба? Яғни, бұл жерде ұйықтауымызға болмайды, қырағы, сергек болайық<sup>20</sup>.

– Ойымның дұрыс емес екенін түсіндім, егер қазір жалғыз болғанымда, онда міндетті түрде ұйықтап қалып, өміріме қауіп төндірген болар едім. Бір данышпан: «Бір бастан екеу жақсы», – деп өте дұрыс айтқан.

– Ұйқымызды ашу үшін қызықты бір нәрсе жайында әңгіме айтайық.

– Қуана келісемін, бауырым!

– Неден бастаймыз?

– Бір-бірімізге сенімге қалай келгеніміз, Құдайдың бізді, ал біздің Оны қалай тапқанымыз жайында айтып берейік.

– Жарайды. Бірақ алдымен мен бір ән айтайын: «Сәлімді ұйқы қысқанда, ол осында келіп, екі саяхатшының әңгімесіне құлақ түрсін. Солардан ұйқымен қалай күресуді және Мәсіхпен бірге қалай сергек болуды үйренсін. Қасиетті жолдастық өлім ұйқысынан сақтайды және тозақтың күштерін жеңеді»<sup>21</sup>. Ал енді сұрағымды қояйын: Сені осындай ауыр, қауіпті сапарға шығуға мәжбүрлеген не нәрсе екенін айтып берші.

– Шынымды айтайын, мен Әбігершілік жәрмеңкесінен сатып алуға болатын осы дүниелік қызықтарды көп құдым. Қазір көріп тұрғанымдай, соның бәрі мені өлімге жетеледі.

– Ол не қызықтар еді?

– Мен байлық пен осы дүниелік қуаныштарды бәрінен артық бағаладым. Бұған қоса, мен азғындыққа салындым, өтірік айттым. Бірде Сенімді екеуің біздің қалаға келген кездеріңде мен сені көріп, сөздеріңді естідім. Сонда күнәнің жазасы – өлім екенін және мұндай істер үшін Құдайдың қаһары төніп тұрғанын түсіндім.

– Сен осы шындықты бірден қабылдадың ба?

– Жоға! Мен қатты қарсыластым, күнәнің – қарғыстың басты себебі екенін еш мойындағым келмеді. Құдайдың Сөзінің күшімен көзім алғаш ашылған кезде мен өмірімнің барша азғындығын жарқыратып көрсеткен нұрдан жасырынуға тырыстым.

– Құдай Рухының алғашқы әсеріне неге сонша қатты қарсыластың?

– Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, мен Құдай күнәкардың бет бұруын дәл осылай – оның ар-ұятын ояту және күнәкарлығына сендіру арқылы бастайтынын бірден түсіне алмадым.

Екіншіден, күнәдан ажырау өте қиын болды.

Үшіншіден, мен достарымды және өзіме сондай ұнамды болған өмір салтымды қалай тастап кететінімді көз алдыма елестете алмадым.

Төртіншіден, ар-ұятымның оянуы үлкен мазасыздық алып келді, мұның ауыр болғаны сондай, мен тіпті ол туралы ойламауға тырыстым<sup>22</sup>.

– Жан мазасыздығынан, ар-ұяттың жегідей жеуінен арылған кездерің болған жоқ па?

– Иә, бірақ уақытша ғана.

– Күнәкарлығыңды не нәрсе үнемі есіңе салып тұрды?

– Көп нәрсе. Біріншіден, сенуші адаммен кездескен кездерімде.

Екіншіден, Құдай сөзін естіген кезімде.

Үшіншіден, өзімді жайсыз сезінген кездерімде.

Төртіншіден, көршілерімнің бірінің ауыр науқасқа шалдыққанын естіген кездерімде.

Бесіншіден, біреудің өлгенін білдіретін және менің де өліп, Құдай сотының алдына баратынымды есіме түсіретін жерлеу рәсімі кездерінде.

– Бұл азапты ойларды аулақ қууға ешқашан тырысып көрмедің бе?

– Әрине, неше рет тырыстым! Бірақ ар-ұжданым мені барған сайын қатты айыптай бастады. Әрбір күнә жасаған сайын тартатын азаптарым да күшейе түсті.

– Ондай кездері сен не істеуші едің?

– Өмір салтымды өзгертуге тырыстым. Мінажат еттім, ораза ұстадым, рухани кітаптар оқыдым, күнәларымды ойлап жыладым, қашан да тек шындықты айтуға тырыстым.

– Сонда сен өзіңді жайлырақ сезіндің бе?

– Өкінішке орай, қысқа ғана уақытқа! Көп өтпей-ақ бойымды қайтадан қорқыныш жайлай бастайтын...

– Сонда сен қалай түзелдің?

– Бұған да көп нәрселер себеп болды. Ең бастысы, мені: «Күллі әділ істеріміздің өзі лас шүберектей жиренішті!», «Себебі заңды орындаумен ешбір адам ақтала алмайды» деген сөздер мазалайтын. Өйткені мұның бәрі Киелі кітапта жазылған ғой! Сондықтан Құдай Патшалығына тек заңдарды орындау арқылы ғана кіруге тырысу ақымақтық деген қорытындыға келдім. Мысалы, адам дүкеншіге жүз теңге қарыз болса және содан кейін алған тауарларының ақшасын толықтай төлеп отырса, бірақ алғашқы қарызын қайтармаса, онда ол бәрібір қарыз болып қала береді және дүкенші оны кез келген уақытта сотқа бере алады.

- Иә, бірақ сен мұны өзіңе қалай қолдандың?
- Мен ойлана бастадым. Күнәларымның арқасында Құдайдың алдында үлкен күнәкар болдым және күнәларымның бәрі өмір кітабына жазылып қойылды. Тіпті мен түзелген күннің өзінде, өткендегі күнәларымды кім кешіріп, кім ақтап алады? Қарғыстан қалай құтылуыма болады?
  - Жақсы түсіндіріп жатырсың, өтінем, жалғастыра бер!
  - Көңілімді тағы бір нәрсе алаңдатты. Өз өмірімді мұқият сараптаған мен жаңа күнәларды тапқан үстіне таба бердім. Өмірімнің жалғыз ғана күнінің күнәкарлығы сондай, қалған күндерімнің бәрін періштедей таза өткізген күннің өзінде, менің тозаққа кетуіме сол күннің өзі-ақ жеткілікті болатын<sup>23</sup>.
    - Бұдан шығар жолды қалай таптың?
    - Өзім жақсы танитын марқұм Сенімдіге жан дүниемді ашып бергенге дейін мен ештеңе ойлап таба алмадым. Ол маған ешқашан күнә жасамаған адал адамның өмірі сыйланбайынша, мені өзімнің жеке әділдігі де, тіпті бүкіл әлемнің әділдігі де құтқара алмайтынын түсіндірді<sup>24</sup>.
      - Сен оған сендің бе?
      - Егер мұны бұрын айтқан болса, мен ессіздік деп есептеген болар едім. Бірақ өзімнің әлсіз екендігіме және қанша күш жұмсасам да күнәкар болып қала бергендігіме көз жеткізгеннен кейін мен онымен келістім.
        - Сен одан ол Адамның кім екенін және Ол арқылы қалай құтқарыла алатының туралы сұрадың ба?
        - Иә, ол Оның Иеміз Иса Мәсіх екенін айтты.
        - Одан кейін сен не істедің? – деп сұрады Сәлім.
        - Мен Оның барлық адамдардың күнәлары үшін өлгенімен келістім, бірақ Оның мен секілді барып тұрған Күнәкарды құтқарғысы келетініне және құтқара алатынына сене алмадым.
          - Сенімді бұған не деп жауап берді?
          - Ол мені Оған баруға үгіттей бастады. Мен мұны шектен шыққандық деп есептедім, бірақ ол мені Құдайдың Өзіне келуге шақыратынына сендіре алды. Мен Сенімдіден Исаға келген кезде не істеуім керектігін, жалпы Оған қалай баруға болатынын сұрадым. Сонда ол мені былай деп мінажат етуге үйретті: «Ием, мен секілді күнәкарға мейірімділік көрсет. Иса Мәсіхті танып, Оған сенім артуыма көмектес. Өйткені мен Оның әділдігінсіз және Оған деген сенімсіз өзімнің Сенен мәңгілікке ажырайтынымды білемін<sup>25</sup>. Тәңірім, өзінің күнәкар екенін мойындаған әрбір күнәкарды құтқару үшін Ұлың Иса Мәсіхті осы дүниеге жібергенің туралы естідім. Ием, менің мінажатыма құлақ асып, жанымды құтқара гөр!»

Бірде, маған аспан ашылып, Иса Мәсіх жоғарыдан: «Иеміз Иса Мәсіхке сен, сонда өзің де, үй ішің де құтқарыласыңдар!» – дегендей болды. Мен Оған: «Бірақ, Ием, мен нағыз күнәкардың өзімін ғой!» – деп жауап бердім. Сонда Ол: «Менің рақымым саған жетер: күшсіз жағдайыңда Менің құдіретім толықтай іске аса алады», – деді. Мен Одан: «Ием, сенім арту деген нені білдіреді?» – деп сұрадым. Сонда Ол маған былай деп жауап берді: «Маған келгендер рухани нәрден тарықпайды, Маған сенгендер ешқашан шөлдемейді». Сонда мен Оған сенім арту мен Оған барудың – бір нәрсе екенін; Оған келгеннің, яғни, Мәсіх арқылы құтқарылуға шын жүрегімен ұмтылғанның Оған шынайы сенетінін түсіндім. Көздеріме жас тығылған мен Одан тағы: «Ием, шынымен де мен секілді күнәкар адам Сен арқылы құтқарыламын деп үміттен ала ма?» – деп сұрадым. Ол былай деп жауап берді: «Мен Өзіме келгендерді ешқашан қуып жібермеймін». – «Бірақ та, Ием, Сен кімсің? Жер бетіне не үшін келдің? Сенімнің шынайы екенін мен қалай білемін?» Ол былай деп жауап берді: «Иса Мәсіх бұл дүниеге күнәкарларды құтқару үшін келді. Адамдардың Таурат заңын ұстануға ұмтылысын Мәсіх тоқтатты, енді Оның құрбандық өліміне сенетіндер ақталады. Ол адамдардың күнәлары үшін өліп, оларды ақтап алу үшін қайта тірілді. Ол сендерді жақсы көрді және Өзінің қанымен сендерді күнәларыңнан тазартты. Ол – Құдай мен адамдардың арасын жалғастырып тұрады. Ол адамдарға куәлік ету үшін мәңгі өмір сүреді». Сонда мен әділдікті тек Жалғыз содан ғана іздеуім керектігін түсіндім<sup>26</sup>. Менің күнәларым үшін қан төгілді. Мен Оны көзіммен көрген жоқпын, санаммен түсіндім.

– Сені тыңдап отырып, – деді Сәлім, – Мәсіхтің сенің жүрегіңде шын мәнінде ашылғанына көз жеткізесің. Бірақ, айтшы, осыдан кейін өмірің өзгеріске ұшырады ма?

– Иә, өзімнің бұрынғы өмірім үшін қатты ұялдым Иеміздің даңқы үшін таза өмір сүруге және қайырымды істер жасауға ұмтыла бастадым. Шынымен де, мен Ол туралы куәлік айту үшін өмірімді қиюға дайынмын.

### *Он сегізінші тарау*

## **НАДАН**

Ұзақ әңгімеден кейін артына бұрылып қараған Үміттенуші жалғыз өзі әлі арттарында келе жатқан Наданды көрді.



– Қарашы, – деді ол Сәлімге, – ол тым артта қалыпты және еш құлықсыз, әрең жүріп келеді.

– Иә, көріп тұрмын, ол бізден қашқақтап келеді.

– Бірақ, оған бізбен бірге жүргені пайдалы болар еді.

– Ол рас. Алайда мен оның бұған мүлде басқаша қарайтынына сенімдімін.

– Қалай дегенмен де оны күте тұрайық...

Надан өздерін қуып жеткен кезде Сәлім одан не үшін тым алыстап қалғанын сұрады.

– Маған өзіме ұнамайтындармен бірге жүргеннен гөрі, жалғыз жүрген ұнайды, – деп жауап берді ол.

Сонда Сәлім досының құлағына:

– Ол бізді қажетсінбейді деп айтпап па едім? – деп сыбырлады.

Содан соң Наданға қарай бұрылып, жылы үнмен:

– Жағдайың қалай, жас жігіт? Жүрегіңде Құдай өмір сүріп жатыр ма? – деп сұрады.

– Солай болар деп үміттенем. Мен өз бойымнан үнемі жан дүниемді толтырып тұратын және осы сапарда жаныма жұбаныш берген көптеген жақсы ұмтылыстарды сезінемін<sup>1</sup>.

– Ол қандай жақсы ұмтылыстар?

– Қандай... Мысалы, мен үнемі Құдай туралы ойлаймын.

– Ол туралы шайтан да, тозаққа кесілгендер де ойлайды.

– Бірақ мен Ол туралы ойлап қана қоймаймын, сондай-ақ көктегіге қол жеткізуді қалаймын.

– Мұны мәңгілік өмірге ешқашан қол жеткізе алмайтындар да қалайды. «Жалқау мол аңсағанмен аз алар».

– Бірақ мен сол үшін бәрін тастап шықтым ғой!

– Бұған күмәнім бар: бәрін тастау – бұл көпшілік ойлағаннан әлдеқайда қиын нәрсе. Ал сен Құдай үшін бәрін тастап шыққаныңа неліктен сенімдісің?

– Жүрегім осылай дейді.

– Оны немен дәлелдейсің?

– Ол менің көктегі рақаттарға деген үміттерімді қолдайды.

– Адам жүрегі алдамшы, оның бекер үміттермен жұбатыуы мүмкін.

– Менің жүрегім мен өмір салтым керемет үйлесімдікте, сондықтан менің үміттерім негізсіз емес.

– Жүрегің мен өмір салтыңның үйлесімдікте екенін сен қайдан білесің?

- Мұны жүрегім сездіреді.
- Тағы да жүрегің бе! Мұны тек Құдайдың Өзі ғана шеше алады, өзге ешқандай куәліктің құны жоқ.
- Бірақ, егер менің ойларым мен ниетім түзу болса, онда жүрегімнің де жақсы болғаны, ал Құдайдың өсиеттеріне сай өмір – бұл деген Құдайды қастерлейтін адамның өмірі емес пе?
- Айтып тұрғаның дұрыс. Бірақ өзіңді Құдайды қастерлейтін адаммын деп ойлау мен шын мәнінде солай болу – екі басқа нәрсе.
- Түсініктірек болу үшін айта кетейін: «Адамның жүрегіндегі ой-ниеті бала кезден-ақ зұлымдыққа бейім болады» делінген. Сонымен, егер біз өзіміз туралы осылай ойлайтын болсақ, онда ойларымыз жақсы, себебі олар Құдай сөзіне сәйкес келеді.
- Жүрегімде зұлымдықтың барына ешқашан сенбеймін; менің жүрегім жақсы жүрек<sup>2</sup>.
- Міне, сондықтан да сенде өзіңе қатысты бірде-бір жақсы ой жоқ.
- Ал сен Құдайға қатысты жақсы ойлар дегенді қалай түсінесің?
- Бұл біздің Құдай туралы түсініктеріміздің Киелі Жазбада айтылғандармен сәйкес келуі. Ол біздің барлық құпия ойларымызды біледі, себебі біздің жүрегіміз Оның алақанында. Біздің жалған әділдігіміз – Оның көз алдында жексұрындық болып табылады.
- Сен мені Құдайдың бәрін білетінін теріске шығаратындай дәрежеде ақымақ деп есептейсің бе?
- Ал сен шындығында қалай ойлайсың?
- Қысқасын айтқанда, мен жай ғана Иса Мәсікке сену керек деп ойлаймын.
- Өзіңді пәкпін деп ойлайтын болсаң, онда Иса Мәсікке қалай сенесің? Сен өзіңнің болмысыңның барша күнәкарлығын, өзіңді Иса Мәсіхтің қаны ғана құтқарып, ақтай алатынын түсінген жоқсың. Құтқарушы Иса Мәсіхті тек жаралы жүрек, адасып, жабыққан жан ғана іздейді және табады. Ол әділдерді емес, күнәкарларды құтқарады<sup>3</sup>. Сен Иса Мәсікке сенемін деп қалай айта аласың?
- Не десең де өзің біл, менің сенімім – дұрыс.
- Сенің сеніміңе қатысты біраз ескертпелер жасауыма рұқсат ет, – деді Сәлім. – Біріншіден, сенің сенімің – жалған сенім, себебі ол Құдай сөзіне еш сәйкес келмейді. Екіншіден, сенің сенімің – жалған, өйткені ол адамды Құдайдың әділдігімен емес, өзінің әділдігімен ақтайды.

– Қалайша? Сендер бізді ақтап алуға Мәсіхтің тартқан азаптарының өзі-ақ жеткілікті, енді бізге ештеңе істеудің қажеті жоқ деп есептейсіңдер ме? Онда әркім білгенін істеп, қалағанынша күнә жасай беретін еді ғой. Шынында да, біз Құдайдың әділдігімен ендігі құтқарылып қойған болсақ, онда дұрыс өмір сүруге тырысудың қажеті қанша?<sup>4</sup>

– Сен затың атыңа сай нағыз наданның өзі екенсің. Бұған сенің мына жауабың дәлел.

– Мәсіх саған Құтқарушы ретінде ашылды ма? – деп сұрады Үміттенуші әңгімеге араласып.<sup>5</sup>

– Не? Сендер аяңға сенесіңдер ме? Сендердің сенімдеріңнің аурудың сандырағынан өзге ештеңе еместігі маған енді түсінікті болды. Мен өз сенімімнің сендердікінен еш кем еместігіне сенімдімін. Сендердің тым тез жүріп келе жатқандарың сондай, мен әзер ілесіп келемін. Сондықтан алға жүре беріңдер, ал мен асықпай арттарыңнан жүремін, – деді Надан<sup>6</sup>.

Сонда Сәлім Үміттенушіге қарап:

– Досым, жүре берейік, байқауымша, тағы да екеуміз ғана қалатын секілдіміз.

Сол кезде мен олардың жүрістерін жылдамдата алға жүргендерін, ал Наданның ұзап қалып бара жатқанын көрдім.

– Мына бейшара жігітке жаным ашиды, оның ақыры жаман болады, – деді Сәлім.

– Өкінішке орай, біздің қалада оған ұқсайтын адамдар өте көп – бүтін отбасылар... тіпті, бүкіл көшенің тұрғындары десе де болады. Олардың көпшілігі тіпті өздерін саяхатшылармыз деп атайды! Біздің қалада ондайлар осыншалықты көп болғанда, олар Наданның қаласында қаншама десеңші!<sup>7</sup>

– «Ол көздерін соқыр, жүректерін қасарысқан сезімсіз қылған», – деп бекер айтылмаған. Сен қалай ойлайсың: бұл адамдар өздерінің күнәкарлықтарын шынымен де ешқашан сезінбей ме?

– Менен үлкенсің ғой, бұл сұрақтарға өзің жауап бер, – деді Үміттенуші.

– Маған олар кейде бұл туралы ойланатын секілді болып көрінеді. Бірақ та өздерінің надандықтарының кесірінен олар мұндай ойланудың қандай пайдалы екенін түсінбейді. Олар өз бойларындағы күнәкарлықтарын сезіну тілегін бар күштерімен тұншықтырады, сөйтіп, өздері таңдап алған жолдарымен жүруді бірбеткейлікпен жалғастыра береді.

– Шынайы қорқыныш дегенді сен қалай түсінесің?  
– Шынайы қорқыныш үш белгі бойынша бейнеленеді: біріншіден, оның себебі өз күнәкарлығын сезіну болып табылады; екіншіден, қорқыныш адамның жанын Құтқарушыны іздеуге және қабылдауға мәжбүрлейді; үшіншіден, бұл қорқыныш біздің бойымызда Құдайды, Оның Сөзін терең қастерлеу сезімін тудырады.

– Дұрыс айтасың, мұның бәрінің дәл осылай екеніне мен де сенемін. Ал мына Таңғажайып елден қашан шығамыз?

– Аз қалды.

– Сен осыдан шамамен он жылдай бұрын Уақытша деген адам туралы білуші ме едің? Ол біздің аймақта тұрды және күнәкар дүниеден бас тартқаны үшін атағы шыққан.

– Білмегенде ше? Ол Адалдық қаласына жақын маңдағы Әдепсіздік қаласында Қашқын деген біреумен көрші тұрды.

– Дұрыс айтасың. Олар бір шатырдың астында тұрды. Бір кездері әлгі Уақытша тым мазасызданып жүрді, менің ойымша сол кезде ол өзінің күнәкарлығын және бұл үшін болашақта өзін не күтіп тұрғанын түсінген болуы керек.

– Иә, бір кездері ол өз өмірі туралы ойланған болуы тиіс. Мен одан он бес шақырым қашықтықта тұратынмын, ол менің үйіме жиі келетін. Менің оған шын жаным ашитын және одан үлкен үміт күтетінмін. Бірақ «Құдайым, Құдайым!» – деп айқайлағандардың бәрінің бірдей құтқарыла бермейтіндігінің жарқын мысалы дәл осы адам болып табылады.

– Сөйтіп, бір күні ол өзінің саяхатқа шығуға бел байлағанын айтты. Бірақ бір күні ол Өзіңді құтқар деген біреумен танысты да, біздің жолымыз ажырап кетті.

– Ақыры ол туралы әңгіме бастаған екенбіз, шындық жолына түскен дедің сенімнен неге тез тайып кететіндері туралы ойланайық. Менің ойымша, мұның төрт түрлі себебі бар.

Біріншісі, бұл адамдардың ұяттары оянғанымен, жүректері өзгерген жоқ. Сондықтан, олардың бойындағы кінәлілік пен қорқыныш сезімі жоғалған кезде жаңа өмір бастауға мәжбүр еткен себеп те жоғалады, сөйтіп, олар қайтадан бұрынғы өмірлеріне оралады<sup>8</sup>.

Екінші себеп, адамдардың пікірі алдындағы қорқыныштар, бұл еркін әрекет етулеріне кедергі жасайды. «Пендеден қорқуы адамға тұзақ құрар».

Келесі себеп – шынайы сенушілердің басында болатын масқаралау. Бұл олар үшін үлкен кедергі болып табылады!

Соңғы себеп – кінәлі екенін сезіну мен тозақ алдындағы қорқыныш олар үшін адам төзгісіз ауыр нәрсе.

– Иә. Шындық жолынан таяудың басты себебі олардың жүректерінің де, еріктерінің де шынайы өзгеріске ұшырамауында<sup>9</sup>. Сондықтан да олар өздерін соттың алдында тұрған қылмыскер секілді сезінеді. Қорқыныштан қалшылдаған олар өз істеріне шынайы өкінетін секілді болып көрінеді, бірақ шын мәнінде олар тек жазадан қорқады. Мұндай адамды еркіндікке жіберер болсаң, ол бірден өзінің бұрынғы кәсібіне қайта оралады. Егер оның жан дүниесі өзгерген болса, онда ол басқа адамға айналар еді.

– Мен тек жолдан таяудың себептерін ғана айтып өттім, ал енді сен оның қалай жүзеге асатынын түсіндіріп берші, – деп өтінді Үміттенуші.

– Түсіндірейін. Біріншіден, жолдан тайғандар Құдай, өлім және болашақтағы сот туралы ойламауға тырысады.

Екіншіден, олар біртіндеп мінажат етуді, күнәмен күресуді, жасаған күнәлары үшін өкінуді тоқтатады және қырағылықтарын жоғалтады.

Үшіншіден, олар шынайы мәсіхшілермен араласудан қашқақтай бастайды. Оларды іс пыстырарлық, артта қалған және есі ауысудың аз алдындағы адамдар деп санайды.

Төртіншіден, олар бірлесіп мінажат етуге, Құдай сөзін оқу мен тыңдауға, мәсіхшілік әңгімелерге және жиналыстарға қатысуға немқұрайлы қарай бастайды.

Бесіншіден, шынайы мәсіхшілердің әлсіздіктерін іздеп тұрады және оларды ашық түрде айыздары қана келемеж етеді. Мұны олар өздерінің жолдан тайғандықтарын ақтауға деген жалғыз мақсатпен істейді.

Алтыншыдан, Құдайға сенбейтіндермен, дұрыс жолдан тайғандармен және азғындармен араласа бастайды және осы араласудан ләззат алады.

Жетіншіден, біреулердің сыртынан өсек айта бастайды және сенушілердің бірінің бойынан осы әлсіздікті таба қалса қатты қуанады. Сонда олар әлгі адамды мысалға келтіре отырып, өзгелерді ашық түрде айыптай бастайды.

Сегізіншіден, олар ашық түрде күнә жасай бастайды.

Және соңғы, тоғызыншыдан, жүректерін біртіндеп қатігездендіріп алған олар өздерін шын мәнінде қандай болса, сол күйлерінде көрсетеді. Олар қайтадан күнәнің иіріміне батады және егер Құдайдың ғажайып рақымдылығы тоқтатып қалмаса, олар өз-өздерін мақтау мен өз-өздерін алдаудың кесірінен құрдымға кетеді<sup>10</sup>.

## Он тоғызыншы тарау

### СОҢҒЫ СЫНАҚ КӨКТЕГІ ҚАЛА

...Мен саяхатшылардың Таңғажайып елден шығып, ауасы таза, жолы тегіс Үйлесім<sup>1</sup> атты елге қалай аяқ басқандарын көріп тұрмын. Олар ғажап табиғатты тамашалап, біраз уақыт үнсіз жүрді. Сайраған құстар, шөптер мен гүлдердің жұпар иісі... Бұл жерде күндіз-түні күн шығып тұрады: Өлім көлеңкесі алқабы мен Алып Торығу тұратын Күмәндану қамалы бұл жерден тым алыста...<sup>2</sup>. Оның есесіне бұл жерден сапардың бар мақсаты – Аспандағы қала анық көрінеді. Оларға осы Қаланың тұрғындары кездесе бастады. Күйеу жігіт пен Қалыңдықтың некесі дәл осы жерде қиылған және күйеу жігіт қалыңдығына қалай қуанса, Өзінің ақталған адамдарын көрген кезде Құдай да дәл солай қуанады... Біздің жиһанкездер бұл жерде шарапқа да, тамаққа да мұқтаж болған жоқ, себебі олар бүкіл сапар бойында өздері тауып келген нәрселеріне бұл жерде молынан кенелді. Олар тіпті Қаладан шығып жатқан: «Сион қаласына айтыңдар: Міне, сені құтқаратын Қамқоршың келе жатыр! Жеңісінің олжасы мен сыйы Оның қасында: азат еткен халқы алдынан жүреді!» – деген дауыстарды да естіді. Ал қала адамдары оларды былай деп қарсы алды: «Құдай ақтап алған қасиетті халық!»

Осынау Ғажайып елден олардың бұрын-соңды болмаған қуаныш сезіміне бөленді. Олар Қалаға жақындаған сайын, оның сұлбасы анық көріне бастады. Үйлердің қабырғалары қымбат тастармен безендіріліпті, әрбір қақпа бір інжуден тұрады, ал көшелер алтынмен апталыпты. Осы кереметтер, осы ғажайып көріністер саяхатшылардың бойында өз Құтқарушымызды көрсек деген қатты құмарлықты оятты. Сәлім мен Үміттенушімен мұндай сұлулықтан тіпті аздап бастары айналды, сондықтан да олар: «Егер де көрсендер сүйген жарымды, ғашықтықтан талықсыды деп айтыңдаршы!»<sup>3</sup> – деп әндете отырып, біраз дамылдап алуға бел байлады.

Содан соң бар күштерін бойларына жиған олар сапарларын әрі қарай жалғастырды. Олардың жолдары жұпар иісі аңқыған гүлзарлар мен әсемдігін айтып жеткізгісіз жүзімдіктер мен жеміс бақтары арқылы өтетін. Жақындап келген олар бағбанды көріп:

– Мына ғажайып жүзімдіктер мен жеміс бақтары кімдікі? – деп сұрады.

– Патшаныкі, – деп жауап берді олар, – бұлар саяхатшылар үшін егілген.

Бағбан оларды жүзімдіктің арасына ертіп әкелді де, тәтті жүзімнің дәмін татуға ұсыныс жасады. Сондай-ақ бағбан оларға патшаның гүлзарлары мен күркелерін де көрсетті. Саяхатшылар солардың біріне аялдап, қатты ұйқыға кетті.

Ұйқыларынан оянған олар әрі қарай жүрмекші болды. Бірақ күн сәулесінің ғимараттарға түсіп жарқырап тұрғаны сондай, олардың көздерін қарықтырып жіберді, сондықтан да жиһанкездер қара түсті әйнек сынығын пайдалануға мәжбүр болды.

Жол-жөнекей олар алтын киім киінген екі жас жігітті жолықтырды. Олардың жүздері күндей болып жарқырап тұрды<sup>4</sup>. Жас жігіттер олардан қайдан келе жатқандарын, қайда түнеп шыққандарын, қандай қиындықтарды бастан кешкендерін, бастарында қуанышты күндердің болған не болмағанын және олардың жұбатуды қайдан алғандарын сұрады. Саяхатшылардың жауаптарын мұқият тыңдаған жігіттердің бірі оларға:

– Сендерге тағы бір кедергі арқылы өтуге тура келеді, содан кейін Аспан қаласына кіресіңдер!<sup>5</sup> – деді.

Сәлім мен оның жолдасы жас жігіттерден өздерімен бірге жүрулерін өтінді.

– Біз сендермен бірге барамыз, – деді олар, – бірақ сендер ол жерден тек өз сенімдерің арқылы ғана жеңімпаз болып шыға аласыңдар.

Енді олар жолдарын төртеу болып жалғастырды. Кенет олар күтпеген жерден тоқтай қалды. Себебі олар жүріп келе жатқан жол бұрқырап ағып жатқан үлкен өзенге келіп тірелді. Жақын маңда ешқандай көпір көрінбейді. Жиһанкездер абдырап тұрып қалды, ал жігіттер өзеннен міндетті түрде өту керектігін айтты, әйтпесе олар қақпаға жете алмайды<sup>6</sup>.

– Аспан қаласына апаратын басқа ешқандай жол жоқ па?

Сендер үшін өзге жол жоқ. Аспан қаласына тек екі адам – Енох пен Ілияс қана басқа жолмен бара алды. Соңғы Періште сырнайлатқанға дейін Аспан қаласына басқа жолмен баруға ешбір адамға мүмкіндік берілмейді.

Мұны естігенде жиһанкездер, әсіресе, Сәлім қатты қапаланып, алақтап айналаларына қарай бастады. Өздерін өзенді кешіп өтуден құтқаратын ештеңе таба алмаған олар тағы да жігіттерге қарап:

– Өзеннің барлық жері бірдей терең бе? – деп сұрады.

– Жоқ, – деп жауап берді олар. – Өзеннің тереңдігі сендердің сенімдеріңе байланысты. Сенім қаншалықты күшті болса, өзен

соншалықты таяз және керісінше, сенім қаншалықты әлсіз болса, өзен соншалықты терең. Бұл жерде біз сендерге көмектесе алмаймыз<sup>7</sup>.

Саяхатшылардың суға түсуден өзге амалдары қалмады. Сәлім өзенге аяқ басысымен-ақ бата бастады... Қорқып кеткен ол досына қарап:

– Мен суға батып бара жатырмын! – деп айқайлады.

Үміттенуші оған:

– Бекем бол, бауырым, мен өзеннің түбін сезініп тұрмын, ол қатты! – деп жауап қайырды.

Бірақ та Сәлім:

– Достым, өкінішке орай, бойымды өлімнің қорқынышы жайлап алды, мен сүт пен бал өзен болып ағып жатқан елді көре алмаймын, – деп қапаланды.

Осы сәтте Сәлім айналасын қалың мұнар басты да, ол ештеңе көре алмай қалды<sup>8</sup>. Тек анда-санда ғана оның мәңгілікке осында қалу және Аспандағы қалаға ешқашан бара алмайтыны туралы қорқынышынан хабар беретін байланыссыз сөздері естіліп тұрды. Бұрын жасаған күнелары көз алдына елестеп, жаны азапқа түсті. Оған жаман рухтар өзінің күнәмен арамдалған жанын алып кетуге дайындалып, дәл жанында тұрғандай болып елестеді<sup>9</sup>. Үміттенуші жолдасын суға батып кетуден құтқаруға тырысып, су бетінде өзгеріс ұстап тұрды. Қолы талып кеткен кезде ол Сәлімді қолынан шығарып та алды, сол кезде жолдасы толқындардың астынан көрінбей қалды. Үміттенуші бар күшін салып оны жұбатуға тырысты:

– Бауырым, мен қақпаны көріп тұрмын, онда жарқыраған киім киінген адамдар бізді қабылдап алуға дайын тұр.

Бірақ Сәлім әлсіз үнмен:

– Досым, олар сені, сенің жалғыз өзіңді күтіп тұр. Мен білгелі бері сен тек Құдайға ғана үміт артып келдің, – деді.

– Сен де Оған үміт арттың ғой, – деді жолдасы оны жұбатуға тырысып.

– Жоқ, досым, егер мен солай істеген болсам, онда Ол мені құтқарып алатын еді; ал мен осы қақпанға жасаған күнәларым үшін тап болдым және осы жерде өлім құшамын.

– Қымбатты досым, сен әділетсіздер туралы айтылған: «Олар өлімге байланбайды, себебі олардың күштері берік: олар өзгелер секілді абыржымайды, өзгелерге ұқсап азап шекпейді», – деген сөздерді ұмыттың ба? Сенің бойыңды жайлаған бұл абыржу



мен қорқыныш Құдайдың сені тастап кеткенін білдірмейді. Құдай сені мұқтаж болған кезінде тек Өзіне ғана үміт артасың ба, Оның рақымы туралы ұмытқан жоқсың ба, соны сынап көргісі келеді<sup>10</sup>.

Сәлім ойланып қалды.

Кенет Ол:

– О, міне Ол! Мен Оны қайтадан көріп тұрмын және Ол маған: «Суға түскен кезінде Мен жаныңда боламын, сонда сен толқындардың астында қалмайсың», – дейді деп қуана дауыстап жіберді.

Олардың екеулерінің де бойлары сергіп сала берді және осы сөздерден кейін дұшпан кері шегінді. Сәлім бірден аяқтарымен өзеннің түбін сезінді және өзеннің қалған бөлігі оларға өте таяз болып көрінді. Олар аман-есен өзеннің арғы бетіне өтті.

Бұл жерде оларды өздерімен бірге келген әлгі екі жігіт күтіп тұрған болатын. Содан соң төртеуі бірге қақпаға қарай бет алды.

Аспандағы қаланың биік таудың үстінде орналасқанын айта кетуіміз қажет, бірақ саяхатшылар онда өте жеңіл көтерілді, себебі оларды екі жақтарынан әлгі екі жігіт демеп жүрді. Оның үстіне, саяхатшылар киімдерін өзенге тастап, судан жалаңаш шықты. Олар аштықты да, суықты да сезінбей, қызу әңгімелесіп келе жатты<sup>11</sup>.

Серіктері оларға Аспандағы қаланың айтып жеткізгісіз сұлулығы мен ұлылығы туралы әңгімеледі.

– Сендер сансыз көп періштелер мен құтқарылған адамдар тұратын Сион тауына, Көктегі Иерусалимге жақындап келесіңдер, – деді олар. – Сендер Құдайдың жұмағына кіресіңдер, ол жерден өмір беретін ағашты көріп, оның жемісінен дәм татасыңдар. Сол жерде сендер әппақ киім киінесіңдер және мәңгілікке Патшамен бірге боласыңдар. Енді сендер жерде көрген қайғы-қасірет, ауру, жылау мен өлім секілділердің ешқайсысы болмайды, өйткені бұрынғының бәрі артта қалды. Бұл жерден сендер түп аталарың Ыбырайымды, Ысқақ пен Жүсіпті, барлық пайғамбарлар мен Құдай болашақтағы азаптан құтқарып қалған әділ адамдарды көресіңдер.

– Ал бұл қасиетті орында біздің не істеуіміз қажет? – деп сұрады саяхатшылар.

– Ол жерде сендер жер бетінде тартқан азаптарың мен еңбектерің үшін жұбаныш алып, қуанышқа кенелесіңдер. Сепкен тұқымдарыңның жемісін аласыңдар: Аспан патшасына деген сенімдеріңе бола тартқан азаптарыңның, жасаған мінажаттарыңның жемісін жейсіңдер. Ол жерде бастарыңа

алтын тәж кигізеді және сендер үнемі Онымен бірге боласындар. Күні-түні Оны мадақтап, Оған қызмет етесіңдер. Патшалардың Патшасының жүзін өз көздеріңмен көріп, Оның дауысын өз құлақтарыңмен естисіңдер. Сендер жер бетінен өздеріңнен бұрын кетіп қалған туыстарыңмен, достарыңмен кездесесіңдер, содан соң өздеріңнен кейін келетіндерді қуанышпен қарсы алатын боласындар. Даңқты Патшасының жанында даңқ пен ұлылылыққа кенелесіңдер. Соңғы, жетінші кернейдің дауысы естілгеннен кейін Патша жер бетіне келіп, Сот күні Өзінің тағына отырған кезде сендер жанында боласындар. Ақырында Ол Өзінің Апандағы қаласына қайтып оралған кезде сендер Онымен бірге кернейлетіп қайтып ораласындар және сонда Онымен мәңгілікке бірге қаласындар.

Қақпаның алдында оларды көк Періштелерінің әскері күтіп алды.

Көктегі әншілер тобы «Тоқтының үйлену тойына» шақырылғандар бақытты!» – деп әндетті. Осы кезде шаршап келген саяхатшыларға құрмет көрсету үшін олардың жандарына жалт-жұлт еткен әппақ киім киген патша кернейшілері келді. Ғажайып әуен мен қуанышты дауыстардан бүкіл аспан жаңғырып тұрды.

Қолпаштаушылардың бір бөлігі алдыда, бір бөлігі – олардың екі жағында, ал қалғандары арт жақтарынан еріп келеді. Бұл шеру өте құрметті қонақты күтіп алу рәсіміне ұқсайтын еді. Періштелердің көптігі сондай, саяхатшыларға өздерін әндетіп, кернейлетіп күтіп алуға бүкіл көк тұрғындары түгелдей шыққандай болып көрінді. Бірақ олар үшін ең қуаныштысы, бұл жерде өздері үшін мәңгілік тұрақтың дайындалып қойғандығы болды. Олардың жүректерінің бұл қуанышын ешқандай тілмен айтып, ешқандай қаламмен жазып жеткізу мүмкін емес еді!<sup>12</sup>

Қақпаға жақындап келген олар маңдайшадан алтын әріптермен жазылған: «Шапандарын таза жуып, осылайша мәңгілік өмір ағашының жемісін жеп, қақпалары арқылы қалаға ену құқығына<sup>13</sup> ие болғандар бақытты!» – деген жазуды оқыды.

...Осы кезде мен саяхатшылардың қақпа арқылы кіргендерін және сол жерде кенет өзгеріске ұшырап, алтындай жарқыраған киім киінгендерін көрдім. Құдайды мадақтау үшін олардың әрқайсысының қолына жетіген ұстатып, бастарына даңқ тәжін кигізді. Кенет қоңыраулар сыңғырлап, тамаша әуеннің астында: «Жаратушы Иеміздің қуанышына еніңдер», – деген дауыс естілді. Жүректері қуанышқа кенелген саяхатшылар да Періштелерге

қосылды: «Тақта Отырған және Тоқты дәріптелу мен құрметке, ұлылық пен құдіретке мәңгі бақи лайықты, Әлемнің Иесі киелі, қасиетті, қастерлі!».

Бірақ осы кезде қақпа жабылды да, мен олармен одан әрі қарай бірге бола алмайтыныма өкіндім.

Көргендерім мен естігендерім жайында ойланып тұрғанда, өзенге жақындап келе жатқан Наданды байқадым. Оны Бекерге үміттенуші атты паромшы алып өтуге келіскендіктен, Наданның өзеннен өтуі қиынға түскен жоқ.<sup>14</sup> Надан таудың басына жалғыз өзі көтерілді, оны ешкім ертіп шыққан жоқ. Оны ешкім күтіп те алған жоқ. Қақпаның жанына келіп, ондағы жазуды оқығаннан кейін қалаға кіруіне дереу рұқсат алатынына сенімді ол есікті қаға бастады. Бірақ қақпаның арғы жағынан біреу одан:

– Сен кімсің? Саған не керек? – деп сұрады.

– Мен Патшамен дастархандас болдым, Ол біздің қаламыздың көшелерінде тәлім берген.

– Куәлігің бар ма?

Ол қалтасын ұзақ ақтарып, ештеңе таба алмады.

– Сонда, сенде куәлік жоқ па?

Надан ештеңе деп жауап қайыра алған жоқ. Қақпаның арғы жағындағылар ол туралы Патшаға мәлімдеуге кетті. Бірақ Ол Сәлім мен Үміттенуші ертіп әкелген екі періштеге Наданның аяқ-қолдарын байлап, анау көрініп тұрған қара түнекке лақтырып жіберуді бұйырды. Періштелер оны көтеріп алды да, есікке қарай алып жүрді. Сол кезде мен тозаққа апаратын жолдың тек Өлім қаласынан ғана шықпайтынын түсіндім. Тозаққа Аспан қаласының қақпасының алдына жетіп тұрып та тап болуға болады...

Осы кезде мен оянып кеттім де, мұның түс екенін білдім.

## СӘЛИМА ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАЛАРЫ

### II – БӨЛІМ

#### *Бірінші тарау*

#### **СӘЛІМНІҢ ӘЙЕЛІ СӘЛІМАНЫҢ ЖОЛҒА ДАЙЫНДАЛУЫ**

Қымбатты сапарластар!

Аз ғана уақыт бұрын мен сіздерге рухани саяхатқа шыққан Сәлімнің және оның Аспан қаласына қиын саяхаты туралы көрген түсімді баяндаған болатынмын. Мұны мен үлкен қуанышпен жасадым және оным бекерге кеткен жоқ деп үміттенемін. Мен Сәлімнің атамекенін тастап кету туралы шешімін қолдамаған әйелі мен балалары туралы да айтып өткен болатынмын. Өлім қаласының тұрғындарымен бірге өлім құшуды қаламаған себепті ол әйелі мен балаларын тастап, жалғыз кеткен болатын.

Мен жұмысбасты болып, ол жүріп өткен жерлерге көп уақытқа дейін бара алмадым және ол тастап кеткен адамдардың жағдайлары туралы ештеңе біле алмадым. Бірақ жақында сол жаққа барып, қаладан бір жарым шақырым жерге орналастым. Бір күні ұйықтап жатып мынандай түс көрдім.

...Мен өзім жүріп келе жатқан жолда бір қартаң адамды кездестірдім. Біз танысып, әңгімелесе бастадық та, әңгіме елеусіз Сәлім жайына ауысып кетті.

– Сіз анау төмендегі қаланың неғылған қала екенін білесіз бе?

Сұңғыла атты әлгі адам бұған былай деп жауап берді:

– Бұл Өлім қаласы, оның тұрғындары өте бейқам.

– Өзім де бұл дәл сол қала болар деп ойлаған едім, – деп жауап бердім мен. – Мен бірде бұл қалада болғанмын және сіздің сөздеріңізді растай аламын.

– Өкінішке орай, маған бұл қала туралы жақсы пікір айтылғаны әлдеқайда ұнамды болатын еді.

– Сіз бір кезде саяхатқа аттанған осы қаланың тұрғыны Сәлім туралы естіп пе едіңіз?

– Естігенде қандай! – деді Сұңғыла. – Мен тіпті оның қандай қиындықтар, қандай шайқастар мен сынақтар арқылы өткені туралы да білемін. Мен тіпті алғашында оны есінен адасқан деп есептегендеріне қарамастан, оның бұл шешімінің оған үлкен құрмет

әкелгенін үлкен сенімділікпен айта аламын. Сәлім ол жақта жақсы өмір сүріп жатыр деседі: тіпті одан үлгі алуға ешқашан батылдары жетпейтіндердің өздері оның бақытына қызыға қарайды<sup>1</sup>.

– Менің ойымша, ол онда тамаша өмір сүріп жатыр деп есептейтіндердікі дұрыс, – дедім мен. – Ол Өмір Бастауының жанында уайым-қайғысыз өмір сүріп жатыр, себебі онда қайғы болмайды. Ол туралы тағы не айтады?

– Әр түрлі әңгімелер айтады. Біреулер – ол әппақ киім киініп, мойнына алтын алқа тағып жүреді және басына інжуден тәж киіп алған деседі. Екіншілер сол елдің Патшасы оған Өзінің сарайынан тамаша жабдықталған салтанатты орын бергенін айтады. Мұның сыртында, Сәлім сапарға шығуға бел байлағанда мұндағы адамдардың оны не үшін жек көріп, мазақ еткенін білу үшін әлгі Патша осы жердің бетіне келеді деседі. Тіпті, оған жасалған әділетсіздіктерді Өзіне жасалған қиянат ретінде танып, Патша оларға үкім шығарады дейді<sup>2</sup>. Бұған таңқалудың да жөні жоқ, себебі саяхатшы Патшаға деген сүйіспеншілігінен жолға шықты ғой<sup>3</sup>.

– Бұған сенімдімін, – деп жауап бердім мен, – және өз еңбектерінің зейнетін көріп, демалып жатқан ол адам үшін қуаныштымын. Енді оған дұшпанның жебелері қорқынышты емес, ол өзін жек көргендерден алыста. Мен ол туралы хабардың бүкіл аймаққа таралғанына өте ризамын. Мүмкін, соның арқасында адамдар пікірлерін өзгертер! Ал сіз оның әйелі мен балалары жайында ештеңе білмейсіз бе?

– Сәлима<sup>4</sup> мен оның ұлдары туралы ма? Бір кезде Сәлімнің айтқандарына құлақ аспай, онымен бірге кетуден бас тартқандарына қарамастан, меніңше қазір олар дұрыс жолда. Олар райларынан қайтып, оны іздеуге шықты<sup>5</sup>.

Шешесі мен төрт ұлы саяхатқа шықты. Сізбен бірге әлі ұзақ жүретінімізді көріп тұрғандықтан, мұның қалай болғанын егжей-тегжейлі баяндап берейін. Бұл әйел күйеуі Өлім өзенінен өтіп кетіп қалғаннан кейін және сол бойы хабарсыз кеткеннен кейін өзінің өткені мен болашағы туралы жиі ойлана бастады. Сүйіспеншілік байланыстың үзілгенін сезінген ол өзінің қайырымды күйеуінен ажырап қалғанына қайғырды. Оның ар-ұжданы азап тартып, кінәлілік сезімі арқасын аяздай қарыды. Күйеуі сапарға шықпақ болғанда өзі айтқан әрбір сөзі мен істеген әрбір әрекеті есіне түсті... Оның: «Құтқарылу үшін не істеуіме болады?» – деген жан айқайы құлағынан кетер болмады<sup>6</sup>.

Сонда ол балаларына: «Сүйікті балаларым, Мен сендердің әкелеріңе қарсы күнә жасадым, енді ол бізден өте алыста. Ол мені өзімен бірге алып кетпек болды, бірақ мен оған қарсы шықтым, сөйтіп, сендердің мәңгілік өмірге қол жеткізулеріңе кедергі жасадым». Бұл сөздерді естігенде балалары жылап, одан өздерімен бірге әкелерін іздеуге жүруін өтінді. «Шіркін, – деді Сәлима мұңайып, – біз неге онымен бірге кетіп қалмадық екен! Онда қазір біздің жағдайымыз әлдеқайда жақсы болар еді, ал енді бізді алда қаншама қайғы күтіп тұр десендерші! Бұрын мен өзімнің ақылсыздығымнан әкелеріңнің қайғысын оның жүйкесінің жұқаруынан деп санадым. Ал қазір оның себебінің басқа болғанын түсінемін: оған өмірдің нұры сыйға тартылған, соның арқасында ол өлімнің торынан құтылды»<sup>7</sup>.

Келесі түні Сәлима түс көрді. Түсінде ол көз алдында біреудің ұзын шиыршық қағазды ашып жатқанын көрді. Онда мұның барша күнәлары тізіліп жазылыпты. Олардың көптігі сондай, қорқыныштан денесі тітіркеніп кетті... Түсінде ол қатты дауыстап: «Жаратушы Ием, мен секілді күнәкарға рақымыңды түсіре гөр!» – деп жалбарынды. Оның бұл дауысы балаларына да естілді<sup>8</sup>.

Кенет оған төсегінің басында түрлері қауіпті екі адам өзара әлдебір нәрсе туралы сөйлесіп тұрғандай болып көрінді. Олардың дауыстары барған сайын қаттырақ шыға бастады да, әйел: «Мына әйелмен не істесек екен? Ол күні-түні Құдайдан рақымын көрсетуді сұрайтын болды. Бізге оның ойын басқаға аударатын бір тәсіл табу қажет, әйтпесе біз күйеуі секілді одан да айырылып қаламыз. Оның болашақ туралы ойларына қалай тосқауыл қойсақ екен? Өйтпесек, кейін оны жердегі ешбір билік те тоқтата алмайды», – деген сөздерді естіді.

Осы сөздерден кейін оянып кеткен оның арқасын аяз қарығандай болып, денесі тітіркеніп кетті... Арада көп өтпей қайта ұйықтап кеткен ол түсінде күйеуі Сәлімді көрді. Ол енді ешқашан өлмейтін адамдардың арасында басының айналасында нұр ойнап тұрған Әлдебіреудің алдында жетігенде ойнап тұр екен. Ол күйеуінің тақтың алдына келіп бас иіп: «Жаратушы Ием, мені осында алып келгенің үшін шын жүрегіммен алғысымды айтамын!» – дегенін естіді. Сол кезде тақты айнала тұрған оттай жалындаған періштелер жетігенде ойнап, жанға жайлы дауыспен әндете бастады. Бірақ олардың сөздерін Сәлім мен сол ғажайып аймақта тұратын оның жолдастарынан өзге ешкім түсінген жоқ...

Келесі күні таңертең әйел орнынан тұрып мінажат етті де, балаларымен сөйлесті. Осы кезде әлдебіреудің есікті қатты қаққан дыбысы естілді.

– Құдайдың атынан келген болсаң – кіре бер!

Сонда әйел:

– Аумин, – деген жауапты естіді.

Есік ашылып, біреу кірді де:

– Үйлеріңде тыныштық болсын! Сәлима, менің мұнда не үшін келгенімді білесің бе? – деп сұрады.

Әйел не айтарын білмей қысылып қалды және оның жүрегі дүрсілдеп кетті... Ол қайдан келді және бұдан оған не керек? Ал әлгі адам сөзін жалғастыра берді:

– Менің есімім Құпия<sup>9</sup> және мен жоғарыдағылардың арасында тұрамын... Біз сенің сол жаққа келуді қалайтының туралы естідік. Бізге сенің бір кезде күйеуіңді Аспандағы қалаға апаратын жолға түспеуге азғырып, балаларыңды алып қалу арқылы жасаған қиянатыңды түсінгенің белгілі. Мейірімі күшті Құдай мені Өзінің сені кешіруге даяр екенін және Оның бар қуанышы істелген күнеларды кешіруден тұратынын хабарлауға жіберді. Күйеуің Сәлім де қазір сонда.

Қатты толқыған Сәлима басын төмен салды: Патшаның алдына барып тағзым етуіміз үшін мені және балаларымды өзіңмен бірге алып кетші.

– Сәлима! Қашан да тәттінің алдында ащы жүреді. Күйеуің секілді сен де көптеген қайғы-қасірет пен қиындықтар арқылы өтесің және тек содан кейін ғана Аспан қаласына аяқ басасың. Анау көгалдың арғы жағындағы Тар қақпаларға қарай жүр. Ол сен жүріп өтуге тиіс жолдың басы. Сапарыңа сәттілік тілеймін<sup>10</sup>!

Осылай деген қонақ үнсіз қалды. Сонда Сәлима балаларын шақырып алды да, оларға былай деді:

– Қымбатты балаларым! Менің біраздан бері өзімді қоярға жер таба алмай жүргенімді байқаған боларсыңдар. Мені өзімнің және сендердің рухани жағдайларың толғандырады. Заттарымызды жинап, Аспан қаласына апаратын қақпаларға қарай барайық. Сол жақтан біз әкелеріңді тауып аламыз және сол елдің заңдары бойынша рақат өмір сүретін боламыз. Аналарының Ғажайып елге аттануға бел байлағанын естігенде балалары қуанғандарынан жылап жіберісті. Қонақ қоштасып кетіп қалды да, олар жолға дайындала бастады.

Олар үйлерінен енді шықпақ болып жатқан кезде көрші екі әйел келіп есік қақты.

– Егер де Құдайдың атынан келіп тұрған болсаңдар – кіріңдер, – деді Сәлима.

Сәлиманың аузынан мұндай сөздерді ешқашан естіп көрмеген көршілері қатты таңданды<sup>11</sup>. Үйге кіріп, олардың кетуге жиналғандарын көрген әйелдер:

– Көрші, қайда жиналдындар? – деп сұрады.

Сәлима олардың Үрей атты үлкеніне:

– Саяхатқа шығуға дайындалып жатырмын, – деп жауап берді.

Үрей Күдікшілдің қызы болатын.

– Ол қандай саяхат? – деп сұрады ол.

Сәлима:

– Күйеуім жүрген жолмен жүргім келеді, – деп жауап берді де, оны есіне алып жылап жіберді.

– Қойсаңшы, көрші! Балаларыңның болашағы үшін есіңді жиып, мұндай ессіз қадам жасаудан бас тарт, – деп үгіттей бастады оны Үрей.

– Олардың бәрін өзіммен бірге алып кетемін ғой.

– Мұндай ойдың басыңа қайдан келгенін түсінбеймін, – деді Үрей таңданып.

– Көрші, бұл ойды басыма кімнің салғанын білген болсаң, онда сен де менімен бірге аттанған болар едің.

– Үйіңді және достарыңды тастап кетуге мәжбүрлеген ол соншалықты не нәрсе?

Күйеуім кетіп қалғаннан кейін мен қатты қайғырдым. Бірақ бәрінен де жаныма батқаны, оның жанын азапқа салған әрекеттерім туралы естеліктер болды. Өткен түні ол менің түсіме кірді. Сонда мен оның жанында болуды қандай қаладым десеңші! Қазір ол сол аймақтың Патшасының жанында өмір сүреді. Оған берілген тұрақтың жанында жердегі ең керемет деген зәулім сарайлар да түкке тұрғысыз екен. Егер онда баруға келісем, мені сол жерге қабылдайтыны туралы жазбаша уәде алдым. Хатты<sup>12</sup> Оның елшісі әкелді.

– Осылай сөзін аяқтаған Салима хатты шығарып, дауыстап оқыды. Одан соң:

– Бұған қарсы енді не айта аласындар? – деп қосты.

– Саған не болған? – деді Үрей. – Күйеуіңмен не болғанын естіген шығарсың? Көршілеріміз Бірбеткей мен Көнгіш бұған куә болған, бірақ есті адамдар ертесіне-ақ кері қайтуды жөн көрді. Біз оның арыстандармен, Аполлионмен қалай кездескені туралы жақсы білеміз. Балаларыңа қарашы – олар сенің бауыр етің ғой! Сондықтан осыншама есің кетіп, ажал құшуға бел бусаң, тым болмаса балаларыңды ая, оларды қалдырып кет<sup>13</sup>.



– Мені үгіттеп әуре болмай-ақ қой, көрші, – деді Сәлима. Менің жолымда кездесетін қауіптіліктерге келетін болсақ, олар мені қорқыта алмайды, керісінше олар менің әрекетімнің дұрыс екенін дәлелдейді. Ал сендер маған Құдайдың атынан келмегендіктен кетулеріңді және бұдан кейін мазамды алмауларыңды өтінемін.

Сонда Үрей түрлі сөздер айтып оны балағаттай бастады, содан соң құрбысы Сүйіспеншілікке қарап:

– Жүр, құрбым, кетейік, ол біздің кеңесімізге құлақ асқанды қаламайды, – деді.

Бірақ та Сүйіспеншілік орнынан қозғалмады. Мұның екі түрлі себебі бар еді. Біріншіден, оның жүрегі Сәлимаға тартып тұрды. Екіншіден, Сәлиманың сөздері оған қатты әсер етті және ол онымен бірге кетуге қуана келісуге даяр болатын. Сондықтан ол Үрейге былай деп жауап берді:

– Көрші, біз мұнда Сәлимаға жолығуға келдік. Бірақ ол біздің елден мәңгілікке кеткісі келеді екен, сондықтан да оны шығарып салғым келеді.

Сүйіспеншілік өзінің одан арғы жоспары туралы тіс жарған жоқ.

– Байқаймын, сен де есіңнен адасқан екенсің, – деді Үрей. – Кеш болмай тұрғанда райыңнан қайт.

Осылай деген Үрей үйіне қайтып кетті де, Сәлима балаларымен және Сүйіспеншілікпен бірге жолға шықты<sup>14</sup>.

Ал үйіне қайтып оралған Үрей құрбылары Соқырды, Тиянақсызды, Жеңілтекті және Білімсізді шақырды. Бәрі жиналған кезде Үрей оларға өзінің Сәлиманың сапарға жиналып жатқаны жайында айтып берді.

– Таңертең ішім пысып, Сәлиманың үйіне бардым. Есігін қаққан кезімде ол неге екені белгісіз: «Құдайдан келген болсаңыз – кіріңіз», – деп жауап берді. Мен кірдім. Сонда не көргенімді білесіңдер ме? Ол балаларын ертіп біздің қаламыздан кетуге дайындалып жатыр екен. Мен одан қайда баруға жиналғанын сұрадым. Сонда ол өзінің күйеуінің артынан саяхатқа шықпақшы екенін айтты. Сондай-ақ көрген түсі, қазір күйеуі тұрып жатқан жердің Патшасының оған және балаларына Аспан қаласына келуге шақырту жібергені туралы айтты.

– Сонда сен ол шынымен де жолға шығады деп ойлайсың ба? – деп сұрады Білімсіз.

– Иә, өзін күтіп тұрған қиындықтардың ешқайсысына қарамастан ол сапарға шығуға дайын!

- Есінен адасқан бейшара әйел, – деді Соқыр.
- Сол қиялшыларды қойшы! – деді Тиянақсыз оның сөзін қолдап, – сондайлардың бәрін қаламыздан қуып жіберсе ғой! Менің ойымша, олардан құтылғанымыз үлкен бақыт болар еді! Егер де Сәлима өмірге деген осындай көзқарасымен арамызда қала берсе, онда ешкім онымен тіл табысып өмір сүре алмас еді! Ол не тұнжырап отыра беретін еді немесе адамның миына сыймайтын нәрселерді айтқан болар еді<sup>15</sup>.
- Жарайды, іш пыстыратын бұл әңгімені доғарайық, – деді Жеңілтек, – одан да мен сендерге кешегі кешті Бұзылғанның үйінде қалай көңілді өткізгеніміз жайында айтып берейін. Онда көп адам жиналған жоқ, тек өзімізге жақын: Тәнқұмарлық, Бұзықтық, Көргенсіздік және тағы басқалар болды. Біз би билеп, жақсы көңіл көтердік. Үй иесі – тамаша әйел, ал Бұзықтық мырза – әдемі де, сырбаз еркек.

## ***Екінші тарау***

### **ТАР ҚАҚПАЛАР**

Бұл уақытта Сәлима жолға шығып кеткен болатын. Сүйіспеншілік те онымен бірге келе жатты. Балаларының ортасында келе жатқан Сәлима Сүйіспеншілікті әңгімеге тартты.

– Қымбаттым, – деді Сәлима оған, – үйінді тастап, мені шығарып салуға шыққаныңды сенің маған деген достығыңның айырықша белгісі ретінде қабылдаймын.

Жас Сүйіспеншілік (ол тым жас болатын) оған былай деп жауап қайырды:

– Егер де сенің сапарыңның шынайы мақсатын түсінген болсам, онда қаламызға ешқашан қайтып оралмас едім.

– Сүйіспеншілік, онда тағдырымызды біріктірейік! – деді Сәлима қуанып. Сапарымыздың соңының қандай болатынын мен білемін. Мені және балаларымды шақырып келуге жұмсаған Патшаның жүрегі сүйіспеншілікке толы. Тек менімен бірге баруға келіссең болды!<sup>1</sup>

– Бірақ онда мені қабылдайтынына қалай сенімді бола аламын? – деп сұрады Сүйіспеншілік.

– Сүйіспеншілік, Тар қақпаларға дейін бірге барайық, сол жерде мен сенің әрі қарай не істеуіңе болатынын сұрастырамын.

Егер сен ол жерден қолдау таппайтын болсаң, онда кейін қайтасың, мен саған кедергі болмаймын. Ал өз кезегімде мені шығарып салуға келіскенің үшін ақшанды төлеймін.

– Сенімен бірге жүре берейін, әрі қарай не болса, сол болсын.

Сәлима бұған қатты қуанды. Құрбы тапқанына ғана емес, қыздың бойына құтқарылуға деген күшті тілекті сіңіре алғанына да қуанды. Сүйіспеншілік білдірмей көзінің жасын сүртіп келе жатты. Сонда Сәлима одан:

– Неге жылайсың, сіңілім? – деп сұрады.

– Туыстарыма шындықты ешкімнің түсіндірмейтіні және бұл қаланы не күтіп тұрғанын ескертуге ешкімнің келмейтіні жанымды жабырқатады<sup>2</sup>.

Жиһанкездердің бойларында жақындарына деген жана-шырлық сезімі болуы тиіс. Марқұм Сәлімнің менің қамымды ойлағаны секілді, сен де өз жақындарыңның қамын ойлайсың. Ол мен қайғырып, көз жасы көп болды. Бірақ Құдай оның көз жастарының бәрін бір тостағанға жинады да, қазір мен, балаларым және сен соның жемісін көріп отырмыз. Мен сенің көз жастарыңның да бекерге кетпейтініне сенімдімін, себебі Киелі Жазбада: «Көз жасын төгіп жүріп екендер егінін, қуана әндетіп жинамақ өнімін. Олар еңіреп жүріп тұқымдарын сеуіп тастайды егістік жерлеріне, кейін құшақтап алып астық бауларын, қуана қайтады мекендеріне», – делінген ғой.

Сары уайымның батпағына жеткен кезде Сәлима абдырап тұрып қалды: ол күйеуінің дәл осы жерде батпаққа батып кете жаздағанын есіне алды. Батпақтың үстінен көпір салу туралы Патшаның жарлығына қарамастан, ол батпақтан өтудің бұрынғыдан да қиындай түскенін байқады. (Мен Сұңғылыдан: «Бұл жерден өту шынымен де бұрынғыдан қиындап кеткен бе, әлде жәй солай болып көріне ме?» – деп сұрадым. «Өкінішке орай, бұл шындық, – деп жауап берді ол, – себебі Патшаның жолын жөндеу үшін бұл жерге өздерін Патшаның жұмысшыларымыз деп атайтын талай адамдар келді, бірақ тастың орнынан олар тек қоқыс әкелді»<sup>3</sup>).

Сәлима мен оның балалары жасқанып тұрып қалды.

Ал Сүйіспеншілік оларға қарап: «Жүріңдер, абайлап өтуге тырысып көрейік», – деді. Олар жасқана басып алға жүре бастады және дегенмен арғы бетке аман-есен өтіп шықты.

Олар әрі қарай кетті. Біраз үнсіздіктен кейін Сүйіспеншілік Сәлимаға қарап:

– Тар қақпалардың алдында жақсы қабылданам деген сенімім дәл сенікі секілді берік болғанда, мені ешқандай Сары уайымның батпағы қорқыта алмаған болар еді, – деді.

– Білесің бе, – деді оған Сәлима, – сенің өз жараң, менің өз жарам ауырады және маған сенуіңе болады, құрбым, бізді алда әлі талай қиындықтар күтіп тұр. Бізді күтіп тұрған асқан ұлылыққа ұмтылған адамдардың оған апарар жолда түрлі кедергілерді, бізді жек көретіндердің құрған түрлі тұзақтарын кездестірмеулері мүмкін емес.

Осы кезде Сұңғылы менің жанымнан кетіп қалды, бірақ түсім жалғаса берді.

Міне, Сүйіспеншілік, Сәлима және оның балалары қақпаға жақындап келді. Олар өздерінің келгені туралы қалай белгі береміз және есік ашқан адамға не дейміз деп ойлана бастады. Ақыры олар іштеріндегі үлкені ретінде есікті Сәлима қағып, бәрі үшін сол жауапты береді деген шешім қабылдады.

Сәлима есікті қаға бастады. Жауап орнына кенет үлкен иттің үрген дауысы естілді. Жиһанкездер бұдан қатты үрейленіп қалды. Ит секіріп шығып, өздерін талап тастайды деп қорыққан олар біраз уақыт есікті қағуға бата алмай тұрып қалды. Кетіп бара жатқандарын көрсе қақпашы ашуланып қалар деп қорыққан олардың кейін қайтып кетуге де батылдары бармады. Ақыры олар есікті тағы қағуға және бұл жолы жаңағыдан қаттырақ қағуға бел буды.

Бір кезде қақпашының: «Бұл кім?» – деген дауысы естіліп, иттің үргені кілт басылды да, қақпа ашылды. Сәлима оған иіліп тағзым етіп:

– Жаратушы Иеміз өз қызметшілерінің Патша есігін қаққандарына ашулана көрмесін, – деді.

– Қайдан келесіңдер? Не қалайсыңдар?

– Біз дәл Сәлім келген жерден және дәл сол мақсатпен келдік және егер рұқсат етсеңіз, онда біз Тар қақпалар арқылы өтіп, Аспандағы қалаға апаратын жолға түссек пе деп едік. Мен қазір жоғарыда тұрып жатқан Сәлімнің әйелімін, атым Сәлима.

– Қалайша, сен де жиһанкез болуға бел байладың ба? Жақында ғана ол туралы тіпті естігің де келмеуші еді ғой? – деді қақпашы таңданып.

– Иә, осындай шешім қабылдадым, – деді әйел басын изеп, – мыналар менің балаларым.

Қақпашы Сәлиманың қолынан ұстап, балаларымен бірге қақпадан кіргізді де, есікті жауып алды. Содан соң кернейшіге Сәлимаың құрметіне керней тартуды бұйырды.

Ал Сүйіспеншілік болса кіре алмай қаламын ба деген қорқыныштан денесі дірілдеп, есіктің алдында қала берді. Сәлима бірден қақпашыдан Сүйіспеншілікті де кіргізуін өтіне бастады:

– Бізбен бірге құрбым келіп еді, ол есіктің арғы жағында қалып қойды. Мені қазір күйеуім қызмет етіп жатқан Патшаның Өзі шақырғанда, ол тек менің шақыруым бойынша ғана келе жатқанына алаңдаулы.

Күтуден шаршаған Сүйіспеншілік өзі есікті қатты-қатты қаға бастады. Қақпашының: «Бұл кім?» – деген сұрағына Сәлима: «Ол менің құрбым», – деп жауап берді. Қақпашы қақпаны ашты да, олар жерде ес-түссіз жатқан Сүйіспеншілікті көрді. Қақпа өзіне ашылмайды деген қорқыныштан ол есінен танып қалған еді.

«О, Құдайым, – деді Сүйіспеншілік ыңырсып, – мен өліп барамын!»

– Қорықпа, орныңнан тұр да, мұнда не мақсатпен келгеніңді айтып бер, – деді оған Қақпашы.

– Патшадан айрықша шақыру алмасам да, мен дәл Сәлима іздеген нәрсені іздеп келдім. Оны Патшаның Өзі, ал мені – ол шақырды. Сондықтан да менің тарапымнан бұл әдепсіздік бола ма деп қорқып тұрмын<sup>4</sup>.

– Ол сені өзімен бірге жүруге үгіттеді ме?

– Иә, сондықтан осында келдім және бұл жерден рақымдылық пен кешірім алу мүмкін болса, мен де сол игіліктерге ие болуды сұрап жалбарынамын.

Қақпашы мейірімділікпен оның қолынан ұстады да: «Маған тапсырған адамдарыңның Өзім болатын жерде болуларын және Өзің Маған сыйлаған салтанатты ұлылығымды көрулерін қалаймын», – деп күбірлей отырып қақпадан өткізді. Содан соң айналасындағыларға:

– Сүйіспеншілікке қажетті нәрсенің бәрін алып келіңдер – деді.

Сүйіспеншілік есін жиған кезде саяхатшылармен Құдайдың Өзі әңгімелесті. Сонда саяхатшылар Оған:

– Біз жасаған күнәларымыз үшін өкініп, Иемізден кешірім сұраймыз – деді.

– Кешірім сыйлаймын, – деді Ол, – сөзбен де, іспен де. Сөзбен – кешіруге уәде беру арқылы, іспен – оған қол жеткізудің тәсілі ретінде. Біріншісін қабылдаңдар, ал екіншісіне сендерге кейінірек нұсқау беріледі.

Ол саяхатшыларды мұнараның басына алып шықты да, құтқарылуға және кешірім алуға апаратын жолды көрсетті.

Олардың сапар барысында жаңа белгілер көре алатындарын ескертті.

Сәкіде өздері оңаша қалғаннан кейін саяхатшылар болған жайтты талқылай бастады.

– Осында келгенімізге қандай қуаныштымын десеңдерші! – деді Сәлима.

– Сенің қуанышыңды түсінемін, менің өзім де қуаныштан билей жөнелуге дайынмын!

– Есікті ұзақ қағып, бірақ ешкім аспағаннан кейін, әсіресе, иттің үрген дауысын естігенде мен талпыныстарымыздың бәрі бекер ме екен деп қорқа бастаған едім,<sup>5</sup> – деді Сәлима шынын айтып.

– Ал мен сені балаларыңмен бірге ішке кіргізіп әкетіп, ал өзім сыртта қалып қалғанда: «Олар бірге қол диірмен тартып отырған екі әйелдің де біреуін қабыл алып, екіншісін тастап кетеді», – деген сөздердің шынымен де орындалғаны ма деп ойладым.<sup>6</sup> Маңдайшадағы жазуды оқып батылданып кеттім де, есікті қатты қаға бастадым.

– Сенің есікті қатты қаққаның сондай, тіпті мен қорқып кеттім. Есікті мұндай қатты қағуды өмірімде естіген емеспін.

– Өкінішке орай, менің жағдайымда басқаша әрекет ету мүмкін емес еді! Қақпаның дәл алдымнан қалай жабылғанын және иттің қалай шабалана үргенін сен естідің ғой. Мен есікті өте қатты қаққылаған кезде Құдай не айтты? Ол маған бұл үшін ашуланған жоқ па?

– Сенің дегбірсіздене есік қаққаныңды естігенде Ол жымия күлімсіреп қойды. Менің ойымша, сенің батылдығың Оған ұнады, өйткені Ол ешқандай наразылық білдірген жоқ. Бірақ мен Оның қабаған итті не үшін ұстайтынын түсінбеймін. Егер мен ит туралы бұрынырақ білген болсам, онда балаларымды ертіп бұл жерге келуге батылым жетпеген болар ма еді? Бірақ қазір бәрі артта қалды.

– Менің де Одан мұндай үлкен итті не үшін ұстайтынын сұрағым келеді. Оны сұрағаныма ашуланып қалмас деп үміттенем.

– Иә, Одан соны сұрашы, – деді балалар да, Оны итті өлтіруге көндіріп, әйтпесе ол бәрімізді талап тастай ма деп қорқамыз.

Ақыры Ол қайтадан жандарына келген кезде Сүйіспеншілік Оған тағзым етіп тізерлей отырды да:

– Жаратушы Ием, менің ауызша беретін алғыс құрбандығымды қабыл ала гөр, – деді.

Сонда ол:

– Саған тыныштық болсын, орныңнан тұр! – деді.

Бірақ Сүйіспеншілік сол тізерлеп отырған күйі сөзін жалғастыра берді:

– Тәңірім, егер маған рақымың түссе, онда жолдарыңды түсінуіме көмектесші! Сен неліктен өз аулаңда қабаған ит ұстап отырсың, оны көргенде біз секілді әйелдер мен балалардың қорыққандарынан қақпаның алдынан тұра қашқылары келеді.

Сонда Құдай оған былай деп жауап берді:

– Ол иттің қожайыны басқа: ол көрші аулада. Саяхатшылар оның тек дауысын ғана ести алады, себебі ол анау көрініп тұрған қамалдың иесінің иті және ол осы ауланың қабырғасына дейін ғана жете алады. Ол өзінің үруімен көптеген әділ саяхатшыларды қорқытып үлгерді, бірақ та оның жамандығы жақсылықтың туындауына себепкер болды. Ал енді сен бұның бәрін алдын ала білгенде иттен қорықпас едің. Есіктен есік жағалап қайыр сұрайтындар иттердің дауыстарын естіп қана қоймайды, олардың итке таланып қалулары да мүмкін, бірақ та олар қорыққандарына бола садақа алудан бас тартпайды. Маған біреулердің келуіне әлдекімнің ауласындағы ит қалай кедергі жасай алады? Мен Өзім жақсы көргендерді иттен ғана емес, арыстандардан да қорғап аламын.

– Білместігімді түсіндім, – деді Сүйіспеншілік мойынсұнушылықпен, – осыған дейін түсінбей келген нәрселерім үшін өкінемін және қазір мен Сенің айтқандарыңның жақсы және дұрыс екеніне сенімдімін.

Содан соң Сәлима, Одан алдағы жол жайында сұрастыра бастады. Қожайын оларды тамақтандырып, аяқтарын жуды да, Өзі жүріп өткен жолды көрсетті.

Содан соң түсімде мен олардың сол жолға түсіп жүріп кеткендерін көрдім. Ауа райы олардың сапарларына өте қолайлы болып тұрды.

Сәлима:

«Мен сапарымды бастаған күн – бақытты күн және менің бойыма осы тілекті Сіңірген Құдайдың батасына кенелсін. Мені мәңгілік өмір туралы ойлардың азаптай бастағанына көп уақыт болды, бірақ есесіне қазір мен оған бар жан-тәніммен ұмтыламын. «Ештен кеш жақсы» деген ғой. Біздің көз жастарымыз қуанышқа, қорқынышымыз – сенімге айналады, осылайша өміріміздің басы оның соңының қалай болатынынан хабар береді», – деп әндетті.

Олар жүріп келе жатқан жолдың бір қапталы қоршаулы екен. Қоршаудың арғы жағындағы жемісі төгіліп тұрған бақ жүргіншілерді өзіне тартады. Бұл бақ иттің иесіне тиесілі болатын. Бұл бақтың жемісінен татқан әркім өзіне зиян тигізетін. Тамаша жемістерге қызыққан Сәлиманың балалары оларды үзіп жей бастады<sup>7</sup>.

– Балаларым, – деді әйел оларға, – сендер күнә жасап тұрсыңдар, себебі бұл бөтен біреудің бағы.

Арада көп өтпей олар өздеріне қарай жақындап келе жатқан түрлері күдікті екі адамды байқады<sup>8</sup>. Әйелдермен қатарласқан әлгі еркектер оларды құшақтамақ болды. Бірақ та Сәлима мен Сүйіспеншілік оларды кеуделерінен әрі итеріп, бойларына жақындатпады.

– Аулақ кетіндер! – деді Сәлима айқайлап, – біздің ақшамыз жоқ, бейшара саяхатшылар екенімізді көріп тұрсыңдар ғой.

– Бізге сендердің ақшаларың қажет емес, – деп жауап берді әлгі оңбағандардың бірі. – Сендер біздің бір ғана тілегімізді орындауға келісесіңдер ме? Егер келіссеңдер, мәңгілікке біздің әйелдеріміз боласыңдар.

Өздерінен нені қалайтынын сезген Сәлима оларға былай деп жауап берді:

– Сендерді тыңдағымыз да, тілектеріңді орындағымыз да келмейді. Біз асығыспыз, мұнда тұратын уақытымыз жоқ. Себебі біз өмір мен өлімге қатысты маңызды іспен кетіп барамыз.

Сөйтті де, екі әйел олардың жандарынан өтіп кетуге тырысты, бірақ та бұзақылар олардың жолдарын бөгеп тұра қалды.

– Сендерге жамандық жасайтын ойымыз жоқ, – деді олар, – біздің қалауымыз басқа.

– Сендер біздің жанымыз бен тәнімізді бүлдіруді қалайсыңдар, – деді Сәлима. – Бірақ мен сендердің айтқандарыңа көнгеннен гөрі өлгенді артық көремін, себебі бұл бізді мәңгілік өлімге алып келеді.

Осыдан кейін екі әйел бір дауыспен: «Құтқарыңдар! Құтқарыңдар!» – деп айқай салды. Бірақ та бұзақылар бұдан қорыққан жоқ. Сонда олар одан да қатты айқайлай бастады<sup>9</sup>.

Олар Тар қақпалардан әлі ұзай қоймаған еді, сондықтан Сәлима айқайын ондағылар да естіді. Оларға әлдебіреу көмекке ұмтылды. Бұл кезде әйелдер әлгі бұзақылармен жанталаса күресіп, ал балалар қатты айқайлап, жылап жатқан болатын.

Көмекке келген адам бұзақыларға қаһарлы үнмен:

– Сендер мұнда не істеп жүрсіңдер? Құдайдың адамдарының көздерін жойғыларың келе ме? – деді.



Ол әлгілерді ұстап алмақ болып еді, бірақ олар қоршаудан жылдам қарғып өтіп, иттің иесінің бағына кіріп кетті.

Құтқарушы әйелдердің жандарына келіп, олардың жағдайларын сұрады.

– Рахмет, саған, – деп жауап берді олар, – енді бәрі жақсы, біз жай ғана олардан қорқып қалдық. Патшаға және саған шын жүрегімізден алғысымызды білдіреміз, онсыз біздің жағдайымыз қиын болатын еді.

– Мен сендердің Құдайдан жолбасшы беруін сұрамай, жолға өздеріңнің шығып кеткендеріңе қатты тандандым, – деді Құтқарушы біраз үнсіздіктен соң<sup>10</sup>. – Ол сендердің беттеріңді қайтармайтын еді және сонда қауіпке ұрынбайтын едіңдер.

– Біздің өзімізді бақытты сезінгеніміз сондай, алда күтіп тұрған қауіптіліктер жайлы мүлде ойламаппыз, – деп жауап берді Сәлима. – Оның үстіне, Патша сарайына жақын маңнан мұндай бұзақыларды кездестіреміз деп кім ойлаған? Шын мәнінде, Құдайдан біздің жолбасшы-қорғаушы сұрауымыз қажет еді, бірақ Құдай біздің мұқтаждықтарымызды Өзі де білді ғой, сондықтан Оның бізбен бірге біреуді жібермегеніне таңданамын<sup>11</sup>.

– Сұрамаған нәрсені сыйлай беруге болмайды, себебі сыйлықтар өз құндарын жоғалтуы мүмкін, – деп қарсылық білдірді Құтқарушы. – Адамдар өздері мұқтаж нәрсені сұрайды. Егер Құдай жолбасшы қосып бергенде, сендер өздеріңнің бейқамдықтарыңа дәл қазіргідей қатты өкінбейтін едіңдер. Болған нәрсенің бәрі жақсылыққа және рухани пайдаға септігін тигізеді, ал бұл сендерді сақ болуға үйретеді<sup>12</sup>.

– Қайтып оралып, бейқамдығымыз үшін Құдайдан кешірім сұрасақ және Одан жолбасшы беруін өтінсек қалай болады?

– Мойындауларыңды Оған өзім жеткіземін, сендерге кейін қайтудың қажеті жоқ, – деді Құтқарушы. – Демалған жерлеріңнің бәрінде қажетті нәрселеріңді табатын боласыңдар. Құдай саяхатшыларға арнап көптеген демалатын орындар даярлап қойды, ол жерде олар қауіпсіздікте болады. Бірақ, жоғарыда айтып кеткенімдей, Ол мұның бәрін мінажатта сұрағандарыңды қалайды.

Осылай деген ол кейін қайтып кетті де, саяхатшылар сапарларын одан әрі жалғастырды.

– Қандай күтпеген сынақ, Сәлима! – деді Сүйіспеншілік. – Ал мен қауіптіліктердің бәрі артта қалды, енді біз азап дегенді ешқашан көрмейміз деп ойлаған едім.

– Сен әлі жассың әрі тәжірибесіңсің, сондықтан саған көшірімді. Ал мен сенен үлкенмін, сондықтан мұндай қателік жібермеуім керек еді. Табалдырықтан аттаған сәттен бастап қауіптіліктер күтіп тұратынын білдім, бірақ соған қарамастан еш шара қолданбадым. Мен кінәлімін<sup>13</sup>.

– Сен бұл туралы қалай білдің, соны түсіндірші!

– Бірде мен дәл осы екі бұзақы туралы түс көрген болатынмын.

Сәлима оған өзінің күдікті екі адам туралы көрген түсін айтып берді.

### *Үшінші тарау*

#### **ТҮСІНДІРУШІНІҢ ҮЙІ**

Әңгіменің қызығына түскен әйелдер жолдың дәл жағалауында тұрған үйге қалай жеткендерін байқамай да қалды. Ол үй жолдан қажыған жолаушылардың демалулары үшін салынған және ол туралы Сәлімнің сапары жайындағы әңгімеде егжей-тегжейлі баяндалған болатын.

Түсіндіруші тұратын әлгі үйге жеткен саяхатшылар арғы жағынан дауыстар естіліп жатқан есіктің алдына келіп тоқтады. Ол дауыстардан әңгіменің өздері жайында болып жатқанын түсінуге болатын еді, себебі сөйлесіп жатқандар Сәлиманың атын жиі атап жатты. Сәлима мен оның балалары, олардың саяхатқа шықпақ ойлары жайында бұл жерде олар жолға шықпай тұрып-ақ жиі әңгіме болғанын айта кету қажет. Өздерінің Сәлімнің жолын қуып, Аспандағы қалаға бару үшін бұрынғы өмір салттарын тастау туралы шешімдерін қолдаған сөздерді естігенде олардың көңілдері көтеріліп қалды. Сәлима есікті қақты. Сол сәтте-ақ Пәктік есімді қыз есікті ашып:

– Сендерге кім керек? – деп сұрады.

– Біз саяхатшылардың осы жерде тынығып алуларына болатыны туралы естіп едік, – деді Сәлима. – Біз қатты шаршадық және оның үстіне кеш те батып келеді, сондықтан осында түнеп шығуымызға рұқсат етілер деп үміттенеміз.

– Үй қожайынына баяндауым үшін аттарыңызды айтыңыздар.

– Менің атым Сәлима. Осыдан бірнеше жыл бұрын осы жер арқылы өткен саяхатшы Сәлімнің әйелімін, ал мыналар – оның балалары. Сүйіспеншілік атты құрбым да бізбен бірге келе жатыр.

Пәктік дереу үйге жүгіріп кетті де, есік алдына құрбысы мен балаларын ертіп Сәлиманың келіп тұрғанын баяндады. Саяхатшыларды күтіп алуға қожайынның өзі шықты да, Сәлимаға қарап:

– Әлгі қайырымды Сәлім Аспандағы қалаға саяхатқа шыққан кезінде үйінде қалдырып кетуге мәжбүр болған Сәлима сенсің бе? – деп сұрады.

– Иә, күйеуіммен бірге кетуден бас тартып, оны саяхатқа жалғыз шығуға мәжбүр еткен қатігез әйел менмін. Ал мыналар оның төрт ұлы. Қазір мен де мекенімді тастап шықтым, себебі осы жүріп келе жатқан жолдан өзге шынайы жолдың жоқ екеніне көзім жетті<sup>1</sup>.

– Киелі Жазбадағы: «Ұлым, бүгін жүзімдікке барып, жұмыс істеші», – деген адам туралы сөздер осылай орындалады. Алғашында ұлы: «Барғым келмейді», – деп жауап қайырады. Дегенмен кейінірек онысына өкініп, жұмысқа барады, – деді Түсіндіруші.

– Айтқаныңыз келсін. Аумин.

– Ал сен неге есік алдында тұрсың? – деп сұрады Түсіндіруші.  
– Үйге кір, Ыбырайымның қызы! Сенің саяхатқа шығуға бел байлағаның туралы естіп, қазір ғана сен туралы әңгімелеп жатыр едік. Балалар, кіріңдер, қызым, сен де кір!

Түсіндіруші қонақтарды қуана үйге шақырды.

Оларды жеке бөлмеге орналастырды да, біраз уақыттан кейін үй тұрғындары олармен әңгімелесуге келді. Олар Сүйіспеншілікке, Сәлимаға және оның балаларына үлкен ілтипат көрсетті<sup>2</sup>.

Түсіндіруші кешкі ас дайын болғанша қонақтарға бөлмелерді аралап шығуды және бұған дейін Сәлім көрген нәрселерге көз салуға ұсыныс жасады. Олар тордағы адамды; көрген түстерінен азап шеккен адамды; дұшпандарының арасынан жол таба алған адамды; жер бетіндегі адамдардың ішіндегі ең ұлысының бейнесін және Сәлім үшін өте пайдалы болған өзге де көптеген нәрселерді көрді.

Содан кейін Түсіндіруші көргендері туралы ойланулары үшін оларға біраз уақыт берді. Содан соң оларды бір бөлмеге ертіп апарды да, көздерін төмен салып, қолына тырма ұстап тұрған адамды көрсетті. Оның жанында бір адам қолына көктің тәжін ұстап, тырмасын тәжге айырбастауды ұсынып тұр. Бірақ әлгі адам оның сөзіне еш құлақ аспастан, басын көтермеген күйі жердегі шөп-шалаң мен қоқыстарды тырмалауын жалғастыра берді.

– Мұның нені білдіретінін мен білетін секілдімін, – деді Сәлима, – бұл жүрегі жерге тиесілі осы дүниелік адамды бейнелейді, солай ма?

– Дұрыс айтасың, – деді Түсіндіруші, – ал тырма тәндік рухты бейнелейді. Сен оның тырманы көк тәжіне айырбастауды Ұсынушының сөзіне еш назар аудармай, қоқыстарды тырмалауын сол күйі жалғастыра бергенін көріп тұрсың. Көпшілік адамдар үшін жұмақ – бұл қиял, олар тек осы дүниелік нәрселерді ғана шынайы игіліктер деп есептейді. Сендер оның үнемі жерге қарай беретінін байқаған боларсыңдар. Бұл егер де адам толықтай осы дүниелік нәрселерге деген сүйіспеншіліктің билігінде болса, онда оның Құдайдан тыс алыстап кететінін білдіреді.

– Тәңірім, мені осы дүниелік нәрселерге деген сүйіспеншіліктен аулақ ете гөр! – деді Сәлима.

– «Ием, маған байлық бермей-ақ қой!» – деген мінажат өте сирек естіледі. Шөп-шалаң, құрғақ бұталар, қоқыс пен мүк – адамдардың көпшілігінің өмірлік мақсаттары, міне, осылар.

Сәлима мен Сүйіспеншілік көздеріне жас алып:

– Иә, өкінішке орай бұл ащы шындық<sup>3</sup> – десті.

Содан кейін Түсіндіруші оларды ең жақсы бөлмеге ертіп әкелді де, олар сабақ алатындай бір нәрсені байқай ма, соны білу үшін оған мұқият қарауға ұсыныс жасады. Олар қанша қараса да, ештеңе көре алмайтын еді: бөлме бос болатын, тек қабырғада үлкен өрмекші қозғалып тұр. Бірақ алғашында олар оны байқаған жоқ.

Сүйіспеншілік өзінің ештеңе байқай алмағанын айтты, ал Сәлима үндеген жоқ.

– Мұқият қараңдар, – деді Түсіндіруші.

Бөлмеге зер сала қараған Сәлима ақыры:

– Мен қабырғадағы сүйкімсіз өрмекшіден өзге ештеңе көріп тұрған жоқпын, – деді.

– Қалай ойлайсың, осы бөлмеде жалғыз өрмекші ғана тұр ма? – деп сұрады Түсіндіруші.

Емеурінді түсінген Сәлима көзіне жас алып:

– Өкінішке орай, бір ғана өрмекші емес, тіпті, мына өрмекшіденде улы және қатерлі өрмекшілер бар, – деп жауап берді.

Түсіндіруші оған мейірлене қарады.

Мұны түсінген кезде Сүйіспеншіліктің құлағының ұшына дейін қызырып кетті, ал балалар беттерін баса қалды<sup>4</sup>.

– Өрмекші қабырғада өрмелеп жүр және ол Патша сарайында тіршілік етеді. Бұл адам қанша күнәкар болса да, оның сенімі арқылы Патша тұрағының ең жақсы бөлігінде тұра алатынын бейнелейді, – деді Түсіндіруші сөзін жалғастырып<sup>5</sup>.

– Мен осыған ұқсас нәрсені көз алдыма елестеттім, бірақ оның не екенін өзіме түсіндіре алмадым, – деді Сәлима – Егер біз Күнәкарлықта өмір сүретін болсақ, онда қайда болсақ та өрмекші секілді жаман нәрсені бейнелейміз деп ойладым. Бірақ мен улы және сұрықсыз өрмекшінің бізге сенімнің қаншалықты күшке ие екені жайында сабақ бере алады деп ойламаған едім. Өрмекші аяқтарымен жабысып, Патшаның ең жақсы бөлмесінің қабырғасында тұр. Құдай пайдасыз ешнәрсе жаратқан жоқ...

Содан соң ол саяхатшыларды үйдің басқа бөлігіне алып келіп, балапандарын ерткен тауықты көрсетті. Балапандардың бірі су құйылған ыдыстың жанына келіп су іше бастады. Суды әрбір ұрттаған сайын ол тұмсығын жоғары көтереді.

– Балапанның не істеп жатқанына қараңдар, – деді Түсіндіруші, – жерлік және рухани игіліктеріңді алатын Құдайларыңа алғыс білдіруді және мадақ айтуды осы балапаннан үйреніңдер. Тауықтың балапандарына қатысты әрекеттеріне де назар аударыңдар. Бұл тауықты Патшаларыңмен, ал балапандарды – Оның мойынсұнған балаларымен салыстырыңдар. Тауық секілді, Ол да адамдарды өзіне жақындатудың түрлі жолдарын таңдайды. Әдетте Ол тек Өзінің қатыстылығын еске салып қана тұрады; ал ерекше жағдайларда Өз атына мадақ білдіруді күтетін бір нәрсе сыйлайды<sup>6</sup>.

– Бізге тағы бір нәрселер көрсетіңізші, қайырымды Түсіндіруші! – деді Сәлима.

Түсіндіруші оларды қасапханаға алып барды. Ол жерде қасапшы өлімді төзімділікпен күтіп жатқан қойды бауыздағалы жатыр екен.

– Осы дүниенің әділетсіздігіне төзімділікпен шыдауды мына қойдан үйреніңдер. Қараңдаршы, өлімді ол қандай жайбарақаттықпен күтіп жатыр. Патшаларың сендерді Өзінің қойлары деп атайды<sup>7</sup>.

Содан кейін ол саяхатшыларды көптеген гүлдер мен өсімдіктер өсіп тұрған баққа алып барды.

– Гүлдердің түрлі-түстілігіне назар аударыңдар, – деп сөзін жалғады ол. – Олар өздерінің түрлері, иістері жағынан алуан түрлі. Біреулері өте әдемі, ал екіншілері онша емес. Олар бір-

бірлерімен жауласпай, бағбан өздерін қай жерге отырғызса, сол жерде өсіп тұр<sup>8</sup>.

Содан соң Түсіндіруші оларды қара бидай мен бидай өсіп тұрған егістікке алып барды. Саяхатшылар дәндердің жоқ екенін және жерде тек сабандардың ғана жатқанын көрген кезде Түсіндіруші оларға:

– Көктемде бұл жер жыртылып, тырмалып, бидай егілді. Ал күзде астықты орып алды. Егістік басында көптеген сабан қалды. Олармен енді не істеуге болады? – деді.

– Олардың бір бөлігін өртеп жіберуге болады, – деп жауап берді Сәлима, – ал қалған бөлігін – егістікке шашып тастау қажет.

– Сендер өнімді күттіңдер және оны жинап алғаннан кейін, қалған сабанды өртеуге және адамдардың аяқтарының астына тастауға үкім шығардыңдар. Осындай үкім шығарудан сақ болыңдар, себебі өздеріңе-өздерің үкім шығаруларың мүмкін! – деп сақтандырды оларды Түсіндіруші<sup>9</sup>.

Үйге қайтып келе жатқан жолда олар аузына өрмекшіні тістеп алған құсты байқады. Түсіндіруші олардың назарларын бұған да аударды. Сүйіспеншілік таңданып қалды, ал Сәлима:

– Мынадай әсем құс үшін қандай ұятты нәрсе! Мен оны нанның қиқымдарымен және дәндермен қоректенетін шығар деп ойлаушы едім, ал ол болса мынандай сұрықсыз жәндікті жеуден де жиренбейді екен!

– Бұл құс жалған мәсіхшілердің мысалын бейнелей алады, – деп түсіндірді Түсіндіруші. – Мына құс секілді олар да әлемді өздерінің сыртқы түрлерімен жаулап алады және қайырымды адамдардың үстелдеріндегі қалдықтармен қоректену арқылы шынайы мәсіхшілер қауымын жақсы көретін секілді болып көрінеді. Олар тіпті қауым жиналыстарына сол себептен келеміз деп сендіруге тырысады. Бірақ та өздерімен-өздері қалған кезде мына құсқа ұқсап өрмекшілермен қоректенеді, яғни, өмір салттарын бірден өзгертіп, күнәға батады<sup>10</sup>.

Олар үйге қайтып оралған кезде кешкі ас әлі даяр болмапты. Сонда Сәлима одан тағы да сабақ аларлықтай бір нәрселер айтып беруін өтінді.

Түсіндіруші бұған қуана келісті.

– Жақсы, онда мына кейбір ойлар мен афоризмдерді тыңдаңдар:

Шошқа қаншалықты жақсы бағылса, лас батпақта аунағанды соншалықты жақсы көреді. Адам қаншалықты дені сау әрі тоқ болса, жамандық жасауға да соншалықты жақын болады.

Әйелдер өздеріне сұлулықтары мен киген киімдері арқылы назар аудартқылары келеді, бірақ оларға өздерін Құдай қымбат деп есептейтін нәрселермен әшекейлеу қажет.

Жыл бойы ұйықтамай жүргеннен екі түн ұйықтамау жеңіл және өмір бойы әділетсіз болғаннан әділетті өмір сүруді бастаған оңай.

Қатты дауыл кезінде капитан аса қажет емес нәрселердің бәрін суға лақтырады, бірақ ең қымбат нәрсені лақтыруға кімнің батылы барады? Оны тек Құдайдан қорықпайтын ғана істей алады.

Бір ғана тесік бүкіл кеменің суға батып кетуіне себеп болады, бір ғана күнә адамды өлтіре алады.

Досын ұмытқан – рахметі жоқ адам. Өзінің Құдайын ұмытқан – бірінші кезекте өзіне жаны ашымайтын адам.

Күнәмен өмір сүретін, бірақ болашақтың игіліктерінен дәмеленетін адам егістікке арам шөптің тұқымын сеуіп, күзде одан көп бидай жинап аламын деп дәмеленген адаммен бірдей.

Егер адам әділетті өмір сүруді қалайтын болса, онда әрбір күнді өзінің жер бетіндегі ең соңғы күні деп санасын.

Егер де Құдай құнды деп санамайтын осы дүние адамдар үшін тым қымбат болса, онда Мәсіх мақтаған Аспан патшалығы қандай болуы керек десеңші?!

Егер де бізге қайғы мен қасіретке толы осы өмірмен қоштасудың өзі осындай қиын болғанда, тек қана игіліктерден тұратын ана өміріміз қандай болады десеңші?!

Түсіндіруші Сәлимадан оны жолға шығуға не нәрсенің итермелегенін сұрады.

– Мен Күйеуімнің басына түскен қиындықтар, өзімнің оған қатігездікпен қарағаным есіме түсіп, ар-ұятым жиі мазалай бастады. Бірақ та бақытыма орай бір күні оның Патшаның жанында тамаша өмір сүріп жатқаны туралы түс көрдім. Арада көп өтпей Патшадан маған да шақыру қағазын әкеліп берді. Көрген түсім мен хаттың маған қатты әсер еткені сондай, мен дереу жолға шығуға бел байладым.

– Жолға шығарыңның алдында ешқандай кедергі болған жоқ па? – деп сұрады Түсіндіруші.

– Болды, әсіресе Үрей атты көрші әйел мені бетімнен қайтаруға көп әрекет жасады. Ол арыстандар туралы айтып қорқытып, менің күйеуімді кейін қайтаруға тырысқан Күдікшілдің туысы болатын.

– Сен басын жақсы бастадың, ал аяғы одан да жақсы болады, – деп жауап берді Түсіндіруші.

Содан соң Сүйіспеншілікке қарап:

– Ал мұнда келуге сені не итермеледі? – деп сұрады.

Сүйіспеншілік әңгімесін былай бастады:

– Қайырымды Түсіндіруші, менің үнсіздігімнің себебі – тек тәжірибемнің жоқтығы ғана екенін айтып сендіргім келеді. Мұның сыртында, мен өз ойларымды дұрыс жеткізе алмаймын ба деп қорқамын. Мен Сәлима секілді аян да алған жоқпын, түс те көрген жоқпын, тіпті, қайырымды адамдардың кеңестеріне құлақ аспағаным үшін өкінген де емеспін<sup>11</sup>.

– Сонымен, сенің мұнда келуіңе не себепші болды?

– Сәлима жолға дайындалып жатқан кезде көршім екеуміз кездейсоқ оның үйіне келіп қалдық. Оның заттарын жинастырып жатқанын көріп, мән-жайды сұрадық. Ол өзінің күйеуі тұрып жатқан жерге келуге шақырту алғанын айтты. Содан соң ол күйеуінің мәңгі өмір сүретін адамдармен бірге тұрып жатқаны, басына тәж киіп жүретіні, жетігенде ойнайтыны, Патшаның жанында, Онымен дастархандас болып жүргені жайында түс көргенін айтты. Оның әңгімесін тыңдап отырған кезде менің жүрегім алабұртып кетті. Мен одан бәрін егжей-тегжейлі айтып беруін өтіндім және мені өзіңмен бірге ертесің бе деп сұрадым. Өйткені мен біздің қаладан өлім қаупі төнбей тұрған жерді табудың қиын екеніне көз жеткізген едім. Туған қаламнан қатты қайғырып шықтым: ол жерде қалғым келген жоқ, бірақ мен туыстарымды ойлап қайғырдым. Міне, енді осында келдім.

– Сен бұл сапарға лайықтысың<sup>12</sup>. Сен Нағимаға және Құдай Иесіне деген сүйіспеншіліктен өзінің әкесін, шешесін және туған жерін тастап, өзі танымайтын адамдардың арасына баруға бел буған Рутқа ұқсайсың. Құдай сенің бұл қадамыңа батасын береді.

...Кешкі астан кейін олар ұйықтауға дайындалды. Ұйықтайтын бөлмелер дайындалып қойған болатын. Әйелдердің әрқайсына жеке бөлме берілді. Балаларды үйдің басқа бөлігіне орналастырды.

Қабылданбай қалам ба деген қорқынышының бекер болғанына қуанған Сүйіспеншілік көпке дейін ұйықтай алмады. Ол төсегінде жатып алып, өзіне рақымдылық көрсеткен Құдайға алғысын айтумен болды.

Таңертең олар ерте тұрып, жолға дайындала бастады. Бірақ Түсіндіруші оларды тағы біраз уақыт аялдай тұруға көндірді.



– Олар бұл жерден абыроймен шығулары тиіс. Оларға хауызы бар баққа апаратын жолды көрсет және сонда жуындырып, жолда жабысқан шаң-тозаңдарынан тазарт, – деп тапсырды ол Пәктікке.

Қыз оларды баққа бастап апарды. Сол жерде олар таза суға шомылды және судан тазарып қана емес, бойлары да сергіп шықты<sup>13</sup>.

Түсіндіруші дереу мөр әкелуді бұйырып, қайда жүрсе де танып алу үшін олардың маңдайларына бастырды. Бұл мөр Исраилдің балалары Мысыр жерінен шығардағы құтқарылу асының құрметіне басылды. Бұл мөр оларға әдемілік, байсалдылық, тіпті, періштелерге ұқсастық беріп тұрғандай болды<sup>14</sup>.

Содан соң Түсіндіруші Пәктікке қарап:

– Қоймаға бар да, мына саяхатшыларға лайықты киімдерді алып кел, – деп бұйырды.

Пәктік барып әппақ киімдер алып келді де, оларды саяхатшылардың алдына жайып салды. Түсіндіруші оларға осы киімдерді киіп алуды бұйырды<sup>15</sup>. Бұл жұқа матадан тігілген жеңіл, әппақ және жап-жаңа киімдер еді. Әйелдердің ешқайсысы өздерінің қаншалықты салтанатты түрге енгендерін байқай алмады, есесіне, олар бір-бірлеріндегі өзгерісті дереу байқады. Сөйтіп олар өздерін емес, бір-бірлерін мақтай бастады. «Сен нұрланып кеттің», – деді олардың бірі. «Сен салмақтысың», – деп жауап берді екіншісі. Балалар алған киімдеріне таңдана қарап қалыпты<sup>16</sup>.

Түсіндіруші өзінің Батылдық рухы деп аталатын қызметшісін шақырып, оған семсерін, қалқанын, сауыты мен дулығысын киіп келуді бұйырды және:

– Содан соң мына қыздарымды Безендіріліген Сарайға ертіп апар, олар сонда тынығатын болсын, – деді.

Бәрі саяхатшыларды шығарып салу үшін сыртқа шығып, оларға сәт сапар тіледі. Қару-жарағын асынған Батылдықтың рухы алға түсті, ал Түсіндіруші олардың арттарынан: «Сендерге Құдай жар болсын!» – деп дауыстады.

Саяхатшылар қатты дауыстап Құдайға мадақ айтып келе жатты.

## *Төртінші тарау*

### **АЙҚЫШ АҒАШ**

...Міне, мен Батылдың рухы соңынан ерген саяхатшылардың көтеріңкі көңіл-күйде келе жатқандарын көріп тұрмын. Ақыры олар Сәлімнің арқасынан ауыр жүгі түсіп, қабірге домалап кеткен жерге де келіп жетті. Сол жерде олар тоқтап, Құдайға мадақ айтты.

– Тар қақпалардың алдында бізге не туралы айтылғанын түсіндім, – деді Сәлима, – кешірім бізге сөз және іс арқылы беріледі: сөз арқылы – уәде бойынша, ал іс арқылы – бізге оған қол жеткізудің құралы сыйланады.

– Біріншіден, сендерді күнәдан тазартып алу үшін Ол өзінің қанын төкті<sup>1</sup>; екіншіден, сендерді әділ етіп алу үшін Ол әділ сот жүргізді. Адам бейнесінде келген Мәсіх заңға бағынды және оны орындауға міндеттенді, сондықтан да Ол ақтап алатын осы әділдікті сұрағандардың барлығына сыйға беруі тиіс, себебі заң шындықты ғана емес, сондай-ақ мейірімділік пен сүйіспеншілікті де талап етеді. Ал заң бойынша екі көйлегі бар адам оның бірін жарлығы беруі тиіс болғандықтан, Құдай ақтап алушы шексіз әділдігін әділдікке мұқтаж адамдарға сыйға тартады.

Бірақ та кешірімнің толыққанды болуы үшін Құдай соты күнә үшін талап ететін парызды біреудің өтеуі тиіс еді. Адам заңды бұзғаны үшін қарғысқа ұшырады, ал бұл қарғыстан тек құн өтеу арқылы ғана құтылуға болатын. Киелі Құдайдың Өзі адамның бейнесіне еніп, адамға берілген қарғысты өз мойнына алды және оның заңсыздықтары үшін өлімге барды. Осылайша, Өзінің қаны арқылы Ол сендерді де тазартып алды және күнәдан сиқы кеткен жандарыңды сендер үшін соншама азап шегіп алып қалған әділдігімен бүркемеледі. Енді соттау және жазалаудың уақыты келген кезде Құдайдың қаһарына ілікпейсіңдер, себебі сендер әділдіктің киімін киіндіңдер<sup>2</sup>.

– Қандай жақсы! – деді Сәлима, – Қымбатты құрбым Сүйіспеншілік және балаларым, біз үшін Мәсіхтің не істегенін ешқашан ұмытпайтын болайық! Айтшы, қайырымды жолбасшы, менің күйеуімнің арқасындағы ауыр жүгінің кенет түсіп қалуының себебі осы емес пе?

– Оның сенімі күнәнің ауыр жүгінің жібін шорт үзді. Ақталудың күші мен әрекетін тануы үшін оған күнәнің ауыр жүгін Айқыштың

дәл етегіне дейін иығына артып келу бұйырылды. Сынақтар Ақтап Алушыға деген терең сүйіспеншілік сезімін туындатады<sup>3</sup>.

– Иә, Оның Есімі мәңгі мадақтала берсін! Ол бізді шынымен де қымбат құн төлеу арқылы ақтап алды және біз шын мәнінде Оған тиесіліміз. Өкінішке орай, күйеуім өзімен бірге жолға шығуымды қанша қаласа да, ақымақ басым одан бас тарттым. Қымбатты Сүйіспеншілік, сенің ата-анаң неге біздің жанымызда емес? Бізді мазақ етіп күлген таныстарым мен достарыма жаным ашыйды. Біздің көргендерімізді көріп, біздің естігендерімізді естисе, олардың ең қырсық дегендерінің өздерінің тәубеге келетіндеріне сенімдімін<sup>4</sup>.

– Сен ыстық сүйіспеншілік пен алғыс сезімінің әсерінен осылай деп тұрсың. Айқыштағы ақтап Алушыға жан дүниесі тебірене қарауға адамдардың барлығы бірдей қабілетті емес.

...Міне, жолдарын әрі қарай жалғастырған саяхатшылардың жол бойынан үш дар ағашын байқағандарын көріп тұрмын. Сәлімнің саяхаты кезінде жол бойында алаңсыз ұйықтап жатқан Ақымақтық, Еріншектік және Өзіне сенімділік өмірлері осылай атаусыз аяқталған еді...

Шошып кеткен Сүйіспеншілік:

– Бұл үш адам кім және олар неге асылып тұр? – деп сұрады.

– Бұл үш адам өздерінің саяхатшылар болғылары келмегенімен қоймай, өзгелерге де кедергі жасады: олар жалқау, ақымақ және өз-өздеріне сенімді болды. Олар соңында шынайы саяхатшылар секілді Аспандағы қалаға баратындарын айтып сендірді. Сәлім осы жолмен өтіп бара жатқан кезде олар ұйықтап жатты; ал енді олардың асылып тұрғандарын көріп тұрсыңдар<sup>5</sup>.

– Олар өз айтқандарына өзгелерді шынымен де сендіре алды ма? – деп сұрады Сүйіспеншілік.

– Иә! Олар бұған Жайбасарды, Сауыққойды, Жалқауды және Топасты сендірді. Бұл үшеуі Құдайдың сөздері мен әрекеттері дұрыс емес, Ол – қатал Билеуші деп сендірді. Бұған қоса, олар Көктегі өлке туралы түрлі ойдан шығарылған нәрселерді айтты. Олар Құдайдың адал қызметшілеріне күйе жақты, Құдайдың нанын кебек, Құдай балаларының жұбаныштары мен қуаныштарын қиял, саяхатшылардың күнәмен күресін мағынасыз бос әрекет деп атады<sup>6</sup>.

...Сапарларын әрі қарай жалғастырған олар арада көп өтпей Қиыншылық тауына келіп жетті. Сол жерде жолбасшы оларға Сәліммен осында не болғаны туралы әңгімелеп берді<sup>7</sup>.

– Тауға көтерілерінің алдында Сәлім осы судан ішті. Ол кезде бұл су таза әрі дәмді болатын, ал қазір ол саяхатшылардың осы судан шөлдерін қандырғандарын қаламайтындардың кір аяқтарынан лайланып кеткен, – деді Батылдың рухы бастауды көрсетіп.

– Мұндай көре алмаушылық неге керек? – деді Сүйіспеншілік таңданып.

– Ештеңе етпейді, суды таза қыш ыдысқа құйып алындар, сонда оның лайы ыдыстың түбіне тұнып қалады.

Сәлима мен серіктері дәл осылай істеп, таза сумен шөлдерін қандырып алды<sup>8</sup>.

Содан соң жолбасшы оларға таудың етегіндегі Немқұрайлылық пен Екіжүзділік ажалдарына қарсы жүрген екі сүрлеуді көрсетті.

– Қазір қор шалып қойғандарына қарамастан, бұл екі жол өте қауіпті. Немқұрайлылық пен Екіжүзділік Сәлімнің көз алдында ажал құшты. Тауға көтерілгеннен гөрі айналма жолмен жүргенді артық көретін адамдар қазір де табылады.

– Зұлымдардың жолдары қатал, – деді Сәлім. – Мойнымыз үзілер деп қорықпай, олардың осы жолды таңдайтындары қызық.

Бұл арада олар тауға көтеріле бастады. Таудың басына шықпай жатып-ақ Сәлима өзінің қатты еңтіге бастағанын сезінді.

– Әлгілердің жеңіл жолды таңдағандарына таңданбаймын, жоғарыға көтерілу шынымен де қиын екен, – деді ол.

Шаршап қалған Сүйіспеншілік те ауыр күрсініп, сәл демалып алмақ болды.

Балалардың ең кішісі жылап жіберді.

– Жоқ, жоқ, – деді Батылдың рухы қарсылық білдіріп, – бұл жерге отырмандар, сәл жоғарыға көтерілсек Патшаның күркесіне жетеміз.

Ол жылаған баланы қолынан ұстап, қалғандарын сапарды әрі қарай жалғастыруға көндірді<sup>9</sup>.

Қатты шаршағандықтан аяқтарын әзер алып келе жатқан олар күркеге жеткен соң рақаттана тынып отырды.

– Ауыр еңбектен кейін демалған қандай рақат, – деді Сүйіспеншілік, – саяхатшыларға деген қандай қамқорлық десеңші, тіпті, осындай демалатын орын да дайындап қойыпты! Бұл күрке туралы көп естігеніммен, оны бірінші рет көріп тұрмын. Бірақ осы жерде ұйықтап қалмау үшін сақ болайық. Мен Сәлімнің осында ұйықтап қалғаны оған үлкен қиындықтар тудырғаны туралы көп естіген болатынмын.

Батылдықтың рухы балаларға қарап:

– Қане, балақайлар, өздерінді қалай сезініп тұрсыңдар? Айтыңдаршы, саяхатшы болған сендерге ұнай ма? – деп сұрады.

– Қатты шаршадым, – деді балалардың ең кішісі, – мені қолымнан жетелеп алғаныңыз жақсы болды.

– Мұнда келіңдер, – деп шақырды оларды Сәлима, – тамақ ішіп, әлденіп алғыларың келмей ме?

Олар тамақтанып болған кезде жолбасшы:

– Кеш батып келеді, қозғалғанымыз дұрыс болар, – деді.

Бәрі дереу орындарынан тұрды да, қайтадан жолға шықты.

Жасқаншақ пен Күдікшіл арыстандар жайлы айтып Сәлімді қорқытпақ болған жерге жеткенде олар төсеме тас тақтаға ұқсас нәрсені және оның алдында тұрған бағананы көрді. Онда: «Жүргінші! Тіліңе ие бол! Бұл тақта саяхатшылардың бойларына үрей енгізіп, оларды кейін қайтуға үгіттейтін Жасқаншақ пен Күдікшіл секілді адамдар үшін қойылған. Екеуі де осы жерде ажал құшты. Олардың тілдерін ыстық темірмен күйдірді»<sup>10</sup>, – деген жазуы бар тақтайша ілініпті.

Арада көп өтпей олар арыстандар тұрған үйге келіп жетті. Батылдықтың рухы ержүрек болатын, сондықтан ол қорыққан жоқ, бірақ бұған дейін алда жүріп келе жатқан балалар тоқтай қалып, жолбасшының артына тығылды.

Ол саяхатшыларды қорғау үшін қынабынан семсерін суырып алды. Бірақ кенет оның алдынан жерден шыққандай болып дәу біреу пайда бола кетті де, дөрекі үнмен:

– Мұнда не үшін келдің? – деп сұрады.

Бұл саяхатшыларды өлтіргіш адам еді, сондықтан оны Қанқұмар деп атайтын<sup>11</sup>.

– Бұл әйелдер мен балалар менің қарамағыма сеніп тапсырылған, олар – саяхатшылар. Олар осы жол арқылы өтулері тиіс және өтеді де. Бұлар сенен де, арыстандардан да қорықпайды.

– Жоқ, оған жол бермеймін. Мен оларға кедергі жасау үшін келдім!

Шындығында да, мына Алып пен арыстандардың қорқынышты түрлерінен қорыққандықтан бұл жолмен ешкім дерлік жүрмейтін еді.

– Арыстандардан қорыққан адамдар сүрлеу жолдармен жүргенді артық көретіндіктен бұл жолды шөп басып кеткен. Бірақ бүгіннен бастап олай болмайды, – деді Сәлима батылданып.

Қанқұмар бұл жермен өткізбейтінін айтып ант-су ішіп, оларға кейін қайтуды бұйырды. Бірақ жолбасшы Алыптың жанына келіп, семсерімен қатты ұрып жіберген кезде ол кейін шегінуге мәжбүр болды. Содан соң:

– Сен мені өз иелігімдегі жерде өлтіргің келе ме? – деп ашулана айқай салды.

– Біз Аспан Патшалығына апаратын жолда келе жатырмыз. Тәндік жағынан сенен әлсіз болса да, бұл әйелдер мен балалар сенен де, арыстандардан да қорықпайды! – деді жолбасшы кесімді үнмен.

Осы сөздерді айтып Алып Қанқұмарды тағы қатты ұрып жіберген кезде ол тізерелей отыра кетті. Содан соң жолбасшы оның дулығасын ұрып сындырды да, бір қолын шауып тастады. Қанқұмардың шыңғырған дауысынан әйелдер мен балалардың аза бойлары қаза болды. Шынжырлаулы тұрған арыстандар оларға қауіп төндіре алмайтын еді<sup>12</sup>. Қатты қиналған Қанқұмар ақыры жан тапсырған кезде жолбасшы саяхатшыларға қарап:

– Ал енді менің соңымнан еріңдер! Ештеңеден қорықпаңдар, арыстандар сендерге тимейді, – деді.

Олар жолдарын жалғастырды, бірақ қорыққандарынан өкңдері қуарып кеткен балалар өздері дегенде тынышталды.

### ***Бесінші тарау***

#### **САЛТАНАТТЫ САРАЙ**

Арада көп өтпей олар өздері қараңғы түспей тұрып жетіп алуға тырысып келе жатқан Салтанатты сарайға келіп жетті. Жолбасшы есікті қаққан кезде арғы жақтан:

– Бұл кім? – деген дауыс естілді де, таныс дауысты естіген қақпашы есікті ашты. Есік алдында тұрған жолбасшыны көрген ол таңдана:

– Беймезгіл уақытта не істеп жүрсің? – деп сұрады.

– Мен мұнда Құдайдың бұйрығы бойынша осында түнеулері тиіс бірнеше саяхатшыны алып келдім<sup>1</sup>.

– Таң атқанға дейін осында болатын шығарсың?

– Жоқ, мен дәл қазір қайтып ораламын.

– Қайырымды жолбасшы, бізді тастап кететінің қандай өкінішті! – деді Сәлима мұңайып. – Сен бізді ерлікпен қорғап келдің және құнды кеңестер бердің. Сапарымыздың аяғына дейін

бізбен бірге бола алмайсың ба? Біз сапарымызды сенсіз қалай жалғастырамыз?

– Сізден өтінемін, қайырымды жолбасшы, бізбен бірге жүріңізші! Жол қауіпті, ал біз сондай қорғансызбыз, – деді Жақып та үлкендерді қолдап.

– Мен Құдайдың еркін орындаймын, – деп жауап берді жолбасшы. – Егер де ол жолдың соңына дейін сендермен бірге болуды бұйырса, мен мұны қуана істеймін. Бірақ сендер өздерің кінәлісіңдер. Ол маған сендерді Салтанатты сарайға дейін ертіп апаруды бұйырған кезде, сендер Одан сапардың ақырына дейін бірге болуымды сұрауларың қажет еді. Сонда ол сендердің беттеріңді қайтармайтын еді. Ал қазір мен кетуге тиіспін. Сонымен, қайырымды Сәлима, Сүйіспеншілік және сүйкімді балақайлар, сау болыңдар!

Содан соң Қырағы атты қақпашы Сәлимадан оның қайдан келгені жайында сұрастыра бастады. Сәлима оған өзінің Өлім атты қаладан шыққанын және Сәлім атты саяхатшының әйелі екенін айтып берді.

– Ол сенің күйеуің бе? – деді Қырағы таңданып.

– Иә, – деп жауап берді әйел, – мыналар – оның балалары. Ал мынау – Сүйіспеншілік, ол да біздің қалада тұрған.

Қақпашы қоңырауды есіктің алдына Мойынсұну атты қыз шықты. Қақпашы оған:

– Үйдегілерге барып, Сәлімнің әйелі мен балаларының келіп тұрғандарын айт, – деді.

Ол үйге кіріп кеткен кезде ол жақтан қуанышты дауыстар естілді.

Үйдегілердің бәрі әлі есіктің алдында тұрған саяхатшыларға қарай ұмтылды.

Оларды кең бөлмеге бастап әкеліп, отыруларын өтінді. Сол кезде оларға үйдің қожайыны келіп:

– Хош келдіңдер, Құдай рақымдылығының тостағандары, сендерді қуана қабылдаймыз!<sup>2</sup>

Кеш болып кеткендіктен және қатты шаршағандықтан саяхатшылар тезірек жатып тынығуды аңсады.

– Алдымен тамақтанып алыңдар, – деді үйдің қожайыны.

Оларға ерекше дәмдеуіштер қосқан қозының<sup>3</sup> етін дайындап қойыпты. Кешкі астарын ішіп болғаннан кейін мінажат етіп, тынығуға дайындалды.

Біраз уақытқа дейін әңгімелесіп жатқан олар ақыры ұйықтап кетті. Таңертең Сәлима Сүйіспеншіліктен:

– Сен неге түні бойы күлімсіреп жаттың? Қызықты түс көрдің ғой деймін? – деп сұрады.

– Ғажап түс көрдім. Бірақ мен шынымен де күлімсіреп жаттым ба?

– Иә! Ал енді түсіңді айтып берші.

– Түсімде жүрегімнің қатігез екенін айтып, жалғыз өзім жабыға сөйлеп тұр екенмін. Бірақ мен көп уақыт жалғыз қалған жоқпын. Сөздерімді естіп, айналама адамдар жинала бастады. Олар тыңдап тұрды, ал мен қатты дауыстап өкінуімді жалғастыра бердім. Адамдардың кейбірі мені мысқылдап күле бастады, екіншілері ақымақ деп атады, ал үшіншілерінің маған жақындағылары келмей тұрды. Кенет қанатты бір адамның өзіме қарай жақындап келе жатқанын көрдім. Жаныма ұшып келген ол: «Сүйіспеншілік, нені ойлап қайғырып тұрсың?» – деп сұрады. Мен оған өз қайғымның себебі туралы айтып берген кезде ол: «Саған тыныштық болсын!» – деп жауап берді. Содан соң ол менің көз жасымды сұртті де, мойныма алтын моншақ, құлағыма күміс сырға тақты және басыма салтанатты тәж кигізді. Содан кейін қолымнан ұстап: «Сүйіспеншілік, менің соңымнан ер!» – деді. Мен оның соңынан ердім және біз осылайша Алтын қақпаның алдына келіп жеттік. Ол есікті қақты, есік ашылған кезде біз ішке кіріп, тақтың үстінде отырған Біреудің алдына бардық. Ол мені: «Хош келіпсің, қызым!» – деп қарсы алды. Бұл аспандағы жұлдыздар, тіпті, күннің дәл өзі секілді жап-жарық жер екен. Мен сол жерден сенің күйеуіңді байқап қалғандай болдым...<sup>4</sup>

– Сен ғажайып түс көріпсің, – деді Сәлима. – Түсіңнің басы ендігі орындалып қойды және аяғы да орындалады. Құдай түсімізге еніп, бізді Өзінің сөзіне құлақ асуға мәжбүрлей алады. Ұйықтап жатқан кезімізде көп жағдайда жүрегіміз ояу болады, сонда Құдай онымен дәл өңіміздегідей сөйлесе алады<sup>5</sup>.

– Мен өте қуаныштымын. Егер түсім орындалса, онда мен ең бақытты адам боламын.

– Тұратын уақыт болған сияқты. Өрі қарай не істейтінімізді сұрауымыз қажет, – деді Сәлима.

– Олар бізді осында тағы біраз уақытқа қалуға үгіттейтін болса, келісейік. Менің осында ұзағырақ болып, Даналықпен, Пәктікпен және Мейірімділікпен жақынырақ танысқым келеді.

– Олардың не айтатындарын көрейік.

Олар орындарынан тұрып, киінді де, ортақ бөлмеге түсті. Ондағылар әйелдерден қалай ұйықтап шыққандары жайлы сұрады.



– Өте жақсы ұйықтадық! – деді Сүйіспеншілік бәрі үшін жауап беріп.

Олар өздерін тыныштықта сезінулері үшін барлық жағдайдың жасалатынын айтып, Даналық пен Пәктік оларды осында тағы біраз уақыт қала тұруға үгіттей бастады. Мейірімділік оларға жағуға бар күшін салатынына уәде берді.

Саяхатшылар бұған келісті. Олар қақпашының үйінде бір айға жуық тұрды және бұл олар үшін аса пайдалы болды.

Даналық Сәлиманың балаларына қандай тәрбие бергенін білгісі келді, сондықтан да ол балаларға бірнеше сұрақ қоюға рұқсат сұрады.

– Мұнда келші, Жақып, – деді Даналық балалардың біріне қарап. – Сен өзіңді кімнің жаратқанын білесің бе?

– Құдай Әке, Құдай Ұл және Құдайдың Киелі Рухы, – деп жауап берді Жақып еш мүдірместен.

– Жақсы. Ал сені кім құтқарып алды?

– Құдай Әке, Құдай Ұл және Құдайдың Киелі Рухы.

– Иә. Ал Құдай Әке сені қалай құтқарды?

– Өзінің рақымдылығымен.

– Ал Құдай Ұл сені қалай құтқарды?

– Өзінің әділдігімен, қанымен, өлімімен және өлімнен қайта тірілуімен.

– Ал сені Құдайдың Киелі Рухы қалай құтқарды?

– Қайта жаңартуы арқылы.

– Сен балаларыңа өте жақсы тәрбие беріпсің, – деді Даналық Сәлимаға.

Содан соң ол Сәлиманың тағы бір ұлы Жүсіпке қарап:

– Жүсіп, менің сұрақтарыма жауап бергің келе ме? – деп сұрады.

– Қуана жауап беремін.

– Адам деген кім?

– Құдайдың саналы жаратылмышы.

– «Құтқарылған» деген сөзді қалай түсінесің?

– Жасаған күнәсінің кесірінен адам күнәнің құлдығына түсті.

Ал ол құлдықтан оны Құдай құтқарып алды. Күнәнің билігінің үлкендігі сондай, оның тырнағынан Құдайдан өзге ешкім де жұлып ала алмайды.

– Күнәкарларды құтқарғандағы Құдайдың мақсаты қандай?

– Өзінің Атын, рақымдылығы мен әділдігін мадақтау және Өзінің жаратқандарын мәңгілік рақатқа кенелту.

– Кім құтқарылады?  
– Тек шын жүректен сенетін және құтқарылуды қабылдайтын адам ғана.

– Жақсы, Жүсіп. Анаң саған дұрыс үйретіпті және сен ынталы шәкірт болыпсың.

Енді үлкенірек Самуилдың кезегі келді.

– Ал сен, Самуил, менің сұрақтарыма жауап бересің бе?

– Әрине!

– Көк деген не?

– Мәңгілік рақат мекені, себебі онда Құдай тұрады.

– Тозақ деген не?

– Мәңгілік азаптың мекені, өйткені онда күнә, шайтан және өлім тіршілік етеді.

– Сен неге Жұмаққа баруға тырысасың?

– Құдайды көру үшін және оған талмай қызмет ету үшін, Мәсіхті көру үшін, Оны мәңгі сүю үшін және мен осы жерде толықтай сезіне алмайтын Киелі Рухтың бүкіл болмысын жүрегіме қабылдау үшін.

– Тамаша! Анаңның тәлімін жақсы меңгеріпсің.

Ендігі кезек балалардың ең үлкенінікі еді.

– Ал енді сен, Матай, маған жақынырақ келіп, сұрақтарыма жауап берші!

– Әрине!

– Құдайдан тыс жаратылыс бар ма?

– Жоқ, себебі Құдай бәрінен бұрын болған және алғашқы күнге дейін Одан өзге ешкім болмаған<sup>6</sup>: «Себебі алты күн ішінде Жаратқан Ие аспан, жер және теңізді әрі олардағы күллі нәрселерді жаратты...»

– Киелі кітап жайлы пікірің қандай?

– Бұл Құдайдың қасиетті Сөзі.

– Киелі кітапта жазылғандардың барлығы саған түсінікті ме?

– Маған ондағылардың көбі түсініксіз.

– Ондағы бір нәрсені түсінбеген кезде не істейсің?

– Мен Құдайдың маған қарағанда дана екенін білемін және Одан жаныма пайдалы нәрселердің бәрін түсінуіме көмектесуін сұрап мінажат етемін.

– Өлгендердің қайта тірілуі туралы не ойлайсың?

– Мен дәл сол өліп, жер қойнауына берілген дененің қайта, бірақ енді оның мәңгілік болатынына сенемін. Бұл сенімімнің екі себебі бар: біріншіден, мұны Құдай уәде етті, ал екіншіден, мұны орындауға Оның билігі жетеді<sup>7</sup>.

Сонда Даналық балалардың барлығына қарап былай деді:

– Аналарыңды тыңдауларыңды тоқтатпаңдар, себебі ол сендерді әлі талай нәрселерге үйрете алады. Өкелеріңді саяхатшы етіп шығарған кітапты оқыңдар. Ал мен өз тарапымнан сендерге өзімнің білетіндерімнің барлығын да үйретуге тырысамын. Біздің үйімізде жүрген кездерінде мен сендердің бар сұрақтарыңа қуана жауап беремін.

Арада бір апта өткенде Сауықшыл атты жігіт қонаққа келді. Ол тәрбиелі, бірақ діншілдікке қатысты өзіндік кейбір талаптары бар, бірақ шын мәнінде осы дүние мен осы дүниенің істеріне берілген адам болатын. Ол Сүйіспеншілік бірнеше рет келді және ақырында оған өзінің сезімін білдірді. Себебі Сүйіспеншілік шынымен де өте әдемі болатын.

Ол тынбай еңбек етті. Сауықшыл оның еңбекқорлығына қатты қызықты және егер оған үйленсем, үй шаруасының бәрін сол істейтін болады деп ойлады. Сүйіспеншілік үйдегі қыздардан ол жайында не ойлайтындарын сұрады. Қыздар оны сенімге қатысты кейбір талаптары бар, бірақ онысы шынайы сезімнен алыстау болып табылатын сұйықтау жігіт деген мінездеме берді.

– Егер бұл осылай болса, – деді Сүйіспеншілік, – онда одан іргемді аулақ саламын, себебі мен жанды құтқару жолын ұстануға берік шешім қабылдадым<sup>8</sup>.

Даналық Сауықшыл бетін қайтаруды мүлде қажет еместігін, егер ол қыздың жарлыларға өзіне ешқандай пайдасыз көмек көрсететініне көз жеткізетін болса, онда оның өзі-ақ жоламай кететінін айтты.

Келесі күні тағы келген Сауықшыл қыздың үй ішінде жұмыс істеп жүргенін көрді.

– Қалай? Тағы да жұмыс істеп жатырсың ба?

– Иә, – деп жауап берді қыз.

– Ал сен күніне қанша ақша табасың? – деп сұрады Сауықшыл.

– Мен қайырымды істерге бай болу үшін және сол арқылы болашақтағы мәңгілік өмірдің берік тұғырын орнату үшін еңбектенемін.

– Ал заттардың бәрін не істейсің? – деп таңдана сұрады ол.

– Жағдайлары төмен адамдарға таратамын.

Бұл сөздерді естігенде оның түрі өзгеріп кетті және содан кейін ол қайтып келмейтін болды. Неге келмей кеткенін сұрағандарға Сауықшыл: «Ол жақсы қыз, бірақ та есі онша дұрыс емес»<sup>9</sup> – деп жауап беретін.

Сауықшыл жоқ болып кеткен кезде Даналық Сүйіспеншілікке:

– Көп өтпей-ақ ол сенен аулақ кетеді деп айтпап па едім? Енді ол, әрине, сен туралы жағымсыз сөздер айтатын болады. Бірақ сен уайымдама! Сендердің көзқарастарың әр түрлі, ортақ ештеңелерің жоқ, – деді.

– Күйеуге баяғыда-ақ шығып алатын едім. Бірақ маған құда түскендер менің түрімді ұнатқандарымен, қойған шарттарымды қабылдамады. Сондықтан мен де олардың ұсыныстарын қабылдай алмадым.

– Қазіргі уақытта махаббат маңызды сезім болып есептелмейді, сондықтан да оны түсінбейтіндер оның шарттарына бағына алмайды, – деді Даналық.

– Менің Ақкөңіл атты апайым сондай берекесіздің біріне күйеуге шыққан еді, бірақ олар тіл табыса алмады.

Бір күні Сәлиманың үлкен ұлы Матай қатты сырқаттанып қалды. Оларға жақын маңда бүкіл аймаққа белгілі Ұғыну атты дәрігер тұратын. Сәлиманың өтінішімен сол дәрігерге адам жіберілді. Келіп, баланы қарап шыққан дәрігер Сәлимадан:

– Соңғы кездері ол не жеп еді? – деп сұрады.

– Айырықша ештеңе жеген жоқ. Біз не жесек, ол да соны жеді, – деп жауап берді ол.

– Жоқ, – деді дәрігер оның сөзін бөліп, – ол бұрынырақ жаман бір нәрсе жеген. Ол оның асқазанында тас болып әлі күнге дейін жатыр. Оның асқазанын тазалау қажет, әйтпесе ұлығыздың өліп қалуы мүмкін<sup>10</sup>.

– Апа, есінде ме, біз Тар қақпалардан шыққан кезде ағаштан бір жеміс алып жеп еді ғой?

– Иә, есіме түсті, бұл үшін мен оған ұрысқан да болатынмын, – деді Сәлима.

– Ол Белзәбүлдің бағының жемісі. Сендерге ол туралы ешкімнің ескертпегеніне таңданып тұрмын: оны жеген адамдардың көпшілігі тіпті өліп те қалады!<sup>11</sup> – деді дәрігер.

Сәлима дауыстап жылап жіберді:

– Бейшара балам-ай! Енді сені қалай құтқарамыз?

– Уайымдамаңыз, егер іш жүргізетін дәрі ішетін болса, балаңыз жазылып кетеді, – деді дәрігер оны жұбатып.

– Өтінемін, дәрігер, қанша қымбатқа түссе де оны емдеп жазыңызшы!

Бірақ дәрігердің жасап берген дәрісі көмектеспеді. Сонда дәрігер бәрін аяғынан тік тұрғызған ең күшті дәріні дайындауға

бел байлады. Ол оны екі уәдеге көп мөлшерде тұз қосып, домалақтанған дәрі түрінде дайындады. Науқас оны тәубеге келудің көз жасы ыдысының төрттен бірі мөлшерінде аш қарынға күніне үш мезгіл қабылдауға тиіс болатын. Дәріні балаға берген кезде ауруының асқынып бара жатқанына қарамастан оның ішкісі келмеді.

– Мына дәріні ішкенің дұрыс болады, – деді дәрігер оны көндіруге тырысып.

– Бірақ оның жағымсыз иісі бар екен!

– Оны ішуіңді талап етемін, – деді Сәлима қатаң үнмен.

– Құсып жіберемін, – деді бала қыңқылдап.

– Дәрігер, айтыңызшы, бұл дәрінің иісі қандай? – деп сұрады Сәлима.

Бірақ та дәрігердің жауабын күтпестен ол дәрінің дәмін өзі татып көрді.

– О, Матай, мына дәрі балдан да тәтті екен. Егер сен мені жақсы көкретін болсаң, егер саған бауырларың қымбат болса, және саған өмірің қымбат болса – онда дәріні іш!

Аз уақыт толқып тұрған бала Құдайдан дәрінің ем болуын сұрап мінажат етті де, дәріні ішіп алды. Ол сол сәтте-ақ өзін жақсы сезіне бастады. Дәрі оның жанын азапқа салған жамандықтан тазартты. Бала дөңбекшігенін қойып, лезде алаңсыз ұйықтап кетті. Оның қалшылы бойын рақатқа бөлеген жылылықпен алмасты, денесіндегі удың бәрі термен шығып кетті. Матай бір қалыпты тыныс алып, жүзіне қуанышты күлкі үйіріле ұйықтап жатты<sup>12</sup>.

Матайдың науқасынан тез айыққаны сондай, ол төсегінен тұрып, бөлменің ішінде әрі-бері жүре бастады. Оның жаман әдетінен арылғанына Даналық, Пәктік пен Мейірімділік бірге қуанды.

Бала әбден сауыққаннан кейін Сәлима дәрігерден емдегені үшін оған не төлеуі керектігін сұрады. Сонда дәрігер оған былай деп жауап қайырды:

– Сендер дәрігерлер қауымының Басшысына алғыс пен мадақ айтуға тиіссіңдер.

– Бұл дәрілерді қандай жағдайларда қолдануға болады? – деп сұрады Сәлима.

– Ол барлық ауруларды, әсіресе, саяхатшылар үйір болатын ауруларды жақсы жазады. Жалпы, дұрыс қабылдаған жағдайда олар барлық ауруларды жаза алады. Қолдану мерзімі шексіз.

– Өтінемін, дәрігер, маған осы дәрінің он екі қорабын дайындап беріңізші, сонда мен тек осы дәрінің ғана көмегіне жүгінетін боламын.

– Бұл дәрілер, тіпті, болашақ аурулардан да қорғай алады, – деді дәрігер<sup>13</sup>, – иә, оларды дұрыс қабылдау арқылы мәңгі өмір сүруге болатынына кәміл сенімдімін.

Ол әлгі дәрілерден Сәлимаға, оның балаларына және Сүйіспеншілікке берді де, Матайға болашақта сақ болуды тағы да ескертті. Содан ол бәрімен қоштасып, үйіне қайтып кетті.

Бір күні балалардың бәрі Даналықтың жанына жиналды.

– Дәрілер неге көбіне ащы болып келеді? – деп сұрады Матай.

– Бұл біздің күнәкар болмысымыздың Құдай сөзінің әрекетін қаншалықты жаман сезінетінін тағы бір рет дәлелдейді, – деп жауап берді Даналық.

– Ал егер жеңілденуді қалайтын болсаң, онда неліктен іш жүргізетін дәрі ішу қажет?

– Өйткені Құдай сөзі біздің жанымыз бен жүрегімізді тазалайды. Дәрі тәнді, ал сөз – жанды сауықтырады.

– Ошақтағы оттың жалыны неге жоғары шарпиды, ал күннің сәулесі неге төменге, бізге бағытталған?

– Жоғары шарпыған жалыннан біз көкке ұмтылуды үйренеміз, ал өзінің жарығы мен жылуын беретін күн Құтқарушымыздың жоғарыда тұрып бізге Өзінің рақымы мен сүйіспеншілігін жіберетінін білдіреді.

– Бұлт суды қайдан алады?

– Теңіздерден, өзендер мен көлдерден.

– Бұл нені білдіреді?

– Бұл уағызшылардың Құдай сөзін адамдарға жеткізулері керектігін білдіреді, – деп жауап берді Даналық.

– Ал Құдай кемпірқосақты не үшін жаратты?

– Құдайдың рақымдылығы туралы уәдені Шындықтың Күні – Мәсіхтің бекіткенін дәлелдеу үшін.

– Судың бәрі өз бастауларын неге жер қойнауынан алады?

– Бұл Құдайдың рақымдылығының бізге Мәсіхтің денесі арқылы келетіндігінің белгісі.

– Бастауларды неліктен биік таулардың бастарынан да кездестіруге болады?

– Себебі Рухтың рақымдылығын Ол бәріне – ұлыларға да, мойынсұнғандарға да, күштілерге де, әлсіздерге де сыйлайды.

– Өтештің шақырғанын естіген кезде нені есте ұстау қажет?

– Петірдің күнәсі мен оның тәубеге келуін есіңе ал. Өтештің шақыруы сондай-ақ жаңа күннің келетінін; Құдайдың соты болатын ақырғы күннің де келетінін ескертеді.

...Саяхатшылардың Салтанатты сарайда болатын бір ай уақыттары да аяқталып, олар үй иесіне сапарларын әрі қарай жалғастырғылары келетіндерін айтты. Ұлдарының бірі:

– Апа, жолбасшымызды тағы да жіберуін сұрап Түсіндірушіге хат жолдағаның дұрыс болар еді. Оның көмегінсіз біз жолда кездесетін қиындықтармен күресе алмаймыз.

– Дұрыс айтасың, ұлым, – деді әйел, – мен ол жайлы мүлде ойламаған екенмін.

Әйел өтініш хат жазды да, қақпашыдан оны сенімді біреу арқылы Түсіндірушіге жеткізуін сұрады.

Хатты оқып шыққан Түсіндіруші оның тілегінің орындалатынын айтты.

Саяхатшылардың жолға шықпақшы екендерін естіген кезде үйдегілердің бәрі мінажат етуге жиналды. Олар үйлеріне осындай қонақты жібергені үшін өз Патшаларына мадақ айтты. Содан соң саяхатшыларға қарап былай деді:

– Үйіміздің салты бойынша кетерлеріңнің алдында саяхатшыларға ескерту болатын бір нәрсе көрсетеміз.

Олар саяхатшыларды бір бөлмеге ертіп әкеліп, Хауа дәмін татқан және дәмін тату үшін Адамға берген, жемісті көрсетті.

Содан соң оларды Жақыптың баспалдағына алып келді. Дәл осы уақытта онымен бірнеше періште көтеріліп келе жатқан болатын. Саяхатшылар оларға ауыздарын аша қарап қалды. Бәрі әрі қарай жүрмекші болған кезде Жақып анасына қарап:

– Өтінемін, осында біраз тұра тұрайықшы, бұл бір керемет көрініс екен! – деді.

Сөйтіп олар жарқырап келе жатқан періштелерді қызықтап тұра берді.

Содан соң бәрі Алтын зәкірді көруге беттеді<sup>14</sup>.

Үйдің қожайыны Сәлимаға оны шешіп алуды өтінді.

– Зәкірді алып кет, дауыл кезінде оның сендерге көмегі тиеді, – деді ол.

Сәлима бұл ұсынысты қуана қабылдады. Содан кейін оларды сол жерде Ыбырайым өзінің ұлы Ысқақты құрбандыққа шалуы тиіс болған тауға алып барып, құрбандық орнын, отынды, отты және оның пышағын көрсетті. Осының бәрін көргенде саяхатшылар тебіреніп:

– Ыбырайым қандай ұлы адам болған десеңші! Құдайға деген қандай сүйіспеншілік және қандай жан аямастық! – десті.

Содан соң оларды асханаға алып жүрді. Сол жерде Даналық жетігенде ойнап: «Сен Хауаның жемісін көрдің, ол саған сабақ

болсын, сен періштелер көтеріліп келе жатқан Жақыптың баспалдағын көрдің және сол жерден зәкірді алдың. Бірақ та Ыбырайым секілді жаныңа ең қымбатыңды құрбандыққа шалмайынша жайбарақаттыққа салынба», – деп әндете бастады.

Осы сәтте біреу есік қақты. Қақпашы барып есікті ашты. Бұл келіп тұрған саяхатшылардың жолбасшысы Батылдықтың рухы екен. Оны көргенде саяхатшылардың қуаныштарында шек болмады!

Жолбасшы Сәлима мен Сүйіспеншілікке қарап:

– Қожайыным сендерге бір-бір шөлмектен шарап, аздаған нан және екіден анар жемісін беріп жіберді. Ал балаларға жолға деп жүзім берді<sup>15</sup>, – деді.

Олар жолға шықты. Даналық пен Пәктік оларды шығарып салуға шықты. Шарбаққа жеткен кезде Сәлима қақпашыдан соңғы уақыттарда бұл жерден біреулердің өткен-өтпегенін сұрады.

– Жоқ, – деп жауап берді ол, – тек бір адам ғана өтті және ол қазір сендер түсетін жолда қарақшылардың пайда болғанын айтты. Бірақ олар қолға түсіпті және жақында сотқа тартылады.

Әйелдер абыржып қалды, бірақ балалардың үлкені Матай:

– Қорықпаңдар, Батылдықтың рухы жанымызда болған кезде бізді ешқандай қауіптілік қорқыта алмайды, – деді.

Пәктік қоштасып тұрып, Сәлимаға:

– Мен саған біздің үйде көргендерің мен естігендеріңнің бәрі баяндалатын кітапша алып келдім. Егер бір нәрсені ұмытып қалсаң, онда осыны оқы, сонда бәрін есіңе түсіресің, – деді.

## ***Алтыншы тарау***

### **ҚОРЛЫҚ КӨРУ АЛҚАБЫ**

Осылайша олар Қорлық алқабына апаратын қия беріске келіп жетті. Қия беріс өте тік, ал жол тайғанақ болатын, бірақ олар абайлап жүріп, аман-есен төменге түсті<sup>1</sup>.

– Бізге бұл алқаптан қорқатын ештеңе жоқ: бізге бұл жерде ешкім де зиянын тигізе алмайды. Біз тек өзімізге өзіміз ғана зиянымызды тигізуіміз мүмкін, – деді Батылдықтың рухы.

– Иә, төменге түсіп келе жатып сүрініп кеткенің кесірінен Сәлім осы жерде Аполлионмен шайқасқа түсті, себебі сүрінгендер шайқасқа түспей алқаптан өте алмайды. Алқаптың жаман аты осымен байланысты. Жалпы, бір жерде біреумен жаман жағдай



болыпты дегенді естіген кезде адамдар дереу ол жер таза емес, ол жерді зұлым рухтар мекен етеді деп ойлайды; ал негізінде олармен болған қолайсыздықтар олардың өз әрекеттерінің нәтижесі болып табылады<sup>2</sup>. Мен тіпті біздің осы жерден Сәлімнің неге ауыр сынақтарға ұшырағанының себебін табатынымызға сенімдімін.

– Қараңдар, ана жерде бір бағана тұр және онда әлдебір сөздер жазылыпты! – деді Жақып.

Бағанаға жақындап барған олар: «Сәлім түсіп келе жатып сүрініп кеткен қия беріс және оның дұшпанымен шайқасы осы жолмен жүретіндерге сабақ болсын», – деген жазуды оқыды.

– Көрдiңдер ме, – деді жолбасшы сөзін жалғастырып, – осы жерден біз Сәлімнің басына түскен қиындықтардың себебін түсіндіретін бір нәрсе табамыз деп айтып едім ғой.

Содан соң ол Сәлимаға қарап:

– Бұл Сәлім үшін немесе осы жерде сүрініп кеткен өзге біреу үшін масқаралық болып табылмасын. Қиындық тауына көтерілгеннен, одан Қорлық көру алқабына түсу қиын. Бірақ та бұл қайырымды адамды жайына қалдырайық. Ол дұшпанын абыроймен жеңіп шықты. Енді Құдай бізге де сынақтарға кездескен кезімізде батыл болуымызға күш берсін.

Ал енді айтып отырған алқабымызға қайта оралайық. Бұл осы маңайдағы ең тамаша жер болатын – топырағы құнарлы және өздерің көріп отырғандай, жайылымы өте кең. Егер де бұл жердің маңызының қандай екенін білмейтін біреу жаз кезінде жай ғана осы жерді қызықтау үшін келетін болса, оның таңданысында шек болмас еді. Қараңдаршы, шөбі қандай шалғын, гүлдері қандай әдемі! Мен осы Қорлық көру алқабынан тамаша жер телімдерін алған көптеген еңбеккерлерді білемін. Кейбіреулер тіпті үнемі тауға өрмелеп қиналмау үшін Әкенің үйіне апаратын қысқа жолдың осы жер арқылы өткенін қалар еді. Бірақ осы жолға да қанағат ету қажет<sup>3</sup>.

Осы кезде олар әкесінің қойларын бағып жүрген жас жігітті байқады. Жігіт өте сүйкімді еді. Ол жалғыз өзі отырып алып ән салуда.

– Оның не жайында әндетіп жатқанына назар аударыңдар, – деді жолбасшы.

Бәрі әнге құлақ түрді. «Егер де жүрегім тәкаппарлықпен күрессе және қорлауға Шыдамдылдықпен төзетін болса, Құдай мені үнемі жетелеп жүреді және құлап қалудан қорғайды.

Байлықтың маған қажеті қанша? Аз нәрсені қанағат етем, көк аспанға қызыға қараймын, Құдайдан маған сана беруін сұраймын. Жолға шыққанда артық нәрсе алмаймын, өйткені олар қауіп туған шақта кедергі болады. Саяхатшының жердегі майданы – бұл қиындықтар мен қайғыны қуанышпен көтеру, Құдайға мойынсұнып өмір сүру!»

– Естіп тұрсыңдар ма? – деді жолбасшы. – Менің ойымша, бұл жігіт өте бақытты және оның жүрегіндегі тыныштық үлде мен бүлдеге оранғандардың жүректеріндегі тыныштықтан әлдеқайда артық. Бірақ біз әңгімемізге қайтып оралайық. Құдайымыз ертеде осы алқапта тұрды. Ол осы жердің тамаша ауасын жұтып, көгалдарда серуендеді. Айтпақшы, айналадағы айқай-шу мен әбігершіліктен адам тек осы жерде ғана қорғалған. Бұл жерден саяхатшылардан өзге ешкім өтпейді. Осы жерде Сәлім Аполлионмен кездесіп, оның шабуылына төтеп берді. Ертеде бұл жерде саяхатшыларға періштелер көрінетін, көпшілігі осы жерден інжу-маржан табатын және Құдай сөзін еститін<sup>4</sup>. Қайталап айтамын, Иеміздің осы жерде тұрағы болды, Ол сол жерде демалғанды ұнататын...

– Осы жерлердің бірінде менің әкем мен Аполлионмен арасында шайқас болды. Бірақ алқап өте үлкен, сондықтан мен шайқастың дәл қай жерде болғанын білгім келеді, – деді Самуил жолбасшыға қарап.

– Сенің әкең Аполлионмен анау тар жылғада шайқасты, – деп жауап берді жолбасшы. – Онда тек Естен шығару көгалы арқылы өткеннен кейін ғана жете аласың. Бұл осы алқаптағы ең қауіпті орын. Егер саяхатшылар Құдайдың рақымдылығын естерінен шығаратын болса, онда олар дәл осы жерде қиындықтарға кезігеді<sup>5</sup>. Көпшілігі осыны бастарынан өткізді. Бұл туралы сол жерге жеткеннен кейін толығырақ әңгімелесеміз, себебі мен сонда сол шайқастың белгілерінің әлі күнге дейін сақталып қалғанына сенімдімін.

– Бұл алқап маған өте ұнайды. Бұл дәл біз сапарымыздың басында өткен жерлердей әдемі екен, – деді Сүйіспеншілік әңгімеге араласып, – бұл жер сондай тыныш, адамдардың шуылы да, доңғалақтардың тықылы да естілмейді. Менің ойымша, бұл жерде оңаша отырып алып Оның кім екені, не істегені және бізді не нәрсеге тағайындағаны туралы армансыз ойлануға болатын секілді. Бұл жерде ойлануға, армандауға, қайғыға берілуге және қуаныштың көз жасына ерік беруге болады. Жер осы көз

жастарымен және Құдай жіберетін жаңбырмен суарылады. Осы алқапта Патша Өзінің таңдаулыларына жүзімдіктер таратып береді және одан өткендер Аполлионды жеңген кездегі Сәлімге ұқсап шаттанатын болады. Мен алқапты бірнеше рет аралап келдім және өзімді еш жерде дәл осылай жақсы сезінген емеспін<sup>6</sup>.

Ақыры саяхатшылар шайқас болған жерге келіп жетті.

– Құбыжық Аполлион осы жерде шабуыл жасаған кезде Сәлім тайсалған жоқ. Қараңдар, мына тасқа Сәлиманың күйеуінің қаны төгілген және оны ештеңе жуып кетіре алмайды. Егер айналаға байыптап қарайтын болсаңдар, Аполлионның жебелерінің сынықтарын көре аласыңдар. Олар шайқасқан жердегі топырақтың тапталып, жердің деңгейінен төмендеп кеткенін көріп тұрсыңдар ма? Олардың соққыларынан тіпті, тастардың өзі жарылып кеткен. Сәлімнің асқан өжеттікпен шайқасқаны сондай, тіпті Геркулестің өзі олай шайқаса алмас еді. Сондықтан да Аполлион жеңіліс тауып, Өлім көлеңкесі деп аталатын көрші елді паналауға мәжбүр болды. Көп өтпей біз сол елге жетеміз<sup>7</sup>. Қараңдар, ана ескерткіште Сәлім жеңімпаз болып шыққан шайқастың құрметіне жазу жазылған.

Олар жолға жақын маңға қойылған ескерткішті көрді. Оған жақындап келгенде мынандай жазуды оқыды: «Осы жерде Аполлион жеңіліске ұшырады. Сәлім Құдайды көмекке шақырып – жеңіске жетті»<sup>8</sup>.

Біраз уақыттан кейін олар Қорлық көру<sup>9</sup> алқабынан әлдеқайда үлкен және сансыз көп зұлым рухтардың мекені болып табылатын Өлім көлеңкесі алқабына келіп жетті. Оған енген кезде әйелдер мен балалар аса қорқа қойған жоқ, себебі бұл күндізгі уақыт болатын және Батылықтың рухы болды. Біраз жер жүргеннен кейін олардың құлақтарына өлгелі жатқан адамның ыңырсуына ұқсас бір дыбыс естілді. Қорқыныштан балалардың денелері қалшылдап, әйелдердің жүздері қуарып кетті. Бірақ жолбасшы оларды қорықпауға шақырып, сабаларына түсірді. Олар алға жылжыған сайын жер сілкінісі кезіндегі гуілге ұқсас бір үн күшейе түсті. Кенет жыланның ысылдаған дыбыстары естілді, бірақ олар қорқынышты ештеңе көре алмады. Осы кезде балалар: «Бұл алқап қашан бітеді?» – деп қыңқылдай бастады. Жолбасшы оларды тыныштандыруға тырысты. Ол аяқтарының астына өте мұқият қарауды және жолдан ауытқып кетпеуді өтінді. Жақып құсқысы келіп тұрғанын айтып күңкілдей бастады. Анасы оған Түсіндіруші берген шараптан бір жұтым берді және Ұғыну дәрігер дайындаған

дәріден үшеуін ішкізді. Баланың жағдайы жақсарғаннан кейін олар сапарларын әрі қарай жалғастырды.

Кенет Сәлима балалардың назарын бір адамның бейнесіне аударды.

– Қарандаршы, – деді ол, – мен мұндайды ешқашан көрген емеспін.

Бұл сөздер Жүсіптің қызығушылығын оятты.

– Апа, бұл кім болды екен? – деді ол.

– Кім болса да – жақсы адам емес, – деп жауап берді ол.

Жолбасшы олардан өзіне жақын жүрулерін сұрады. Дәл осы сәтте әлгі бейтаныс оларға шабуылдау үшін тым жақындап келді, бірақ Батылдықтың рухы оның шабуылын дереу тойтарды да, әлгі адам бұлардан аулақ кетуге мәжбүр болды. Сонда олар Киелі Жазбадағы: «Әзәзіл шайтанға қарсы тұрыңдар, сонда ол сендерден қашып кетеді»<sup>10</sup>, – деген сөздерді естеріне түсірді.

Бойларын жиып алған олар алға қарай қозғалды. Кенет артына бұрылып қараған Сүйіспеншілік өздеріне шабуыл жасау үшін секіре басып жақындап келе жатқан арыстанға ұқсас бір аңды көрді. Оның ақырған дауысынан бүкіл аймақ тітіркеніп кетті. Бірақ жолбасшы одан қорыққан жоқ. Саяхатшыларды алға жіберген ол әлгі аңмен айқасуға дайындалды. Бірақ та қарсыласының тайсалмай тұрғанын көрген арыстан сабасына түсті де, кейін бұрылып жөніне кетті<sup>11</sup>.

Арада көп өтпей саяхатшылар жол үстіне көлденең қазылған терең ордың алдына келіп тоқтады. Ордан секіріп өтуге дайындала бастағандары сол екен, кенет қалың тұман мен қараңғылық басып, бір-бірлерін көре алмай қалған олар абдырап:

– Енді не істейміз? – десті.

Тек жолбасшы ғана сасқан жоқ, ол саяхатшыларды сабырға шақырып:

– Қорықпаңдар, мықты болыңдар, сонда мұның да аяқталатынын көресіңдер, – деді.

Осы кезде оларға шуыл мен жақындап келе жатқан дұшпанның аяқ дыбысы естілгендей болды. Содан соң олар ордың түбінен шығып жатқан жалынды көрді<sup>12</sup>.

– Қазір біз теңіздің түбінде немесе үлкен таудың ішінде тұрған секілдіміз, – деді Батылдықтың рухы. – Ал жарық көрмей, түнекте жүрген адам Құдайға үміт артуы тиіс. Ал маған келетін болсақ, жоғарыда айтып кеткенімдей, бұл жермен жиі өттім және осы жерде өте күшті сынақтарға ұшырадым. Бірақ, өздерің көріп

тұрғандай, аман қалдым. Түнекті ыдырата алатын және осы зұлым рухтарды ғана емес, сондай-ақ тозақтың бүкіл зұлым күштерін жеңе алатыннан көмек сұрайық.

Олар бар ынталарымен мінажат ете бастады, сонда Құдай оларға жарық жіберді. Арада біраз уақыт өткенде мүңкіген иіс пен сасық түтіннен тыныс алу қиындап кетті.

– Иә, бұл жерде Тар қақпалардағыдай немесе Түсіндірушінің үйіндегідей және өзіміз бір ай тұрған салтанатты сарайдағыдай жайлы емес екен, – деді Сүйіспеншілік.

– Бірақ егер біз осы жерде мәңгілікке қалуға тиіс болсақ, онда бұл бәрінен де қорқынышты болар еді, – деді балалардың бірі оған қарсылық танытып. – Егер біз мақсатымызға қол жеткізу жолында осы сүрлеу арқылы жүруге мәжбүр болсақ, онда бұл біздің Аспандағы тұрағымызда күтіп тұрған бақытты көбірек бағалауымыз үшін деп ойлаймын.

– Өте жақсы, Самуил, сен ақылды адамның сөзін айтып тұрсың, – деді жолбасшы оны қолпаштап.

– Осы жерден өткеннен кейін, – деді бала сөзін жалғастырып, – жарық пен шынайы жолды бұрынғыдан да қатты бағалайтын боламын.

– Сонымен, егер бұл Құдайдың еркі болса, онда біз көп ұзамай бұл жерден шығамыз. Тек аяқтарыңның астына мұқият болыңдар, қазір біз құрылған қақпандардың арасынан өтеміз.

Саяхатшылар сақтана басып алға жылжыды, бірақ қақпандар туралы ойлар олардың бастарынан кетпей қойды.

Қақпандар құрылған жерге жетіп, олардың арасымен әзер өтіп келе жатқан саяхатшылар ордың оң жақтауында жатқан өлі денені байқады. Бұл осы жолмен өтпек болған Бейқамның денесі. Ол мұнда көптен бері жатыр<sup>13</sup>. Оның жолдасы құтылып кетті, ал Бейқам қолға түсіп, ажал құшты. Осы жерде оған ұқсас қаншама адамның қаза болғанын көз алдарыңа елестете аласыңдар ма? Бірақ адамдар сонда да жолбасшысыз жолға шығады. Бейшара Сәлім! Құдай оны жақсы көріп, құтқарып алды, әйтпегенде оның жалғыз өзінің қолынан ештеңе келмес еді.

Бұл алқаптағы соңғы кедергі – үңгірдің аузында отырған Алып болатын. Бұл Алып саяхатшыларды өзінің теріс ойларын айтып шатастыруға тырысатын<sup>14</sup>. Аяқтарын ауыр басып Батылдықтың рухына жақындаған ол оның атын атады да, қаһарлы үнмен:

- Саған бұлай істеме деп қаншама рет ескерттім? – деді.
- Нені ескертіп едің? – деп сұрады Батылдықтың рухы.

– Нені екенін өзің де жақсы біліп тұрсың? – деді Алып, – көп ұзамай сенің бұл әрекеттеріңе тоқтау саламын.

– Шайқасты бастамас бұрын, маған қандай айып тағатыныңды білгім келеді, – деді Батылдың рухы.

– Сендер бұл өлкеге зиян шектіріп жатырсыңдар және барып тұрған қарақшылармен бірігіп әрекет етесіңдер.

– Бірақ бұл жалпылама айыптау ғой, нақтырақ айт!

– Сенің кәсібің, – деді Алып сөзін жалғастырып, – балаларды ата-аналарынан ұрлап алу, еркектерді, әйелдер мен балаларды менің қожайынымның мекенінен мүлде басқа жерге қоныс аударту...

– Егер маған тағар басты айыбың осы болса, онда мен сенімен шайқасуға әзірмін. Мен – Құдайдың қызметшісімін, менің міндетім – күнәкарларды тәубеге алып келуге. Мен «қара түнектен нұрға, өзезіл шайтанның құлдығынан Құдайға бет бұрулары үшін» олардың көздерін ашуға тырысамын.

Осыдан кейін Алып шабуыл жасау үшін оған жақындап келді. Батылдың рухы қынабынан семсерін суырды, ал Алып қолына ауыр сойыл ұстап алған. Шайқас басталып, Алыптың алғашқы соққысынан кейін Батылдың рухы бір тізерлеп отырып қалды. Демдерін іштеріне тартып тұрған әйелдер мен балалар үрейлене айқайлап жіберді. Бірақ та Батылдың рухы орнынан қарғып тұрды да, қарсыласына тұра ұмтылып, оның қолына ауыр жарақат салды. Шайқас өте ауыр болды және ол бүтіндей бір сағатқа созылды. Бар күшін бойына жиған Алыптың аузынан бу атқақтады. Ақыры олар біраз тынығып алу үшін шайқасты уақытша тоқтата тұруға келісіп, Батылдың рухы мінажат етуге отырды... Содан олар шайқасты қайта жалғастырды. Батылдың рухы қатты бір соққымен қарсыласын сұлатып түсірді. Жығылып жатқан дұшпанын ұрғысы келмеген ол Алыптың орнынан тұруына ерік берді. Шайқас қайта басталып, Алып сойылымен Батылдың рухының басын жапырып жіберуге шақ қалды. Өміріне қауіп төнгенін сезінген Батылдың рухы қарсыласына он еселенген күшпен ұмтылып, семсерін оның бүйіріне тығып алды. Алып әлсіреп, қолындағы сойылын көтере алмай қалды. Осы сәтте Батылдың рухы оның басын шауып түсірді.

Әйелдер мен балалар қатты қуанды.

## Жетінші тарау

### АДАЛДЫҚ ПЕН ҚОРҚАҚТЫҚ

...Міне, олардың таудың басына көтерілгендерін көріп тұрмын. Сәлім бауыры Сенімдіні алғаш рет осы жерде көрген болатын.

Саяхатшылар тынығуға отырды. Олар тамақтанып, Өлім көлеңкесі алқабынан аман өткендері үшін бір-бірлерін құттықтады. Олар тамақ ішіп, тынығып отырған кезде Сәлима жолбасшыдан: «Жаңағы ауыр шайқаста жарақат алып қалмадың ба?» – деп сұрады.

– Жоқ, – деп жауап берді оған жолбасшы, – жеңіл ғана жарақаттандым және бұл жарақат менің Құдайға деген адалдығымның айғағы болады және рақымдылық бойынша сендерге уәде етілген сыйлықты көбейтеді.

– Алдыңнан қолына дәу сойыл ұстаған Алып шыға келгенде қорыққан жоқсың ба? – деп сұрады Сәлима<sup>1</sup>.

– Күші бәрінен де артық Құдайға бүтіндей сенім арту үшін өз-өзіме күмәндану – менің міндетім.

– Ол сені жаралаған кезде не ойладың?

– Ол өзін бәрібір жеңіп шыққан Қожайыныма да осылай істегені туралы ойладым.

Олар сапарларын жалғастырып, бір емен ағашына келіп жатты. Еменнің түбінде бір қарт адам ұйықтап жатыр екен. Киген киіміне, қолындағы таяғы мен белбеуіне қарап оның саяхатшы екенін білуге болатын еді. Батылдықтың рухы оның жанына барып, оята бастады. Қарт көзін ашып:

– Не болды? Кімсіңдер! Сендерге не керек? – деп сұрады.

– Қорықпаңыз, – деді Батылдықтың рухы оны тыныштандыруға тырысып, – біз жақсы оймен келдік.

Бірақ соған қарамастан шал орнынан тұрып, айналасын тез шолып шықты да, сенбеген түрмен олардың кім екендерін білгісі келетінін айтты. Жолбасшы өзінің кім екенін айтты және:

– Мен Аспан еліне кетіп бара жатқан мына саяхатшылардың жолбасшысымын, – деді.

– Онда мені кешірулеріңді өтінем, – деді қарт қуанып, – мен сендерді Сенімім аздың әмиянын тартып алған қарақшылардың тобынан екен деп қалдым. Бірақ енді сендердің нағыз саяхатшылар екендеріңді көріп тұрмын.

– Ал егер біз қарақшылар болып шықсақ не істер едіңіз? – деп сұрады Батылдықтың рухы.

– Не істер едіңіз дейсің бе? Соңғы демім қалғанша қорғанар едім, себебі саяхатшыны ол өзіне сатқындық жасаған кезде ғана жеңуге болады.

– Өте жақсы, мен сіздің олармен кездесуді қалайтын адамдардың қатарынан екеніңізді көріп тұрмын, өйткені сіз ұлы шындықты айттыңыз.

– Ал мен сіздің Аспандағы қалаға саяхаттың мәнін дұрыс түсінетініңізді көріп тұрмын.

– Енді сіздің атыңызды және қай қаладан шыққаныңызды білуіме бола ма? – деп сұрады Батылдың рухы.

– Сізге мен атымды айта алмаймын; ал енді туылған қалама келетін болсақ, ол Мағынасыздық деп аталады және ол Өлім қаласымен көрші орналасқан.

– А-а, сіз сонда тұрады екенсіз ғой! Мен сіздің кім екеніңізді білетін секілдімін: сіздің атыңыз Адалдық емес пе?<sup>2</sup>

Бұл сөздерді естігенде қарт қызарақтап:

– Жоқ, мен бұл сөздің шын мағынасындағы Адалдық емеспін. Мені адал деп атайды және мен затымның да атыма сай болғанын қалар едім. Бірақ менің кім екенімді сіздің қалай біліп қойғаныңызға таңданып тұрмын! – деді.

– Сіз туралы мен өзімнің Қожайынымнан естіген болатынмын: Ол жер бетінде болып жатқан нәрсенің бәрін біледі. Мен тұрғындарының бәрі күнәға белшелерінен батқан сол қалада жақсы бір нәрсенің әлі бар екеніне жиі таңданамын.

– Дұрыс айтасыз, біздің қаламыз суық аймақта жатыр, сондықтан оның тұрғындары да суық әрі безбүйрек. Бірақ адам бүкіл өмірін мұздақта өткізсе де, Шындықтың Күнінің жылуын сезінсе болды, оның жүрегі жиі бастайды; мен мұны өз тәжірибемнен білемін.

– Дұрыс айтасыз, Адал, мен сізге сенемін.

Содан соң қарт саяхатшылармен бауырларша төс қағыстырып амандасты. Олардың кім екендіктері мен бастарынан қандай шытырман оқиғалар өткізгендерін білгісі келген ол бастап Сәлимадан сұраққа ала бастады.

– Сіз, сірә, менің есімімді бұған дейін де естіген боларсыз, – деп жауап берді Сәлима. – Қайырымды Сәлім – менің күйеуім, ал мыналар – оның балалары.

Оның кім екенін естігендегі шалдың таңданысы мен қуанышын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Қуанғаны сондай, ол әйел мен балаларға батасын жаудыра бастады.



– Мен сенің күйеуің, оның қауіптіліктерге толы саяхаты жайында көп естідім, – деді ол. – Сен оның есімінің дүниенің төрт бұрышына белгілі екендігін мақтан тұтуға тиіссің. Сенімі, батылдығы, төзімділігі мен адалдығы оның өміріндегі барлық жағдайларда көрінді және оның есімін әлемге әйгілі етті.

Содан соң балалардың есімдерін сұрады.

– Матай, саған Матай салықшыға, бірақ оның жаман әдеттеріне емес, ізгілігіне ұқсас болуыңды тілеймін! Самуил, саған мінажатыңмен және сеніміңмен Самуил пайғамбарға ұқсас болғаныңды тілеймін! Жүсіп, Потифардың үйінде болғандағы Жүсіптен үлгі ал. Азғыруларға ермей, өз-өзіңе берік бол. Ал саған, Жақып, елші Жақып секілді әділетті адам болғаныңды тілеймін.

Ол сөйлеп жатқан кезде Батылдықтың рухы күлімсіреп, өзінің жаңа досына ризашылық сезіммен қарап тұрды.

Олар сапарларын бірге жалғастырды. Жол-жөнекей Батылдықтың рухы қарттан саяхатшы болу үшін туған қаласын тастап шыққан Қорқақ туралы білесіз бе деп сұрады?

– Иә, мен оны жақсы танитынмын. Ол адал адам болатын, бірақ ол мен білетін саяхатшылардың ең іш пыстырарлықтарының қатарынан еді.

– Сірә, сіз оны шынымен де жақсы білетін болсаңыз керек, себебі оның мінезін дәл бейнелеп бердіңіз.

– Бір кездері біз дос та болған едік. Біз қаладан бірге шықтық, бірақ та ол бізбен не болар екен деп уайымдап, мазасыздана бастады.

– Мен оны Қожайынымның үйінен Аспан қаласының қақпасына дейін ертіп әкелдім, – деді Батылдықтың рухы.

– Яғни, оны жақын танып білуге уақытыңыз болған екен.

– Ол үнемі өзінің алдына қойған мақсатына жете алмаймын ба деп қорқатын. Сәл ғана қауіп туралы қауесет естісе болды, оның жан дүниесін қорқыныш жайлап, жолында кездескен болмашы кедергінің өзі оның бар күшін сығып алатын. Өтіп бара жатқан саяхатшылардың көпшілігі көмек қолын ұсынғанына қарамастан Сары уайымның батпағынан шыға алмай әбден әуреге түскені. Сонымен қатар, ол үйіне қайтып оралғысы келмеген. «Егер Аспандағы қалаға жете алмайтын болсам, онда мәңгілік өлімге душар боламын», – деп қайталай беретін. Жол бойында көлденең жатқан әрбір сабан оны әбігерге түсіретін. Бір күні ол ақыры батпақтан әупірімдеп шығып, келесі жағаға өткенде өз көзіне өзі сене алмады. Оған әлі де айналаның бәрі

Сары уайымның батпағы секілді болып көрінді. Батпақ оның бүкіл еркін басып тастаған еді. Осылайша ол Тар қақпаларға жетеді де, есікті қағуға батылы жетпей ұзақ тұрады. Есік ашылған кезде ол артқа шегінеді де, өзінің бұл есіктен енуге лайықты емес екенін айтып өзгелерді өткізіп жібереді. Қақпашы оның жанына келіп, оған не керек екенін сұрайды. Сол кезде Қорқақ есінен танып құлап қалады. Қақпашы оның орнынан тұруына көмектесіп, мейірімді үнмен: «Саған тыныштық болсын! Орныңнан тұр, мен сен үшін есікті ашып қойдым, кір!» – дейді. Саяхатшы орнынан тұрып, қорқыныштан дірілдеген күйі ішке кірді. Содан соң оған сапарын қалай жалғастыру керектігі түсіндірілді. Осылайша ол Түсіндірушінің үйіне жетіп, есікті қағуға батылы жетпей, кейін де қайтқысы келмей сол жерде де ұзақ тұрды. Ол бірнеше күн мен түнді суық пен аштықта өткізді.

...Қатты жаурап кетсе де оның есікті қағуға батылы бармады... Оның қойнында Түсіндірушіге арналған хат бар болатын, сол хат бойынша оған бар жағдайды жасап, содан кейін оған сенімді жолбасшы қосып берулері тиіс еді. Себебі ол секілді жігерсіз адамға жалғыз саяхат жасау қаіпті. Ол осының бәрін білді, бірақ соған қарамастан өзін бұған лайықсызбын деп санап, есікті қағуға батылы жете қоймады. Кейін де қайтқысы келмеді, себебі онда өлімге душар болатынын білді. Ол есікті қаға салысымен ішке енгізілген көптеген адамдарды көріп тұрды. Бірде мен оны байқап қалдым да, жанына барып, оған не керек екенін сұрадым. Оның көздерінің жасқа толып тұрғанын көрген кезде мәселенің неде екенін түсіндім. Үйге қайтып келдім де, ол туралы Қожайынға баяндадым. Қожайын мені оны үйге кіруге көндіруім үшін дереу қайта жіберді. Оны көндіру оңай болған жоқ. Ақыры оның табалдырықты аттауға батылы жетіп, үйге кірді. Сонда Түсіндірушінің оны қандай сүйіспеншілікпен қарсы алғанын көрсендер ғой! Саяхатшыға дәмді тағамдар мен сусындар берілді. Сонда ол қойнынан хатты шығарды. Хатты оқып шыққан Түсіндіруші: «Сенің тілегің орындалады», – деді. Біраз уақыттан кейін саяхатшы біршама тынышталып қалғандай болды.

Үйдегінің бәрін қарап шыққаннан кейін саяхатшы Аспандағы қалаға аттануға нық бел байлады. Қожайын оның жолына бір шөлмек шарап және азық салып берді. Мен онымен бірге жолға шықтым.

Дар ағашына жеткен кезімізде ол өзін де осының күтіп тұрғанын айтты. Бірақ та Айқышты көрген кезде қатты қуанды.

Тіпті ол менен осы жерде біраз аялдауды өтінді, сол кезде маған ол байсалдырақ бола түскендей болып көрінді. Қиындықтар оны қорқыта алған жоқ. Оның жалғыз қорқынышы – ол шын мәнінде қабылдана ма, ол шақырылғандардың қатарында бар ма, күәнаһарлар қабылданады деген уәде оған да қатысты ма, ақтап алушы қан оны да күнәларынан тазартты ма деген қорқыныш еді<sup>3</sup>.

Мен оны Салтанатты Сарайға ертіп келіп, сарай тұрғындарымен таныстырдым. Бірақ өзін лайықсызбын деп есептейтін Қорқақ ол жерде де қысылып жүрді. Ол үнемі оңаша қалуға тырысты, бірақ рухани әңгімелерді өте жақсы көретін және шымылдықтың артына тығылып алып осындай әңгімелерге жиі құлақ түретін. Кейінірек ол маған Тар қақпалар мен Түсіндірушінің үйінде тұрған кездердің өзіне ұнағанын айтты. Бірақ ол жерлерде ұзағырақ қала тұруды сұрауға батылы жетпепті.

Біз салтанатты сарайдан шығып, Қорлық көру алқабына ылдилаған кезде ол мен білген саяхатшылардың бәрінен жеңіл жүрді. Қорлау оны абыржытқан жоқ, ол тек жолдың соңында уәде етілген игіліктерге қол жеткізетініне сенімді болғанын ғана қалады<sup>4</sup>. Осы алқап пен оның арасында анық бір көзге көрінбейтін байланыс болды, ол өзге жерлерге қарағанда осында өзін еркін сезінді.

Есесіне біз Өлім көлеңкесі алқабына аяқ басқанда ол бұрынғысынша кейін қайтқысы келген жоқ, бірақ осында ол қорқыныштың азабын әбден тартты. Ол: «Мына зұлым рухтар мені алып кетеді! Міне, қазір әкеткелі тұр!» – деп зарлана берді. Оның зарланғаны сондай, егер мұны зұлым рухтар естігенде, онда олар батылданып, міндетті түрде оған шабуыл жасаған болар еді.

Бұл сапарды толықтай баяндап шығу көп уақытты талап етеді. Сондықтан мен тағы екі жағдай туралы ғана айта кетейін. Екеуміз Әбігершілік жәрмеңкесіне жеткен кезімізде мен ол сондағылардың бәрімен шайқасқа түсе ме деп қорықтым. Бұл жерде осындай тауарлардың сатылатынына оның наразы болғаны сондай, мен мұндағылар бізді тепкінің астына алатын шығар деп ойладым<sup>5</sup>. Таңғажайып елге келген кезде де оны ұйқы қысқан жоқ.

Бірақ Өлім өзеніне жетіп, онда көпірдің жоқ екенін көргенде тағы қатты абыржып кетті. «Осы жерде өлім құшатыныма сенімдімін, осынша ұзақ жол жүргенім бекер болды», – деді ол.

Бұл жерде де мен әдеттен тыс нәрсені байқадым – бұл күні өзеннің деңгейі әдеттегіден тым төмен болды, сондықтан ол өзеннен еш қиындықсыз өтіп шықты<sup>6</sup>.

Қарсы жағалаудан оның Аспандағы қалаға кіріп бара жатқанын көрген кезде мен онымен қоштастым. Содан кейін оны қайтып көрген жоқпын.

– Ақыры ол арманына қол жеткізіпті! – деді Адал.

– Иә, әрине! Мен осылай болатынына ешқашан күмәнданған емеспін. Қорқынышқа жиі бой алдырып, өзін де, өзгелерді де шаршатқанына қарамастан, ол таңдап алынғандардың қатарынан болатын<sup>7</sup>. Ол күнәға аса сезімтал болды және өзгелерді ренжітіп алудан қорыққаны сондай, өзін еш себепсіз ренжітуге жиі жол беретін.

– Сіздің бейнелеуіңіз бойынша ол өте ынталы адам болған секілді. Ол шайтаннан, арыстандар мен Әбігершілік жәрмеңкесінен мүлде қорықпаған; бірақ ол күнәдан, өлімнен және тозақтан қатты қорыққан, себебі Құдайдың таңдаулыларының қатарына қабылданғанына сенімсіз болды<sup>8</sup>.

– Бұл шындық, – деді Батыллықтың рухы онымен келісіп, – ол Құдайдың баласы болуға лайық па? Осы ой оған маза бермеді. Бұған себеп оның рухының әлсіздігі емес, сенімінің әлсіздігі болды. Мен оның еш сескенбестен отқа да, суға да түсетініне сенімдімін, бірақ оны қорқыныш сезімі қинайды.

– Қорқақ туралы бұл әңгіме өте пайдалы, – деді Сәлима. – Мен ғана қорқақпын ба деп ойлаушы едім, енді ол екеуміздің арамызда ортақ нәрселердің көп екенін көріп тұрмын. Бар айырмашылық – қорқыныштың бойын жайлап алғаны сондай, ол есікті қағуға бата алмады, ал мен, керісінше, есікті барынша қатты қақтым.

– Мен де өз ойымды айтайыншы, – деп өтінді Сүйіспеншілік. – Өз бойымда оған көп ұқсастықтар бер екенін мен де байқап тұрмын. Мен осы дүниедегі бір нәрсені жоғалтқаннан гөрі жұмаққа бара алмай қалудан көп қорықтым. Бұл үшін тіпті бүкіл дүниеден айырылсам да, бойымда жұмаққа барамын деген сенімділік болса ғой, шіркін, деп ойлайтынмын.

Әңгіме жалғасып, Адал Өз еркімен жүргіш деген біреудің басынан өткен жағдайлар туралы айта бастады.

– Ол өзін саяхатшымын деп таныстырды, – деп бастады әңгімесін ол, – бірақ та мен оның жолдың ең басында тұрған Тар қақпалардан өтпей қалғанына сенімдімін.

– Сенің ойыңша ол қандай қағидаларды ұстанушы еді? – деп сұрады Батыллықтың рухы. Мысалы, Құдайдың сүйіктілерінің бірі өзгенің әйелімен бірге тұрғандықтан, маған да осылай істеуге

болады деп дәлелдейтін. Сүлейменнің көп әйелі болыпты, сондықтан оған да неге көп әйел алмасқа? Сара және Киелі кітаптағы өзге де әйелдер жиі өтірік айтқан, сондықтан оған да өтірік айта беруге болады. Мәсіхтің шәкірттері Ұстаздарының бұйрығы бойынша өзгенің есегін алып кетті, сондықтан оған да бөтеннің затын ала беруіне болады. Жақып әкесінің батасына өтірік пен қулықтың арқасында ие болды, ал неге бізге осы дүниелік игіліктерді осындай жолмен иемденбеске?<sup>9</sup>

– Қандай пасықтық! – деді Батыллықтың рухы. – Бірақ бұл қазір осы дүниеде кең тараған көзқарас.

– Мені дұрыс түсініңдер. Ол бәрі осылай істеулері керек деген жоқ, бірақ та ұлы адамдарға еліктеген кезде олардың теріс қылықтарын да істеуге болады деген пікірде болды.

– Бірақ бұл мүлде дұрыс емес қой! Өздерінің жақсы істері арқылы белгілі болған адамдар әлсіздіктерінің кесірінен күнә жасады, сондықтан менің де олардың жаман әдеттерін қайталай беруіме болады деген қате пікір! Өз құмарлықтарының құлдығындағы адамның қалай адасатынын көріп тұрсыңдар ма! Киелі Жазбадағы: «Міне, Мен Сион қаласында кедергі тасты орнатып қоямын. Бұған көбі сүрініп, құлайды. Ал «Оған сенімін артқан ешкім ұятқа қалмайтын болады лайым», – деген сөздер дәл осындайларға арналған. Ал егер ол адам күнә жасай жүріп те Құдайдың қалаулыларының бірі бола алады деп есептейтін болса, онда ол қауіпті адасушылық. Құдай: «Халқым күнәларының құнын өтеу үшін құрбандықтар шалып, Маған ұсынғанда діни қызметкерлер соларды жеп қояды. Олар тіпті халықтың зұлымдық жасағандарынан ләззат табады!» – дейді.

– Дұрыс айтасың, бірақ өздерін жиһанкезбіз деп атайтын адамдардың көпшілігі дәл осылай істейді. Көріп тұрғандарыңдай мен кәрі адаммын және осы жолмен жүріп келе жатқаным көп жыл болды. Осы уақыттың ішінде мен мынандай нәрсені байқадым, – деді Адал сөзін жалғастырып<sup>10</sup>. – Сапардың басында бүкіл дүниені өзгертіп жіберетіндей болып зор ынтамен шыққан, бірақ арада бірнеше күн өткенде уәде етілген өлкенің қарасын көрмей жатып, айдалада мерт болғандарды көрдім. Сапардың басында бір күнге де шыдамайтындай әлсіз болып көрінген, екіншілерінің нәтижесінде бәрінен төзімді болып шыққандарын да көрдім. Сондай-ақ Аспандағы қалаға қарай елдің алдымен жүгіріп бара жатқан, бірақ арада көп өтпей дәл сондай жылдамдықпен артқа қарай қашып келе жатқандарды да көрдім. Алғашында

саяхатшылар туралы жақсы пікірде болған, бірақ та кейіннен олардың дұшпандарына айналғандар да болды. Жұмаққа сапарларының басында ондай жер бар деп дәлелдеген, бірақ көздеген жеріне дәл алдына жетіп тұрып, кенеттен ондай жер жоқ деп кейін қайтқандар да кезікті. Мен кез келген кедергілерге қарсы тұра аламын деп мақтанған, бірақ қиындықтарға кездесе сала сенімдерінен жұрдай болған адамдарды да көрдім.

...Әңгіменің қызығына түскен олар алға қарай жылжи берді. Кенет әлдебіреу:

– Егер де аман қалғыларың келсе, сақ болыңдар, өйткені жақын маңда қарақшылар жүр, – деп ескертті.

– Рахмет, біз кездесуге дайынбыз, – деп жауап берді оған Батылдың рухы.

Содан соң олар жан-жақтарына сақтана қараған күйлері алға қарай жүре берді. Бірақ Батылдың рухынан жасқанды ма, әлде басқа бір себебі болды ма, әйтеуір қарақшылар оларға тиіскен жоқ<sup>11</sup>.

...Бір кезде Сәлима тыныққысы келетінін айтты.

– Осы араға жақын маңда Гай атты аса құрметті адамның үйі бар, сонда барайық, – деді Батылдың рухы.

## ***Сегізінші тарау***

### **ГАЙ**

Қонақжай үйдің алдына жеткен олар есікті қақпай-ақ кіре берді, себебі үйдің есігі жиһанкездер үшін барлық уақытта да ашық болатын. Олар қожайынды шақырып, одан осында түнеп шығуларына рухсат сұрады.

– Әрине, менің үйімнің есігі шынайы жиһанкездер үшін әрдайым ашық. Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар! Сіздерді өз үйімде қабылдай алатыныма қуаныштымын. Қонақтар бұған қатты қуанып кетті.

– Мына құрметті әйел кімнің әйелі және мына жас қыз кімнің қызы? – деп сұрады Гай жолбасшыдан.

– Бұл әйел – ертеректегі Сәлім атты саяхатшының әйелі, ал жас жігіттер оның балалары. Ал мына қыз – Сүйіспеншілік, оны өзімен бірге жүруге көндірген таныстарының бірі. Балалардың бәрі әкелеріне ұқсайды және олар әкелерінің ізімен жүргілері келеді.

– Шынымен де бұлар Сәлима мен оның балалары ма? Мен сенің күйеуіңнің әкесімен, тіпті, оның атасымен де жақсы таныс болдым. Олардың аталары Антиохияда тұрды. Олар қайырымды әрі ержүрек адамдар болатын. Сенің күйеуіңнің көптеген туыстары жайында естідім, олардың шындық үшін қаншама сынақтардан өткендерін білемін. Оның арғы аталарының бірі Степан таспен ұрып өлтірілді. Тағы бір атасы Жақыптың басы шабылды. Олардың аталарының тұқымына жататын Пауыл мен Петірден өзге жабайы аңдардың аузына тасталған Игнатийді атауға болады. Құдайға деген сүйіспеншілігі үшін отқа тасталған Поликарп бар. Күйеуіңнің артына осындай сайдың тасындай мықты жігіттер қалдырғанына қуаныштымын. Олардың әкелерінің абыройын түсірмейтіндеріне және оның ізімен жүріп, ол ие болған сыйлықтарға қол жеткізетіндеріне сенімдімін.

– Иә, сіз дұрыс айтасыз, – деді жолбасшы. – Сірә, Сәлімнің ұрпақтарының маңдайына көбею жазылған секілді. Сондықтан да Сәлимаға өз балаларына лайықты қалыңдықтар табудың қамын қарастыруы тиіс. Сонда олардың ұрпақтары жалғасын табады.

– Иә, олардың тұқымы құрып кетсе өкінішті болады, – деді Адал онымен келісіп.

– Олардың тұқымы құрып кетпейді, – деді Гай, – бірақ олардың сандары азаюы мүмкін. Сәлима менің ақылыма құлақ асып, ұрпақтарының қамын жасасын. Мысалы, Сәлима мен сенің Сүйіспеншілікпен достығыңа қызыға қараймын. Менің саған айтар ақылым мынау: сенімен жақын туыс болу үшін, әрине, егер қарсы болмаса, ол сенің үлкен ұлың Матайға күйеуге шықсын, сонда олар сендердің ұрпақтарыңды жалғастырады.

Көне Әсиет әйелдерінің әлемнің Құтқарушысын дүниеге әкелеміз деген үмітпен балалы болуды қалағандарын естеріңе алыңдар. Құтқарушы жер бетіне келген кезде де еркектен бұрын әйел қуанды. Әйелдер Оның соңынан еріп жүрді және Оған қызмет етті. Әйел көз жасымен Оның аяғын жуып, шашымен құрғатты. Оны хош иісті маймен әйел майлады. Оны айқышқа керген кезде әйелдер жылады және Оның соңынан қабірге дейін еріп барды. Қайта тірілген кезінде Ол бірінші болып әйелдерді кездестірді және шәкірттеріне сүйінші хабарды жеткізу үшін соларды жұмсады. Осылайша, Құдай әйелдерге ерекше мейірімді болды және бұл олардың мәңгілік игіліктерге еркектермен бірдей дәрежеде қол жеткізе алатындарын білдіреді...

Осы кезде аспаз кешкі астың дайын болғанын айтып хабаршы жіберді. Қызметші әйел дастархан жая бастады.

Әрбір ас қабылдаудың мінажат етуден басталатынын еске салу үшін үстелге алдымен «малдың көтеріп ұсынылған оң жақ сан еті және тербетіліп ұсынылған төс» қойылды.

Олар үстел басында көтеріңкі көңіл-күймен ұзақ отырды. Ақыры саяхатшылардың бірі Гайға қарап:

– Қайырымды қожайын, бір жұмбақты шешіп бересіз бе? Кім біреулерге көп берген сайын бай бола түседі?

Бәрі ойланып қалды, ал Гай:

– Жарлыларға жомарттықпен барын бергенге он еселеп қайтарылады, – деп бірден жауап берді.

– Шынымды айтсам, сіз мұны осылай тез тауып алады деп ойламаған едім, – деді Жүсіп.

– Бұл қалыпты нәрсе: тәжірибеден үйренгенге ештеңе жетпейді. Құдай мені қайырымдылыққа үйретті және сол арқылы байи түсетінімді білемін. «Қолы ашық адам байи түсер, тым сараң жан кедейлене түсер. Бай болғансыған біреудің түгі де жоқ, ал кедейсіген басқа біреу байлыққа тоқ».

Осы кезде Самуил шешесінің құлағына:

– Апа, бұл үйдің қожайыны өте қайырымды адам екен. Осы жерден кетпей тұрып Матайдың Сүйіспеншілікке үйленуі үшін біраз уақыт қала тұрайықшы, – деп сыбырлады<sup>1</sup>.

– Қуана келісемін, достым, – деді әңгіменің не жайында екенін түсіне қойған Гай.

Осылайша олар тағы бір ай мерзімге осында қалды. Осы арада Матай Сүйіспеншілікке үйленді.

Осы үйде болған кезде Сүйіспеншілік әдеті бойынша жарлыларға арнап түрлі киімдер тікті.

Бірақ біз әңгімемізге қайта оралайық.

Қатты шаршаған жігіттер кешкі астан кейін демалуға тілек білдірді.

Өздеріне бөлінген бөлмелерге тараған олар таң атқанша тұяқ серіппей ұйықтады. Ал қалғандары әңгіменің қызығымен таңның қалай атқанын сезбей қалды. Құдай туралы, өзі туралы және саяхат туралы ұзақ әңгімеден кейін Адал қарт қалғып кетті<sup>2</sup>.

– Сіздің ұйқыңыз келіп кетті ме? – деп сұрады одан Батылдың рухы. – Сізге не болған? Ұйқыңызды ашып, бізге мынаны түсіндіріп беріңізші: «Кімнің өлтіргісі келсе, алдымен ол жеңілуі қажет. Кімнің өзге өлкеде өмір сүргісі келсе, алдымен ол үйінде өлуі қажет»<sup>3</sup>.

– Мұны түсіндіру қиын, ал оны орындау одан да қиын, – деді Адал.



– Рақымдылықтан жеңілген күнәні өлтіре алады; кімнің аспанда өмір сүргісі келсе, сол осы дүние үшін рухани өлуі тиіс.

– Дұрыс айтасыз! – деді Гай оны қостап. – Біріншіден, рақымдылық келіп, өзінің билігімен біздің жанымызды жеңбейінше адам күнәні жеңуге әлсіз. Күнә – бұл жанды шырмап қоятын бұғау. Бұғауды бұзбайынша, жан күнәға қарсы тұра алмайды. Екіншіден, рақымдылықтың мағынасын білетін әркім өз күнәкарлығының құлдығындағы адам рақымдылықтан күшті бола алмайтынын білуі тиіс. Сендерге есімнен кетпей жүрген бір оқиға туралы айтып берейін. Біреуі жас, ал екіншісі – жасы келіп қалған екі адам сапарға шығады. Жас жігіт өзінің күнәкар құштарлықтарымен бар күшін сала күресуі тиіс еді; ал қарт адамның күнә жасауға бейімдігі әлсіреп қалған болатын. Бірақ жас жігіт қартпен бірдей жүрді. Айтыңызшы, оның қайсысында рақымдылықтың күші көбірек болды?

– Әрине, жас жігітте, – деді Адал. – Күнәға қарсы тұру ол үшін қиынырақ, ал бұл оның рақымдылыққа қартқа қарағанда көбірек мұқтаж екенін білдіреді. Бірақ та кәрілік адасушылыққа жиі бой алдырады – ол күнәға деген құмарлығының әлсіреуін өзінің жеке жеңісі деп есептеп, сонымен мақтанады. Әрине, өмір оған осы дүниелік құмарлықтардың құр бекершілік екенін дәлелдегендіктен, кәрілік жастыққа жақсы кеңес бере алады. Бірақ кәрілік пен жастық қатар адымдаған кезде өз бойындағы рақымдылықтың әрекетіне жастыққа қарағанда кәрілік көбірек сенімді болады.

...Олар таң ағарып атқанға дейін әңгімелесті.

– Достар, – деді Гай, – мен Батылдықтың рухы семсерлесуді жақсы меңгергенін білемін, сондықтан да алаңға барып, жақсы іс жасауға ұсыныс жасаймын. Осы жерге жақын маңда Жақсылықты құдалаушы атты алып тұрады. Ол осы жермен Аспан патшалығына кетіп бара жатқан саяхатшыларға жиі шабуыл жасайды. Ол – қарақшылардың жолбасшысы. Оны қайдан табуға болатынын білемін. Оны тауып алып, жазасын берсек жақсы болар еді<sup>4</sup>.

Мұны бәрі құп алды. Батылдықтың рухы семсерін, дулығасы мен қалқанын, ал қалғандары – найзаларын қолға алды.

Біраз жер жүргеннен кейін олар Жігерсіз деген біреуді қинап жатқан Алыпты көрді. Алып адам жегіш болатын. Батылдықтың рухы бастаған қарулы саяхатшыларды көрген Алып:

– Кімді іздеп жүрсіңдер? – деп айқай салды.

– Сені, – деп жауап берді Батылдықтың рухы. – Сен Патшаның жолынан ұстап алып, өзіңнің үңгіріңе алып кеткен саяхатшылардың кегін қайтару үшін келдік.

Алып қаруын кезеніп алға ұмтылды. Батылдықтың рухы да шайқасқа дайындалды. Шайқас бір сағаттай уақытқа созылды. Қолдары талып кеткен Адып сәл тынығып алуды ұсынды.

– Менің иелігімдегі жерге неге келдіңдер? – деп сұрады ол ентигіп.

– Жаңа айттым ғой, саяхатшылардың кегін қайтару үшін.

Шайқас қайта басталды. Алып Батылдықтың рухын сәл кейін шегінуге мәжбүр етті. Бірақ ол бар күшін жиып қайта ұмтылды да, бір соққымен Алыптың қолындағы қаруды қағып түсірді, ал екінші соққысы оны етбетінен түсірді. Батылдықтың рухы оның басын шауып алды.

Үйге келгеннен кейін бәрі Жігерсізден Алыптың қолына қалай түскені жайлы сұрастыра бастады.

– Өздерің көріп тұрғандай, мен науқас адаммын, – деді Жігерсіз. – Уақытымның таяп қалғанын сезген мен бұл жерде сауыға алмаймын деп ойладым. Сөйттім де, өзім және ата-бабаларым туып өскен Батылдықсыз қаласынан жолға шықтым. Мен әлсіз, санасы аса дамымаған адаммын, бірақ соған қарамастан еңбектеп жүруге тура келсе де саяхатшы болғым келді<sup>5</sup>. Жолдың басындағы Тар қақпаларға жеткен кезімде сол елдің қожайыны менің тәнім мен рухымның әлсіздігін бетіме баспай, жақсы қабылдады. Керісінше, Ол маған күш жинауыма қажетті нәрселердің бәрімен қамтамасыз етіп, үмітімді жоғалтпауыма кеңес берді. Түсіндірушінің үйіне келгенде ол да мені өте жақсы қабылдады. Қиыншылық тауынан өтудің мен үшін өте қиын болатынын түсінген ол қызметшілерінің біріне мені шыңның басына дейін көтеріп алып баруды бұйырды. Жол бойында кездескен саяхатшылардың да көп көмек көрсеткендерін айта кетуім қажет. Бірақ та мен үшін ақырынырақ жүруге олардың бірде-бірі келіспеді. Осылайша мен ақыры Шабуыл жасау алаңына келіп жеттім. Сол жерде Алып алдымнан шықты да, маған қорғануды бұйырды. Бірақ та мен қалай қорғанайын? Керісінше, маған тіреу қажет болатын. Ол маған өзінің күректей қолдарымен тап берді. Еркімнен тыс өзінің үңгіріне сүйреп әкеткеніне қарамастан, оның мені өлтірмейтініне сендім. Шынымен де, ол мені тонап алды, бірақ өздерің көріп отырғандай, аман қалдым. Бұл үшін Жаратушыма және Оның құралы ретіндегі сендерге алғысымды айтамын. Мен жолымда әлі талай қиындықтарды кездестіруге дайынмын, бірақ алған бетімнен қайтпаймын. Шамам келген кезде жылдам жүремін, ал

әлім қалмаған кезде еңбектеп болса да алға жылжымын. Менің басты мақсатым – ешқандай кедергілерге қарамастан сапарымды әрі қарай жалғастыру, ал менің жүрегім әлсіздігіме қарамастан көпірі жоқ өзеннің арғы жағына өтуді баяғыдан аңсайды<sup>6</sup>.

– Сен Үрей атты саяхатшыны танымаушы ма едің? – деп сұрады Адал.

– О, танығанда қандай! Ол мен туған жердің жанындағы Өлім қаласына көрші Мәнсіздік қаласында тұратын. Ол – менің жақын туысым және біз көп жағынан өте ұқсаспыз. Оның бойы менен кіші болатын, бірақ түріміз өте ұқсас еді.

– Сендердің туыс екендеріңді байқап тұрмын. Екеуіңнің де жүздерің қуқыл, екеуің де тұнжырап жүресіңдер және сөйлегендерің де өте ұқсас.

– Адамдардың көбі дәл осылай ойлайтын. Оның жүзіне немесе сөйлеген сөздеріне қараған кезде тіпті, менің өзім оның бойынан өзімді көргендей болатынмын.

– Ал енді, қайырымды досым, есіңді жи. Сен үшін қуаныштымыз, егер менің үйімнен бір нәрсе қажет болса, қысылмай айт. Менің қызметшілерім саған қажеттінің бәрін тауып береді, – деді оған Гай.

– Мені осылай қарсы алады деп еш күтпеген едім, – деді Жігерсіз шынын айтып.

Осы кезде үйдің жанына біреу жүгіріп келді де, есікті қатты қаға бастады. Келген адам жақын маңда Арамза атты адамның найзағай түсіп құлап жатқанын айтты.

– О, сорлы-ай! – деді Жігерсіз өкініп, – ол шынымен де өліп қалды ма екен? Бір күні ол мені қуып жетіп, менімен бірге жүрмек болған, бірақ әлгі Алып маған шабуыл жасаған кезде ол қашып кетті. Сөйтсем, ол өліміне қарай жүгіріпті, ал мен аман қалдым<sup>7</sup>.

Матай мен Сүйіспеншілік үйлену тойларын жасады, ал Гай Феба атты қызын оның інісі Самуилға берді.

Он күннен кейін саяхатшылар жолға жинала бастаған кезде Гай оларды қоштасу асына шақырды. Дастархан басында бәрі көңілді отырып, тойғандарынша ішіп-жеді. Кетер алдында олардың адал жолбасшылары Батылдың рухы қонақжайлық танытқаны үшін Гайға ақы төлемек болды.

– Саяхатшылардан ақы алу біздің әдетімізде жоқ. Шығынның бәрі жыл сайын Қайырымды Самариялықтың есебінен өтеледі. Сен жиһанкездерге қатысты өз парызыңды адал атқарасың. Сенің ісіңе адал екенің туралы олар Қауымның алдында куәлік етті, – деді Гай.

Содан ол бәрімен қоштасып, жолдарына сусын салып берді. Жігерсіз бірден артта қала бастады. Мұны байқаған Батылдың рухы оған қарап:

– Жылдамдатсаңшы, достым, мен сенің де жолбасшың боламын, сонда сен ештеңеден қауіптенбейтін боласың, – деді.

– Өкінішке орай, менің сендерге ілесіп жүруім қиын! – деді Жігерсіз күрсініп. – Сендер бәрің күштісіңдер және денсаулықтарың жақсы, ал мен – әлсізбін. Сондықтан да сендерге кедергі болмас үшін артта қалғанды жөн көремін. Мен тез шаршап қаламын. Мен күлкіні, қатты сөйлегенді және әр нәрсені бір сұрай бергенді ұнатпаймын. Менің әлсіздігім сондай, ештеңені жақтырмаймын. Мен барша шындықты әлі танып болған жоқпын. Мен әлсіз – саяхатшымын. Кейде, саяхатшылардың Құдаймен кездесетіндеріне қуанып жатқандарын естігенде олармен бірге қуана алмаймын.

– Бауырым, менің міндетім – әлсіздерге қолдау көрсетіп, қайғырғандарды жұбату болып табылады, – деді Батылдың рухы. – Сен міндетті түрде бізбен бірге жүруге тиіссің. Біз саған көмектесеміз, сенен озып кетпеуге және сенің көзіңше бос сөздер айтпауға тырысамыз. Сені жалғыздықта қалдырмау үшін қолымыздан келгеннің бәрін істейміз<sup>8</sup>.

Осы сәтте олардың жанына балдақ таянған Ақсақ атты біреу жақындап келіп, өзінің саяхатшы екенін айтты.

– Сен бұл жерге қалай жеттің? – деп сұрады одан Жігерсіз. – Мен қазір ғана лайықты жолсерігімнің жоғын айтып қайғырып келе жатыр едім. Сені көргеніме сондай қуаныштымын! Екеуміз жақсы жолсерік боламыз деп үміттенем!

– Сенің ұсынысыңды қуана қабылдаймын, достым, тіпті, саған балдақтарымның бірін беруге де дайынмын, – деп жауап берді Ақсақ.

– Көмектеспек болғаныңа рахмет, бірақ маған балдақ керек емес, себебі ақсақ емеспін ғой. Дегенмен, ол маған иттерді қорқытатын таяқ ретінде қажет болып қалуы мүмкін.

– Балдақтарым да, мен де саған қызмет етуге дайынбыз, – деді Ақсақ.

Осылайша олар жүрістерін жалғастыра берді. Алда – жолбасшы мен Адал, олардың артында Сәлима мен балалары, ал ең соңында – Жігерсіз бен Ақсақ келе жатыр.

– Құрметті жолбасшы, бізге сабақ боларлықтай бір нәрсе айтып берші, – деп өтінді Адал.

– Қуана айтып беремін. Сірә, сендер марқұм Сәлімнің Қорлық көру алқабында Аполлионмен қалай шайқасқаны және оның Өлім көлеңкесі алқабынан қандай қиындықпен өткені туралы естіген боларсыңдар. Сондай-ақ оның досы Сенімді туралы, оның Ұят атты дұшпанының азғыруына қалай ермегені туралы да естіген боларсыңдар.

– Иә, есімде, Сенімдіге жасалған шабуылдардың ішінде әсіресе Ұяттың шабуылы күшті болды: ол оның қыр соңынан қалмай еріп жүрді, – деді Адал.

– Иә, Ұят – нағыз жабысқақтың өзі, – деді Батылдықтың рухы оны қостап.

– Айтыңызшы, Сәлім мен Сенімді Ділмарды дәл қай жерден кездестірді? – деп сұрады Адал.

– Ол өз-өзіне тым сенімді ақымақ болатын, бірақ соған қарамастан көптеген адамдар оған сеніп, соңынан ереді, – деді Батылдықтың рухы.

– Ол өзінің ділмарлығының арқасында Сенімдіні тура жолдан тайдыруға шақ қалды, – деді Адал.

– Иә, бірақ та Сәлім оның кім екенін бірден түсінді.

Осылайша олар Сәлім мен Сенімді Ізгі хабаршыны кездестірген жерге де келіп жетті. Сол жерде Ізгі хабаршы оларға өздерін Әбігершілік жәрмеңкесінде не күтіп тұрғанын болжап берген болатын.

– Сірә, жәрмеңкеде өздерін күтіп тұрған азаптар туралы есту оларға ауыр болған шығар? – деді Адал.

– Бірақ оларға жақсы нәрселер туралы да айтылды. Қалай дегенде де, олардың жандары сеніммен шыныққан болатын. Олардың билердің алдында қандай бекем болғандары естеріңде ме?

– Иә, Сенімді ерлікпен қаза болды! – деді Адал сүйсінген үнмен.

– Осы екі саяхатшының төзімділіктері мен Сенімдінің азапты өлімінің көптеген адамдардың Құдайға келулеріне себепкер болғанын анық білемін. Олардың арасында Үміттенуші де бар еді. Ол Сәлім екеуі жолдарында Пайдакүнем атты өте айлакер азғырушыны кездестірді.

– Ол қандай адам еді? – деп сұрады Адал.

– Ол нағыз екіжүздінің өзі болатын! Ол өзі пайда көретіндей дәрежеде діндар болды және оның айлакер болғаны сондай, ешқашан шығынға ұшырап көрген емес. Оның діндарлығы

жағдайға қарай өзгеріп отыратын. Ол пікірін сөйлесіп тұрған адамына қарай өзгертіп отыратын және өмірде де дәл осылай ету қажет деп дәлелдейтін. Бірақ та менің білуімше, оның өмірі қайғылы аяқталған.

## **Тоғызыншы тарау**

### **МНАСОННЫҢ ҮЙІ**

Міне, ақыры олар алыстан Әбігершілік жәрмеңкесі жыл бойы өтіп жататын қаланы көрді. Қалаға кірмес бұрын олар жәрмеңкеде өздерін қалай ұстаулары керектігі жайында кеңесе бастады. Әр түрлі пікірлер айтылды.

– Саяхатшыларға көптен бері жолбасшы болып келе жатқандықтан, мен бұл жерлерде жиі боламын. Осы арада Кипрден келген Мнасон атты бір адам тұрады. Ол бұрыннан Мәсіхтің жолын қуушы, бізге соның үйіне баруға болады. Жүріңдер, соған барайық<sup>1</sup>.

– Барсақ барайық, – десті саяхатшылар бір ауыздан.

Бұл қас қарайып келе жатқан мезгіл болатын. Бірақ жолбасшы бұл жолды жақсы білетін еді, сондықтан ол саяхатшыларды Мнасонның үйіне еш қиындықсыз бастап алып келді.

Олар есікті қақты. Батылдықтың рухының дауысын таныған қожайын есікті дереу ашты. Саяхатшылардың бәрі үйге кірді.

– Алыстан келе жатырсыңдар ма? – деп сұрады Мнасон олардан.

– Иә, алыстан келіпсіңдер, – деді ол саяхатшылар жағдайды түсіндірген кезде, – шаршайтын жөндерің бар екен. Отырып, тынығып алыңдар.

Қонақтар жайғасып отырды.

– Қысылмаңдар, достар, – деді оларға жолбасшы. – Қожайынның бізге қуанышты екеніне сенімдімін.

– Әрине, өте қуаныштымын және ештеңеден қысылмай, бәрін сұрай берулеріңді өтінем, – деді қожайын.

– Сірә, біз баспананы да, әңгімелесуге болатын адамды да бірден тапқан секілдіміз, – деді Адал<sup>2</sup>.

Мнасон саяхатшылардың бөлмелерін және үлкен асхананы көрсетті.

Олар сәл тынығып алғаннан кейін өз-өздеріне келіп, қожайынды әңгімеге тарта бастады.

– Қаладан жақсы адамдарды кездестіруге бола ма? – деп сұрады одан Адал.

– Болады, бірақ олар тым аз.

– Олармен қалай таныссақ екен?

Мнасон қоңырауды шылдырлатты да, бөлмеге оның қызы – Игілік келіп кірді.

– Тәубеге даярға, Мінсізге, Бауырмашылға, Өтірік айтпайтынға және Тәубеге келушіге барып, маған құрметті қонақтардың келгенін жеткіз, – деді Мнасон қызына.

Қыз әкесінің өтінішін орындауға жөнелді. Арада көп өтпей қожайынның достары келіп, дастархан басына жайғасты.

– Қымбатты көршілерім, – деді оларға Мнасон. – Мен сендерді алыстан келе жатқан және Сион тауын бетке алып бара жатқан саяхатшылармен таныстырғым келеді. Қалай ойлайсыңдар, ол кім? – деп сұрады ол Сәлиманы көрсетіп. – Бұл әлгі жолдасы Сенімдімен бірге біздің қалада көп қиындықтар көрген белгілі саяхатшы Сәлімнің әйелі.

Көршілері таңданып қалды.

– Сенен шақыру алған кезде біз бұл жерден Сәлиманы көреміз деп еш ойламаған едік. Біз үшін бұл өте жағымды жаңалық.

Содан соң олар Сәлиманың хал-жайын сұрастырды. Сәлима оларға балаларын таныстырды. Сонда олар саяхатшыларға қарап былай деді:

– Өздерің жақсы көрген және өздерің Оған қызмет ететін Патша сендердің әкелерің секілді өмір сүрулеріңе және Өзі тұрып жатқан жерге аман жетулеріңе көмектессін<sup>3</sup>.

Адал Тәубеге даярдан қалада не болып жатқанын сұрастыра бастады.

– Жәрмеңкенің кесірінен қаламыз үнемі толқуда болатынын айта кетуім керек, – деп жауап берді ол. – Жүрегің мен сананды барша азығырулардан аман сақтау оңайға түспейді. Біздің қала секілді қалада тұрып, біздің тұрғындар секілді тұрғындармен араласуға мәжбүр адамдар үнемі өздерін шайтанның шырмаянынан қорғап, сақтап жүретін күштің қажеттілігін сезініп жүреді<sup>4</sup>.

– Бірақ көршілеріңіз тынышталып қалған болар?

– Иә, қазір олар әлдеқайда тынышталып қалды. Сендер олардың Сәлім мен Сенімдіге қандай қатігездік көрсеткенін білесіңдер ғой. Сенімдінің қанын жүктегендері оларды ар азабына салды және содан кейін олар ешкімді отқа тастаған жоқ. Ол уақытта көшеде жүру біз үшін тым қауіпті болатын, ал қазір

еркін жүре аламыз. Мәсіхтің есімі ол кезде адамдардың ашуын шақырған болатын, ал қазір болса, әсіресе қаланың кейбір бөліктерінде сенім тіпті үлкен құрметке ие болды<sup>5</sup>. Ал енді сендер өз саяхаттарың жайлы әңгімелеп беріңдерші. Жолдарыңда қиындықтар көп болған шығар, сірә?

– Үш немесе төрт рет дұшпанның шабуылына ұшырап, олардың бетін қайтардық, – деп жауап берді Батылдың рухы.

Сөйтті де ол жолда орын алған шытырман оқиғалар мен өздерінің Жақсылықты қудалушы атты алыпты қалай өлтіргендері жайлы егжей-тегжейлі баяндап берді.

Олар кешкі асқа дейін әңгіме дүкен құрды. Содан соң кешкі астарын ішті де, ұйықтауға жатты.

Мнасонның үйінде олар біршама уақыт тұрды. Мнасон қызы Игілікті Жүсіпке, ал екінші қызы Мартаны Жақыпқа күйеуге берді.

Шынында да, Сәлімнің заманынан бері Әбігершілік қаласының көптеген тұрғындары жақсы жағына қарай өзгерген болатын. Саяхатшылар олардың көпшілігімен танысып алды және оларға пайдаларын тигізуге тырысты. Сүйіспеншілік кедей-кепшіктерге арнап киімдер тігуін жалғастырды және қай кезде де оларға көмектесуге даяр болды, ал олар бұл үшін оған қатты риза болды. Сәлиманың қалған үш келіні де одан қалысқан жоқ. Олар да өз міндеттерін адалдықпен орындап жүрді.

Олардың бәрі дүниеге ұрпақ келуін күтті. Сәлима достарымен бірге өз ұрпақтарының жалғасатынына қуанды.

Осы кезде жақын маңдағы орманда бір құбыжық пайда болып, қала тұрғындарының үрейін ұшырды. Ол кішкентай балаларды үңгіріне алып кетіп, оларды өзінің сүтімен тамақтандыратын. Оған тиісуге қала тұрғындарының ешқайсысының батылы жетпеді. Оны алыстан көре сала, бәрі тым-тырақай қаша жөнелетін. «Сегіз басты, он мүйізді» бұл құбыжықпен жер бетіндегі ешбір аң теңесе алмайтын еді. Ол құбыжық адамдарға өз билігін жүргізді және жанының құтқарылғанынан да өмірін артық көргендер оған сөзсіз бағынатын<sup>6</sup>.

Батылдың рухы мен тағы бірнеше ержүрек жігіт қала тұрғындарын одан құтқару үшін құбыжыққа шабуыл жасауға бекінді. Қаруларын асынған олар құбыжықтың тұратын жеріне барып, оның берілуін талап етті.

Бұған жауап ретінде құбыжық оларға мысқылдай қарады. Сонда олар құбыжыққа жан-жағынан шабуыл жасап, оны тұра қашуға мәжбүр етті. Содан соң олар Мнасонның үйіне қайтып оралды.



Бірақ та құбыжық өзінің шабуылын тоқтатпады. Ол енді тек балаларды қаладан алып кету үшін қолайлы сәтті таңдайтын болды. Бірақ ержүрек жігіттер оның бұл шабуылдарына да тойтарыс беріп жүрді. Құбыжықтың көп жарақат алғаны сондай, ол әлсірей берді және ақыры өліп тынды.

Осының бәрі бүкіл аймақта мәсіхшілердің беделінің көтерілуіне септігін тигізді. Тұрғындар оларды құрметтей бастады, бірақ бұл қалада шынайы беделді бағалай білетін адамдардың санының әлі тым аз екенін айта кету қажет. Саяхатшыларды үлкен құрметпен қабылдай бастады. Бірақ олардың батылдықтарын бағалаудың орнына оларға мысқылдай қарайтын адамдар әлі де табылып жатты.

Қонақжай қожайынмен қоштасатын уақыт та келіп жетті. Саяхатшылар жолға жинала бастады және достарынан кеңес алу үшін оларды шақыртып алды. Олар бірнеше сағат әңгімелесіп, бірлесіп мінажат етті. Қалалықтар оларды жолдарына қажетті нәрселердің бәрімен қамтамасыз етті. Ақыры саяхатшылар жолға жиналды, ал достары оларды шығарып салуға шықты. Олар өздерін Иелерінің рақымына тапсырып тұрып қоштасты.

Сонымен, саяхатшылар өздерінің жолбасшыларының бастауымен қайтадан жолға шықты. Әркім өзінің шама-шарқына сай жүріп келе жатты. Жігерсіз бен Ақсақта балдақтарын таянып олардан қалыспай келеді.

Сенімді отқа лақтырылған жерге жеткен кезде олар Өзінің қызметшісінің шындық үшін азапты өлімді ерлікпен қарсы алуына күш берген Құдайға мадақ айту үшін аялдады.

Сәлім мен Сенімді жайындағы әңгіменің қызығына түскен олар елеусіз өздерінің Пайда жотасына қалай жеткендерін байқамай қалды. Осы кезде олар Димас соның кесірінен сапарын жалғастырудан мүлде бас тартқан күміс кеніштің осы жерде екенін естеріне алды. Кейіннен Пайдакүнем де соған қарауға тоқтаймын деп сол жерде қаза тапқан болатын. Бұл оларды жүрістерін жылдамдатуға мәжбүр етті де, арада көп өтпей олар Лұттың әйелі айналып кеткен тұз бағананы көрді. Сонда олар бұрынғы өткен саяхатшылар секілді ақылды, Құдайдың Сөзімен қаруланған адамдардың осы жерде неліктен осындай құлдырауға ұшырап, тура жолдан таятындары туралы айтып таңданысты. Бірақ та содан кейін олар өзгелердің қайғысы, әсіресе азғыру үлкен болған жағдайда адамды ақылымнан адастырады деген байламға келді.

## **Оныншы тарау**

### **ҚУАНЫШ ТАУЫ**

...Міне, мен олардың Қуаныш тауының етегімен ағып жатқан өзенге қарай келе жатқандарын көріп тұрмын. Өзеннің жағалауында жапырақтары емдік қасиетке ие ғажайып ағаштар өсіп тұр. Ар жағында мәңгі жасыл болып тұратын алаңқай көрінеді. Ол жерде саяхатшылардың ештеңеден қауіптенбей демалып алуларына болатын.

Алыстан қой қоралары көрінеді. Онда қой Бағушы, қозыларды жақсы көріп, олар шашырап кеткенде жинап алушы және жылылықты қажетсінгенде оларды кеудесіне Басушы тұратын. Қой қораларға жақын маңда саяхатшылардың балалары тұратын үйлер көрінеді. Ол осы балаларды да өте жақсы көреді. Балалардың ешқайсысы өлмей, мәңгілік өмірге ие болулары үшін Сәлима өзінің келіндеріне балаларын Оның қолына сеніп тапсыруды бұйырды.

– Бұл жерде, – деді ол, – балаларға жақсы қарайды, бұл жерден олар ешқайда жоғалмайды. Ал егер бір бала немесе қозы адасып қалатын болса, онда Ол бірден оны іздеп шығады және егер оның денесінен жарақат байқаса, оны Өзі таңып береді. Бұл жердің жайылымы өте құнарлы, бұлақтары ешқашан сарқылмайды және киімнен ешқашан таршылық болмайды. Ол Өзіне сеніп тапсырылған қозылардың бірін жоғалтқаннан да өлгенді артық көреді. Қозыларды бұл жерде тұзу жолдармен жүруге үйретеді. Бұл елдің суы қашан да таза, тамағы дәмді. Бұл жерде гүлдер жұпар шашып, ағаштар үнемі жеміс беріп тұрады. Бұл жердің жемістері өте нәрлі, олар денсаулықты нығайтып, науқастарды сауықтырады.

Келіндерінің бәрі балаларын Оған табыстауға келісті. Балалары үшін осындай жайлы орынның табылғанына олар қатты қуанды<sup>1</sup>.

Олар әрі қарай жүріп қоршаудың жанындағы алаңға келіп жетті. Бір кезде Сәлім мен Үміттенуші осы қоршаудың арғы жағына өтеміз деп Түңілу атты Алыптың тұтқынына түсіп, Құмандану қамалына қамалған болатын. Саяхатшылар осы жерде біраз тынығып, әрі қарай не істейтіндерін жоспарлауды ұйғарды. Олардың қаралары көп және ержүрек жолбасшылары болғандықтан, саяхатты әрі қарай жалғастырудың орнына тура

қамалға шабуыл жасасақ, Алыпты өлтіріп, ондағы тұтқындарды бостандыққа шығарсақ қалай болады деген пікірлер айтылды.

Саяхатшылардың пікірлері екіге жарылды. Біреулері «қара түнек жерге» аяқ басудың қажеті жоқ деп санаса, екіншілері олай етуге болады, себебі мақсатымыз бұған тұрады деп есептеді.

– Мен жамандықпен күресуге және оны жеңіп шығуға бұйрық алдым. Алып Түңілумен шайқаспағанда кіммен шайқасамын? Сондықтан да мен оны шайқаста жеңуге және оның қамалын талқандауға бел байладым. Кімнің менімен бірге барғысы келеді? – деп сұрады жолбасшы.

– Мен барамын, – деді Адал.

– Біз де барамыз! – деді Сәлиманың төрт ұлы бір дауыспен.

Оларға төнер ешқандай қауіптің жоғына сенімді олар әйелдерді және Жігерсіз бен Ақсақты қалдырып кетуге бел байлады. Тек олар жолдан шығып кетпесе болғаны, сонда оларды кішкентай бала да бастап жүре алады.

Біздің ержүрек жауынгерлер Күмәндану қамалына қарай бет алды. Қамалдың алдына келгенде олар есікті қатты-қатты қақты. Есік қаққан дыбысты естіген Алып Түңілу мен оның әйелі Сенімсіздік қақпаның алдына келді.

– Батылы жетіп Алыптың мазасын алып тұрған бұл кім? – деп сұрады қамалдың қожайыны.

– Бұл мен, Батылдың рухы, – деп жауап берді жолбасшы, – мен Аспан патшасы саяхатшыларды бастап жүруге жіберетін жолбасшылардың бірімін. Саған қақпаны ашып, шайқасқа дайындалуды бұйырамын! Мен мұнда сенің басыңды алып, қамалыңды қирату үшін келдім.

Бір кезде періштелерді жеңгеніне сенген Алып мені жеңу мүмкін емес деп ойлады. Сондықтан да ол саяхатшылардың жолбасшысын есі ауысқан біреу деп есептеді де, қаруын асынып шайқасқа шықты. Басына дулыға, кеудесіне жалт-жұлт еткен сауыт киіп, қолына үлкен сойыл ұстап алған. Біздің жауынгерлер оны жан-жағынан қоршауға алды. Сол кезде оның жағдайы қауіпті екенін байқаған Сенімсіздік күйеуіне көмекке ұмтылды. Бірақ та Адал оны қылышымен бір ұрып құлатып түсірді. Өмір мен өлім үшін күрес басталып кетті. Ұзақ айқастан кейін Алып тізерлеп отырып қалды. Осы кезде Батылдың рухы оған өлтіре соққы берді. Алып өліммен ұзақ күресті, оның бірінен кейін бірі ақырындап өліп жатқан бірнеше жаны бар секілді болып көрінді. Ақыры Батылдың рухы оның басын шауып түсірді...<sup>2</sup>

Осыдан кейін біздің жауынгерлер Күмәндану қамалына басып кіріп, оны жеті күн бойы талқандаумен болды. Қирандылардың арасынан олар шала жансар жатқан екі саяхатшыны тауып алды. Олар Сары уайым мен оның қызы Үрейшіл болатын. Жауынгерлер қамалдың ауласы мен түрменің ішінен тау болып жатқан адам сүйектерін тапты. Бұлар Құдай уәделерінің кілтін алмаған және Батылдықтың рухы секілді жолбасшылары болмағандықтан тұтқыннан босай алмаған бейшара саяхатшылардың қаңқалары болатын.

Басқа тұтқындардың жоқ екеніне көздерін жеткізген олар өлген саяхатшылардың денелерін жер қойнына берді де, Сары уайым мен оның қыздарын ертіп кейін қайтты. Достарына көрсету үшін олар Алыптың басын өздерімен бірге алып жүрді. Олардың жасаған ерліктері туралы естігенде бәрі қуанды. Сәлима домбырада, Сүйіспеншілік жетігенде ойнады, ал Үрей дөңгеленіп билей жөнелді...

Ал енді қыздың әкесі Сары уайымға келетін болсақ, оның билейтіндей жағдайы жоқ еді: ол аштықтан аяғынан әзер тұрған болатын. Сәлима оған аздаған шарап жұтқызып, аш өзегіне түсіп кетпеуі үшін жеңіл тамақ берді. Арада көп өтпей қарт өзін жақсы сезініп, көңілдене бастады...

Ал жолбасшы Алыптың басын жолдың дәл жиегіне қағылған ұзын сырықтың басына іліп қойды. Оның жанында Сәлім саяхатшыларға Күмәндану Қамалына апаратын жолды таңдамауды ескерту үшін орнатқан бағана тұрған болатын. Батылдықтың рухы жақын маңда жатқан мәрмәр тасқа былай деп жазды: «Бұл атының өзі саяхатшылардың үрейлерін ұшырған Алыптың басы. Оның қамалы бұзылды<sup>3</sup>, әйелі Сенімсіздік өлім құшты. Ал Батылдықтың рухы, Сары уайым мен оның қызы Үрейді тұтқыннан босатты».

Батылдықтың рухының кезекті ерлігінен кейін саяхатшылар қайтадан жолға түсіп, бір кезде Сәлім мен Үміттенуші рақаттана демалған Қуаныш тауына келіп жетті. Сол кезде оларды осы елдің малшылары қонақжайлықпен қарсы алған болатын.

Өздері жақсы танитын жолбасшыны көргенде малшылар одан:

– Қымбатты дос, жаныңдағы неғылған адамдар? – деп сұрады.

– Алда келе жатқан – Сәлима, жаныңдағы оның төрт ұлы мен келіндері. Ортақ мақсат пен бір ой олардың бәрін саяхатшы

болуға мәжбүрледі. Олардың жүректері тыныштыққа кенелген, олар күнәдан арылып, рақымдылыққа қол жеткізді. Олардың артындағы Адал қарт және балдақ ұстағаны Ақсақ атты адам. Олар сенімдеріне берік, шыншыл адамдар. Олардан қалғысы келмеген Жігерсіз де дәл сондай. Ал артында келе жатқандар – Сары уайым мен оның қызы Үрей. Олардың бәрі де мойынсұнған адамдар.

– Сендерді қуана қарсы аламыз, достар, – деп жауап берді малшылар. – Жүріңіздер! Бізде күштіге де, әлсізге де қажеттінің бәрі бар. Біздің Патшамыз Өзінің балаларының бәрінің қамын ойлайды.

Осылай деп есіктерін айқара ашқан олар:

– Бәрің кіріңдер, Жігерсіз, Ақсақ, Сары уайым мен Үрей, сендер де, Сәлима мен оның үлкен отбасы, сендер де кіріңдер.

Ең әлсіз дегендерінің көңілдерін көтеру үшін малшылар олардың аттарын атап шақырды.

– Мейірімділіктеріңді жүздеріңнен көріп тұрмын, – деді Батылдықтың рухы. – Сендер – менің Қожайынымның шынайы бағушыларысыңдар, себебі әлсіздің кеудесінен кері итермей, оларды күштілермен бірдей қабылдайсыңдар.

Батылдықтың рухының бастауымен бәрі үйге кірді. Саяхатшылардың бәрі орындарына жайғасқан кезде малшылар ең бірінші кезекте әлсіздердің көңілдерін аулауға тырысты. Малшылар оларға ненің пайдалы екенін білу үшін олардың бейімділіктері жайында сұрастыра бастады. «Себебі, – деді олар, – бұл жерде әлсіздер қолдау, ал тым батылдар – сақтандыру алулары тиіс». Оларға жеңіл әрі дәмді ас дайындалды. Кешкі астан кейін әркім өздеріне бөлінген бөлмелерге ұйықтауға кетті.

Келесі күні таңғы астан кейін саяхатшылар айналаны көруге шықты. Күн шайдай ашық еді. Малшылар әдеттері бойынша оларға көрікті жерлерді көрсете бастады. Таулар өте биік екен. Бірінші болып олардың көздеріне түскені Ғажайып тауы болды. Тауға қарап тұрған олар алыстан аузынан шыққан сөзі тауларды қозғалтып тұрған біреуді көрді. Олар малшылардан мұның мәнісін түсіндіріп берулерін өтінді.

Бұл адам – Ұлы Мейірімділіктің ұлы, – деп жауап берді олар. – Ол туралы рухани саяхат кітабының бірінші бөлімінде айтылады. Ол – сенім арқылы жолда кездескен кез келген кедергіні жеңуге болатындығының белгісі.

– Мен оны танимын, – деп қосты жолбасшы, – ол аз ғана таңдаулылардың бірі.

Содан кейін малшылар оларды өзге тау – Пәктік тауына алып барды. Бұл жерде олар әппақ киім киінген біреуді және оған топырақ лақтырып тұрған Қате түсінік және Қастық ойлаушылық атты екі адамды көрді. Бірақ олардың лақтырған топырақтары әлгі адамның үстіне жұқпай, оның киімі тап-таза күйінде қалуда.

– Бұл нені білдіреді? – деп сұрады саяхатшылар.

– Ақ киінген бұл адам – Әділ жан. Оған топырақ лақтырып жатқандар жақсы істерді жек көретіндер. Бірақ, өздерің көріп тұрғандай, олардың лас топырақтары Әділ жанға жұқпайды және таза өмір салтын таңдаған әркім осылай болатынына батыл түрде сенім арта алады. Ал оларды мазақ етушілер өз әрекеттерінің бекер екенін білгендері жөн, себебі жуық арада Құдай кінәсіздік пен әділдіктің күн нұрына шомылып тұруына жағдай жасайды.

Келесі тау Қайырымдылық деп аталады екен. Бұл жерде малшылар саяхатшыларға қолына шұға орамасын ұстаған адамды көрсетті. Ол айналасында анталаған кедей-кепшіктердің әрқайсысына бір киімдік мата кесіп беріп тұр, бірақ та оның қолындағы орама азаятын емес. Малшылар мұны былай түсіндірді: кедей-кепшіктерге көмектескен адамның өзі ешқашан ештеңеге мұқтаж болмайды.

Содан кейін малшылар оларға эфиопты жуып тазартпақ болған Ессіз бен Мәнсізді көрсетті. Олар эфиопты тазартуға қанша тырысса да, ол одан әрмен қарая берді. Малшылар мұны да түсіндіріп берді: бұзылған адам өзін қанша ақтауға тырысса да, шынайы тәубеге келмесе оның күнәсі одан әрмен тереңдей береді. Бұған парызшылдардың тарихы дәлел бола алады. Екіжүзділермен қашан да осылай болады.

Осы сәтте Сүйіспеншілік жер астындағы тұрақты немесе тозақтың кіре берісін көрсетуді өтінді. Малшылар оны таудың етегіндегі есікке алып келді. Осы жерде олар оған тереңнен шығып жатқан дауыстарға құлақ түруді ұсынды. Сүйіспеншілік құлағын тосты. «Тыныштық пен өмірдің жолына түсуіме кедергі болған әкемді қарғыс атсын», – деді бір дауыс. «Шіркін, қазір артқа орала алсам ғой! Онда алда күтіп тұрған азаптардан қатты сақтанған болар едім!» – деді екіншісі. Ал үшіншісі: «Әттең! Жаныңды жоғалтқаннан өзіңді бөлшектеп тастауға ерік берген әлдеқайда артық екен!» – деп зарланды.

Жас әйелге бүкіл жер күңіреніп жатқандай болып сезілді. Өңі қуарып кеткен ол дірілдеген үнмен: «Мәңгілік азап тартатын жерге барудан аман қалғандар бақытты!» – деп күбірледі.

...Содан соң малшылар мен саяхатшы үйге қайтып оралды. Осы кезде Сүйіспеншілік бір нәрсені қалап алғысы келді, бірақ та ол оны малшылардан сұраудан ұялды. Сүйіспеншілік абыржып тұрғанын байқаған енесі оны науқастанып қалған екен деп ойлап, не болғанын сұрады.

– Асхана арқылы өтіп келе жатып бір айнаға көзім түсті, – деп жауап берді Сүйіспеншілік.

– Мен оны малшылардан сұрайын, олардың бетімді қайтармайтындарына сенімдімін.

– Мүмкін, сыйламаса да сатып берер?

Сүйіспеншіліктің бұл айнаға қол жеткізгісі келгеніне таңдануға болмайтын еді. Себебі ол ерекше айна болатын. Ол бір қырынан адамның бүкіл болмысын көрсетіп тұрса, екінші қырынан басында тікенді тәжі бар, қол-аяғын қан басқан және қабырғасында жарақаты бар саяхатшылардың Патшасын көрсетіп тұратын. Айнаға көз салған саяхатшы Құдайды өлі не тірі, аспандағы немесе жердегі, қорлық көріп тұрған немесе даңққа шомылған, азап шеккен немесе салтанатпен патшалық құрған күйінде көре алатын.

Сәлима малшыларға барды да, Тәжірибеліні, Қырағыны және Шынайыны оңаша алып шығып:

– Менімен бірге ақталу жолымен келе жатқан келінім сіздердің үйдегі бір затқа қатты көңілі ауып тұр. Бірақ мұны өзі айтудан ұялады, – деді.

– Оны осында шақыр, – деді малшылардың бірі. – Әрине, ол біздің қолдан келетін нәрсенің бәрін де ала алады.

Сүйіспеншілік келген кезде малшылар одан нені қалайтынын сұрады<sup>4</sup>. Ол қалаған нәрсесін көрсетті. Малшылар бір сөз айтпастан оған қалаған нәрсесін сыйлады. Бұған қатты қуанған Сүйіспеншілік оларға шын жүрегінен алғысын білдірді.

Малшылар өзге әйелдерге де сыйлықтар берді. Еркектер де ұмыт қалған жоқ. Оларға Батылдықтың рухы Алып Түңілуді жеңіп, Күмәндану қамалын талқан етуіне көмектескендері үшін сыйлықтар берілді<sup>5</sup>.

Салиам малшылардан сыйлыққа алтын алқа алды, оның төрт келіні де дәл сондай сыйлықтарға ие болды.

Саяхатшылар жолға жинала бастады. Олардың бір кезде Сәлімге берген кеңестеріне енді мұқтаж емес екендеріне көздері жеткен малшылар бұған қарсы болған жоқ. Себебі кез келген қауіптіліктен қорғап, құнды кеңестер бере алатын Батылдықтың

рухы олармен бірге еді. (Оның үстіне, біз Сәлім мен Үміттенушінің алған кеңестерінің пайдасыз болғанын білеміз, себебі олар қажет кезінде ол туралы ұмытып кетті).

Малшылардың үйлерінен шыққаннан кейін олар бір дауыспен былай деп әндетті:

«Құдайдың жетелеуімен сапарымызды жалғастырамыз. Ол бізге жақсы жандарды жолықтырып, жұбатып келді. Саяхатшының мінажатына үнемі құлақ асты. Біздің Құдайымыз және Патшамыз бізбен бірге. Қауіптіліктер мен шайқастарда Ол біздің рухымызды нығайтады. Ол біздің қиын жолдың мақсатын түсінуімізге көмектеседі. Ал бұл жолдың түпкі мақсаты – Онымен бірге болатын мәңгілік өмір. Бұл дүниеде біз жиһанкездерміз, бірақ жүрегімізде сенім бар; бізді дауылдар да, аштық та қорқыта алмайды. Дүниені Жаратушы Құдай бізді алдымызда күтіп тұр».

## ***Он бірінші тарау***

### **ЛАЙЫҚТЫ**

Біраз уақыттан кейін олар Сәлім Жолдан таюшылық қаласынан шыққан Бас тартушыны кездестірген жерге келіп жетті.

– Бұл Бас тартушы ешкімнің жақсы ақылына құлақ аспайтын және оны ештеңе ұстап тұра алмайтын. Ол кейін қайтып, Айқыш пен қабірдің жанына жеткен кезде өзінен әлгі Айқышқа мұқият қарауды өтінген бір адамды кездестірді. Бірақ та Бас тартушы өзінің үйіне қайтуға берік шешім қабылдағанын айтты. Тар қақпаларға жақындағанда ол Ізгі хабаршыны тағы кездестірді. Ізгі хабаршы оны тоқтатып, дұрыс жолға түсіруге талпынды. Бірақ ол оның қолынан жұлқынып шықты да, қоршаудан қарғып өтіп, өлімге апаратын жолға түсті, – деді жолбасшы оның тарихын баяндап.

Олар сапарларын жалғастыра берді. Сенімі аз тоналған жерге жеткен олар қолына семсер ұстаған бір адамды көрді. Оның бетін қан жуып кетіпті. Батылдықтың рухы одан кім екенін сұрады.

– Мен шындық үшін күресіп жүрген және Аспандағы қалаға бет алып бара жатқан жауынгер-саяхатшымын. Жолда маған үш бұзақы кездесіп, таңдау жасауды ұсынды: мен не солардың қатарына қосыламын, не сол жерде өлім құшамын. Мен өз ұстанымдарыма қашан да берік болғанымды және сол себептен оларды өзгертудің қажеттілігін көрмей тұрғанымды айтып жауап бердім. Мен өз тұрған жерімнен жан тыныштығын таба алмай,



ол жақтан өз еркіммен кеттім және өзімді өлім күтіп тұрған жерге қайтып оралғым келмейді. Мен үшін өмірім өте қымбат, сондықтан да оны ешкімге арзанға айырбастай алмаймын. Ал егер менімен шайқасқылары келсе, онда байқап көрсін. Сонда әлгі үшеуі – Жүгенсіз, Кінәлілік және Беймаза – маған қарай тап берді. Біз үш сағат бойы шайқастық. Өздерің көріп тұрғандай, олар менің денеме көп жарақат салды, бірақ сендердің аяқ дыбыстарыңды естігенде қаша жөнелді. Олар саны өздерінен басым қарсыласқа төтеп бере алмайтындарын бірден түсінді, – деді Лайықты атты ержүрек саяхатшы.

– Бірақ ұрыс бәрібір тең болған жоқ қой: біреуге үшеу қарсы болды, – деді Батылдықтың рухы.

– Иә. Бірақ шындық сен жақта болғанда қарсыластың саны маңызды емес. Дәуіт патша былай дейді: «Жаратқан – нұрым менің, құтқарушым да, кімнен мен қорқамын солай болғанда? Жаратқан – өмірімнің берік қорғаны да, кімнен үрейленемін солай болғанда? Мен қорықпаймын, әскер қоршап алса да, үмітім үзілмес, ол маған лап қойса да». Мен бір адам бүтіндей әскерге қарсы шайқасты деп есептедім. Самсонның есектің жақ сүйегімен қаншама адамды өлтіргенін естеріңе алыңдаршы<sup>1</sup>.

– Бірақ сен неге біреуді көмекке шақырмадың? – деп сұрады жолбасшы.

– Мен өзімнің Патшамды көмекке шақырдым; Оның мені естіп, көзге көрінбейтін көмекті жіберетініне сендім және маған осы жеткілікті болды<sup>2</sup>.

– Сенің бұл әрекетің мақтауға тұрарлық. Маған семсеріңді көрсетші, – деді жолбасшы.

Семсерді қолына алып, оған мұқият зер салып шыққан жолбасшы:

– Бұл семсер Иерусалимде жасалған ба?<sup>3</sup> – деп сұрады.

– Иә, сол жерде жасалған. Осындай қылышты ұстауға лайықты қарулы қол болса және оған оны қолдану шеберлігі қосылса, онда адам еш қорқынышсыз шайқасқа шыға алады. Оның жүзі ештеңеден қайтпайды, тіпті, жүректегі ойларды тіліп өткенде де.

– Бірақ та сен ұзақ шайқастың ғой. Сонда да еш шаршамағаныңа таңданып тұрмын.

– Семсерім қолыммен бірігіп, оның жалғасы секілді болып кетті. Ал саусақтарымнан арасынан қан аққан кезде мен бұрынғыдан да артық ерлікпен шайқаса бастадым<sup>4</sup>.

– Күнәмен соңына дейін күресіп, сен дұрыс істедің. Енді бізге қосыл. Бірге жүрейік.

Саяхатшылар оның жарақаттарын жуып, тамақтандырды да, сапарларын әрмен қарай жалғастырды. Жолбасшы әдетінше оларға қолдау көрсетіп, әлсіз саяхатшылармен қатарласып келе жатты. Содан соң ол Лайықтымен әңгімелесе бастады. Ол мінезі осындай адамдарды аса жақсы көретін еді. Жолбасшы одан қай жерден шыққанын сұрады.

– Мен Қараңғылық қаласынанмын. Сол жерде туып өстім, ал әке-шешем әлі сонда тұрады.

– Сен Қараңғылық қаласынансың ба? Ол әлгі Өлім қаласының маңындағы қала емес пе?

– Иә. Сапарға шығуға мені не мәжбүрледі дейсің бе? Бірде бізге Шыншыл атты адам келді де, Өлім қаласынан шыққан Сәлімнің басынан өткен жағдайлар туралы баяндап берді. Сәлім саяхатшы болу үшін әйелі мен балаларын тастап шығуға мәжбүр болыпты. Ол Сәлімнің бірде өзінің алға жүруіне кедергі жасаған жыланды өлтіргенін және жолында кездескен кедергілердің ешқайсысына қарамастан көздеген жеріне жеткені туралы айтты. Аспан қақпасының алдында оны салтанатпен кернейлетіп қарсы алыпты және қазір ол – Патшаның қадірлі қонағы екен. Ол керемет киімдер және тағы басқа сыйлықтар алыпты... Қысқасы, оның әңгімесін тыңдап отырып мен өзімнің де сонда барғым келетінін сезіндім және мені әке-шешем де, жердегі басқа биліктер де кедергі бола алмады. Сөйтіп, өздерің көріп отырғандай, мен осында жеттім.

– Сен Тар қақпалар арқылы өттің ғой? – деп сұрады Батылдықтың рухы.

– Иә, әрине. Шындықты айтушы маған Тар қақпалар арқылы өтпесем, бүкіл сапарымның бекер болатынын ескерткен еді<sup>5</sup>.

Сонда жолбасшы Сәлимаға қарап былай деді:

– Сенің күйеуіңнің саяхатының өз жақындары ғана емес, бейтаныс адамдар үшін де қаншалықты маңызды екенін көрдің бе?

– Бұл шынымен де Сәлима ма? – деп сұрады Лайықты таңданып.

– Иә, ал мыналар оның төрт ұлы.

– Олардың бәрі саяхатшылар ма?

– Көріп тұрғаныңдай, олардың бәрі әкелерінің жолымен келеді.

– Өте қуаныштымын! Алғашында өзімен бірге жүргілері келмеген, бірақ кейіннен Аспандағы қалаға аттануға бел байлаған жақындарын көргенде ол қалай қуанып қалады десеңші!

– Иә, бұның ол үшін үлкен қуаныш болатыны күмәнсіз.

– Айтпақшы, мен жауабын білгім келетін тақырыпқа жақын келдік. Кейбіреулер онда барғанда біз бір-бірімізді тани алмаймыз дегенді айтады. Осыған қатысты сіздің пікіріңізді білгім келеді.

– Олай емес, – деді Батылдың рухы. – Өміріміздің бір бөлігі болып табылатын туыстары мен достарын олар неге тани алмайды? Бірақ та ондағы туыстық байланыс басқаша болады, алайда оларды танымағандықтан қуана алмаймыз деп ойлауымызға себеп жоқ.

Лайықты Батылдың рухының бұл тұжырымымен келісті<sup>6</sup>.

– Ата-анаң сені сапарға шығу туралы ойыңнан айнытуға көп талпынған секілді ғой? – деп сұрады Батылдың рухы.

– Әрине, олар мені үйде қалдырудың бар амалын жасап бақты.

– Олар өз әрекеттерін қалай түсіндірді?

– Олар бұл сапардың жұмыстан қашу екенін, егер де мен табиғатымнан жалқаулыққа жақын болмасам, онда мұндай ойдың ешқашан басыма келмеуі мүмкін екенін айтты.

– Тағы не айтты?

– Менің өз өмірімді өз еркіммен қауіпке тігетінімді және дүниеде саяхатшы болудан асқан қауіп жоқ екенін қайталап айта берді.

– Олар қандай қауіптіліктер туралы айтты?

– Олар маған ол жерге оңай батып кетуге болатын Сары уайымның батпағы туралы, Тар қақпаларға кірмек болғандарға атылатын Белзібүлдің отты жебелері туралы айтты. Сондай-ақ олар Қиыншылық тауы туралы, арыстандар мен зұлым Алыптар туралы айтты. Содан соң Сәлім Аполлионмен айқаста ажал құшуға шақ қалған Қорлық көру алқабын бейнелеп берді. Үнемі қара түнек болып тұратын, зұлым рухтар мекен ететін Өлім көлеңкесі алқабын айтып қорқытты. Қолынан талай саяхатшы қаза болған Алып торығу туралы да айтты. Онда ұйықтап кетуім мүмкін Ғажайып ел туралы және саяхатшыны Аспандағы қаладан бөліп тұрған көпірсіз өзен туралы әңгімеледі.

– Бары осы ма?

– Жоқ! Олар бұл жолда мені шынайы жолдан тайдыруға тырысатын көптеген алаяқтар азғырушылардың кездесетінін

айтып қорқытты. Сондай-ақ олар бәрін алдауға тырысатын Осы дүниелік ғұламаның, Немқұрайлылық пен Екіжүздінің кездесетінін айтты. Пайдакүнем, Ділмар және Димастар мені міндетті түрде торларына түсіреді деді. Ақырында сендер Надан екеуің Тар қақпаларға кіріп барамыз деп ойлап, шын мәнінде таудың етегіндегі тозақтың кіре берісіне тап боласыңдар деді. Олар тағы бірталай жерге жетіп, бірақ ақырында үйлеріне қайтып оралған Бірбеткей, Көнгіш, Секемденгіш, Момын, Бас тартушы және Құдайға сенбеуші туралы айтты.

- Олар сені ұзақ үгіттеді ме?
- Иә. Олар Сәлімнің көздеген жеріне ақыры жете алмай, көпірі жоқ Өлім өзенінде қаза болғанын айтты<sup>7</sup>.
- Осының бәрі сені қорқыта алмады ма?
- Жоқ!
- Неліктен?
- Мен Шындықты айтушы сөздеріне сендім және бұл сенімділік менің әлгі қауіптіліктерден қорықпауыма көмектесті.
- Сонда сен тек жалғыз сенімнің арқасында жеңіске жеттің бе?
- Иә. Мен сенім арттым да, бәрін тастап жолға шықтым. Жолымда кездескен барша қиындықтар мен кедергілерден өтіп, ақыры осы араға жеттім<sup>8</sup>.

## ***Он екінші тарау***

### **ҒАЖАЙЫП ЕЛ**

Міне, ақыры олар ауасы басты айналдырып, ұйқыны келтіретін Ғажайып елге де келіп жетті. Онда ошаған, итмұрын мен тікенді шөптердің қаулап өсіп тұрғаны сондай, тізе бүгіп тынығу мүмкін емес еді. Саяхатшылар абайлап тоғайды айналып өтті. Жолбасшы алдыда, ал арттан біреу шабуыл жасап қала ма деп қауіптенген ержүрек Лайықты бәрінің артында келе жатты. Екі қорғаушы да семсерлерін жалаңаштап, кез келген шабуылды тойтаруға дайын келеді. Батылдықтың рухы Қорқаққа өзінің жанында жүруді бұйырды, ал Лайықты Сары уайыммен қатарласып жүрді<sup>1</sup>.

Кенет айналаны қалың тұман басып, саяхатшылар ештеңе көрмей қалды, олар бір-бірлерін тек дауыстарынан ғана таныды. Мұндай жағдайда тіпті ең ержүрек дегендердің өздері сасып қалды, ал әйелдер мен балалардың жағдайларының қандай

болғанын айтпай-ақ қояйын. Жолбасшы оларға дем берумен болды, ал саяхатшылар бір-бірлерінен ажырап қалмауға тырысты. Сәл де болса тынығып немесе тамақтанып алатындай еш жерден қонақ үй кезігетін емес. Түн қараңғылығында күрсінген, шаршағандарын айтып шағымданған үндер естіледі. Кейде біреу аяғы батпаққа батып құлап қалады да: «Мен құлап қалдым, көмектесіңдер!» – деп айқайлайды. Ал бәрінен артта қалып қалған тағы бірі: «Қайдасыңдар? Тоқтай тұрыңдар!» – деп дауыстайды. Қалың қамыстың арасында адасып қалған үшіншісі: «Мен адасып кеттім!» – деп айқайлайды. Осылай қиындықпен келе жатқан олар бір кезде ішінде жайлы сәкілері бар күркеге келіп жетті. Ауыр жолдан қажып келе жатқан саяхатшылардың қанша тыныққылары келгенмен, олар күркеге тек өкіне көз тастап өте шықты. Жолбасшыларының дана кеңестерін естерінде ұстаған олар бір-бірлерін асықтырып, бұл жерден тезірек алыстап кетуге тырысты. Күрке Жалқаудың досы деп аталатын және бұл жерде шаршаған саяхатшыларды ішке кіріп тынығуға азғыру үшін тұрған болатын<sup>2</sup>.

...Міне, мен олардың дұрыс жолды таңдауда тез шатасып кетуге болатын орынға жеткендерін көріп тұрмын. Күн ашық болғанда жолбасшы дұрыс жолды таңдаудан қиналмас та еді, бірақ та мынандай қалың тұманда ол сәл абыржып, тоқтап қалды. Оның артынан қалғандары да тоқтады. Жолбасшы қалтасынан Аспандағы қалаға апаратын жолдардың бәрі анық сызылған жолдың сызбасын шығарды. Содан соң шырағданды жағып (ол ешқашан шырағдансыз жолға шықпайтын еді), сызбаға мұқият қарап шықты да, осы жерден оңға бұрылу керектігін бірден түсінді. Егер жолдың сызбасы болмағанда, ол соңынан ергендердің бәрін дұшпан саяхатшылардың батып өлулері үшін әдейі даярлап қойған батпаққа апарып батырған болар еді. Сонда мен түс көріп жатып: «жолға шығатын адам міндетті түрде жолдың сызбасы мен шырағдан алып жүруі тиіс», – деп ойладым.

Тым-тырыс болып жатқан Ғажайып елмен жүріп келе жатқан олар үлкен жолдың екінші басындағы басқа күркеге келіп жетті. Оның ішінде екі адам жатыр екен. Олар туған жерлерінен біршама алыстап кеткен болатын, бірақ қатты шаршаған олар күркеге тынығып алуға тоқтап, қатты ұйықтап кетті. Жалқаулардың қандай қауіптілікте тұрғандарын түсінген саяхатшылар бастарын шайқасты. Оларды тағдырдың тәлкегіне тастап, өз жөнімізбен жүре береміз бе, жоқ әлде жандарына барып, оятамыз ба деп

өзара кеңескен олар соңғысына тоқталды. Жанға жайлы күркеде өздері азғырылуға түсіп қалудан қауіптенген олар әлгілерге қарай асқан сақтықпен жақындады<sup>3</sup>.

Ұйықтап жатқандардың жанына келген саяхатшылар олардың аттарын атап (жолбасшы олардың кім екендерін білетін) оята бастады. Бірақ та ешқандай жауап болмады! Сонда жолбасшы оларды иықтарынан сілкіледі. Еш нәтиже жоқ! Ұйықтап жатқандардың бірі түсінде: «Саған ақшамды алған кезде төлеймін», – деп сөйлеп жатты. Мұны естігенде жолбасшы қынжыла басын шайқады. «Қолыма қылыш ұстауға шамам болған кезде мен күресуімді тоқтатпаймын», – деді екіншісі. Сәлиманың ұлдарының бірі күліп жіберді.

Салима жолбасшыдан мұның мәнісін сұрады.

– Ол түсінде сөйлеп жатыр. Енді қанша сілкілесен де, олар бір айтқандарын қайталай береді. Олардың түсінде айтқандары сенімнің де, еріктің де, сананың да бақылауында емес. Осы мағынасыз сөздері арқылы олар тек өз әрекеттерінің ретсіздігін дәлелдейді. Аспандағы қалаға барар жолдағы бейқамдық – кең таралған кемшілік. Саяхатшылардың дұшпаны Ғажайып елге ең соңғы тұзақ ретінде сенім артады. Бұл біздің жолымыздың ең соңында дерлік жерде тұр, сондықтан да ол екі есе қауіпті. Дұшпан былай ойлайды: «Ұзақ та азапты жолдан шаршаған бұл ақымақтар бәрінен де демалғанды қалайды». Сондықтан да осы жерде мына екеуі секілді саяхатшылар ұйықтап кетуден аса сақ болулары тиіс. Ал мыналарды енді ояту мүмкін емес»<sup>4</sup> – деп жауап берді ол.

Бойларын үрей билеген саяхатшылар сонда жолбасшыдан жолдарына жарық түсіріп жүруін өтіне бастады<sup>5</sup>.

Әбден қажыған саяхатшылар жиһанкездерді Жақсы көретіндерден және олардың жолдарында кездесетін қиындықтарды жеңілдеті алатыннан көмек сұрап жалбарынды. Арада көп өтпей жел тұрып, тұман сөйіле бастады. Ғажайып елден әлі шығып болмаған олар енді бір-бірлерін көре бастады. Енді олар көрсетілген жолмен еш қауіптенбестен жүре алатын еді.

Кенет олар алдарынан тізерлеп отырып алып, қолдарын кеудесіне баса көкке қарап мінажат етіп жатқан әлдебіреуді байқады. Оның не туралы сұрап жатқанын олар ести алған жоқ, бірақ оған кедергі болмау үшін дабырламай жүруді жөн көрді. Мінажатын аяқтаған адам орнынан тұрды да, тез адымдап Аспандағы қалаға қарай беттеді.

Сонда жолбасшы оның артынан:

– Әй, достым, егер сен Аспандағы қалаға кетіп бара жатқан болсаң, онда бірге жүрейік, – деп айқай салды.

Бұл сөздерді естіген адам тоқтай қалды. Осы кезде оны танып қалған Адал:

– Мен бұл адамды білемін. Ол менің Берікбол атты жерлесім. Ол шынайы саяхатшы және оған толықтай сенім артуға болады, – деп дауыстап жіберді.

Берікбол да оны көргенде қатты қуанып:

– Бұл шынымен де сенсің бе, Адал атай? – деп сұрады.

– Көріп тұрсың ғой!

– Сені көргеніме қуаныштымын!

– Сенің тізерлеп мінажат етіп отырғаныңды көргеніме мен де қуаныштымын! – деді Адал шынын айтып.

– Бауырым, ал енді сізді тізе бүгуге мәжбүр еткен не нәрсе екенін айтып берерсіз? – деді Лайықты. – Сіз бір нәрсе үшін Құдайға алғыс айттыңыз ба, әлде одан бір нәрсе сұрадыңыз ба?

– Өздеріңіз білетіндей, қазір біз Ғажайып елдеміз. Сонда мен: сапарға менімен бірге қаншама адам шығып еді деп ойладым. Бірақ олар тура жолдан тайып, ажал құшты. Мен осы елде кісі қолынан емес, өздерінің жалқаулықтарының кесірінен өлімге душар болған көптеген жақындарымды есіме алдым. Өлім оларға азап шектірмейді – олар өздерін дұшпанның билігіне беріп, тәтті ұйқыда жатқан күйлерінде о дүниеге аттанады.

– Сен күркеде ұйықтап жатқан екі адамды көрдің бе? – деп сұрады Адал.

– Иә, саяхатшылар онда қатты ұйқыға кетіпті және менің ойымша олар енді ешқашан қайтып оянбайды. Осы туралы ойлап тұрған кезде алдымнан жерден шыққандай болып бір жақсы киінген сиқыршы пайда бола кетті де, мені арбай бастады. Оның үстіне, мен өмір бойы кедейшілікте өмір сүрдім, ал сиқыршы бұл туралы білген секілді, сондықтан да ол маған көп ақша ұсынды. Ұсынысынан бас тартатынымды естіген кезде ол тек күлімсіреп қана қойды. Сонда мен қатты ашуландым, бірақ ол бұған да еш назар аудармастан маған түрлі игіліктерді уәде ете бастады. Сонда мен одан атының кім екенін сұрадым. Ол: «Бос атаққұмарлық», – деп жауап берді. Бұл есім мені одан әрмен жирендірді. Бірақ та сол кезде әлсіреп бара жатқанымды сезіп тізерлеп отыра қалдым да, қолдарымды көкке созып, көмек беруін сұрап жалбарындым<sup>6</sup>. Осы кезде сендер жақындап келдіңдер де, әзәзіл қаша жөнелді. Бірақ оның қалай да маған кедергі жасағысы келгені анық<sup>7</sup>.

– Иә, оның пиғылының жаман болғаны күмәнсіз, – деді Адал.

– Ол сыйқыршы, – деді, – Батылдықтың рухы бұл ел оның сыйқыршылығының арқасында тұр. Оның жалған уәделеріне еліккен әркім Құдайдың дұшпанына айналады. Байлық пен даңқ сыйлауға уәде беру арқылы ол көптеген саяхатшыларды жолынан қайтарды. Оның үстіне ол барып тұрған өсекші. Ол кейде жалғыз өзі, кейде қызын ертіп алып саяхатшыларды азғырады. Оларға осы дүниелік игіліктердің бәрін сыйлыққа тартуға уәде береді. Ол кедей саяхатшыларды мысқылдап, ал байлыққа қол жеткізгендерді аспанға көтере мақтайды. Ол мерекелерді жақсы көреді және үнемі үстел үсті тағамға сықап тұрған жерлерде жүреді. Кейде ол өзін құдай әйел ретінде таныстырады, сонда адамдар оған үлкен қошемет көрсетеді. Кейде ол алтынды оңды-солды шашады. Ол өзінің қамын ойлағанды, өзін мақтағанды, бір сөзбен айтқанда, адамдардың жүректерін жаулап алғанды жақсы көреді.

– Оған қарсы тұра алатындар қандай бақытты десеңші! Оның мені қайда апаруы мүмкін болғанын тіпті ойлаудың өзі қорқынышты! – деді Берікбол.

– Мұны Құдайдан өзге ешкім білмейді. Бірақ, әрине, ол сені түбіңе жететін жаман істер жасауға итермелейтін еді. Абессаломды әкесіне, ал Еробоғамды Сүлейменге қарсы қойған дәл соның өзі. Ол Яһудаға Мәсіхті сатып кету туралы ой салды және өзіне қызмет еткізу үшін Димасты түзу жолдан тайдырды. Ол басшылар мен бағыныштылардың, күйеуі мен әйелінің, ата-аналар мен балалардың, көршілердің және ақырында жан мен тәннің арасына араздық тұқымын себеді. Сонымен, достым, «зұлым күштер шабуыл жасаған күні қарсы тұрып, ақырына дейін күресіп, жеңіп шыға алу үшін» Берікбол деген атыңа лайықты бол, – деп Батылдықтың рухы әңгімесін аяқтады.

Бұл түсіндірме саяхатшыларды бір жағынан қуантса, екінші жағынан қорқытып та жіберді. Бірақ, олар бір дауыстан:

«Саяхатшының жолы қандай қауіпті, дұшпандары қандай көп десеңші! Күнәға бастайтын жолдар да сондай көп! Саяхатшылардың қаншамасы солардың азғыруына түсті және қателерін тым кеш түсінгендерінің кесірінен ажал құшты», – деп әндетті.



## Он үшінші тарау

### АТАМЕКЕН

Саяхатшылар тоқтамастан күні-түні жарық болып тұратын Үйлесу атты елге келіп жетті. Олар ұзақ та қиын жолдан кейін біраз дамылдап алу үшін сол жерге аялдады. Бұл жерде Аспан қаласының Патшасына тиесілі жүзімдіктер мен жеміс ағаштары жеміске малынып тұратын және саяхатшылардың оларды жеуге құқықтары бар еді. Саяхатшылар көп демалған жоқ. Қоңыраулардың шылдыры мен кернейлердің ғажап үні олардың ұйқыларын шайдай ашты. Ауада қалықтаған әсем әуен жүрекке тыныштық мекеніне тезірек жетеміз деген сенім ұялатады. Аспандағы Қаладан ол жердің тұрғындарының салған әндері мен: «Әне, бізге тағы саяхатшылар келе жатыр!», «Бүгін өзеннен олар көп өтті!» – деген қуанышты дауыстары естіліп тұр.

Айналадағының бәрі біздің саяхатшыларды қуанышқа бөлеуде. Табиғат тамаша, ал ауада қуаныштан бас айналдыратын хош иіс есіп тұр, тіпті, алғашында еріндерін сәл ашытқандай болған өзен суының өзі олардың көңілдерін сергітіп жіберді.

Бұл елде көне заманнан бергі саяхатшылардың ерліктері жазылған тізім сақтаулы болатын. Саяхатшылар өзен ағысының біреулер үшін қолайлы, ал екіншілері үшін, керісінше, тым қолайсыз болғанын байқады. Ағыс оларды артқа қарай лақтырып тастап отырған. Кейбіреулер өткенде өзен суы тобықтан келіп жатса, тағы біреулер өткенде өзен суы арнасына сыймай жатқан.

Бұл елде балалар Патша бақтарында серуендейтін. Олар хош иісті гүлдерден тәждер тігіп, саяхатшыларға сыйға тартатын. Онда нард пен запыран, шайыр мен дәмқабық, хош иісті таңдаулы ағаштар, мүр мен алоэдей дәмдеуіштердің жұпары аңқып тұратын. Саяхатшылар олармен үйлерін түтіндететін және уақыты жеткен кезде өзеннен өтуге даяр болу үшін денелерін майлайтын.

Қажетті сәтті күткен олар рақатты тыныштықта тіршілік етіп жатты.

Міне, бір күні Аспандағы қаладан хабаршы келіп, Сәлима үшін маңызды хабар алып келді. Хабаршы оған мынандай мазмұндағы хатты табыстады: «Сәлем құтқарылған жан. Саған Патшаның сені он күн ішінде Өзінің алдына келуіңді күтетінін хабарлаймын».

Хатты оқып шыққаннан кейін хабаршы оған өзінің шын мәнінде Патшаның хабаршысы екенін дәлелдейтін сүйіспеншілік жебесін

табыстады. Бұл жебе Көктегі Мекенге аттанатын уақытты көрсетіп тұратын. Өзінің баратын уақыты жеткенін білген кезде Сәлима Батылдықтың рухына шақырып, оған бұл туралы айтып берді. Сәлима одан жолға не және қалай дайындау жайында кеңес сұрады. Содан соң балаларын жанына шақырып батасын берді. Сәлима өзінің артында қалатын аз нәрсені кедей-кепшіктерге таратып беруді және бәрінен Патшаның шақыруына дайын болуларын өтінді.

Ол өзінің қайырымды жолбасшысы – Батылдықтың рухымен және отбасы мүшелерімен қоштасқаннан кейін Лайықтыны шақыртып алды.

– Сіз қашан да дұрыс және шынайы әрекет еттіңіз; енді Патшамызға да өле-өлгенше адал болыңыз. Сондай-ақ сізден балаларыма бас-көз болуыңызды сұраймын, олардың рухтары түскен немесе сенімдері әлсіреген жағдайда ақылыңызды айтыңыз. Менің келіндерім Құдайға қашан да адал болды және жердегі өмірлерінің соңында жоғарыдан уәде етілгендерге қол жеткізеді.

Берікболға ол мәңгіліктің белгісі болып табылатын жүзікті сыйға тартты.

Содан кейін ол өзіне Адал қартты шақыртып алды.

– Сіз еш арамдығы жоқ нағыз ираилдіксіз.

– Саған Сион тауына баратын жолыңның жайлы болуын тілеймін, – деп жауап берді ол.

Сәлиманың жанына Ақ көңіл жақындап келді. Әйел оған:

– Сенің тағдырың ауыр болды, бірақ сенің алда көретін тыныштығың екі есе тәтті болады. Бірақ та сергек болып, дайын жүр, себебі уақыты жеткен кезде саған хабаршы келеді.

Содан кейін оның жанына Сары уайыммен қарт пен оның қызы Үрей келді.

– Сендер Күмәндану қамалынан қалай құтылғандарыңды үнемі алғыспен еске алып жүруге тиіссіңдер. Көктің бұл рақымдылығының нәтижесі – сендердің осында толықтай қауіпсіздікте тұрып жатқандарың. Сергек болып, қорқынышты ұмытыңдар, соңына дейін үміттеріңді үзбеңдер.

Содан соң Қорқаққа қарап:

– Сен мәңгі өлмейтіндердің қатарына қосылу үшін және қуанышпен Құдайдың жүзін көруің үшін Жақсылықты қудалаушы алыптың қолынан құтқарылып алындың. Бірақ Оның алдында ұялып тұрмауың үшін мен саған Ол саған хабаршы жібергенге дейін қорқынышың мен күмәндарыңнан арылуға кеңес беремін.

Сәлиманың өзеннің арғы жағына өтетін кезі жетіп, оны шығарып салуға саяхатшылардың барлығы жиналды. Кенет арғы бетте оны Аспандағы қалаға алып кету үшін көктен түскен бірнеше отты арбалар пайда болды. Сәлима жағаға жақындады да, шығарып салып тұрғандармен қоштаса қолын бұлғап, еш қорқынышсыз суға аяқ басты. Оның айтқан соңғы сөздері мынандай болды: «Ием, міне мен Сенімен бірге болуға және Сені мәңгі мадақтауға келе жатырмын».

Оның арбамен көкке қалай көтеріліп кеткенін көрген достары мен балалары үйлеріне тарасты.

Ал арғы бетке өтіп, қақпаны қаққан Сәлима Аспан қаласына үлкен қуанышпен қабылданды.

Онымен қоштасқан балаларының көңілдері босай бастап еді, бірақ бірі сыбызғыда, ал екіншісі жетігенде ойнаған Батылдыңтың рухы мен Лайықты олардың көңілдерін көтерді<sup>1</sup>.

Біраз уақыттан кейін хабаршы тағы келіп, өзіне Ақсақтың керек екенін айтты. Ақсаққа ол былай деді: «Саған мен өзің жақсы көрген және өзің соңынан ергеннен келіп отырмын. Құтқарылу мерекесінің ертесіндегі кеште Ол сені Өзінің Патшалығында кешкі асқа күтеді. Шақырғанда тез жетуге дайын бол».

Асқақ өзінің барлық жолдастарын жиып алды да, өзіне хабаршының келгенін жеткізді және Патшалардың патшасымен кездесуге олардың да дайын болулары керектігін айтты. Ол Лайықтыдан өсиетнама жазып беруін өтінді. Оның балдақтарынан өзге ештеңесі жоқ еді, сондықтан өсиетнама мынандай мазмұнда болды: «Осы балдақтарымды мен өзімнің жолыммен жүрген адамға беремін. Жолымнан ерушінің өзін менен гөрі лайықтырақ ұстауына тілектеспін». Батылдыңтың рухына істеген бар жақсылықтары үшін алғысын білдірген ол кетуге дайындалды. Өзенге жақындаған кезде ол:

– Балдақтардың енді маған қажеті жоқ секілді, өйткені мен арғы беттен өзімді күткен арбаны көріп тұрмын, – деді.

Жағада тұрған жолдастарының құлағына жеткен оның соңғы сөздері: «Сәлем саған, мәңгілік өмір!»<sup>2</sup> – болды.

Ақыры Қорқақтың кезегі де келіп жетті. Хабаршы оның есігінің алдына келіп: «Мен сенің Құдайға керек екеніңді және жақында Оның жүзін көретініңді айту үшін келдім», – деді.

Қорқақ жолдастарымен қоштаса бастады.

– Менде ештеңе жоқ болғандықтан, – деді ол, – маған өсиетнама жазудың қажеті жоқ. Қорқақтығымды өзіммен бірге

әкетпеймін, бірақ байқаусызда өзге саяхатшылардың біріне ауысып кетпеуі үшін мен кеткен соң оның көзін жоюларыңды сұраймын.

Өзенге түсерде ол былай деді: «Сенім мен төзімділік, маған қолдау бола гөріңдер!» Арғы бетте оны да арба күтіп тұрды...

Бірнеше күннен кейін хабаршы Сары уайым қарттың есігінің алдына келді. «Ертең Патшаның алдына келуге дайын бол. Сол жерде сен барша күмәндарыңның бәрінен арылатын боласың».

Бұл хабарды естіген қызы Үрей де онымен бірге кетпек болды. Сонда қарт жолдастарына былай деді:

– Қызым екеуіміз сендерге аз қиындық көрсеткен жоқпыз. Сендерге айтар соңғы тілегіміз, біздің уайымдарымыз бен қорқынышымыз ешкімнің еншісіне тимесін. Біз олардан ешқашан арыла алмадық, ал сендер оларды бойларыңа ендіріп алудан сақ болыңдар. Өйткені ол алдағы уақытта да саяхатшылардың бойларына ену мүмкіндігін іздеп шарқ ұруын тоқтатпайды, бірақ та сендер бізді естеріңнен шығармай, жан дүниелеріңнің есігін мықтап жауап алыңдар<sup>3</sup>.

Қуанышты күн келіп жеткен кезде әке мен қыз жағалауға барды. Қарттың соңғы сөзі мынау болды: «Сәлем саған, мәңгілік нұр!» Оның қызы өзенге әндетіп түсті, бірақ оның сөздерін ешкім түсіне алмады.

Арада тағы біраз уақыт өткенде Патшаның хабаршысы Адал қартты шақырып келді. Ол қартқа былай деді: «Құдаймен кездесуің үшін саған бүгіннен бастап санағанда жетінші түні дайын тұру бұйырылды».

Адал достарын жинады.

– Мен өлемін, бірақ та өсиетнама қалдырмаймын. Адалдығымды өзіммен бірге алып кетемін. Осы менің соңымнан еретіндердің естерінде болсын.

Белгіленген түн болғанда ол өзенге қарай беттеді. Бұл уақытта өзен суы арнасынан асып жатыр еді. Бірақ бұрынғы саяхатшы Таза ар тірі күнінде-ақ оған көмекке келуге уәде берген болатын. Ол өзінің уәдесін орындап, оған қолын созды. Сөйтіп, Адал аман есен өзеннен өтті. Бұл дүниеден кетердегі оның соңғы сөздері мынандай болды: «Рақымдылық жасасын!»<sup>4</sup>

Келесі жолы хабаршы Лайықтыға келді. Лайықты да достарын жинады.

– Мен Әкеме кетіп бара жатырмын және осы жерге өзер жеткеніме қарамастан, уәде етілген жерге жету жолыңда көп азап

шеккеніме еш өкінбеймін. Семсерімді оны ұстап жүруге лайықты адамға беріңдер. Тыртықтарым мен ұрыс белгілерімді Ол үшін шайқасқанымның дәлелі ретінде өзіммен бірге ала кетемін.

Уақыты келген кезде достары оны өзеннің жағасына дейін шығарып салды. Өзенге ол мынандай сөздер айтып түсті: «Өлім, сенің улы тісің қайда? Тозақ, сенің жеңгенің қане?» Осылайша ол өзеннен өтті және көктің арбасына отырған кезде қатты кернейлеткен дауыс естілді<sup>5</sup>.

Арада тағы біраз уақыт өткенде хабаршы Берікболды шақыра келді. Оның қолында мынандай мәтіндегі шиыршық қағаз болды: «Сен өз өміріңді өзгертуге дайындалуға тиіссің, себебі Құдайың енді сенің Өзінен алыс болғаныңды қаламайды». Берікбол Батылдықтың рухын шақырып алды да, оған былай деді:

– Мен сізбен тым кеш таныстым, бірақ сізді танығаннан бері маған көп жақсылық жасадыңыз. Үйде әйелім мен бес жасар баламды қалдырып кеттім. Сізден өтініп сұраймын, кейін қайтқан кезде оларға болған жайлар және өзеннің арғы бетінде мені не күтіп тұрғаны жайында жеткізіңізші. Менің Аспандағы қалаға жақсы жеткенімді және қазір рақатта өмір сүріп жатқанымды айтыңыз. Сондай-ақ оларға Сәлім мен Сәлима туралы, оның қалай балаларын ертіп, күйеуінің соңынан шыққаны жайында да айтыңыз. Мен отбасыма мінажаттарым мен оларды ойлап төккен көз жасымнан өзге ешқандай мұра қалдырмаймын. Бірақ та сіз оларға бәрін мұқият түсіндіретін болсаңыз, олар ойланады.

Соңғы тілегін айтып болған Берікбол өзенге қарай беттеді. Бұл күні өзеннің беті тып-тыныш болып жатты. Өзеннің ортасына жеткен Берікбол тоқтады да, достарына қарап өзінің соңғы сөздерін айтты:

– Бұл өзен талайлардың зәресін алды, өзімнің де қорыққанымды жасырмаймын, – деді ол. – Бірақ қазір мен сабырлы секілдімін. Әрине, бұл өзеннің суы ішкенге ащы, денеге суық, бірақ өзімнің қайда бара жатқанымды, онда мені не күтіп тұрғаны менің жүрегімді оттай жандырады. Енді, жолымды аяқтаған кезде мен еңбек ететін күндерімнің де аяқталғанын анық көріп тұрмын. Мен өзім үшін тікеннен тәж киген Басты және мен үшін балағат естіген Жүзді көруге бара жатырмын<sup>6</sup>. Бұрын мен тек сеніммен ғана өмір сүрдім. Ал қазір Онымен бірге болатын, Оны өз көзіммен көретін жерге кетіп барамын. Менің қуанышым да осы. Мен Ием туралы әңгімелерді тыңдағанды жақсы көрдім және Оның соңынан еруді аңсадым. Оның есімі мен үшін киелі болды, Оның дауысы маған қуаныш берді.

Осыны айтқаннан кейін ол бүтіндей өзгеріп шыға келді. Сөзінің соңында ол: «Ием, мені қабыл ал!» – деп дауыстады. Содан кейін достары оны қайтып көрген жоқ...

Аспанда арба шегілген қанатты аттар пайда болған сәт өте жапа болды. Кернейлердің үні, әншілер... Бүкіл Көктің Әскері нұрға шомылып тұрған Аспан қаласының қақпасынан бірінің артынан бірі кіріп жатқан саяхатшыларды қарсы алуға шықты.<sup>7</sup>

...Мен Сәлиманың ұлдары мен келіндерінің өзеннен өтулерін күтіп тұрмадым. Жақында ғана мен олардың әлі тірі екендері және жергілікті қауымда игілікті еңбек етіп жүргендері жайында естідім.

Егер сол маңға тағы да жолым түсе қалса, қалғандарға көргендерім жайында тағы да айтып беремін.

Ал әзірше оқырмандарыммен қоштасамын және олардың бәріне Құдайдың батасын тілеймін.

Достар, бір сұрақ қоюға рұқсат етіңіздер: саяхатшының өмірі мен өлімі туралы сіздер не ойлайсыздар? Оның өмірі Мәсіхті танудан басталады және Мәсіхте болатын мәңгілік қуаныштағы өлімде аяқталады. Өзінің бүкіл өмірінде саяхатшы Мәсіхтің еркі мен Оның ілімі бойынша өмір сүруге талпынады, Оның уәделеріне үміт артады, құтқарып алғаны үшін алғысын айтады.

Сіздер қай жолды таңдап алдыңыздар, достар? Мәсіх өмірлеріңіздің мәні болып табыла ма? Егер солай болса, онда сіз құтқарылатыныңызға үміт арта аласыз. Егер сіз Құтқарушымыздың арқасында айыпталудан азат болғаныңызға сенсеңіз, онда өзіңіздің енді осы дүниеге тиесілі емес екеніңізді түсінесіз, себебі сіз қымбат құнмен ақталдыңыз. Құтқарылуға жақсы істерімнің арқасында қол жеткіздім деп ешкім де мақтана алмайды: біз Құдайдың рақымымен құтқарылдық! Осы рақымдылыққа шын жүрегімізбен сенім артқанда ғана біз мәнсіз, Күнәкар өмір сүруімізді тоқтатып, Құдайда және Құдаймен өмір сүре бастаймыз. Сіздер осылай сенім арттыңыздар ма? Егер солай болса, онда бақыттысыздар, себебі сіздер жоғарыдан туылдыңыздар. Енді Құдай сіздермен бірге болады. Амин.

## ЕСКЕРТПЕЛЕР

### Бірінші бөлімге түсіндірмелер

#### *Бірінші тарау*

<sup>1</sup> Бұл тамаша кітапты Буньян діни ұстанымдары үшін түрмеде отырған кезінде жазды.

<sup>2</sup> Өзінің жеке басының әділдігі былғаныш, тозған киім сияқты, рухани жағдайы тым нашар екенін, өзінің айыптау мен өлімге душар болатынын кенет түсінген адамның дауысы. Ол өз күнеларының ауыр жүгін сезінеді, барлық жалған үміттері мен өз-өзіне сенуден бас тартып, құтқарылудың жолын іздейді. Құтқарылуға апаратын жалғыз дұрыс жолды табу үшін Киелі Жазбаны қолына алады. Киелі кітапты оқуы оны өкініп жылауға және қорқыныштан қалшылдауға мәжбүр етеді, сонда ол өзінен: «Құтқарылу үшін не істесем болады?» – деп сұрайды.

Достар! Осыған ұқсас нәрсені бастан өткерген күндеріңіз болды ма? Бұл кітапты тек Рухтан қайта туылған, осы дүниеде өздерін саяхатшылармыз дейтіндер, яғни, Мәсіх көрсеткен жолмен жүретіндер ғана түсіне алады.

<sup>3</sup> Яғни, адами, осы дүниелік.

<sup>4</sup> Өздерінің күнәкарлығын білмейтін адамдар тәубесіне келген күнәкардың сөздерін түсінбейді және оларға таңданады.

<sup>5</sup> Жанымызды құтқара бастаған сәтте-ақ біз достарымыздың, тіпті жақындарымыздың көз алдында есі ауысқан, қияли болып көрінеміз.

<sup>6</sup> Мәңгілік қарғыс туралы ойдан жүрегінің түкпірінен қорқыныштың жанайқайы шықпайынша адам өз жанын құтқарумен шындап айналысуды бастамайды.

<sup>7</sup> Жан дүниеміздің қайырымды Бағушысының бізге деген қамқорлығы мен сүйіспеншілігіне назар аударыңыздар. Ол қайғырған жүректі жұбату үшін дереу, Ізгі хабаршыны яғни, Өзінің періштелерінің бірін жібереді.

<sup>8</sup> Құтқарылу жолына түскісі келетін, шынайы тәубеге келген әрбір күнәкардың түсінігі осындай болады.

<sup>9</sup> Киелі Рухы арқылы Құдай бізге күнелардың жүгінің ауыр екенін сездіреді және тірі Құдайды қаһарландырып алмау қорқынышын ұялатады.

<sup>10</sup> Інжіл тәубеге келген күнәкардың бойына қорқыныш емес, үміт пен жұбаныш сезімін ұялатады. Ол оған жан тыныштық таба

алатын және Оған баратын жол «Тар қақпалар» арқылы өтетін жалғыз орын – Мәсіхті нұсқайды.

<sup>11</sup> Оның Сөзін зерттемей тұрып Мәсіхке апаратын жолды тану мүмкін емес. Сөз Мәсіхке бағыттайды. Киелі Рух күнәкардың жанына жарық береді және Сөз арқылы Мәсіхке келуіне күш береді.

<sup>12</sup> Адам өзінің күнәкар және тұйыққа тірелген жағдайын түсініп, құтқарылуға апаратын тар жолға түскен кезде ескі әдеттері оны осы дүниеде ұстап қалуға тырысады. Осы дүниелік адамдар оны алған бетінен қайтаруға ұмтылады. Кейде олар тіпті қоқан-лоққы жасауға дейін барады. Мұндай жағдайда бар назарды Мәсіхтің сөзіне аудару қажет.

<sup>13</sup> Тар жолды таңдап алғандар жалпының назарында болады.

<sup>14</sup> Өлім қаласы Құдай сөзі бойынша мәңгілік өлімге кесілген осы дүниені бейнелейді.

<sup>15</sup> Құтқарылған әрбір адам осылай ойлайды. Ол көздері байланып жүрген күнәкарларды өздерімен бірге барып, «мәңгілік мұраға» ие болуға көндіруге тырысады. Киелі Рухтың ең кішкентай сәулесінің өзі адам жүрегінде айналасындағыларға деген жанашырлық сезімді оятады.

<sup>16</sup> Сәлім (аударма ерекшеліктеріне байланысты кейіпкерге баспаның қойған есімі; шығармада мәсіхшінің бейнесінде сипатталады) – аман-есен, тыныштық, қарапайым, адал деген мағынаны береді.

<sup>17</sup> Көпшіліктің алдында есі ауысқан деген атқа ие болмаған адам құтқарылуға әлі шын жүрегімен сенім артқан жоқ.

<sup>18</sup> Інжіл шындықтарының өзінің ар-ұждандық қайта жаңғыруын бастан өткермегендерге әсері қаншалықты әр түрлі екені қызық. Бірбеткей бұл шындықтарды мойындамайды, ал Көнгіш оларды түсінгісі келеді, кейбіреулерін қабылдайды, бірақ та ұзақ уақытқа емес.

## ***Екінші тарау***

<sup>1</sup> Құтқарушымыз мұндай тыңдаушыларды «тастақ жерге» теңеді. Сөзді олар қуана қабылдайды, бірақ та сөз олардың жүректеріне тамырын жаймайды: олар сенім артады, бірақ алғашқы азғырудан кейін-ақ тайқып кетеді. Көнгіште те дәл осылай етті. Уәделер оған қызықты болып көрінді, бірақ та ол күнәларының ауыртпашылығын сезінген жоқ, сондықтан уәде етілгендерге тезірек қол жеткізу үшін жүрісін жылдамдатуды



қалаған жоқ. «Сары уайымның батпағы» әрбір сенушінің басында ауық-ауық болып тұратын қауіптенуді, қорқыныш пен күмәндануды бейнелейді. Бұл күмәнданулар – не Құдай сөзіне сенімсіздіктің жемісі немесе біздің күнәкар болмысымыздың нәтижесі. Бірақ та сайып келгенде мұның бәрі біздің сеніміміздің күші мен оның шынайылығын сынақтан өткізеді.

<sup>2</sup> «Көнгіш» екендігі аздай, алғаш кездескен қиындықтың өзі-ақ оны әрі қарай жүру ниетінен айнытып тастады, сөйтіп ол Өлім қаласына қайтып оралды.

<sup>3</sup> Сәлім тіпті ең қиын сынақ кезінде де өзінің жердегі үйінен алыстай беруге тырысады. Тәубеге келген күнәкар мен Көнгіштің арасындағы айырмашылық осында. Біріншісі Одан көмек және күш беруін сұрап назарын Мәсіхке тігеді, ал жұбаныш табу үшін осы дүниеге жүгінеді.

<sup>4</sup> Мәсіхтің оң қолы бейшара саяхатшылардың үстінде тұрады және адамға деген құдіретті сүйіспеншілігімен оларды мәңгілік өлімнен құтқарып қалады, себебі Құдай олар туралы былай дейді: «Өзіңді-өзің құрттың... Сен өзіңе көмек беретін Маған қарсысың!» (Ошия 13:9).

<sup>5</sup> Құдайдың күнәкарға берген ұлы да қайырымды уәдесі – Иса Мәсіхте кемелденудің сатылары.

<sup>6</sup> Өзінің күнәкар болмысының кесірінен адам тар қақпаларға өзі жалғыз баруға қабілетсіз. Егер де ол бар үмітін өзінің жақсы ниеті мен мызғымас еркіне артатын болса, онда ол міндетті түрде Сары уайымның батпағына батады.

<sup>7</sup> Тар қақпалар Иса Мәсіхтің ілімін бейнелейді. Жүрегімізде Мәсіхтің патшалық құратынын, Онымен бірге бәрін де істей алатынымызды, ал Онсыз ештеңе істей алмайтынымызды сезінбейінше біз өзіміздің шынайы жолмен жүріп келе жатқанымызға ешқашан сенімді бола алмаймыз.

### ***Үшінші тарау***

<sup>1</sup> Осы дүниелік ғұлама табысқа қол жеткізген беделді адамды бейнелейді. Ол білімді, көп оқыған, Құдайға және жалған Тәңірлерге қатар қызмет етеді. Ол сенімге қатысты сұрақтарды терең зерттеуді және оған уақыт бөлуді ақымақтық деп санайды. Рухани жаңғыру идеясын күлкіге айналдырады өзінің Құдайға бет бұрғандарға қарағанда ақылдырақ екенін дәлелдеуге тырысады.

<sup>2</sup> Күнәкар адам күнәдан өзін тек Иса Мәсіх қана құтқара алатынын жан дүниесінде түсінген бойда өзге жолдардың бәрін тастап, Мәсіхке бет бұрады.

<sup>3</sup> Кез келген шынайы мәсіхшінің пікірі осындай.

<sup>4</sup> Осы дүниелік ғұлама Құдай сөзін зерттейтін адамдарды жаратпайды.

<sup>5</sup> Көргенділік ауылының тұрғындары зұлымдық жасаудан қашқақтайтын, бірақ жүректерінде не Құдайға деген сүйіспеншіліктері, не Оның даңқына деген ұмтылыстары жоқ адамдарды бейнелейді.

<sup>6</sup> Заңдылық – бұл Мәсіх әшкерелеген парызылдар секілді тек заңның талабы бойынша жүретін адам.

<sup>7</sup> Осы дүниелік ғұлама Мәсіхке апаратын жолдан гөрі сыртқы өнегелілікке апаратын жолды артық көреді. Бұл осы дүниелік адамдардың көпшілігінің көңілінен шығады. Біз Құдайдың алдында жасаған жақсы істеріміз арқылы құтқарылғанды қалар едік, бірақ бізді тек Мәсіхтің қаны ғана ақтай алады.

<sup>8</sup> Жарамсақ – бұл құтқарылу үшін адамдармен жылы қарым-қатынас жасау жеткілікті деп сендіруге тырысатын адам.

<sup>9</sup> Құдай сол жерден Мұса арқылы халыққа Өсиетті берген Синай тауы.

<sup>10</sup> Салдары өте ауыр болды. Сәлім қатты қорқып кетті, оған Синай – Заң өзін таптап өлтіретін секілді болып көрінді.

<sup>11</sup> Ізгі хабаршы Сәлімді Синай тауының етегінен тауып, оған суық көз тастады. Інжілге бағынбаушылықтың салдары осындай болады. Синай тауы – Мұсаның заңының, яғни, он өсиеттің белгісі. Синай тауы – көзге көрінбейтін көктегі Иерусалим, біздің Иеміздің Даңқ Патшалығы.

<sup>12</sup> Сенушіліктің негізінде мәңгілік өмірге деген үміттің жатқаны секілді, сенбеушілікте адамның мәңгілік даңққа апаратын жолдан неге тайып кететіндігінің себебі жатыр.

<sup>13</sup> Заңға бағынушылық адамның жанын түңілуге, абыржуға душар етеді. Егер ол әлі төкаппарлыққа салынбаған болса және жасаған қайырымды істеріне арқа сүйемейтін болса, онда бұл оны қорқыныштан қалшиып қалуға мәжбүр етеді.

<sup>14</sup> Егер біз Мәсіхке деген сенімнен өзіміз құтқарылуға ие боламыз деп үміттенетін қандай да бір жақсы істерімізді артық көретін болсақ, онда бұл өте қауіпті. Сырттай ғана жақсылыққа үйретіп, құтқарылудың өзге жолдары бар деп тәлім беретін ұстаздардан сақтаныңдар... Ал ең бастысы, өз бойымыздағы тек өзімізге, өз әділдігімізге сенім артуға деген табиғи бейімділігімізден сақ болыңдар.

<sup>15</sup> Інжілдің (Ізгі хабардың) мәні мынада: егер ол тәубеге келіп, оны Өз қанымен ақтап алғанға сенім артатын болса, онда барып тұрған күнәкардың өзіне кешірім сыйға тартылады. Барлық жамандық, барша күнә Оның қанымен жуылды және кімде кім Оның осы мейірімді сөздеріне сенім артатын болса – сол Оның бізге деген сүйіспеншілігін қорлайтын күнәні жек көреді. Ізгі хабар бізді осыған үйретеді!

<sup>16</sup> Күнәкар өзінің күнәкарлығын, лайықсыз екенін және күнәдан заңдарды орындау арқылы ақталу мүмкін екенін толықтай сезінбейінше Інжіл оның жанына шынайы қуаныш сыйлай алмайды. Ол қашан да өзін жоғары ұстап, Мәсіхтің ақтап алушы өлімінің мәнін төмендетеді. Осы дүниелік ғұлама және Заңдылық секілділердің іліміне ерген адамдардың көпшілігі қазір дәл осылай ойлайды. Киелі кітапта олар туралы былай делінген: «Ал өздерінің Таурат заңын ұстанғандарына сүйенушілердің бәріне қарғыс тиеді! Сол туралы мынадай сөздер жазылған: Таурат заңының кітабындағы барлық ережелерді сақтап орындамағанды қарғыс атады!» (Ғалат. 3:10).

<sup>17</sup> Інжіл сыртқы көзге ұрып тұратын киелілікке назар аудармайды. Айқышқа бара жатқандарды жолдан тайдырғандардың барлығын ол алдамшылар, екіжүзділер деп атайды.

<sup>18</sup> Заңдылық – Айқыштың дұшпаны. Ол жанның Мәсіхке баруына және Оның ақтап алушы күшіне үміт артуына кедергі жасайды.

<sup>19</sup> Жан тыныштығына Інжілді айналып өту арқылы қол жеткізуге ұмтылған әркім тек жанның қажуы мен мазасыздыққа тап болады.

<sup>20</sup> Інжіл тәубесіне келген күнәкарды қуантады және жұбатады. Ол біздің әлсіз рухымызға күш береді және Құдайдың батасымен бізге өмір бойы қолдау көрсетеді.

### ***Төртінші тарау***

<sup>1</sup> Бұл жерде Иса Мәсіхтің біз үшін төгілген қанының құнымен кешіруін сұрап үздіксіз Құдайға мінажат ету жайында айтылып тұр.

<sup>2</sup> Тілектес – Құдайдың күнәкарларға сүйіспеншілігін бейнелейтін тұспалды тұлға.

<sup>3</sup> Ескі күнәлары үшін өкінген әрбір күнәкарға ашылады. Иса Мәсіхтің бізге деген сүйіспеншілігінің дәлелі осында. Ол қанша төмен құлдыраса да, күнәлары қаншалықты ауыр болса да, Мәсіх

Өзіне келген әрбір күнәкарды мейіріммен қабылдайды. Ол – бәрін сүйетін, күнәкарлар үшін жанын қиған Құтқарушымыз. Ол толықтай кешірім алуды сыйға тарту үшін бәрін Өзіне шақырады. Ол адамдарға Иса Мәсіх туылған күні періштелер хабарлаған тыныштықты тілейді.

<sup>4</sup> Күнәкарлар киелілікке ұмтылған сайын, шайтан немесе Белзәбұл олардың күнәкар өмірін тастап, Мәсіхке бет бұруларына кедергі жасай бастайды.

<sup>5</sup> Жүрегіне рақымдылық енген кезде адам өзінің бұрынғы ұятты әрекеттерін айқын сезініп, бәрінде жалғыз Құдайға мадақ айта бастайды. Мәсіх арқылы құтқарылуға деген сенім жанды жуасытады, оған тәкаппарлық сіңірмейді, себебі құтқарылудың даңқы жалғыз Мәсіхке бағысталады.

<sup>6</sup> Адам өзгелермен бірге құтқарылу жолымен жүруі, бірақ та нәтижесінде жалғыз қалуы мүмкін...

<sup>7</sup> Сәлімге тар жол көрсетілді. Кең жолда әркім өзіне лайықты өмір салтын таңдай алады. Ал Сәлім болса жолында кездесуі мүмкін қауіптіліктер мен қиындықтардан қашпай, тар жолмен жүруі тиіс.

<sup>8</sup> Тар жолдың тармақтары көп деген Тілектестің жауабы көптеген сенушілердің бейқамдықтан немесе өздеріне сенемін деп шынайы жолдан оңай ауытқып кететіндерін дәлелдейді.

<sup>9</sup> Күнәкарды күнәнің ауыр жүгінен Мәсіхтің өлімі мен қанынан өзге ешкім және ештеңе арылта алмайды. Бұл жерде күнәкардың Мәсіхке келіп, жұбату алғанына қарамастан күнәларының кешірілгеніне жиі күмәнданатынын және ауырлық әлі оның де еңсесін басып тұратынын айта кету қажет. Күнәкар жанға толықтай жұбатуды қашан және қалай беру керектігін Құдайдың Өзі біледі.

### ***Бесінші тарау***

<sup>1</sup> Сәлім Түсіндірушінің үйіне келді. Бұл оның Құдайға Өзінің халқының Жетекшісіне келгенін білдіреді.

<sup>2</sup> Тікелей Құдайдың Өзінен ақыл сұрағаннан гөрі мәсіхшілер көбіне адамдармен кеңескенді артық көреді.

<sup>3</sup> Тәубеге келген күнәкарларға Құдай осындай мейірімді!

<sup>4</sup> Мәсіхтің адал қызметшісінің мінездемесі. Ол осы дүниелік қызықтар мен пайдадан бас тартады, ол үшін олардың құны жоқ. Оның мақсаты – Құдайды мадақтау, күнәкарларды Оған алып келуге және Оған арнап даңқтың ғибадатханасын тұрғызу. Бірақ

жалған қызметшілер басқаша үйретеді және абыржыған жандарды жаза шығарылатын сотпен қорқытады. Жазба бізді алғашқыларды жақсы көруге, еткен еңбектері үшін оларды бағалауға және жалған қызметшілерден сақ болуға үйретеді.

<sup>5</sup> Сондықтан, достар, сіздер өздеріңіздің заңға бағынып немесе рақымдылықта өмір сүріп жатқандарыңызды шеше аласыздар. Бұл жерде не туралы айтылғанын сезіндіңіздер ме?

а. Заңды, яғни, он өсиетті талдаған және өздеріңіздің өткен және қазіргі өмірлеріңізді сарапқа салған кезде сіз ұмытып кеткен немесе байқамай қалған күнәларыңыз есіңізге түсіп, олардан өз күштеріңізбен ақтала алмайтындарыңызды сезінгенде бойларыңызды қорқыныш жайлады ма?

б. Ал егер сіздер заң үшін өлі болсаңыздар, онда өздеріңізге жұбаныш, кешірім мен өмір алып келетін Ізгі хабарға сенім арттыңыздар ма? Ақтап алушының қымбат қанын бағалап, ешқандай еңбек сіңірулеріңізсіз заңды, күнә мен өлімді жеңіп Бергенді бар жан-тәндеріңізбен сүйдіңіздер ме? Сіздер Оның азап шегуіне себепкер болған күнәні әлі де жақсы көре аласыздар ма, Өздеріңізді сондай сүйгеннің алдына барудан қорқасыздар ма? Ойланыңыздар, әлі уақыт бар!

<sup>6</sup> Осы дүниелік адамдар тек осы жердегі қалауларының орындалуын ғана ойлайды. Олар бәрінен де жердегі игіліктерге қол жеткізуге ұмтылады, бірақ та олардың осы барша игіліктерінің соңы өлім болады. Исаға деген сенімі арқылы ақталған мәңгілік өмірге ие болады. Ақталған жандардың өлімі олардың даңқтарының басы болады, себебі олар сенімдері үшін сыйлыққа жандарының құтқарылуын алады және Аспан Патшалығында Мәсіхпен мәңгі бірге болу мүмкіндігіне қол жеткізеді.

<sup>7</sup> Бар ойымызды мәңгілікке қол жеткізуге бағыттауымыз үшін сенім бізді көрінбейтін нәрсені бағалауға және уақытша нәрселерден бас тартуға үйретеді. «Әділ адамым сенімі арқылы шынайы өмір сүреді» (Евр. 10:38).

<sup>8</sup> Мәсіхке адалдықты кейбіреулер өзінің еңбегіне, яғни, сенімінің күшіне балайды. Бірақ та не Киелі Жазбаны, не Мәсіхтің күнәкарларға деген орасан зор сүйіспеншілігін білмей қателеседі.

<sup>9</sup> Бұл ғажайып әрекет адамның қолынан келмейді. Иеміз Иса Мәсіх – Альфа және Омега (грек алфавитінің алғашқы және соңғы әріптері), алғашқы және соңғы. Ол адамның жанына Өзінің әсерін Өзі бастайды, Өзі жалғастырады және Өзі тоқтатады. Ол шексіз сүйіспеншілікпен сүйеді.

<sup>10</sup> «Болашақтағы Құдай Патшалығының заманына жеткенше біз әлі де талай азап шегуге тиіспіз» (Ел. іст. 14:22).

<sup>11</sup> Аспан Патшалығына енгісі келген адам әрекетсіз отырмайды. «Құдайдың Патшалығы күшпен алға басып, күш салғандар оны иемденуде» (Матай 11:12).

<sup>12</sup> Бұл адамдар тастақ жерге түскен дәндерге ұқсайды. Достар, Құдайдан Өзінің Сөзін жүректеріңе тамырландыруын сұрап мінажат етіңдер!

<sup>13</sup> Достар, әділ адам сенімі арқылы өмір сүреді! Егер жандарыңды осы дүниенің құмарлықтары мен қамдары қинайтын болса, онда жүректерің қатігезденіп кетеді және сіздің тәубеге келуге шамаңыз келмей қалады. Өлі уақыт барда жан дүниелеріңе үңіліп, не істейтіндеріңді шешіңдер.

<sup>14</sup> Мәсіхшіліктің төкаппар уағызшылары, сақтаныңдар! Мәселе жер бетіндегілердің бәрінің сендерге риза болуларында емес, ал сендердің жүректерің Құдайға тиесілі ме? Сендер Құдай Ұлының баға жетпес құрбандығын түсінесіңдер ме? Күмісті жерге көміп тастаған қызметшіні естеріңе алыңдаршы: ол оны тастай салмады, бірақ оны көбейткен де жоқ... Сендер өздерің Інжілден алған Құдайдың даңқын асырып жатырсыңдар ма?

<sup>15</sup> Бұл көзге елестетудің өзі қиын тозақ.

<sup>16</sup> Мәсіхшілік уағызшыларының бәріне арналған ескерту! Құдай бізден тек өзіне ғана ынталана қызмет етуді күтеді!

<sup>17</sup> Күнәсін мойындаған күнәкарды мүлде түңілтіп жібермей, керекті сөзді тауып айту оңай емес. Бірақ адамның жүрегінде өзінің күнәкарлығын сезіну, өкіну, құтқарылғандардың қатарында болу тілегі және бәрін тазартушы қанға деген сенім болған кезде әлі де үміт бар деген сөз.

<sup>18</sup> Біз күнәкар болып дүниеге келдік, біздің тәніміз күнәкар, ойларымыз бізді жиі адасушылыққа түсіреді. Бірақ тордағы адамның жағдайы оның біржолата өлімге душар болғанын білдірмейді. Шынайы жолға түсуге ол өзін әлсіз сезінеді, бірақ Құдай Өзінен көмек сұрағанға күш сыйлаудан бас тартпайды.

<sup>19</sup> Иығындағы ауыр жүктен арылу үшін саяхатшы тезірек Айқышқа жетуге тырысады, бірақ Құдайдың Рухы оған жақсылыққа үйрете алатын көп нәрселерді көрсетуді жөн көреді.

<sup>20</sup> Адамды ар-ұяты жиі мазалайды, бірақ та жан дүниенің мұндай жағдайы үнемі нағыз бет бұруға әкеле бермейді.

<sup>21</sup> Сенім бар жерде қашан да Құдайды қастерлеу болады. Екеуі де қажетті сезім: екеуі де – Киелі Рухтың рақымының сыйлары. Қорқыныш бізді сақ болуға мәжбүрлейді, ал сенімділік бізді күшейте түседі.

## Алтыншы тарау

<sup>1</sup> Жолымыз тауға қарай көтерілген сайын ауырлай түсетіні сияқты құтқарылу сәті жақындаған сайын жүк те ауырлай түседі.

<sup>2</sup> Бір кездері исаилдіктердің айдалада мыстан жасалған жыланға бір ғана көз тастау арқылы бүкіл дерттерінен айыққандары секілді, Құтқарушының айқышына сеніммен көз салғанда күнәнің жүгінен арылуды сезінеміз. Мәсіх оларды айқышқа шегелеуі арқылы бізді күнәларымыздан ақтап алды және Өзінің қаны арқылы бізге тыныштық пен кешірімді сыйға тартты.

<sup>3</sup> Құдай күнәларды кешірген кезде, кешірілгенге ақталғанның киімін кигізеді. Құтқарылған адам Оның салтанатты сарайына осы киіммен келеді.

<sup>4</sup> Маңдайдағы белгі жанның рухани жаңғыруын бейнелейді.

<sup>5</sup> Мөр басылған шиыршық қағаз – күнәкардың ақталғандар қатарына қабылданатынына кепілдік беретін құжат.

<sup>6</sup> Құдай бізді өз пайдамызға бола жолымызда мәсіхшіліктің жалған уағызшыларымен кездестіреді. Оларды көрсету арқылы Ол бізге бұдан да қырағырақ болуды ескерткендей болады.

<sup>7</sup> Егер адамды Құдайдың өзі зерек етпесе, онда ешқандай насихаттың нәтижесі болмайды. Тек Құдайдың рақымы ғана бет бұрғызады, ақтап алады, қорғап жүреді және киелендіреді.

<sup>8</sup> Бойында Киелі Рух болған кезде өзгелер үшін қорықпау мүмкін емес, оларға алдағы қауіптіліктер туралы ескертіп, көмектесу қажет.

<sup>9</sup> Жолға қақпаларды айналып өтіп түсушілер өз өмір салттарын қорғайтын көп нәрселер айта аламыз деп ойлайды. Немқұрайлылық – өз көңілін сырттай рәсімдерді орындау арқылы жұбататындарды бейнелейді. Екіжүзділік – өзгелердің алдында діндар болып көрінгісі келетіндерді бейнелейді. Олардың екеуі де ең ыңғайлы жолды таңдайды, қауымға мүше болады, мәсіхшінің бетпердесін киеді, бірақ та шын мәнінде мәсіхшінің есімін жеке мақсаттарына пайдаланады.

<sup>10</sup> Шынайы мәсіхші мен екіжүздінің арасындағы айырмашылық осында. Алғашқысы Құдай сөзін қабылдайды, ал екіншісі одан бас тартады.

<sup>11</sup> Ақталудың салтанатты киімі әрбір сенушіге сыйға берілген. Немқұрайлылар мен Екіжүзділер өздерінің жалаңаштықтарын байқамайды және оны киінудің қажеттігін сезінбейді. Ал мойынсұнғандар бұл киімнің қажет екенін түсінеді.

<sup>12</sup> Рухтың куәлігі жанымыздың Исаны мадақтауға ұмтылуынан көрінеді. Бақыт «Әділдігіміздің қайнары — Жаратқан Ие» екендігінде (Еремия 33:16). Мәсіх арқылы ақталуды теріске шығаратындар өздерінің жан тыныштығын сезінетіндерін дәлелдемек болып бекерге әуре болады. Олар өздерін өздері алдайды. Шынайы мәсіхші жолдың басында осындай өз-өздеріне риза сенушілерді көріп абдырап қалады және бидайдың арасында бидайықтың да өсетінін тек содан кейін ғана түсінеді. Маңдайдағы белгі тоқтының қанын білдіреді: Мысырдан шығар алдында Құдай халқы есіктерінің маңдайшасына тоқтының қанын жағып қойды, сонда өлім періштесі оларды айналып өтті.

<sup>13</sup> Мансапқұмар ессіздер Мәсіхке үміт артатын саяхатшыларды мазақ етіп күледі.

<sup>14</sup> Бұл Ақтап алушыға деген сүйіспеншілік күрсінісі болатын.

<sup>15</sup> Оған Киелі Рух берген шиыршық қағаз Мәсіхтің сүйіспеншілігі мен рақымын және оның күнәларының кешірілгенін куәландырады.

### ***Жетінші тарау***

<sup>1</sup> Ол Қиыншылық көру тауына жетті. Таудан өтетін жол біздің шынайылыққа деген сенімімізді ғана емес, сондай-ақ құтқарылуға апаратын жолдағы әрекеттеріміздің реттілігін де сынақтан өткізеді. Ол өмірдің бізден көп күш пен төзімділікті талап ететін қиын кезеңдерін бейнелейді.

<sup>2</sup> Саяхатшы, жеңіп шыққан қиындықтарың мен тартқан азаптарың үшін саған үлкен қуаныш пен Құдайдың айрықша рақымы дайындалып қойғанына сен.

<sup>3</sup> Өздерінің күнәкарлықтарын сезінбей мәсіхшілікті уағыздайтын Немқұрайлылар мен Екіжүзділер көп күш жұмсауды қажет етпейтін жеңіл жолды таңдайды және ол жолдарының соңы өліммен аяқталады.

<sup>4</sup> Ең маңызды сыйларды біз әлсіздігіміздің кесірінен жаман істерге қолдануымыз мүмкін және біз сергек болу қажет уақытта ұйықтап қалуға бейімбіз.

<sup>5</sup> Құдайдың Өз таңдаулыларын жақсы көретіні сондай, олардың өлімге душар ететін ұйқыға кетулеріне жол бермейді.

<sup>6</sup> Жасқаншақ пен Күдікшіл бәрінен қауіптіліктерді, қиындықтар мен сәтсіздіктерді көреді. Оларға құлақ аспай, Құдайдың уәделері



мен Оның Сөзіне сенім артыңдар. Егер біз Оның жолын қуушылар және Оның еркін орындаушылар болсақ, онда бізге кім немесе не нәрсе зиянын тигізе алады?

<sup>7</sup> Басыңызға қауіп төніп, қорқынышқа бой алдырған кезіңізде өзіңіздің Кімдікі екеніңізді және Кімге қызмет ететініңізді еске алыңыз. Мақсатыңыздың қандай екенін ұмытпаңыз... Құдай сөзін оқып, Оған бағыныңыз.

<sup>8</sup> Егер де Құдайдың рақымынан айырылғаныңызды сезінсеңіз және бұл сізді қайғыға батыратын болса, онда сіз тура жолдан ауытқып кеттіңіз деген сөз. Бұдан қорықпаңыз! Әрбір қадамыңызды Құдайдың Сөзімен тексеріп отырыңыз.

<sup>9</sup> Мәсіхшілер! Өткен өмірлеріңіз туралы ойлаған кезде қатты қайғырасыздар ма? Осы дүниеге сай өмір сүргеніңізге өкініп, Мәсіхпен болатын жаңа өмір бастаған дұрыс...

<sup>10</sup> Оның жүрегі қайтадан тыныштыққа кенеліп, Құдайдың сүйіспеншілігін таныды. Құдайдан оны сұрай беріңіздер, себебі Ол былай дейді: «Енді сұраңдар да алыңдар! Сонда шексіз қуанышқа кенелесіңдер» (Жохан 16:24).

<sup>11</sup> Бұл – Құдайдың рақымына қатысушы мәсіхшілердің арасында қуанышқа кенеле алатын Құдайдың Қауымы.

### ***Сегізінші тарау***

<sup>1</sup> Екі арыстан шайтанның үстімізден жүргізетін билігін бейнелейді. Оның екеуі де бізге Құдай ерік берген қашықтықтан артық жақындай алмайды. Бұл туралы біз жиі ұмытып кетеміз және сеніміміздің әлсіздігінен олардан қорқамыз. «Қорықпа, тек сенімің болсын!» — дейді.

<sup>2</sup> Жанының құтқарылуының қамын ойлайтын Мәсіх қызметшісі. Әрбір саяхатшының жүрегіне ол қандай қажет десеңізші!

<sup>3</sup> Жан, сен өзгердің бе? Құдайдың орасан зор рақымын тани алдың ба? Егер олай болмаса, есінді жиып, Құдайға мадақ айт! Шам Құдай халқының түп атасы болды. Япшіден Еуропаны жайлаған және көптеген ғасырлар бойы пұтқа табынып келген халықтар тарады. Мәсіх жер бетіне келгеннен кейін соңғылар мәсіхшілікті қабылдап, Құдайдың халқына айналды. Мәсіхші былай дейді: «Мен рақымнан тыс дүниеге келдім, бірақ Құдай мені өзінің балаларының қатарына қабылдады».

<sup>4</sup> Шиыршық қағаз – біздің Иса Мәсіхке деген сеніміміз арқылы Құдай балаларының қатарына қабылданғандығымыздың кепілі.

Бұған күмөнданбаңыздар, себебі сенімділіктің жоғалуы сенімнің жоғалғанын білдіреді.

<sup>5</sup> Құдай Өзімнің отбасым деп атайтын Құдайдың Қауымына өздерінің Иса Мәсіхке деген сенімдері арқасында Көктегі қалаға бет алып бара жатқан шынайы саяхатшылар екендерін дәлелдегендер ғана қабылданады.

<sup>6</sup> Қауым мүшелерін іріктеп алу – маңызды іс.

<sup>7</sup> Тәжірибелі саяхатшылармен әңгімелесу көп пайда әкеле алады.

<sup>8</sup> Жылы әңгімелесу және ең бастысы – сусын ұсыну рухани жаңғырғандардың Құдаймен болатын кешкі асқа қатыса алатындарын білдіреді.

<sup>9</sup> Яғни, әлі осы дүниелік заңдар бойынша өмір сүріп жатқандарды.

<sup>10</sup> Бұл жерде Иса Мәсіхтің ақтап алушы өлімі жайында айтылып тұр. Бойымыздан Киелі Рухтың – Құдайдың балалары екендігіміз туралы куәлігін сезінген кезімізде өзімізді қайта жаңғырған адамдар ретінде сезінеміз.

<sup>11</sup> Мұны есте ұстаңыздар, достар! Мәсіхтің кешіруі мен ақтап алатынына; Оның сүйіспеншілігіне және Киелі Рухтың куәлігіне деген сенім мәсіхшінің адамды қорлайтын сезімдерді жеңуіне күш береді.

<sup>12</sup> Сенушінің Мәсіхті көруге деген ұмтылысы жан дүниеге Оның даңқын көруге деген тілекті сіңіреді. Тіпті күнәнің көлеңкесінен құтылуға деген тілек Оған деген шынайы және тірі сеніммен бірге жүреді және біздің сеніміміздің шынайы екенін дәлелдейді.

<sup>13</sup> Саяхатшының жүрегі отбасына деген сүйіспеншілікке толы. Ол өзінің жақындарын өлімнен қашып, құтқарылу сыйлайтын Мәсіхке баруға көндіруді қалайды.

<sup>14</sup> Адамдар мәсіхшінің сөздерін емес, оның өмірін бағыт етіп алады. Сіз Мәсіх және Оның ілімі туралы әдемі ойлар айта алуыңыз мүмкін, бірақ егер сіз тән құмарлықтарына бағынып өмір сүретін болсаңыз – онда адамдарды Құдай шындығынан алшақтатасыз. Киелілік жолында әділетті жолаушы болуыңызды сұрап мінажат етіңіз, олай болмағанда бәрі – тек мәсіхшілікті сырт көзге ғана уағыздау, бос әңгіме болып табылады. Оның даңқына екіжүзді, жалған мәсіхшілердің қаншама кесірі тиді десеңізші!

<sup>15</sup> Өзі секілді адамдардың қатарына қабылдану үшін мәсіхші өзінің ақымақ емес, әділетті жан екенін дәлелдеуі тиіс.

<sup>16</sup> Кешкі ас ол кезде мәсіхшілер Оның Құдайдың оң жағында отырып өздері үшін істегендерін бәрін алғыспен және сүйіспеншілікпен еске алатын отырысты бейнелейді.

<sup>17</sup> Құдаймен татуласпайынша күнәкар қорқынышсыз ұйықтай алмайды, себебі «Иеміз Иса Мәсіхке деген сеніміміз арқылы ақталғандықтан, Оның арқасында Құдаймен татумыз» (Рим. 5:1). Белменің терезелері шығысқа қарап тұрды. Бұл біздің рухани назарымызды үнемі Күнге – Иса Мәсіхке бағыттауымыз керектігін білдіреді.

<sup>18</sup> Мәсіх туралы, Оның дүниеге келуі, өмірі, істері, өлімі, қайта тірілуі, Оның әділдігі туралы ойлану – бұл мәсіхшінің жаны үшін қасиетті нәрсе. Дәуіт былай дейді: «Ой толғанысым Оған ұнамды болсын, Жаратқан Иеме ұдайы шаттанамын» (Зәбүр 103:34). Шынайы мәсіхші рухани ой толғамай және әңгімелеспей өмір сүре алмайды.

<sup>19</sup> Көптеген адамдар Құдайдың мәңгілік сүйіспеншілігіне және Оның уәде еткен игіліктеріне жиі күмәнданады. Сондықтан сенім, мәңгілік және ақталу туралы ойланған кезде олардың рухтары берік болмайды. Мәсіхші Құдайдың адамдарды құтқарудың дана жоспарын сызғанын және Оның жоспарларының көбі ендігі орындалып қойғанын біледі. Шынайы мәсіхші Құдай уәделерінің адамдардың жүректерінде де және Оның Қауымында да орындалып жатқанына қуанады.

<sup>20</sup> Құдай біздің дұшпандарымыздың бәрін жақсы біледі және сол үшін Ол Өзінің таңдаулыларына, яғни, Өзін мойындайтындардың бәріне қажетті қару дайындап қойды! Қару-жарақ бөлмесі – біз қанша әлсіз болсақ та, Мәсіхте күнәні жеңуге көмектесетін кез келген қаруды таба алатынымызды бейнелейді.

<sup>21</sup> Киелі Жазбадағы біз оқып отырған сол алыс күндердің оқиғалары – сенушілер үшін қасиетті. Олар жүрекке үміт ұялатады және адамның бейқам болуына жол бермейді.

<sup>22</sup> Қуаныш тауының көрінісі – бұл тек Мәсіхте рухани қайта жаңғырғандарға ғана таныс қуаныштар.

<sup>23</sup> Бұл туралы Ефестіктерге жолдаудан оқы (6:13-17).

<sup>24</sup> Қуанымның бағушылары мен шынайы мәсіхшілер қайта жаңғырған, бірақ рухани жағынан әлі тәжірибесіз мәсіхшілерге кеңес беріп жүрулері тиіс.

<sup>25</sup> Егер де саяхатшы Құдайдың айрықша рақымына ұзақ уақыт бойы кенеліп жүрген болса, оның тәкаппарлыққа бой алдыруы мүмкін. Елші Пауылмен де осылай болды (2Қорынт.

12:7), сондықтан да шайтанның елшісіне оны ауыр күйге түсіруге ерік берілді. Рухани қуаныштың шыңында ұзақ болудың біз үшін зиян екенін Құдай біледі. Сондықтан біздің пайдамыз үшін жанымыз ара-тұра қиыншылық көріп тұруы тиіс. Қорлық көру алқабына қарай еңістеу және Құдайдың бұған неге жол бергені туралы ойланып келе жатып сүрініп кетпеу өте қиын. Қорлық көру алқабына аяқ басқан қайта жаңғырған саяхатшы сапарын Құдай алдындағы қорқыныш, сүйіспеншілік пен даналыққа кенелген күйде өтіп жолшыбай кездестірген адамдарымен сақ болуы тиіс.

### ***Тоғызыншы тарау***

<sup>1</sup> Шайтанды кездестіргенде және ол сіздерге шабуыл жасаған кезде қорықпаңыздар. Құдайдың саяхатшыны оған шайтанды шабуыл жасамас бұрын оның жеңуге қабілетті құралмен қаруландырып қойғанын естеріңізде ұстаңыздар. Құдай оған отты жебе тесіп өте алмайтын сауыт кигізді. Шайтанмен болған барлық шайқаста жеңіс Құдай жағында болады. Оның күші біздің жеңіске жететінімізге кепілдік береді. Шайқасқа сеніммен кірісіңіздер! Аполлион қиратушы дегенді білдіреді (Аян 9:11). Ол және оның нөкерлері адамның бойындағы барша сенім мен мінажат етуге деген ұмтылысты талқандауды қалайды.

<sup>2</sup> Күнәнің құлдығындағы адамның жағдайы өте ауыр. Сондықтан Құдай Ұлының құтқару игілігі бағасыз. Осы шындықтарды жүрегімізге қабылдай салысымен біз өтіріктің әкесіне бағыныштылықтан шығуға талпынамыз. Шындыққа деген сенім бізді шайтанның барша әрекеттеріне қарсы қаруландырады.

<sup>3</sup> Өтіріктің әкесінікі дұрыс. Мәсіхті уағыздай бастаған кейбір адамдардың кейіннен шайтанға қызмет етуге қайтып оралғанын көру өте ауыр. Сенімнен тайғандар Мәсіхтің шындығын жоққа шығарады. Шайтанның: «Саған жақсы болады!» – деген жалған уәдесіне сеніп қалады. Бірақ оларды не күтіп тұр? Қарғыс және өлім!

<sup>4</sup> Саяхатшылардың Құдай жолымен жүрулеріне кедергі жасау үшін шайтан қандай қулықтарға бармайды десеңізші! Қақпанға түсіп қалмау үшін олармен дер кезінде танысудың пайдасы зор.

<sup>5</sup> Сенуші осылай ойлап, осылай сөйлеуі тиіс. Елші Пауыл былай деп жазады: «Сонымен, шындықпен «белді бекем буып», әділдікті «сауыт қылып киіп», табанды тұрындар!» (Ефес. 6:14).

<sup>6</sup> Шайтан мәсіхшілерді түзу жолдан тайдыруға тырысады. Бірақ та сенушілер оған Тоқтының қаны мен куәліктің сөзін қарсы қояды (Аян 12:11).

<sup>7</sup> Осылай ойлаған дұрыс болады. Өзіңді мойынсұндыра әрі төмендете отырып Құдайдың бәрін кешіруші рақымын мадақтау қажет. Мәсіхті мадақтау арқылы біз шайтанның бізді жеңуіне ерік бермейміз.

<sup>8</sup> Сенімнің қалқаны Мәсіхтің құлдыраған адам үшін жасағанына, Оның күнәкарды кешіріп, ақтап алғанына деген сенімді бейнелейді. Сенімді уағыздау Мәсіхті мадақтайды, шайтанның бар шабуылын тойтарып, оны жеңуге көмектеседі. Елші Пауыл шайтанға сенімдегі табандылықты қарсы қою керектігін айтады (1Петір 5:9).

<sup>9</sup> Кейбіреулердің: «Мәсіхшіге осыншама қатал сынақтар не үшін керек?» – деп сұраулары мүмкін. Басына, қолдары мен аяқтарына алған жарақаттары оның сәл уақытқа сенімінің жоғалып, әлсірегенін білдіреді.

<sup>10</sup> Назар аударыңыздар, Құдай біздің күресімізді немқұрайлылықпен бақылап тұрмайды. Сеніміміздің сыналған шағында Ол бізге күш береді. Нәтижесінде, біз Оның сүйіспеншілігінің арқасында жеңіске жетеміз. Шайтанмен күресте біз өз күшімізге сенім артып және Киелі Жазбадағы Құдай уәделері туралы ұмытып, сенімнің семсерін қолымыздан жиі шығарып аламыз.

<sup>11</sup> Өз-өзіне риза емес, мойынсұнған, алғысқа толы күлімсіреу. Ол көздерін көкке тігіп, жеңісі үшін Құдайды мадақтады.

<sup>12</sup> Шайтанмен күресте алған жарақаттарымыз қаншалықты ауыр болмасын, Мәсіх оларды сауықтырады. Ал шайтанға жағынамыз деп алған жарақаттарымызды кім жазады? «Өмір Ағашының жапырақтары» Мәсіхтің қаны арқылы ақталуды білдіреді. Оларды созып тұрған қол – Құдайдың күнімен күресте зардап шеккен жанды сауықтыру үшін таңдап алған тәсілі.

<sup>13</sup> Шайтанмен күрес мәсіхшіні сақ болуға мәжбүрлейді және ол қолына үнемі жалаңаштанған рухани семсер – Құдай сөзін ұстанып жүреді.

<sup>14</sup> Өлім көлеңкесі алқабы – сенушінің өміріндегі өзін өте жаман сезінген сәттер; ол қатты шаршаған, оны күмәндану мен қорқыныш жайлап алған. Еремия пайғамбар исаилдіктер Қанаханға барар жолда жүріп өткен шөл даланы бейнелеп жазады, ол мәсіхшінің жердегі өмір жолына ұқсайды. Әрбір сенушінің өмірінде осындай ауыр сәттер болады.

<sup>15</sup> Құдай көз алдынан жасырынып қалғандай болып көрінген кезде адам бойында болатын сезімдерді тек мәсіхші ғана түсіне алады. Сенуші қуаныштан айырылып, қатты қайғырады және осы арқылы Құдайға деген сүйіспеншілігін тағы бір рет дәлелдейді.

## **Оныншы тарау**

<sup>1</sup> Біз осы дүниеде мұндай адамдарды жиі кездестіреміз. Олар күнәларын терең түсініп, Мәсіхке деген шынайы сүйіспеншілікпен түзу жолға түскендей болады. Бірақ, олардың сенімдері үстірт болса, тез-ақ Құдай Патшалығы туралы теріс ұғымдағы бұрынғы жолдарына қайтып оралады. Бұл екі адам шынайы қайта жаңғырусyz, естігендеріне ғана сүйеніп жолға шыққан адамдарды бейнелейді.

<sup>2</sup> Егер де адам Құдайдың бұйрықтарынан өз еркін артық көретін болса, оның ақыры жаман болады. Ал рақымдылыққа кенелген адал жан Оның еркін орындауды, қанша қиын болса да Оның жолымен жүргенді жөн санайды.

<sup>3</sup> Терең ор – бұл өз-өзіне үміт артушылық, жалған сенім мен білместіктің жемісі.

<sup>4</sup> Қауіпті батпақ – Құдайдың мейірімділігіне күмәндану.

<sup>5</sup> Бұл жерде: «Өзінің баласының қара түнекте жүргеніне Құдай қалай шыдайды?» – деген сұрақтың туындауы әбден мүмкін. Бұл Оның даңқы үшін. Осылайша Ол Өзіне деген сенімді сынайды және Өзінен көмек сұрауға ой салады. Бірақ та Оның сүйіспеншілігі азаймайды. Ол: «Қараңғыда жүретін кім?» – деп сұрайды және былай деп кеңес береді: «Сендер қараңғыда жүріп, жарықтан ада болсаңдар да, Жаратқан Иеге үміт артыңдар, иә, Құдайларыңды сүйеніш етіңдер!» (Ишая 50:10).

<sup>6</sup> Тыныштық пен киеліліктің дұшпаны біздің жүрегімізге қалай тез ене алады десеңізші! Бірақ Құдай жақында, егер Оған үміт артатын болсақ, Ол бізді соңғы сәтте құтқарып алады. Ол біздің зарымызды естіп, көмектеседі. Бұл жағдайдың қиялы жүйрік шынайы мәсіхшілердің бастарына да түсуі мүмкін. Оларды кенет Құдайға тіл тигізетін ойлар мазалай бастайды және олар өздерінің қалайша осыншалықты төмен құлдырағандарын түсіне алмай шошынады.

<sup>7</sup> Өзге мәсіхшілердің тәжірибелері бізге де көмектеседі. Біз олардың көпшілігінің осы қорқынышты және елсіз жолмен жүріп

өткендерін білеміз... Өлім көлеңкесі алқабы ауыр науқасты бейнелейді.

<sup>8</sup> Қараңғылықта өмір сүріп, одан азап шегу – ақымақтықтың белгісі. Құдайдың жарығын алып тұрып бұған қуанбау мүмкін емес. Өткендегі қауіптіліктер туралы естеліктер бізді Құдайға алғыс айтуға және Одан үміттенуге итермелейді.

<sup>9</sup> Буньянның уақытында алқап рим шіркеуін, Мәсіхтің жолын қуушылардың тартқан азаптары мен жазаларын бейнеледі. Бірақ Ұлыбритания пұтқа табынуын қойып, рим папасының қол астынан шыққан уақыт та келіп жетті. Буньян мемлекеттік шіркеудің оқуына қатыспаған протестанттар душар болған қуғын-сүргін туралы жазды.

<sup>10</sup> Мәсіхшіліктің нұры пұтқа табынушылықтың түнегін ығыстырып шығарды. Ырымшылдық, папаға табыну мен рим шіркеуінің барша адасушылықтары Ұлыбританиядағы реформадан кейін өзінің билеуші күшінен айырылды.

<sup>11</sup> Өлемнің көрінісі өзгерді. Мәсіхшілерге енді отқа тасталу қауіпі төнбейтін болды, бірақ есесіне ол енді Інжілді, Құдайдың рақымын және Иса Мәсіх арқылы құтқарылу жолын мойындамайтын құдайсыздардың мазақтарына төзуге тиіс болды. Саяхатшыларды жиі есі ауысқандар немесе қиялшылдар деп атайды? Мұны кім істейді дейсіз ғой? Шын мәнінде Құдайдың алдында өздері ессіздер болып табылатын осы дүниелік «Ғұламалар».

### ***Он бірінші тарау***

<sup>1</sup> Балаларының қамын ойлаған Құдай көптеген осындай биіктіктерді орнатты. Олар саяхатшылардың рухтарын көтеріп, өздерін күтіп тұрған қуаныштар мен жұбатуларды көре алуларына мүмкіндік береді. Осындай төбелерде Құдаймен рухани қарым-қатынас орын алады.

<sup>2</sup> Алаяқты шынайы саяхатшы ретінде қабылдамау үшін жолсерікті қашан да асқан мұқияттылықпен таңдау қажет.

<sup>3</sup> Құтқарылу жолында біреуден озып кеткендей болып көрінсек болды, біз тез тәкаппарлана бастаймыз!

<sup>4</sup> Егер олар екеуі де Мәсіхтің – өздерінің Құтқарушылары және құтқарылу мен мәңгілік өмірді Одан күтетіндерімен, ал өздерінің бейшара саяхатшылар екенімен келіспесе, онда екі адам бір тар жолмен жүре алмайды.

<sup>5</sup> Бұл әрбір саяхатшының басында болады. Өзінің күнәкар және құтқарылуға мұқтаж екендігіне сенімділігі жанға маза бермеді. Жоғарыдан болатын күш адамды шындық әрі мәңгілік өмір болып табылатын тар жол – Құтқарушымызға апаратын жолды таңдауға мәжбүрлейді. Осындай талпынысымыздың болғаны үшін Оған алғыс айтындар, өйткені мұндай талпынысты бізге Ол сіңіреді!

<sup>6</sup> Жолдан тайғандар Мәсіхтің жолын қуушылардың шыншыл көздеріне қараудан тайсақтайды. Олар бір кездері өздерінің шындыққа сенгендерін мойындаудан ұялады; өздеріне ұнамайтын тар жолмен жүруге үгіттейді деген қорқыныштан олар мәсіхшілерден қашқақтайды. Оларды бұрынғы достары да тастап кетеді.

<sup>7</sup> Жүрегін Киелі Рухтың Өзі оятпайынша ешбір күнәкар Мәсіхке келе алмайды. Кім Мәсіхке адал болып қалса, сол Сары уайымның батпағына батпайды.

<sup>8</sup> Тән құмарлықтары өзіне еліктіріп тұрады. Оларға Құдайға құдіретін қарсы қойған адам бақытты.

<sup>9</sup> Кәрі адам біздің болмысымызды бүлдірген алғашқы күнәні бейнелейді.

<sup>10</sup> Тән құмарлықтарына қарсы тұрып, Өсиетке бағынған адам бақытты. Көне Адам немесе алғашқы адам (біздің күнәкар болмысымыз) сенушілерге үнемі тор құрып, түрлі қызықтарды айтып еліктіріп тұрады...

<sup>11</sup> Күнәнің күші мен билігінің шамасын көз алдына елестету қаншалықты қиын екеніне қарамастан, олардан қандай жамандықтар келетінін білген маңызды. «О, мен бейшара адаммын!» – деуіміз арқылы біз Құтқарушыға мұқтаж екенімізді түсінеміз, өйткені тек Иса Мәсіх қана бізді күнә мен айыптаудан құтқарып ала алады.

<sup>12</sup> Бұл бейтаныс адам – Мұса. Заң адамның құтқарылуға жақсы істерім арқылы қол жеткіземін деген үмітін үзеді. Сондықтан өсиеттердің бірін ғана бұзудың бүкіл заңды бұзу болып табылатынын ұмытып, заңның рәсімін тек сырттай орындау арқылы құтқарылуға тек өз-өздеріне сенімді тәкаппарлар ғана үміт арта алады.

<sup>13</sup> Мұса оған бармаған адам өзінің қылмыскер екенін және қарғысқа ұшырағанын әлі түсінген жоқ (себебі «заңды орындамаған әркім Құдайдың қарғысына ұшырайды»). Өзін құтқарылдым деп есептесе де, ол әлі өлімге апаратын ұйқыда жатыр. Бұл жерде Мұсаның өзі емес, ол исаилдіктер үшін Құдайдан алған он



өсиет туралы айтылып тұрғаны түсінікті. Заңды бұзғандықтан, заң бойынша біз қарғысқа ұшырауға тиіспіз, бірақ Мәсіх оны орындады, сондықтан біз құтқарылдық.

<sup>14</sup> Құтқарылу жолында мәсіхшілерді күтіп тұрған сынақтардың әр түрлі екені түсінікті. Сенімдінің басында болған жайт Сәліммен болған жоқ және – керісінше. Кейбір саяхатшылар жолды екіншілеріне қарағанда жеңіл жүріп өтеді. Құдай сынақтарды әркімнің шамасына және оның сенімінің күшіне қарай жібереді.

<sup>15</sup> Егер Құдайдың еркін орындаудан ұялатын болсақ, онда Құдайдың бейнесі ұқсастығымызды жоғалтқанымыздың бұдан артық дәлелі жоқ. Бұл ұялу – адамдардың пікірінен қорқу – Құдайдың шындықтары мен Мәсіхтің даңқының ең қатігез дұшпаны болып табылады. Мұндай жағдайда ең дұрысы адамдардың құрметін жоғалтудан қорқып, бөрінің алдында күлкі болғаннан да өзіңнің Мәсіхтің жолын қуушы екеніңді айқайлап айтуға бел шешу болып табылады. Себебі Иса Мәсіх былай дейді: «Себебі кім осы опасыз, күнәкар ұрпақ арасында Мені және айтқан сөздерімді танудан бас тартса, Мен де Билеуші ретінде Әкемнің салтанатты ұлылығымен Оның қасиетті періштелерін ертіп көктен қайтып келген кезімде сол адамды танудан бас тартамын» (Марқа 8:38).

<sup>16</sup> Сәлім ұят сезімін жақсы біледі. Рухта жаңғырғандардың ешқайсысы Мәсіхтің жолына ұяттан жарақат алмай өткізген жоқ. Егер біз Мәсіхтің есімінен ұялатын болсақ, Оны жердегі даңқының біразынан айырамыз. Ал Ол, Құдайдың Ұлы, қарғысқа лайықты Күнәкар біздерді бауырларым деп атаудан ұялған жоқ! (Евр. 2:11). Біз Мәсіхтен, Оның сөздерінен, Оның еркінен, Оның шексіз сүйіспеншілігінен ұяламыз. Бұлар үшін ұялу емес, мақтану қажет! Ұят сезімі жанымызды ешқашан жараламауы үшін Оған қызмет етуде көбірек батылдық беруін сұрап мінажат етейік.

## ***Он екінші тарау***

<sup>1</sup> Жүрегінде рақымдылық болмаса да ол туралы көп айтатындар мен жүрегінде рақымдылық барлардың арасында үлкен айырмашылық бар. «...Иемізден толық сыйларыңды алу үшін байқап жүріңдер!» (2Жохан 1:8).

<sup>2</sup> Оны нағыз сенуші емес деп қалай айта аласың (сөздеріне қарап)? Сондықтан естеріңде болсын, мәсіхшілік туралы әдемі сөйлейтін адамдар көп, бірақ олардың жүректері суық күйінде

қала береді, себебі олар осы ілімнің рақымын ешқашан сезінбеген. Бұл ілім олардың өмір салттарына оң әсерін тигізбейді. Көпшілігі Мәсіхті Құдайым деп атайды, бірақ уақыты келгенде оларды ешқашан танымаған Құдай олардың үстінен сот жүргізеді.

<sup>3</sup> Бізге маңайымыздағылар туралы жаман сөздерге тыйым салынды емес пе? (2Тимоте 3:2-5). Бұл жерде Сәлім кінәлі болып қалған жоқ па? Жоқ, себебі мәселе Құдайдың даңқы мен Інжілдің абыройы туралы болғанда және бауырымыздың мылжың әрі қауіпті Ділмардың алдауына түсіп қалу қаупі болып тұрған кезде шындықты айту қажет. Бірақ та мұны мәсіхшіге тән мойынсұнған қалыпта айту қажет. Ділмар шындықты жүрегіне қабылдамай, Құдай сөзін білетінін көрсету үшін жай ғана сенушілерден естігендерін қайталап тұр.

<sup>4</sup> Мұндай уағыздаушылар қашан да көп болған, олар қазір де жеткілікті. Өздерінің ділмарлықтарымен олар Інжілді қорлайды және олардың кесірінен Құдайдың шындықтары мақсатына жетпейді. Мұндай адамдар кез келген надандардан қауіпті. Ондайлардан сақ болыңыздар!

<sup>5</sup> Мәсіхтің сүйіспеншілігі мен рақымын танымай, құтқарылуды тексөз жүзінде ғана уағыздайтындар, ойланыңдар! Ойларымыздың бәрін Білуші сізден Оны сөз жүзінде үшін уағыздағаныңыз үшін ғана емес, көп нұр ала отырып маңайыңыздағылардың жолына жарық түсірмегеніңіз үшін де есеп талап етеді.

<sup>6</sup> Күнәкар ақталды және оның күнәлары Мәсіхтің қанымен мәңгіге шайылды, Оның рақымымен ол толықтай ақталды, оған мәңгілік өмір сыйға тартылды. Осындай баға жетпес игіліктерді тек Иса Мәсіхке бар жан-тәндерімен сенушілер ғана ала алады. Ал Құдайдың сыйы болып табылатын бұл сенім – Оның таңдаулыларының сенімі Құдайдың еркіне бағынудан көрінеді және жемісін әкеледі. Сенушілер өз істері арқылы ақталмайды Құдай олардың бұл істерінді Өзіне деген сенімдерінің дәлелі ретінде қабылдайды. Олар Құдайға деген сенімдерін қалай уағыздаса, Оның бұйрықтарын орындаулары арқылы Оған деген сүйіспеншіліктерін де дәл солай көрсетті. Сонымен, ешкім өз-өзін алдамасын, өйткені әрекетсіз сенім өлі. Ол жер бетіне қайтадан келген кезде мұндай сенім есепке алынбайды.

<sup>7</sup> Сенімсіз бәрі түк емес, мәсіхшілік ілімін білу – бос нәрсе. Осы дүниеліктер сенімді ар-ұждандық қасиеттер ретінде, ал сенімнің күшін – әділдіктің формасы ретінде қабылдайды. Алданбаңыздар! Егер де жүректе Өзіне деген сүйіспеншілік болмаса, Құдай құр сөздерге сенбейді.

<sup>8</sup> Бұл өнеге болмаса да сынақ екеніне күмән жоқ. Жалған үміттерге еріп, өз жандарын алдап жүргендерге оңай болмайды!

<sup>9</sup> Мәсіхтің нағыз шәкірттері екенімізді, Оны құрметтейтінімізді, Оның шындығы мен ілімін қабылдайтынымызды тек осы ғана дәлелдей алады. Оның осындай әрекетінсіз біз өмір сүрмейміз, жай ғана тіршілік етеміз, сондықтан Оның Сөзінің құдіретін сезіне алмаймыз.

<sup>10</sup> Мұндай адамдармен дәл осылай сөйлесу қажет! Ділмарлардың көздерін осылай жиі ашып тұрса ғой, шіркін!

<sup>11</sup> Көңілге келетін рухани сынақтар ділмар үшін қашан да қолайсыз. Егер сіз рақымдылық туралы ілімді мақтайтын болсаңыз, олар сіздің айтқандарыңызды қайталауға даяр. Бірақ та рақымдылықтың адам жүрегінде көрінуі мен оның әрекеті, оның адамды Мәсіхке адалдықпен қызмет етуге итермелейтін әсері туралы айта бастасаңыз болды, олар дереу ренжіп қалады және сізді заңшыл немесе парызшыл деп атап, кетіп қалуға тырысады.

<sup>12</sup> Жүрек қатал болған кезде ол рухани сенімді қабылдамайды, оны айыптап, өзін ақтайды.

<sup>13</sup> Дәл осылай әрекет етіп, адамға оның күнәкар екенін ашық көрсету қажет.

<sup>14</sup> Рухани әңгіме жаның үшін аса пайдалы. Ол құлазыған шөл даланы құлпырған баққа айналдыра алады және саяхатшыларды жолдың ең ауыр бөліктерінен елеусіз өткізе алады!

### ***Он үшінші тарау***

<sup>1</sup> Құдай сөзіне деген сүйіспеншіліктен Інжілді уағыздаушыларды жылылықпен қарсы алу – саяхатшының ерекше белгісі болып табылады.

<sup>2</sup> Шынайы уағызшы және бағушы қауымға келушілердің рухани жағдайы туралы үнемі ойлайды. Бірақ, өкінішке орай бұл үнемі осылай бола бермейді! Нәтижесінде екі тарап та рухани зардап шегеді, тар жолдың орнына кең жолды таңдап алған жандар өлімге душар болады.

<sup>3</sup> Ғибратты баталы сөздері мыналар – сенімде берік, үміттерінде қуанышты болыңдар, жандарыңның қамын ойлаңдар және Құдай ісінде шаршауды білмеңдер! Саяхатшыға осының бәрі қажет және Қауым бағушысының осыны уағыздайтыны сөзсіз, ал келушілер бұл үшін алғысын айтатын болады.

<sup>4</sup> Қолдарын бос қойып, өздерінің үміттерінде ұйықтап кететіндер бақытсыз. Біз бұл жердің демалыс орны емес екенін ұмытпауымыз керек. Құдайдың даярлап қойған тұрағына ену үшін біз алға ұмтылуға тиіспіз.

<sup>5</sup> Әбігершілік пен азғыруларға толы күнәкар дүниенің шынайы бейнесі. Өздерін саяхатшылармыз деп есептейтін адамдар қаншама, бірақ та соған қарамастан олар Әбігершілік жәрмеңкесін әлі аралап жүр және одан жыл бойына шықпайды. Олар осы дүниелік адамдарша өмір сүріп, соларша әрекет етеді. Осы дүниенің құдайы олардың саналарын улап тастаған. Ал Мәсіхтің өздері үшін өлгеніне сенетіндердің бәрін «Иса Мәсіх бізді қазіргі зұлым дүниенің құлдығынан құтқарады» (Ғалат. 1:4). Егер де жүрегіміз осы дүниеге, оның әбігершілігіне жақын болса, онда біз саяхатшы бола алмаймыз; себебі «Осы дүниені сүйгендердің көктегі Әкеге сүйіспеншілігі жоқ» (1Жохан 2:15).

<sup>6</sup> Осы дүниенің өтірікте тұрғанын есте ұстаңыз. Сенушілер Иса Мәсіх біздің Құтқарушымыз деген шындықпен өмір сүреді. Бұл біздің үмітіміздің негізі және Оны тануға ұмтылу мәсіхшінің бүкіл өмірінің басты мақсаты болып табылады. Осы дүние сенушілерді сол үшін жек көреді және өтіріктің әкесі – шайтан осы дүниені оларға қарсы қояды. «Менің осы дүниелік еместігім сияқты, бұлар да осы күнәкар дүниенің адамдары емес» (Жохан 16:17). Мәсіхшілер осы дүниеде қашан да жат жерліктер және жиһанкездер болып табылады.

<sup>7</sup> Егер біздің бойымызда осы дүниеден өзгеше етіп тұратын ештеңе болмаса, онда «Иса Мәсіхте қайта жаңғырдық» деп айтуға қақымыз жоқ. Егер біз Құдайға тиесілі болсақ, осы дүние бізді есінен алжасқандар ретінде қабылдайды, себебі осы дүние Оны танымайды. «Егер барлық жұрттан мақтау естіп жүрсеңдер, қасіретке қаласыңдар» (Лұқа 6:26).

<sup>8</sup> Мәсіхшілік өмір салты кейде барып тұрған күнәкардың өзін күнәнің жолын тастауға мәжбүрлейді. Саяхатшылар, Әбігершілік жәрмеңкесінен жыл бойына шықпайтын осы дүниелік адамдардан сақ болыңдар!

<sup>9</sup> Жан тыныштығына біз тек бар уайымдарымыз бен қайғымызды Оған айтып бергенде ғана ие боламыз.

<sup>10</sup> Адамдар біз туралы осылай деулері тиіс! Егер де біз туралы бұлай айтуға болмайтын болса, онда перғауынның исаил халқына қаратып айтқан: «Олар жалқау, Құдайдың жолымен қалай болса солай жүреді» деген сөздері бізге де қатысты болады.

<sup>11</sup> Куәгерлердің аттары өздері туралы сөйлеп тұр. Пилат яһудилер Исаны көре алмастықтың кесірінен сатып кетті деп дұрыс айтты, себебі Құтқарушының ілімі парызшылдардың ілімін түкке алғысыз етіп тастады. Оларға қарағанда Исаның артынан адамдар көп ерді. Мәсіхті Құдайдан келген Ұстаз деп таныған олар парызшылдарға көрсоқыр көсемдер ретінде қарады.

<sup>12</sup> Көре алмаушылық – шайтанның ерекшелік белгісі. Осы дүниенің балалары Құдайдың балаларын неге көре алмайды екен деп ойлайсың. Сенушілердің рухани қуаныштары олар үшін жат қой! Олар оны іздемейді, керісінше, жек көреді. Міне, шайтанның рухының күші осы жерде көрінеді! Ол Иса Мәсіх Құдайдың Ұлы болғаны үшін Оны көре алмады; Яһуданы Оған сатқындық жасауға көндірді (Матай 27:18). Дәл сол рух осы дүниенің балаларында әлі де әрекет етіп, оларды Құдайдың балаларына қарсы қояды.

<sup>13</sup> Ырымшылдық – Мәсіхтің шындықтары мен Оның жолын қуушылардың қауіпті дұшпандарының бірі. Дін мұғалімдері мен парызшылдар Мәсіхке: «Ұстаз! Бұл сөзіңіз бізді де ренжітеді», – деді (Лұқа 11:45). Осы секілді бар үмітін діни рәсімдерді сырттай орындауға артатын жалған мәсіхшілер де Құдайға табынатын, Мәсіхте қуанатын және қайырымды істер үшін күнәдан құтқарылуға қол жеткізуге болмайтынын білетіндердің сөздеріне ренжиді. Жалған сенушілердің сенімдері ойдан шығарылған аңыздарға негізделген.

<sup>14</sup> Күнәкар: «О, Жаратқан Ие, өз Құдайымыз, бізді билеп келді бөгде иелеріміз. Бірақ Сенің атыңды ғана құрметтейміз!» (Ишая 26:13), – десе болды, көре алмаушы дереу бізге қарсы куәлік айтуға дайын тұрады. Ол бізді осы дүниені уақытша, ал осы дүниенің адамдарын Күнәкарлар деп атайды деп айыптайды. «Осы күнәкар дүние Мені жек көреді, өйткені Мен оның істерінің жаман екенін өшкерелеп жүрмін» (Жохан 7:7). Куәгер Жарамсақ ешқандай діни ережелері жоқ, өздеріне пайдалы партияны таңдайтын адамдарды бейнелейді. Шын мәнінде олар ырымшылдарды да, шынайы сенушілерді де бірдей мазақ етеді.

<sup>15</sup> Бұл нағыз мәсіхшінің сөзі! Ол «Арамзаның жүрегі қатыгез» болатынын біледі (Нақыл сөздер 12:10), бірақ «Оның зор мейірімін танытатынын және бізге мәңгілік адал болатынын» есінде ұстайды (Зәбүр 116:2).

<sup>16</sup> Әрбір мәсіхші бұл секілді алқа билерден осындай үкім естуді абырой ретінде қабылдаулары тиіс. Сонда ол Мәсіхтен:

«Жарайсың, жақсы да адал қызметшім!... Енді қуанышты тойыма кел!» – деген сөздерді ести алатынына сенімді болады (Матай 25:21).

### ***Он төртінші тарау***

<sup>1</sup> Біз бір шынайы мәсіхші досымыздың өліміне қайғырып тұрған кезімізде жанымызға бұрын өзіміз білмеген жаңа саяхатшының пайда болатыны секілді жағдайлар жиі кездеседі. Сәлімнің жүрегі бұған қуанып, Құдайды мадақтайды.

<sup>2</sup> Жалған мәсіхшілікті уағыздаушылармен қазір де осындай жағдайлар болып жатыр емес пе? Мәсіхтің жолын қууға және сонымен бір мезгілде Мәсіхке дұшпан осы дүниеге жағынуға тырысатын олар өздерінің «тақуалықтарын» атаққұмарлықтарымен ұштастыра біледі.

<sup>3</sup> Саяхатшылар бейтаныс серіктерімен абайлап сөйлесті. Олар оның пікірін өзгертуге тырысты, бірақ оның Мәсіхке қызмет еткеннен де өзіне және осы дүниеге қызмет еткенді артық көретінін байқағаннан кейін шындықты бетіне айтты. Ол қарсылығын білдіргеннен кейін ғана саяхатшылар онымен бірге жүруден бас тартты. Маңайымыздағы адамдар туралы жаман қауесетке бірден сене салуға болмайды. Үлкен сүйіспеншілікпен және абайлап әрекет етіп, оны жанына қауіпті адасушылықтан бас тартуға көндіруге тырысу қажет.

<sup>4</sup> Шынайы саяхатшылардың арасында көп сөйлемейтініне қарамастан, Пайдакүнем өзіне ұқсас адамдардың арасында көп әңгімелер айтады. Пайдакүнем мен оның достары секілді адамдардың тобы – көптеген жалған мәсіхшілерге дәл келетін әжуа. Олардың есімдері сенімге деген көзқарастарынан жеткілікті дәрежеде хабар береді.

<sup>5</sup> Мұндай ойларды біз киеліліктің күшін де, әрекетін де көрмейтін жалған сенушілердің ауыздарынан жиі естиміз. Ал Киелі Рух бұған қарсы былай куәлік етеді: «ақшақұмарлық — әр түрлі жамандықтың түп-тамыры (1Тимоте 6:10) және «ашкөздікке де салынбандар, ол жалған тәңірлерге табынумен бірдей» (Қолос. 3:5). Ашкөздер мен Екіжүзділер. Осы сөздерге назар аударыңдар! Ал сендер, Тоқтының жолын қуушылар, «ақшақұмар болмай өмір сүріп, қолдағы барды қанағат тұтуға» тиіс екендерінді есте ұстаңдар (Евр. 13:5). Жаратушы Иеміз былай деп куәлік етеді: «Құдайға

және байлыққа бірдей бағышталып қызмет ете алмайсыңдар!» (Матай 6:24). Рухани дәрежеге ие адамдардың осындай барша пасық Екіжүзді әрекеттер туралы ой толғағандары пайдалы болар еді. Бұл жерде ақшаның соңына түсудің орнына өздеріне сеніп тапсырылған жандардың рухани жағдайларымен айналысулары тиіс Қауым бағушылары туралы қаншама шындықтар айтылды.

<sup>6</sup> Киелі Жазбаны және оған біздің қаншалықты мұқтаж екенімізді білудің маңызы зор: «Мәсіх туралы Ізгі хабарға көңілдеріңнен мол орын беріңдер» (Қолос. 3:16). Өйткені Құдайдың Сөзі тірі және Екіжүзді семсерден де өткір.

<sup>7</sup> Бұл жазықта кейбіреулер ұйықтап кетеді және олардың түстеріне әлі жердегі өмірде болуы мүмкін деп саналатын күнәсіз кемелдік жағдайы кіреді. Түс көріп жатқан кездерінде оларға күнә түп тамырымен жұлынғандықтан өздері күнәнің билігінен құтылғандай болып көрінеді. Бірақ, өкінішті! Осы адастырушы түс көру үстінде көптеген адам өлім құшты. Шынайы саяхатшылар бұл жерден өздерінің әлі Күнәкар адамдар екенін, бірақ күнәларынан Мәсіхтің ақтап алғанын, сондықтан Оның сыйлаған құтқаруын алу үшін кетіп бара жатқандарын анық сезініп өтеді.

<sup>8</sup> Ақшақұмарлықтың пұтқа табынумен бірдей екенін білетіндер тым аз. Құдайдың мына ескертуіне құлақ асыңыздар: «Абайлаңдар, дүниеқор болудан сақтаныңдар!» (Лұқа 12:15). Күміс кеніші бар Пайда төбешігі саяхатшының жолында үнемі көлбеңдеп тұрады және оны тура жолдан тайдыруға тырысады. Ақшаға құмарлық өз жағдайын көрсетіп мақтануға деген мансапқорлықтан туындайды. Бірақ та біз оның осы дүниелік нәрселерді қаншалықты дәрежеде жақсы көргенін және кейіннен тәубеге келгенін не келмегенін анық білмейміз. Автор Димастың жанын ақшақұмарлық құртты деген жалпы пікірді ұстанады.

<sup>9</sup> Мұндай адамдардың осындай аянышты ақыры олардың өмірлеріне лайықты. Дәуіттің мына кеңесін қабылдаңыз: «Арамзаларға ренжіп ашуланба, жамандық жасайтындарға қызықпа» (Зәбүр 36:1), бірақ Құдайдан ондай адамдардың ақыры қандай болатынын түсіндіруін сұрап мінажат етіңіз.

<sup>10</sup> Құдайдың рақымының саяхатшыдағы әрекеті осындай болады. Ол өзінің күнә атаулығы бейім табиғи болмысын көреді. Сонымен бір мезгілде ол өзінің күнәдан Құдайдың ұлы рақымының арқасында ғана құтылғанын мойындайды: «...өйткені Мәсіхке сенесің. Ендеше өркөкірек болмай, сақ болып жүр!» (Рим. 11:20).

## Он бесінші тарау

<sup>1</sup> «Құдай мен Тоқтының тағынан бастау алған мөлдір тастай жылтылдаған өмір суының өзені» деп аталатын бұл өзен (Аян 22:1) тазалық пен қасиеттіліктің бастауы – Киелі Рухты білдіреді. Зәбүр жырында да (45:5) дәл осы өзен туралы айтылады: «Құдайдың таңдап алған қаласына, Алла Тағаланың киелі тұрағына Оның рақымы бұлақтың суындай әрқашан да нәр беріп қуантуда» (Зәбүр 45:5). Сүйіспеншілік өзенінің тоқтаусыз ағыны бізге Мәсіхтің адам кейпіне енуі, мәсіхшілердің ақталуы, Мәсіхте киелену, Мәсіхпен бірге мадақталу және Мәсіх

Өзінің таңдаулыларына сыйлайтын жан тыныштығы арқылы көрінеді. Саяхатшылар міне, осыған рақаттанды және Сионға шақырылғандар соның рақатын көреді.

<sup>2</sup> Саяхатшылардың бастарында уайымға салынатын және қуанышқа берілетін сәттері болады. Бірақ та жолдары қандай болмасын, олар одан бұрылмайды, себебі мәңгілік өмірге сол гана алып барады.

<sup>3</sup> Айналма көгалдан сақтаныңыздар! Әрбір қадам өлімге жақындатып келе жатқанын сезбестен оның үстімен қаншама адамдар келе жатыр десеңізші. Оған шығу оңай, шетке қарай бір қадам жасап – өз күшіңе сенім артып, Мәсіх арқылы ақталудан бас тартсаң болды.

<sup>4</sup> Күнәкар жүрегіміздің жетелеген жағына қарай жүре беруден жеңіл нәрсе жоқ. Құдайым! Адамсыз келген кезде – бізді тоқтатып, қорғап қал, себебі Сенсіз шындықты көре алмаймыз! Әлсіздіктеріне көз жеткізулері үшін Құдай балаларына еркін әрекет жасауларына ерік береді.

<sup>5</sup> «Адамға түзу болып көрінген жолдар да бар, ақырында олар ажалға бастап апарар» (Нақыл сөздер 14:12). Бұл жолды адамдар қандай жеңілдікпен және қалай жиі таңдап алады десеңізші! Әркім жолды өзінің ойлау салтына, Құдай еркін мойынсұна қабылдауға ерік бермейтін тәкаппарлығына таңдап алып, үміттенен сол жолмен жүреді. Бірақ та бұл үміт баянсыз: ол рухани өлімге алып келеді.

<sup>6</sup> Егерде біз бекер үмітпен Айналма жолмен жүретін болсақ, онда міндетті түрде қорқынышты сезінеміз. Орындалмаған заңның, біздің Құдаймен келісіміміздің естелігі – күн күркіреп, найзағай ойнап тұрған Сион тауы үнемі мазамызды қашырып тұрады.



<sup>7</sup> Өзінің күнөкар болмысына сай адам өзінің бақытсыздығына айналасындағыларды кінәлауға бейім. Ал егер ол рухани қайта жаңғырған болса, онда Құдайдың рақымы мойынсұнуды, кешірім мен сүйіспеншілікті сіңіру арқылы оның сезімдерін жұмсартады.

<sup>8</sup> Бұл – Иса Мәсіхтің Өзі, Оның дауысы. Құтқарылу – Сонда. Ол – ақталуға және киелілікке алып баратын жалғыз жол.

<sup>9</sup> Ерте ме, кеш пе, Күмәндану қамалы түрмеге айналады, ал Алып Түңілу – мәсіхшілік әділдік пен Иса Мәсіх арқылы құтқарылуға сенім артудың орнына жақсы істеріміздің арқасында құтқарыламыз дейтіндердің түрмешісі болады.

<sup>10</sup> Осындай ұзақ сапардан кейін, жоғарыдан жіберілген соншама азаптар мен қуаныштардан кейін мәсіхшілер шынымен де Күмәндану қамалына тап бола ма? Бұл бір түрлі ерсі емес пе? Жоқ! Тіпті ең сенімді деген сенушілердің өздері кейде адасып жолдан таюлары және күшті күмәннің шырмауына түсулері мүмкін.

<sup>11</sup> Түңілудің күші, міне, осындай! Олардың сенімдері, сүйіспеншіліктері, Құдайға деген үміттері қайда кетті? Өкінішке орай, бәрі ұмытылды! Бірақ назар аударыңыздар, оларды енді ештеңе құтқара алмайтындай болып көрінген ең соңғы сәтте оларға Құдай көмектесті: Алыптың қолдары семіп қалды. Мәсіхшілерді Құдай ешқашан ақырына дейін тастап кетпейді. Елші Пауыл былай дейді: «Жан-жақтан қысым көрудеміз, бірақ тапталған жоқпыз, шарасыз болып қысылудамыз, бірақ үмітімізді үзген жоқпыз» (2Қорынт. 4:8). Құдай өзі таңдап алған халқынан бас тартпайды.

<sup>12</sup> Торыққан жан, мына сөздерге құлақ сал: «Сендер әлі күнге дейін қатты сыналған жоқсындар, еліктірген жағдайлар әдетте адамдардың бастарына түсіп жүргендегідей ғана болып келді. Ал Құдай Өзінің уәдесіне берік: Ол төзімдеріңнен артық сыналуларыңа жол бермейді. Еліктірілген кездеріңде соған шыдауға күш-қуат беріп, құтылып шығудың лайықты жолымен қамтамасыз етеді» (1Қорынт. 10:13).

<sup>13</sup> Түңілу сезімі мәсіхшіні күшінен, ақыл-ойынан және рақымдылықтың барша әрекеттерінен тез-ақ айыра алады! Бірақ та бір кездері Мәсіх арқылы Құдаймен татуласудың игілігі патшалық құрған жүректен үміт кетпейді және арада көп өтпей-ақ жан дүниені қайтадан қалпына келтіріп, сергітеді.

<sup>14</sup> Сәлімнің сенімді досы бойындағы Құдайдың еркіне қарсы күңкілді қостаған жоқ, керісінше, оның бойында Құдайдың сүйіспеншілігіне деген тірі сенімді оятуға тырысты. Дәуіт патша былай дейді: «Мені арыстан мен аюдың шеңгелінен құтқарып

алған Жаратқан Ие мына філістірден де қорғайтын болады» (1Патш. 17:37). Елші Пауыл өзімізге емес, өлілерді қайтадан тірілтетін Құдайға үміт артуымыз үшін біздің бойымызда өлім үкімін алып жүргенімізді айтады. Себебі Ол: «...қорқынышты ажал қаупінен Ол бізді құтқарып алды және әлі де құтқаруда; сондай-ақ болашақта да құтқаратын болады деп Оған нық сенім артамыз» (2Қор. 1:10). Жалпы, өз-өзіне қол салушылар өлгеннен кейінгі өмірге сенбейді, не ол туралы ұмытып кетеді. Сондықтан да адам өмірін өз-өзіне қол салумен аяқтады деуге болмайды, ол тек тәнін ғана өлтірді.

<sup>15</sup> Олар қайда мінажат етіп тұр десенізіші! Өздерін онда өз ессіздіктері алып келген Күмәндану қамалында! Өйткені Жаратушы былай дейді: «адамдардың әр жерде адал қолдарын жайып... Құдайға сиынуларын қалаймын». Құдай бізді қайдан болса да естиді, Құдай бізді қандай жағдай болмасын құтқара алады. Біздің бойымыздан мінажаттың рухы шығып жатқан кезде құтқарылудың жақын екеніне сенімді болыңыз!

<sup>16</sup> Баға жетпес қымбат уәде! Құдайдың Мәсіх арқылы берген және Мәсіхтегі уәделері біздің сеніміміздің өмірі болып табылады. Бойымызды күмәндану мен торығу жайлаған кезде біз Құдайдың Мәсіхтегі уәделері жайында жиі ұмытып кетеміз. Біздің жұбатушымыз тек Ол ғана. Құдайдың уәделерін өмірдегі кез келген жағдайда есіне алатын мәсіхші өзінде Күмәндану қамалының кілті бар деп айта алады.

<sup>17</sup> Құдайдың Рухы бізге жұбатуды тек уәде сөзі арқылы ғана береді. Сенбеушілігіміздің кесірінен біз Құдайдан алыстап, Оның атына кір келтіреміз. Ал Оның Иса арқылы берілген уәделеріне сенім арту, Оның Сөзін оқып, түсіну арқылы біз Құдайға жақындай түсеміз.

<sup>18</sup> Өмірдегі түрлі жағдайларда Құдайдың бізге қатысты қандай әрекеттер жасағанын саралай отырып, біз жақындарымызды үйрете және сақтандыра аламыз. Бірақ та кез келген мәсіхшілік тәжірибенің мақсаты мойынсұну және Құтқарушымыздың ізгілігін мадақтау екенін естен шығармайық. Мына екі саяхатшы Түңілу патшалық құратын Күмәндану сарайына өздерінің кінәсінен тап болды және тек Құдайдың уәделерін естеріне алған кезде ғана күмәндану мен торығудан шығатын күш пен құралға қол жеткізді.

## Он алтыншы тарау

<sup>1</sup> Аспандағы қалаға бет алып бара жатқан Сәлімнің жағдайының құбылмалы екеніне назар аударыңыз: бірде қайғы-қасірет пен ауыр азап, ал бірде жұбаныш пен қуаныш. Құдай саяхатшылардың шамадан артық шаршауларына жол бермейді және Ишая пайғамбар арқылы бізге былай дейді: «Мен бүкіл тауларымды жолға айналдырып, даңғыл жолдарымды биіктетіп саламын» (Ишая 49:11).

<sup>2</sup> Қиындықтарға шыдамай, көздеген жерлеріне жетпей жатып кейін қайтып кететін жалған мәсіхшілер қаншама десеңізші! Ал Құдай сөзі арқылы қайта жаңғырғандар тоқталмайды және Құдай Өзіне сенушілерге беретін құдіретті күштің көмегімен алға баса береді. Эммануилдің елі осы дүниенің игіліктеріне мүлде немқұрайлы қарайтындарға арналған.

<sup>3</sup> Таңдаулылар уәде алады. Қалғандары өз әділдіктеріне сүйеніп, күнәдан көздері байланған күйде қала береді. «...Байқап жүріңдер» (2Жохан 1:8).

<sup>4</sup> Өміріміздегі әрбір қадамымыз қырағылықпен және шынайылықпен жасалсын! Қауым бағушыларына айрықша қажетті қасиеттер мыналар: Киелі Жазбаны жақсы білу, Құдайдың шындығының күшіндегі тәжірибе және шынайылық.

<sup>5</sup> Үменей мен Філет «...шындық жолынан тайып, «Қайта тірілу болып кетті», – деп жариялап, кейбіреулердің сенімдерін жоюда» (2Тимоте 2:18). Адасу тауы шынайы сенімнен, рухани қайта жаңғырудан, мойынсұну мен сүйіспеншіліктен алыстауды білдіреді.

<sup>6</sup> Бақай есеп пен ойлар адамдарды қарапайым шындықтан және күмәнсіз сенімнен алыстатып, қатты адасушылықтарға ұрындырады. Бізге сабақ болуы үшін Құдай сөзінен біз мұның көптеген мысалдарын таба аламыз. Жазбаны ешқандай қулықсыз, шын пейілмен зерттеңіздер.

<sup>7</sup> Мұндай тауға кезіккен кезде біздің бойымызда білім, қырағылық пен сақтық болуы тиіс. Елші Пауыл қорынттықтарға бұрынғы уақыттардағы сенушілердің тағдырының қандай ауыр болғаны туралы жиі айтады. Оның мына сөздері өте керемет: «Сондықтан өзін «сенімімде берік тұрмын» деп санайтын әркім күнәға батудан сақ болсын!» (1Қорынт. 10:12).

<sup>8</sup> Көптеген адамдардың бір кездері біздің де басымызда болған, бірақ қазір біз олардан мәңгілік Мәсіх арқылы азат етілген күнелардың кесірінен қаза болып жатқандарын байқаймыз ба? Бұл үшін Құдайға алғыс айтуды ұмытып жүрген жоқпыз ба?

<sup>9</sup> Киелі кітаптан біз мынаны оқимыз: «Себебі кейбір адамдарды істегендеріне өкіндіріп, қайтадан Құдай жолына түсіру мүмкін емес: бір кезде жан дүниелері Тәңір Иенің нұрынан ағарған еді. Олар Оның көктен жіберген сыйының дәмін татып, Киелі Рухтан үлестерін алды. Сондай-ақ, Құдай сөзінің игілігінің де, болашақ заманның құдіретінің де дәмін татып көрген болатын. Алайда кейінірек олар тура жолдан безіп кетті! Мұндай адамдар өз еріктерімен Құдайдың рухани Ұлын тағы да айқышқа шегелеп тастағандай, жұрттың мазағына айналдырып жүр. Мұндай жағдайда оларды Құдай жолына қайтару мүмкін емес» (Евр. 6:4-6). Мәсіхші өмірінің кез келген кезеңінде күнәмен жанасуы мүмкін екенін есте ұстауы қажет. Сондықтан да көк туралы ойлайтындардың қырағы, мойынсұнған және сақ болулары тиіс. Өздеріңізді сақтау үшін назарларыңызды үнемі Мәсіхте ұстауларыңызға күш беруін сұрап мінажат етіңіздер.

<sup>10</sup> Дүрбі – рақымдылық пен шындықтың Сөзі. Ол рухани көздердің алдына сенімнің қолымен әкелінеді. Елші Пауыл былай дейді: «Ал енді, бәріміз бетімізді бүркемей, ашық түрде Иеміздің салтанатты ұлылығына айнадан көргендей мұқият көз жібереміз. Осылайша Ол бізді Өзіне ұқсатып, өзгертіп келеді. Сол арқылы Оның салтанатты ұлылығы барған сайын бізден көбірек көрініс табады. Бұл Иемізден – Киелі Рухтан келеді» (2Қорынт. 3:18).

### ***Он жетінші тарау***

<sup>1</sup> Біздің бәріміз Д.Буньян қиял деп атаған елде дүниеге келдік. Құдайдың алдында ақталу үшін бір нәрсе істей аламын деп ойлап жүрген күнәкардың аты – Надан. Ол қиялмен өмір сүреді. Мәсіхке деген сенімі жеткіліксіз. Өкінішке орай, кейбіреулер осы елде мәңгілікке қалып қалады.

<sup>2</sup> Мұндай сөздерді біз мәсіхшілікті саудаға салатындар мен өз өмірлерін бәрінен жоғары қоятындардың ауыздарынан қаншалықты жиі естиміз? Ондайлардың Жазбадан хабарлары жоқ, олар қателесіп, өздерін сырттайғы әділдіктері құтқарады деп ойлайды.

<sup>3</sup> Оқырмандар, жеңілтек және тәкаппар ойлардан сақ болыңдар. Азғындықпен өмір сүруден аулақ жүріңдер! Бұл екі күнәнің салдары сенімнен таяуға алып келеді. Өздерін мәсіхшілерміз деп атайтын, Мәсіхті Құдай Ұлы ретінде мойындайтын адамдардың

ауыздарынан: «Көңіл көтеруде тұрған не бар? Одан қандай зиян келуі мүмкін?» – деген сөздерді есту қандай ауыр десеңізші. Әдетте мұндай адамдар Құдай сөзіне суық, өлі болады, олар Құдайдың ескертулеріне де, уәделеріне де сенбейді.

<sup>4</sup> Сенімі аздың оқиғасы сенімі әлсіздердің сергіту үшін айтылған болуы тиіс. Қуғын-сүргін мен мазаққа ұшырау сенімдері әлсіз көптеген адамдарды өлімге апаратын жолға қайтарып әкеледі. Бұл – Өлілердің жолы.

<sup>5</sup> Құдай істеріне қатысты жанның әлсіздігі – сенімі аздықтың белгісі. Сенімі аздық Мәсіх арқылы құтқарылу мен Құдайдан келген барша жұбатулардан айырады. Осындай ұйқы басқан қамсыз өмірде қаншама адам күнәға тоналып, қаншама адам құрбан болды десеңізші! Ұзақ жол осы дүниеге деген сүйіспеншілікті білдіреді: отыру – бұл осы дүниелік нәрселерді жақсы көру; ұйықтап кету – сенімнің әлсіреуі. Сенімі аз әлсіздікті, Құдайға деген сенімсіздікті және өзінің күнәкарлығын сезінді.

<sup>6</sup> Асыл тастар Рухтың алғашқы сыйлары: сенімді, үмітті және сүйіспеншілікті білдіреді. Сенімі азды Құдайдың рақымдылығына деген сенімінен айырды. Ол өзінің Құдайдағы жолын жалғастырды, бірақ артына қарайлап, тым ақырын жүрді. Кейде мінажат етуді де ұмытып кететін. Бірақ та Сенімі аз асыл тастарынан айырылған жоқ, яғни, ол Рухтың кепілдемесі мен үмітін жоғалтқан жоқ. Бұл рухтың сергектігін жоғалтқан сенушілер тап болатын әдеттегі жағдай.

<sup>7</sup> Құнды зат – бұл басы да, соңы да Мәсіх болып табылатын сенім. Мәсіх сыйға берген оның титтей бөлшегінің өзін жердегі және тозақтағы ешбір күш тартып ала аламайды. Мәсіх Өзінің шағын отары, тіпті, сенімі аздардың өздері туралы былай дейді: «Оларды менен ешкім тартып ала алмайды».

<sup>8</sup> Яғни, оның мәсіхшілік өсиеттерін осы дүниенің қызықтарына айырбастап кетпей, адал қалғанына таңданамын.

<sup>9</sup> Сенімі аздар, қорықпаңдар! Осы аз ғана сенімнің өзін сендер мейірімді Құдайдан сыйға алдыңдар. Сол үшін Оны мадақтаңдар, оны асыл тас ретінде жүректеріңде сақтаңдар; тек оны дұшпандарыңның ұрлап кетуінен сақ болыңдар, күмәнданудан, немқұрайлылықтан аулақ болыңдар, олар жанды аяусыз өлтіреді.

<sup>10</sup> Жау алыста болған кезде батыр болу оңай. Өзіміздің ешкім емес екенімізді сезініп, Құдайдың алдында мойынсұнудың орнына біз жиі өз күшіміз бен батылдығымызға сенім артамыз.

<sup>11</sup> Құдайдың Сөзіне немесе Оның еркінің орындалуына күмән келтіруге деген азғыруға кім қарсы тұра алады? Егер Құдайдың

қаруымен қаруланбаса, онда ешкім қарсы тұра алмайды. Құдай біз үшін күреседі, ал біз басты жауымыздың – өзіміз екенін есімізде ұстаймыз. Біз тек Ол арқылы ғана жеңіске жетеміз, өйткені Ол бізді жақсы көрді (Рим. 8:37).

<sup>12</sup> Сенімі әлсіздер, өздерің сенетін және соңынан еретін Құдайдың сендерден шамаларыңнан артық нәрсені істеулеріңді талап ететін қатал бастық емес екенін естеріңде ұстандар. Ол сендерді жұмысқа шақырған кезде Одан күш беруін сұрандар, барша жақсы істерде Оның көмегіне үміт артыңдар. Одан қаншалықты көп күш алсаңдар, Оған соншалықты жақындай түсесіңдер және сол арқылы Оған шынайы берілесіңдер.

<sup>13</sup> Ұлы рақымдылық кімді бейнелейді? Елшілердің істерінен (4:43) біз былай деп оқимыз: «Елшілер Иеміз Исаның қайта тірілгендігі туралы зор жігермен куәлік берді. Осылайша олардың бәріне Құдайдың мол рақымы жауды». Біреулерге Құдай он күміс – Ұлы рақымдылық береді және олардан ұлы ерліктер күтеді. Сондықтан да мадақ алғанға емес, оны бізге сыйлағанға – Иса Мәсіхке айтылады.

<sup>14</sup> Біз өзіміз туралы жоғары ойда болмауға тиіспіз. Кішік болыңыздар! (Рим. 12:3). Сенімнің күші біздің бойымыздағы өзімізге сенімділік пен мақтаншақтықтың тамырын жояды. Үміт, сүйіспеншілік, мойынсұну, төзімділік пен азап шегу – Киелі Рухтың сыйлары және сенушінің асыл тастары, ол оларды сақтауға міндетті.

<sup>15</sup> Бұл жолдар мына екі жолды бейнелейді: Мәсіх арқылы ақталу жолы және сенімсіз, өзінің істері арқылы ақталу жолы. Өз құндылығымызды көрсету үшін Одан назарымызды тайдырсақ болды, біз бірден Сионға апаратын шынайы жолдан ауытқимыз. Саяхатшылармен де дәл осылай болды: олардың алдынан нұр періштесінің кейпіне енген Азғырушы шықты да, оларды төкаппарлық пен ессіздіктің шырмауына орап, шынайы жолдан алыстатып әкетті.

<sup>16</sup> Нұрлы періштенің кейпіне енген шайтан туралы елші Пауыл былай дейді: «Сондықтан оның қызметшілерінің де өңдерін айналдырып, әділдіктің қызметшілері болып көрінуі ғажап іс емес» (2Қор. 11:15). Әлсіз және сенбеушілерді олар өлімге қалай душар етеді? Олар бізге әділдікке өз күшімізбен жетуімізге болатынына, жақсы істер арқылы күнәларымыздан ақталуымызға болатынына және Мәсіхтің жер бетіне бізді әділ өмір сүруге үйретуге келгеніне, бірақ Оның Өз өлімі арқылы бізді мәңгілік айтыптаудан

құтқармағанына сендіруге тырысады. Мұндай қызметшілер қашан да көп болған, олар – қой терісін жамылған қасқырлар.

<sup>17</sup> Нұрға оранған адам – Киелі Рух Құдай, Мәсіхтің отарының жетекшісі. Егер де Оның қойлары Мәсіхтің жолынан тайып, адасып кетсе, Киелі Рух келіп өзім білемге салынғандары үшін оларды жазалайды және содан соң оларды Мәсіхтің жолына қайтарып әкеледі. Өзінің өлімге душар болғанын сезінген Дәуіт Киелі Рухтың әсерімен былай дейді:

«Жаратқан Ием – менің Бағушым,  
Мен еш нәрседен де тарықпаймын.

<sup>2</sup>Ол мені жасыл жайлауға жаяды,  
Тұнық суға жетелеп апарады.

<sup>3</sup>Ием жаныма күш дарытады.

Есімі «Қасиетті» деп аталады,  
Содан артамын Оған сенімімді,  
Ол мені тура жолмен жетелейді».

<sup>18</sup> Сенбеушілер: «Құдайдың сөзі қайда? Алдымен ол орындалсын! – дейді. Еңбек ету ақымақтарды шаршатады, себебі олар Аспан қаласына апаратын жолды білмейді.

<sup>19</sup> Мәсіхке баратын жолда қаншама дұшпанның кездесетініне қараңдаршы! Саяхатшылардың Азғырушыдан құтылғандары сол екен, алдарына Дінді жоққа шығарушы кездесе кетті. Ол да жолға шыққан болатын және саяхатшылардан да алыс барды, бірақ та сол жерден кейін қайтты және жиырма жыл бойы іздеп жүргеніне қарамастан Көктегі Қаланы таба алмады. Себебі онда сенім де, үміт те жоқ еді. Сенімнен тайғандардың мысқылдауларына қарамастан, Құдай біздің Өз жолынан таймауымызға көмектессін!

<sup>20</sup> Мәсіхшілер! Таңғажайып елде ұйықтап кетуден сақ болыңдар! Өміріміз жеңіл болып, уайымдауға еш себеп болмаған кезде біздің жанымыз ұйқыға бейім болады. Құдай сөзінде қаншама ескертулер бар десеңізші! Қаншама жалған мәсіхшілер осы дүниенің ауыр ауасынан немқұрайлылық пен сырттай әділеттіліктің ұйқысына кетті. Жаныңыздың өлімге апаратын ұйқыға кетуіне жол бермей, жолыңызда сізді сергек сақтауы үшін Құдайға жиі мінажат етіңіз.

<sup>21</sup> Жан ұйқыға кеткен кезде адам рухани әңгіме үшін мылқау болып қалады және Мәсіхтің шындықтары аузымызда қатып қалғандай болады. Ол үнемі тек осы дүниелік нәрселер туралы

өңгімелерді ғана айтуға және тыңдауға дайын болады. Олардан сақтаныңыздар! Бізге осы жамандыққа ұрыну қаупі үнемі төніп тұрады. Сергек мәсіхшілер қауымын іздеңіздер және оларды бағалай біліңіздер! Таңғажайып ел адамдардың өміріндегі бәрі жақсы болған кезеңдерді бейнелейді.

<sup>22</sup> Иса Мәсіх былай дейді: «Шынайы өмір Беруші – Киелі Рух, ал тән бұған еш жарамайды. Сендерге айтқан сөздерім арқылы рухани өмірге ие бола аласыңдар» (Жохан 6:63). Біздің тәни болмысымыз Мәсіхке бет бұрғанымызға қуанбайды, керісінше, ол Рухқа қарсыласады. Адамның болмысы мен Құдайдың рақымы – мүлде кереғар нәрселер. Болмыс ашуланады, ал рақымдылық болса оны жаулап алады және бағынуға мәжбүр етеді. Біз өз Күнәкарлығымызды шынайы сезінеміз бе және біздің бойымыздағы Мәсіхте қайта жаңғыру шынайы ма? Иә, егер біз Құдай рақымының тәни болмысымызды жеңгенін сезінетін болсақ және Құдайға былай деп айта алатын болсақ: «Біздің емес, уа, Жаратқан, тек Сенің атың рақымың мен адалдығың үшін даңқталсын!» (Зәбүр 113:9). Құдайдың әрекет ететін және құдіретті рақымының арқасында біз Мәсіхте қайта туылдық. Тәндерінің болмысын өз күшімізбен жеңдік дейтіндердің білместіктері мен тәкаппарлықтары қандай зор десеңізші!

<sup>23</sup> Шындықтың жарығы біздің кім екенімізді және бізге қандай қауіптердің төніп тұрғанын ашып бергенде біз Құдайдан Оның болашақ қаһарынан құтқаруын және Мәсіхке бет бұрғызуын сұрап мінажат етеміз.

<sup>24</sup> Осы белгі бойынша біз өзіміздің бет бұруымыздың шынайы не шынайы еместігін біле аламыз. Көпшілік адамдар бет бұру туралы қастерлей сөйлейді, бірақ жүректерінде жеке бас әділдіктері мен қайырымды істер арқылы ақтала алатындарына үміт артады. Жақсы істерімізді, тек Мәсіхке бет бұруымыз ғана Құдайға ұнамды ете алады. Мәсіхтің әділдігіне, Ол арқылы ақталуға үміт артпайынша Құдайдың алдында ақталу мүмкін емес.

<sup>25</sup> Күнәларын шынайы мойындаған әрбір Күнәкардың мақсаты – әділдік. Ол соған қол жеткізуге ұмтылады. Бірақ оны қайдан алады? Тек Мәсіхтен! Бұл шындықты бізге Киелі Рух ашып береді. Өз істеріміз арқылы ақталудан үміттенген кезімізде жанымыз қауіптілікте болады. Мәсіхтегі әділдікті Құдай бізге жақсы істеріміз үшін емес, Күнәкарлығымыз бен шарасыздығымызды сезінгеніміз үшін сыйға тартады. Осы сыйды алу үшін Оған барыңыздар, оны сеніммен қабылдаңыздар, сонда Құдайдың рақымы сіздің бойыңызға Өзіне ұнамды істер істеу тілегін сіңіреді.



<sup>26</sup> Достар! Жанымыздың құтқарылуы үшін Мәсіхтің әділдігі мен Оның құн жетпес ақтап алушы қанының қаншалықты қажет екенін сезінбейінше, біз өзімізді шындыққа сенімді және Мәсіхке сенушілерміз деп атай алмаймыз. Мойынсұнғанды, азап шеккенді, Өзінің қанын төккенді, өліп, қайта тірілгенді және қазір біз үшін куәлік етіп жүргенді таныған кезде біз өзіміздің қандай қымбат құнмен ақталғанымызды түсінеміз. Мәсіх – біздің жалғыз ақтаушымыз екенін және мұны істеріміздің арқасында емес, Оның күнәмен құлдыраған адамға деген шексіз сүйіспеншілігінің арқасында қол жеткізгенімізді сонда ғана түсінеміз... Сонда біз бар күшіміздің, бар сүйіспеншілігіміздің енді Оған тиесілі екенін түсінеміз және Оның бұйрықтарын орындауды, Оған ұнамды істер жасауды аңсаймыз. Сонда Ол біздің жақсы істерімізді қабылдап, оларды күнәнің қоспасынан тазартады. Нәтижесінде, Ол бізге мәңгілік өмірді уәде етеді.

### ***Он сегізінші тарау***

<sup>1</sup> Шынайы мәсіхшілерді жолдарында күнә сезімі жиі тоқтатады. Сондықтан да оларды өздері туралы, өздерінің Құдайға деген сүйіспеншіліктері мен ұмтылыстары туралы өз-өздеріне ризашылық сезіммен әңгімелейтін адамдармен қатты таңдандырады. Бұндай адасушылықтар өз жүректерін білмеушіліктен туындайды: тәкаппарлық пен өз-өзін ақтаушылықтың жүректі қатайтатыны сондай, ол өзінің күнәкарлығы мен әлсіздігін сезінбейді.

<sup>2</sup> Ешкім де өз жүрегі туралы жаман ойлай алмайды. Бұл Құдай оған әлі жарығын түсіріп, адамға оның қаншалықты бұзылған екенін ашып бермегендігінің нақты белгісі. Сондықтан да көптеген мәсіхшілікті уағыздаушылар өз жүректерін қайырымды деп ойлайды және өздерін өз күшімізбен және өз ақылымызбен кемелденудің түзу жолында келе жатырмыз деп есептейді. Олар өздеріне, өз әрекеттеріне разы және өздеріне Құдай да разы болуы тиіс деп біледі. Бұл олардың өздерін Сөз арқылы шынайы тануларына және құтқарылуларына қатысты бар үмітті Мәсіхке артуларына кедергі жасайды.

<sup>3</sup> Адамды өз істері ақтай алады деген сенімнің жүректі қатайтып жіберетіні сондай, күнәкарды Құдайдың алдында тек Мәсіхтің әділдігі ғана ақтай алады дегенге сену мүлде мүмкін емес дерліктей нәрсеге айналады.

<sup>4</sup> Сөйлегенді ұнататын Наданға бізді ақтап алатын жалғыз нәрсе – Мәсіхтің әділдігі туралы айтсаң болды, ол дереу: «Сіз қасиеттілікке ұмтылудың бәрін теріске шығарып, әрекетсіз отырғанды қолдайсыз ба?» – деп қарсылық білдіреді.

<sup>5</sup> Осы дүниелік адамдар мұндай ойды сандырақ ретінде қабылдайды. Ал Мәсіхте қайта туылған адам бұл сезімнің бар рақатын сезінеді. Елші Пауыл былай деп жазады: «Исаның Өзінің рухани Ұлы екендігін ашып білдіріп, Ол туралы Ізгі хабарды яһудилерден басқа халықтардың арасына таратуға бұйырды» (Ғал. 1:16), яғни, Пауылдың Мәсіхтің қатысуын сезінгені және өзінің құтқарылғанына қуанғаны сондай, оның жаны Онымен бірігіп кеткендей, ойы тек Онымен өмір сүріп, бүкіл болмысы өмірді тек Ол арқылы және Онымен ғана сезінгендей болды. Мұндай сенімді сатып ала алмайсың – бұл Құдайдың сыйы. Жер бетіне Өзінің Ұлы Мәсіхті жіберген Құдай оны қайта туылған жанға сыйлайды.

<sup>6</sup> Надандар шынайы саяхатшылармен қатар жүре алмайды, себебі олар Мәсіх – ақталудың Басы және Соңы деген ілімді теріске шығарады. Құдай сыйға тартқан рақымдылық пен Мәсіхтің киелендіруші әділдігі адамның жеке басының істерімен сапарлас бола алмайды.

<sup>7</sup> Надан құтқарылу туралы өз пікірінде қалды. Ол тек пікірін әдемі, ақылды сөздермен айтуды ғана үйренді. Рақымның күші мен сенімнің адам жүрегіне жасайтын әрекеті туралы білмейтін адамның құтқарылу ілімін түсіне алмасы анық. «Киелі Жазбаларды зерттеңдер», – дейді Мәсіх.

<sup>8</sup> Кейбір сенімсіз мәсіхшілердің дәл мінездемесі! Дәл осы себептен көптеген адамдар мәсіхшілік парызды орындаудан тайқып, бұрынғы күнәкар өмірлерін қайтадан бастайды.

<sup>9</sup> Көптеген күнәкарлар өз өмірлерін өзгерткенді қалайды, бірақ та олардың жүректері жаңарған жоқ, олар күнәдан ақталу мен тазарудың барша қажеттілігін түсінген жоқ. Сондықтан арада біраз уақыт өткенде, тіпті белгілі бір күрестен кейін олар ескі әдеттеріне қайта басады.

<sup>10</sup> Осылайша адамдар біртіндеп сенімнен таюшыларға айналады. Осы дүние мен оның адамдарына бұл әзер байқалады, олар өздерінің адасқандарын тек өлгенде бір-ақ түсінеді. Бәрі күмәнданудан басталады, содан соң – бейқамдық, сенбеушілік және ақырында, күнәда өмір сүру. Сөзден біз неге осы дүниені жақсы көрмеу туралы ескертулерді оқимыз, осы дүниелік игіліктерге құмарлық неге пұтқа табынғанмен бірдей болып

саналады? Себебі біздің жүрегімізді Құдайдың сүйіспеншілігінен алыстататын және Онымен үнемі қарым-қатынаста болуымызға кедергі жасайтын нәрсенің бәрі бізді сенімнен таюға итермелейді. Өздеріңіздің қай жолда тұрғандарыңызды күнделікті тексеріп тұрыңыздар! «Сонымен парасатсыз емес, ақыл-парасатты өмір сүруге ерекше ден қойыңдар: жақсылық жасауға әр мүмкіндікті пайдаланыңдар, себебі қазіргі күндер зұлымдыққа толы» (Ефес. 6:15-16).

### ***Он тоғызыншы тарау***

<sup>1</sup> Бұл ел туралы Ишая пайғамбар баяндайды (62:4-12). Құдай оны өзімнің елім деп атайды.

<sup>2</sup> Жанның рақат кешкен күйі! Әйүп оны үстімде жарқырап тұрған Құдайдың шам-шырағы деп атайды (29:3). Қауым шаттана былай дейді: «Ей, аспан, шаттана шырқап, жер де, қатты қуанып, тау-төбелер де, шуылдап мақтау айтыңдар! Жаратқан Ие өз халқын жұбатып, азап шеккендеріне жаны ашып мейірім танытады» (Ишая 49:13). Елші Пауыл: «Сол кезде Мәсіхтің жарылқауына молынан кенелетінімізге еш күмәнім жоқ», – дейді (Рим. 15:29).

<sup>3</sup> Мәсіхті тануды аңсау деген осындай болады! Кейбіреулердің Мәсіхтің сүйіспеншілігін таныған кезде шаттанатындары сондай, оларға шындыққа кенелген жүректері кеуделерінен шығып кететіндей болып көрінеді. Тәңірім, Өз сүйіспеншілігіңмен барынша көп өлі жүректерді тірілте гөр!

<sup>4</sup> Бұл жас жігіттер әрбір сенушінің қамын ойлайтын періштелерді бейнелейді.

<sup>5</sup> Бұл қандай кедергі? Өлімге душар ететін сенбеушілік! Сенбеген кезімізде өлім бізді қорқытып, рухани жанарымызды тұмандатып қояды. Бір кезде Иордан өзені ираилдіктерді уәде етілген жерден қалай бөліп тұрса, сол секілді өлім де көпірсіз өзен ретінде сенбеушіні Мәсіхпен болатын мәңгілік өмірден бөліп тұрады.

<sup>6</sup> Саяхатшылар жеңуге тиіс соңғы дұшпан – бұл өлім. Бізге күшті тек өлімді жеңген Иса ғана бере алады. Тіпті біз бойымыздан сенімді, үміт пен сүйіспеншілікті сезінген күннің өзінде болмысымыз өлімге қарсы көтеріледі. Ал бойымыздағы бұл сезімдер әлсіреген кезде қорқыныш пен қайғыға берілеміз.

<sup>7</sup> Сенім Мәсіх атқарған ақтап алу ісіне, Оның күнәні, өлім мен тозақты жеңгеніне үміт артады. «Сенімдеріңе сай болсын!» (Матай 9:29).

<sup>8</sup> «Жойылатын соңғы жау – өлім» (1Қор. 15:26). Бір жағынан, өлім тіпті киелілер үшін де – дұшпан. Ол тіршілікке шектеу қояды және тәнді бүлдіреді. Бірақ та есесіне сенушілердің жандары Онымен мәңгіге бірге болады.

<sup>9</sup> Құдай кейде шайтанның өлім сағатында сенушіні қатты қинауына жол береді. Бірақ оның өзі де Мәсіхтен жеңілді және Құтқарушы ақтап алғандарға жамандық жасай алмайды, өйткені Ол Өзінің Сөзіне адал және оларды қорғауға билігі жеткілікті. Автор Сәлімнің бейнесінде өзін көрсетті және тәубеге келгенге және келгеннен кейінгі күнәларын есіне алып, өлімді лайықтысыз қарсы алудан қорыққан болуы тиіс деген пікірлер бар.

<sup>10</sup> Сіздер науқастанып жатқан немесе өлім алдында жатқан адамның көңілін сұрап барған кезде жүрегіңізде, қолыңызда және аузыңызда Құдай сөзі болсын. Тек осындай жағдайда ғана Құдайдың батасына үміт артуға болады. Сенім Сөз арқылы пайда болды және Сөз арқылы нығая түседі. Мәсіх – Жазбаның мәні. Мәсіхтің атымен сұраған әркімге Құдай жұбаныш, көмек пен күш береді.

<sup>11</sup> Мәсіх бізді жерде сондай жақсы көрді, ал біз ақталып алдына барған кезімізде Ол бізді одан да жақсы көретіні сөзсіз. Мұны білу үшін мәсіхші болып өлу қажет.

<sup>12</sup> Ишая пайғамбар мен елші Пауылдың не айтқандарын есімізге түсірейік: «Сен Өзіңді сеніммен күткендерге игіліктер жасайсың. Мұны істейтін бірде-бір өзге құдай жоқ! Бұрын-соңды ешкім ондай құдай туралы құлағымен естіп, көзімен көрген де емес» (Ишая 64:4; 1Қорынт. 2:9). Оны осы дүниеде жақсы көргендерден өзге ешкім Оның жүзін көре алмайды және Онымен бірге көкте бола алмайды.

<sup>13</sup> Оның өсиеттерін орындап жүру бізге Оның рақымына үміт артуымызға құқық береді деп ойлау қате. Бұл Мәсіхтегі сенімнің мәніне қайшы болар еді – Күнәкардың құтқарылуы біздің жетістіктеріміз үшін емес, Оның ұлы сүйіспеншілігінің арқасында берілген сый.

<sup>14</sup> Наданның жүрегі үнемі бекер үмітке толы. Оны тіпті өлім де қорқыта алмайды. Өзеннен өткізуге ол Құрбосқа үміттенушіні жалдады және нәтижесінде жабық қақпаға тап келді.

## Екінші бөлімге түсіндірмелер

### *Бірінші тарау*

<sup>1</sup> Бұл дүниеде жиі осылай болады: көзі тірісінде ғайбаттағандарды өлгеннен кейін киелілердің қатарына жатқызады.

<sup>2</sup> Құдай Өзінің таңдап алғанын жақсы көреді және барлық уақытта оған араша түседі.

<sup>3</sup> Естеріңізде болсын, біздің Құдайдың даңқы үшін істеген әрбір ісіміздің негізінде сүйіспеншілік болуы тиіс, сүйіспеншіліксіз ештеңенің мәні жоқ. Сүйіспеншілік жанып тұрған шамшыраққа ұқсап Мәсіхтегі қызметімізге жарығын түсіріп тұрады. Оған деген сүйіспеншілігіміз артқан сайын қызмет етуге деген құлшынысымыз арта береді және Оның Патшалығын көруге деген үмітіміз де ұлғая түседі.

<sup>4</sup> Сәлима (аударма ерекшеліктеріне байланысты кейіпкерге баспаның қойған есімі; шығармада мәсіхшінің (Сәлімнің) әйелі бейнесінде суреттеледі) – денсаулығы мықты, аман-есен және шынайы, адал, қарапайым деген мағынаны береді.

<sup>5</sup> Жақын адамдарымыздың достық кеңестері көбіне ескерусіз қалады, бірақ та құтқару үшін Құдай бізге әсер еткен кезде алған кеңестеріміз есімізге түседі. Жақындарымызға қатысты осы парызымызды орындауда мұқият болайық, құтқарылу жолын оларға да көрсетуін сұрап Құдайға мінажат етейік.

<sup>6</sup> Өзінің Құдайға мойынсұнған және Оны қадірлейтін туыстарын жек көргендер қатты өкінетін болады.

<sup>7</sup> Жаңа өмірге ие болған күнәкар күнәнің батпағында жүргендердің көз алдында көбіне әпенді немесе қиялшылдар болып көрінеді. Оларды есі ауысқандар деп есептейді. Тек Құдайдың Өзі көздеріндегі шелді алып тастаған кезде ғана олар мәсіхші-саяхатшыларға айналады.

<sup>8</sup> Бұл күнәларын түсінген күнәкардың аузынан шығатын алғашқы сөздер. Жағдайының тұйыққа тірелгенін түсінген сәтте-ақ ол кешірім сұрап мінажат ете бастайды. Бірақ та осы дүниенің билеушісі оның Құдайға бет бұруына кедергі жасайды. Зұлымдықтың рухы өз олжасынан оңайлықпен ажырамайды. Иса Мәсіх Өзінің құдіретімен және мәңгілік сүйіспеншілігімен зұлымдықтың рухын жеңеді. Күнәкарға деген қайырымдылық осыдан көрінеді, әйтпегенде ешкім құтқарыла алмас еді. Достар, жүректің қалауына ермеңіздер, себебі ол алдамшы және ол сіздерді соншалықты бір Күнәкар емессің, сен өзгелерден жаман

емессің, керісінше, олардан артықсың және жақсы істерің арқылы құтқарыла аласың деп сендіруге тырысады... Құтқарушыға баруға тырысыңыздар!

<sup>9</sup> «Даналықтың бастауы – терең қастерлеу Жаратқан Иені» және «Иеміз Өзін қастерлейтіндерге сырын ашады және білдіреді Келісімін» (Зәбүр 110:10; 24:14). Рух жанға зұлымдықтан азап шектіріп қарап тұрмайды, ол сонымен бір мезетте оған дем беріп, жүрекке Тоқтының қаны арқылы толықтай ақталғаны туралы Ізгі хабарды жеткізеді.

<sup>10</sup> Құдай былай дейді: «Алайда шындықты білдіретін Құдай Рухы келгеннен кейін сендерді бар шындыққа жеткізеді. Себебі Ол Өзінен шыққан сөзді емес, көктегі Әкемнен естігенін айтады және болашақта не болатынын сендерге хабарлайды». Тәубеге келген күнәкар осының бәрін сезінеді. Рух күнәкар үшін жалғыз үміті, әділдігі мен күші болуы үшін Мәсіх туралы куәлік етеді, Мәсікке жетелейді.

<sup>11</sup> Достар, өз мінез-құлықтарыңызға назар аударыңыздар! Таныстарыңыз сіздердің бойларыңыздан, әңгімелеріңізден, ойларыңыз бен әрекеттеріңізден өзгеріс байқады ма? Жүрек Құдайды тани бастағанда-ақ сенушінің аузы Оны уағыздай бастайды. Сондықтан да осы дүниеліктер мен сенбеушілер сіздерді мазақ етіп, жазғырады. Бұл қашан да осылай болған, болып жатыр және бола береді. Бұл біздің шынайы жолда екендігіміздің нақты белгісі.

<sup>12</sup> Бұл хат – Иеміз Иса Мәсіхтің барлық күнәкарларға арналған шақыруы. Бізге деген шексіз сүйіспеншілігінен Ол бәрін құтқаруды қалайды. Осы шақыруды көретін көзі, еститін құлағы бар адам бақытты!

<sup>13</sup> Бізді Өзінің Рухымен тірілтетін және Сөзімен шақыратын Құдай бізді айнытуға тырысатын дұшпандарымыздың кездесетінін біледі: «Бір ағайының, тіпті бір анадан туған ағаң не інің, немесе өз ұл-қызың, сүйікті әйелің не жаныңдай жақсы көретін досың құпия түрде саған: «Жүр, басқа тәңірлерге барып табынайық!» — деп азғыруға ұмтылады дейік. Ал сол тәңірлерді не өзің, не ата-бабаларың еш білген жоқсыңдар. Сондай адам сені төңірегіңде: алыс не жақын, жердің ана не мына шетінде тұрып жатқан халықтардың тәңірлеріне табынуға еліктірсе, онда оған еш көнбе, сөздеріне құлақ та түрме!» (Заңд. Қайт. 13:6-8). Құдайдың Сөзі өміріңіздің заңы болсын! Кейін қайтпаңыздар, себебі Ол былай дейді: «Ал кім қаймығып, бағытынан кері қайтса, Мен оған риза болмаймын» (Евр. 10:38).

<sup>14</sup> «...Отырған екі әйелдің де біреуін қабыл алып, екіншісін тастап кетеді» (Матай 24:40). Сүйіспеншілік қабылданды, ал Үрей сыртта қалды. Құдай адамдының еркін азат етіп жаратты. Жарықты таңдағандар Оның балаларына айналады және Ол оларды жетелеп жүреді. Әлсіздіктерінің кесірінен Оның өсиеттерін сақтамаған кезде олар жазаланады, бірақ та Құдай сынақтың тастақ та ауыр жолында қаза болуларына жол бермейді. Түнекті таңдағандар тән құмарлықтарының қалауымен әрекет етеді, көбіне жер бетіндегі ең бақытты адамдар секілді болып көрінеді, барлық жағынан жолдары болып тұрады. Олар көкті қажетсінбейді, оларға Құдай да, Құтқарушы да қажет емес. Егер де дер кезінде тәубелеріне келмесе, Құдай ондайларды мәңгілік өлім сағаты келгенге дейін тастап кетеді.

<sup>15</sup> Осы дүниелік адамдар мәңгілік айыптауға жеңілтектікпен қарап, Құдайдың шындығына немқұрайлылық танытады және Оның таңдап алғандарына күле қарайды. Бірақ бұл басынан осылай болған: «тәннен туғандар рухтан туылғандарға қарсы шығады».

## ***Екінші тарау***

<sup>1</sup> Нағыз саяхатшы өз қуанышын өзгелермен бөліседі.

<sup>2</sup> Мәсіхтің құтқаруының барша құндылығын сезінгенде және өз қателіктерімізді түсініп, оларға өкінген кезде біз оларды мәңгілік өлім күтіп тұрған жақындарымыз жайлы қайғырмай тұра алмаймыз.

<sup>3</sup> Елші Пауылдың айтуы бойынша, жалған мәсіхшілер «сендерді шатастырып, Мәсіх туралы Ізгі хабарды бұрмалағысы келген кейбір кісілер» (Ғал. 1:7). Құдайдың мейірімділігінің арқасында берілген толық қанды және кемелді құтқарылуды уағыздаудың орнына олар белгілі бір шарттар бойынша құтқарылуды уағыздайды. Осылары арқылы олар тура жүретін шыншылдарды шатастырады, өз-өзіне сенетіндерді қанаттандырып, олардың бойларына тәкаппарлық сезімін ұялатады. Олар өздерінің жақсы істеріне үміт артады және Мәсіхтің ақтаушы қанын бағаламайды. Осылайша олар Мәсікке апаратын жолды жеңілдетудің орнына, керісінше, қиындатады. Қатты тастардың (Құдайдың уәделері) орнына олар қоқыстарды (біздің істеріміз) алып келеді. Осындай ұстаздар мен уағызшылардан сақ болыңыздар! Олар сіздерден жалғыз Құтқарушыны жасырып, тек жандарыңызды әбігерге салады.

<sup>4</sup> Қайта жаңғырғандар осындай сезімге жиі беріледі. Құдай жанды түрлі тәсілдермен оятып, Өзіне шақырады: біреулерді – қайғы мен ауру; екіншілерді – қуаныш; үшіншілерді – ғибадатханадағы мінажат үстінде, ал тағы біреулерді – үйіндегі сауық-сайран кезінде... Жасқаншақ жандар, періштенің мына сөзіне құлақ салыңдар: «Қорықпаңдар! Айқышқа шегеленген Исаны іздеп келгендеріңді білемін» (Матай 28:5).

<sup>5</sup> Біз рақымдылыққа жақындаған сайын бізді жолдан тайдыруға тырысқан шайтан кінәларымызды айтып қатты айыптай бастайды.

<sup>6</sup> Бұл мысалдан мәсіхшілік мойынсұнуды үйреніңіздер. Сүйіспеншілік олардың бірін алып, екіншісін тастап кеткен Құдайдың әрекетінің дұрыс не бұрыс екені туралы ойланған жоқ. Ол тек қалып қалудан қорықты. Бірақ есіктегі: «Қағыңдар, сонда ашылады», – деген жазуды көріп, есікті қатты қаға бастады. «Сен де дәл осылай әрекет жаса!»

<sup>7</sup> Бұл бақ – осы дүние. Жемістер – «күнәкар адамның құмарлықтары, көзінің қомағайлығы әрі тұрмысына мастануы» (1Жох. 2:16). Балалар осы жемістерден дәм татты, оларды аналары сол үшін ұрысты. Ата-аналар! Балаларыңызға мұқият болыңыздар, Құдайды көмекке шақыра отырып олардың кемшіліктерін кішкене кездерінен бастап түзетіңіздер, себебі кішкентай кемшіліктерден үлкен кемшіліктер туындайды.

<sup>8</sup> Бұл күдікті адамдар кімдер? Өмір жолымызда біз ондайларды жиі кездестіреміз. Олар мәсіхшілерді шындықтан алшақтатуға барынша тырысады. Олардың үлкен күшпен шабуылдайтындары сондай, саяхатшылар олардан өздіктерінен құтыла алмайды – оларға Иса Мәсіхтің көмегі қажет болады.

<sup>9</sup> Егер біз оны Мәсіхті көмекке шақыра отырып жеңетін болсақ, ең қатты азғырудың өзі бізге күнә ретінде артылмайды. Құдай біздің шамамыздан артық азғырылуымызға жол бермейді. Оны көмекке шақырыңыздар! Ол – көмекке қашан да дер кезінде келетін Құтқарушы!

<sup>10</sup> Біз мінажатқа көбіне салақ қараймыз, сондықтан да Киелі кітаптағы мына сөздер бізге қатысты: «Сендер бір нәрсені аңсап, иемдене алмайсыңдар; сонда кісі өлтіретіндей жек көріп, қызғанасыңдар, алайда аңсаған нәрселеріңе қол жеткізе алмайсыңдар. Жанжалдасып, төбелесесіңдер, бәрібір иемденбейсіңдер, өйткені оны Құдайдан сұрамайсыңдар» (Жақ. 4:2).

<sup>11</sup> «...Сұраңдар, сонда Ол сендерге (мұқтаждарыңды) береді», – дейді Құдай. Біз – Оның балаларымыз. Біз Оның атымен бар



мұқтаждығымызды сұрай аламыз. Біз өзімізге ең қажетті нәрсе Оның көмегі, Оның рақымдылығы екенін есімізде ұстауға тиіспіз. Күш алу үшін мінажатта Оның сүйіспеншілігіне жиі жүгінуіміз үшін Құдай Өзінің Рухы арқылы бізге әлсіздігімізді көрсетіп береді.

<sup>12</sup> Кез келген сынақтың, қайғының, азғырудың мақсаты біздің рухани жағынан Құдайға бағышталуымыз болып табылады. Барша қиындықта назарымызды бізді қорғап-қолдауға, жұбатуға даяр Оған тігейік!

<sup>13</sup> Нағыз мәсіхші қашан да өзінің кінәсін шынайы сезінеді.

### *Үшінші тарау*

<sup>1</sup> Өмірдегі ең шынайы жалғыз жол – Мәсіхке апаратын жол екенін тек рухани қайта жаңғырған адам ғана түсіне алады. Жер бетінде біз тек жолаушылар ғанамыз және ондағы ештеңеге жақын болуға тиіс емеспіз. Жүрегімізді Мәсіхке беруге кедергі жасайтын нәрсенің барлығын тастап, жанымызды қуаныш пен тыныштыққа кенелтетін нәрсенің бәрін Одан табамыз деген сенімділікпен баруға тиіспіз.

<sup>2</sup> Бұл жүректі ұйқыдағы және өлі жандарды мәңгілік өмірге оятатын Құдайға деген алғысқа кенелтетін қуаныш сезімі.

<sup>3</sup> Оқырман көктің игіліктерінен гөрі осы дүниелік қоқысты, яғни, материалдық игіліктерді артық көретін кездеріміз жиі болады, солай емес пе? Бұл аз десеңіз, алғашқыларына бола біз соңғыларын құрбандыққа шаламыз. Рухани қайта жаңғырған кезімізде біз ақылдырақ бола түсеміз.

<sup>4</sup> Біздің бәріміз күнәнің күшін сезіне аламыз және сезінуге тиіспіз. Барлығымыз күнәкармыз және жақсы істеріміз де күнәкар. Мейірімі күшті Мәсіхтің бізге оң көзімен қарауы үшін жанымызды мойынсұндырайық.

<sup>5</sup> Құдайдың рақымының құпиясы – сенімнің құпиясы. Құдай күнәні жек көреді, бірақ күнәкарды сүйеді. Ол оны Өзіндегі ең жақсы орын – жүрегінде сақтайды, өйткені сенімі арқылы адам Мәсіхпен байланысады. Осылайша, бізді күнәкар жағдайымыз туралы ой абыржытпайтын болсын, ол Мәсіхке деген сенім арқылы Құдайға бағышталды, Мәсіхтің қанымен жуылды. Оның есімі мәңгілікке жасай берсін!

<sup>6</sup> Сөзінің ықпалымен өмір сүретіндерге Құдай үздіксіз әсер ету арқылы Өзі туралы хабар беріп тұрады. Өзінің рақымын, тыныштықты, Мәсіхте ақталуға деген сенімділікті және Оның

даңқы үшін әрекет етуге күш сыйлағысы келгенде ол бір тәсілдерді қолданады. Ал Өзінің сүйіспеншілігі арқылы жұбатып, жандарын Мәсіхпен тығыз байланысқа кенелту және Өзінің Киелі Рухымен күшейту үшін қолының астына жинайтындармен басқаша сөйлеседі: «Қанатыңның аясында шаттанамын», – дейді Дәуіт (Зәбүр 62:8). Қаншалықты тәжірибелі болсақ та, біз өзіміздің барлық жағынан да дұшпандардың қоршауында екенімізді, оның ішінде ең басты дұшпан – біздің өзіміз және өзіміздің күнәкарлығымыз екенін ұмытпауға тиіспіз. Сондықтан да олар қорғаныс пен күшті Мәсіхтен іздеулері үшін Құдай дұшпанның, яғни, күнәнің жақындап келе жатқанын Өзінің балаларына қатты дауыстап ескертеді, себебі «Жаратқан Иенің есімі – мықты мұнара, бас сауғалаған әділге қауіпсіз пана» (Нақыл сөздер 18:10).

<sup>7</sup> Біз адасқан қойлар едік, енді Саған қайтып келе жатырмыз, біздің Бағушымыз Иса Мәсіх. Бізге Өзіңнің жаныңның мойынсұнғандығы мен жуастығын сыйлашы!

<sup>8</sup> Мәсіхтің Қауымы – Оның гүлдер мен өсімдіктерге толы бағы. Оның халқы Құдайдың рақымының күшімен өмір сүреді және Даңқ Патшалығына «ауыстырылып отырғызылады». Пікірлердің әр түрлілігіне қарамастан, мәсіхшілерді Мәсіхтің қанымен құтқарылуға және Ол арқылы ақталуға деген сенім біріктіреді. Сондықтан өзара жауласудың не қажеті бар? Ақтап алушы бізге сүйіспеншілікпен келді, Ол – мойынсұну мен төзімділіктің үлгісі.

<sup>9</sup> Мәсіхшілер, пайдасыз бос өмір сүруден және жанның ұйқышылдығынан сақ болыңыздар! Жандарыңызға нәр беретін және жеміс әкелетін өмір салтын таңдаңыздар. Құдайдың есімін мадақтайтындай жақсы істер жасаңыздар.

<sup>10</sup> «Бұл мен!» – дейді тәубесіне келген күнәкар. «Бұл мен емеспін!» – дейді өз-өзіне разы парызшыл. Өз-өзіне разы емес және өз жүрегін жақсы емес деп есептейтін адам өз әрекеттеріне бақылау жасай алады, әлсіздіктері үшін қайғырады, сонысы арқылы ақтап алғаны үшін Құтқарушыны одан әрмен жақсы көре түседі. Өз бойларынан еш жаманшылық таппайтын адамдар өз-өздеріне сенімді, тәкаппар болып келеді. Тіпті Яһуданың өзі бүкіл шәкірттердің көзінше Ұстазынан былай деп сұраудан қысылған жоқ: «Сол адам мен емес пе екенмін?»

<sup>11</sup> Құдай адамдардың жанына әр түрлі әрекет етеді, бірақ Оның мақсаты біреу ғана – Мәсіхті, Оның құтқаруын және жолын қабылдауға, күнә жолын жек көруге, өзімізді-өзіміз ақтаймыз деген барша үміттен бас тартуға мәжбүрлеу. Жанымыз Мәсіхке үміт артқанда және Оның жолын жақсы көрген кезде ол қорқынышына қарамастан өзінің қауіпсіздікте екеніне сенімді бола алады.

<sup>12</sup> Ақтаушы, құтқарушы сенім – бұл шындыққа және оның күәлігіне деген сенім. Бірақ шайтан да сенеді және тіпті қорқыныштан қалтырайды! Құдайға сенім артқан және алыста үрейленіп тұрудың орнына Ақтап алушы Иса Мәсіхті көмекке шақыра отырып мейрімділік тағының алдына жетуге ұмтылған адам көп ұзамай Құдай сөзіндегі үміттер мен уәделерге ие болады. Ол күнәкар істерден, күнәкармен араласудан аулақ жүретін болады, Мәсіхті жақсы көреді және Оның жолдарын тану үшін сөзді зерттей бастайды.

<sup>13</sup> Саяхат кезінде былғанбай жүру мүмкін емес. Өрбір саяхатшы күнделікті рухани жуынуға мұқтаж. «Оның рухани Ұлы Исаның төгілген қаны бізді барлық күнәларымыздан тазартады» (1Жох. 1:7). Жанды тазарта алатын тек Мәсіх қана. Тек Оған келу арқылы ғана біз жұбаныш, күш және күнәларымыздан тазаруды ала аламыз.

<sup>14</sup> Бұл сот күні біздің маңдайымыздан көрінетін Киелі Рухтың мөрі. Ол – біздің Құдай ұлы екендігіміздің дәлелі, себебі «Киелі Рух Құдайдың рухани баласы екенімізді өз рухымызға растайды» (Рим. 8:16).

<sup>15</sup> Оларға әппақ киімдер кию бұйырылды. Құдай Өзінің Ұлының әділдігін күнәкарларға сенім арқылы сыйлайды. Киелі кітап былай дейді: «Тәңір Ие біздің күнәларымызды ешқашан күнә жасамаған Мәсіхке артты. Онымен тығыз байланысқан біз осы арқылы Құдайдың алдында ақталдық» (1Қор. 5:21). Мәсіх оған қол жеткізді, Құдай Әке оны бізге сыйлайды, Киелі Рух бойымызға сіңірген сеніммен біз оны қабыл аламыз.

<sup>16</sup> Мәсіхтің әділдігін жамылған саяхатшы өзін лайықсыз сезінеді және өзгелердің ар-ұждан тазалығын өзінікінен жоғары қояды. Тәңірім, төкаппарлықты бізден аулақ әкетіп, әділдікке тек Өзің арқылы жете алатын Сенде болуымызға көмектес.

### ***Төртінші тарау***

<sup>1</sup> Оқырмандар! Сіздер Мәсіхтің әділдіктің нақты үлгісі екеніне, Оның бізді тазартатын қанын төккеніне сенесіздер ме? Осы сенім үшін Құдайға алғыстарыңызды айтыңыздар және өздеріңіздің құтқарылғандарыңызға қуаныңыздар. Бірақ шайтанға біздің қуанғанымыз, Ақтаушыға деген сеніміміз бен сүйіспеншілігіміз ұнамайды, сондықтан жалған ілімі арқылы ол біздің жүрегімізден осы сенімді өшіруге барын салады. Жалған ілім Мәсіхтің ақтап

алушы қанын мадақтайды, бірақ та Оның әділдігінің бізге ауысқанын және бізді толықтай ақтайтынын мойындамайды. Керісінше, олар әділдікке жақсы істер арқылы қол жеткізуді уағыздайды, соның кесірінен жасқаншақ жандар қатты шошынып, Оған деген сүйіспеншілікті сезіне алмайды.

<sup>2</sup> Біз Оның құнымызды төлеуші қанына және бізді ақтап алушы әділдігіне мұқтажбыз.

<sup>3</sup> Құдай сөзіне балалары ретінде сенуші біздер Оның сүйіспеншілігін таныдық және Оның киелі Есімін мадақтаймыз. Өздеріңе түсініксіз қуанышымыз үшін бізді жек көретіндер, өздеріңді рәсімдер орындау мен аздаған жақсы істерің арқылы ақтауды қалайтындар, бұл адасушылықтарың үшін қатты өкінетін боласындар және «Бірақ сендер одан бас тарттыңдар!» – деген сөздерді естисіңдер.

<sup>4</sup> Мәсіхті жүрегімізге қабылдаған кезде шаттықтан біздің ауымыздан орындалмайтын уәделер шығып кетеді. Дәл осылай елші Петір Таборда үш күрке құрып, сонда тұратынын айтты, бірақ та уәдесін орындамады. Біз сенім артудың, Құтқарушыға деген сүйіспеншілікті сезіну мен Оны жүрегімізбен көрудің – Құдай сыйлаған игілік екенін ұмытып кетеміз. Қаншама салқын адамдар жүректерінде Құтқарушыға деген ешқандай сүйіспеншілікті сезінбестен өмір кешіп жатыр десеңізші! Олар өздерінің Құтқарушылары туралы өзгелерге әңгімелеу қажеттігін сезінбейді; олар алған сыйларын жерге көмеді, олар Құдайдың сүйетін балалары емес, жалқау қызметшілер. Сот күні Құдай оларды мойындамайды.

<sup>5</sup> Кейде Құдай Өзіне тіл тигізушілерді қатаң жазалауды дұрыс деп табады.

<sup>6</sup> Ақымақтық – мәсіхшіліктің үстірт уағыздаушысы. Құдайға деген сенімге селкеу түсіру өте оңай. Бұл жел шайқап тұрған қамыспен бірдей. Жалқаулық Құдай шындықтарын тануды қаламайды, Құдай сөзін таратуға күш жұмсағысы келмейді. Мұндай адамдарды Мәсіх жалған пайғамбарларға теңейді (Лұқа 6:26). Өз-өзіне үміттенушілік Құдайға Оның өсиеттерін орындау арқылы емес, өз бетімен кетушілігі арқылы ұнамды болғысы келеді. Адамның ойлары мен әрекеттерін киелендіретін рухани қайта жаңғыру мен Рухтың адам жанына әрекеті туралы ойды ол бос қиял деп атайды. Ол қасиетті өмір сүрусіз ешкімнің Құдайды көре алмайтынын (Евр. 12:14) ұмытады, дұрысын айтқанда, оған сенгісі келмейді.

<sup>7</sup> Бұл Қиындық көру тауы жан-жағымыздан азғырулар көбейіп кеткен кезде шындықты мықтап ұстанудың қаншалықты қиынға түсетінін бейнелейді. Біздің жүрегіміздің тереңінде бізді Мәсіхтен алыстататын күнәкар ойлар жасырынып жатыр.

<sup>8</sup> Езекиел пайғамбардың айтуы бойынша (34:18) таза суды ішіп, қалғанын аяғын салып лайлап кететін осындай уағызшылар бар. Олар Мәсіхті және Ол арқылы құтқарылуды уағыздайды, бірақ рақымдылықтың мөлдір бастауын түрлі шарттылықтармен лайлап жіберетіндері сондай, кейбір шөліркеген жандардың осы бұлақтан су ішуге күштері жетпей қалады. Осындай лай судан сақ болыңыздар, өйткені ол жасаған жақсы істеріңіздің есебінен сіздердің бойларыңызда өз-өздеріңізге сенушілік, өз-өздеріңізге ризашылық, солар арқылы құтқарыламын деген сезімдерді туындатуы мүмкін!

<sup>9</sup> Қайсарлықтың не екенін білмейтін адам Қиыншылық көру тауының не екенін түсіне алмайды. Біз Аспандағы қалаға жақындаған сайын кездестіретін қиындықтарымыз да көбейе береді.

<sup>10</sup> Мәсіхшілер! Тілдеріңізге ерік бермеңіздер, ойланбай сөйлеймін деп Көктегі аймақ туралы жалған айтудан сақ болыңыздар! «Тіл де от іспетті, әділетсіздік тудырғыш» (Жақып 3:6).

<sup>11</sup> Бұл оңбаған Алып кім? Бұл сенбеуші күнәкар жан. Бірақ оны сенуші жан жеңді. Сенбеушілік – қорқыныштар мен күмәнданулардың басты себебі. Сенбеушіліктің кесірінен кез келген қауіптілік одан да қорқыныштырақ болып көрінеді. Бұл жауды өлтіруге болатын жалғыз қару – «Құдайдың сөзі болып табылатын рухани семсер». Саяхатшылар, қауіптіліктердің қоршауында қалып, бойларыңызды қорқыныш жайлаған кезде Құдай сөзіне жүгініңіздер; Оның шындықтарына деген сенім рухтарыңызды серпілтеді, себебі Мәсіхпен бірге болғанда біз қашан да жеңіске жетеміз. Сенімнің арқасында Мәсіхке деген сүйіспеншілік артып, дұшпанның алдындағы қорқыныш әлсірейді.

<sup>12</sup> Біз түрінің өзінен қорқатын қас дұшпанымыз көп жағдайда бізге зиянын тигізуге қауқарсыз болып шығады. Біз бәрі Құдайдың бақылауында, бізге ешкім Құдай ерік бергеннен артық жақындай алмайды деген ойдан жұбаныш табамыз. Сондықтан бойымызды қорқыныш пен күмән жайлаған кезде Құдайдың бізге деген шексіз сүйіспеншілігі, Оның бізді қорғауға уәде берген құдіреті және бізге деген өзгермейтін қамқорлығы туралы ойлайық, өйткені «Иеміз Өзіне сиыңандардың жанында, Ол шынайы шақырғандардың қасында» (Зәбүр 144:18).

## **Бесінші тарау**

<sup>1</sup> Құдайдың мейірімі шексіз! Дұшпанымызды жеңгеннен кейін біз қашан да Одан тыныштық табамыз.

<sup>2</sup> Біздер – Құдай рақымдылығының құралымыз, сондықтан Сионға кетіп бара жатқан өзгелерді бауырларша қарсы аламыз және жүрегіміздің оларға тартатынын сезінеміз.

<sup>3</sup> Тоқты – саяхатшылардың бейнелі мағынасы бар тағамы. Оқырмандар, сіздер өздеріңіздің бар қуаныштарыңыз – Ол туралы ойлау, Ол туралы есту, Оның алдында болу және Онда өмір сүру деп айта аласыздар ма? Егер осылай болса, онда Құдайды мадақтаңыздар! Бұл тек Оның сүйіктілерінің ғана қолынан келетін нәрсе!

<sup>4</sup> Жүрегіміздің қаталдығы жайлы қаттырақ өкінген сайын Құдай да бізге жақынырақ бола түседі. Бізді күлкіге айналдыратын немесе айыптайтын адамдар қашан да табылады, бірақ Құтқарушымыз ондай кездерде бізге одан әрмен жақындай түсіп: «Сендерге тыныштық болсын!» – дейді. Өйткені Ол біздің әрбір қайғымызға, тартқан әрбір азабымызға ортақ. Сонымен, мейірімді Құтқарушыға жүректеріңіздің әлі де салқын екенін сезінгенде мұның сіздердің таңдалғандар қатарында екендеріңіздің жақсы дәлелі екеніне сенімді болыңыздар. «Мен кейінірек қасыңнан өтіп бара жатқанымда, сені байқап, махаббатқа дайын екеніңді көрдім. Жамылғымның шетін үстіңе жауып, жалаңаш денеңді қымтап, мұныммен өзіңе үйленуге уәде бердім. Яғни саған ант беріп сенімен Келісім жасадым. Осылай сен Мендік болдың, – дейді Жаратушы Тәңір Ие. Сені шомылдырып, қаныңды жуып тазартып, денеңе хош иісті май жақтым» (Езекиел 16:8-9).

<sup>5</sup> Тыныштық сезімі мен Тоқтының ақтап алушы қанына деген сенім сыйлайтын Рухтың құпиялы ақырын дауысын еститін адам бақытты. Өзіне барар жолда Құдай бізді қалдырмайды, Ол өзінің Рухы арқылы бізді жұбатып, күш береді.

<sup>6</sup> Мұның бәрі балалардың қарапайым жауаптары секілді болып көрінеді, бірақ әрбір шынайы сенушінің сенімі дәл осылай болуы тиіс.

<sup>7</sup> Сенімнің негізі мынау: Құдайдың Өз уәделеріне адалдығы және Оның оларды орындауға билігі.

<sup>8</sup> Керемет шешімділік! Егер де біз жанымыздың Құдайға ұмтылысына кедергі жасамағанда қаншама қайғы-қасірет пен қиыншылықтардан аман болар едік!

<sup>9</sup> Оның заңдарымен өмір сүруді қаламаған кезде, осы дүниеде жаман атаққа ие болу өте оңай. Достар, бұл жағдай сіздерге таныс па? Өзіңіз туралы тек Құдайдың пікірі жайында ойлаңыз, Оған қызмет етуде тұрақты болыңыз, ал енді сіздерге қатысты осы дүниенің пікіріне келетін болсақ, олардың мысқылдарынан құтқаруды Құдайға сеніп тапсырыңыздар.

<sup>10</sup> Күнәнің салдары ащы болады. Күнә енді Құдайдың рақымын алған адамның арқасына аяздай батып, жанын азапқа салады.

<sup>11</sup> Мәсіхтің сүйіспеншілігін танытын ата-аналар! Балаларыңыздың жандарының қамын ойлаңыздар, оларды күнәдан сақтаңыздар, оларға Құдайды қастерлеу жамандықтан тазартатынын үйретіңіздер.

<sup>12</sup> Ауру жан үшін жалғыз емдеуші дәрі – Мәсіхтің тәні мен қаны. Бұл дәріні сеніммен қабылдау – яғни күнәнің салдарынан рухани сауығу деген сөз. Бойымызда күнә қаншалықты көп болса, біз сауықтыратын бұл дәріні соншалықты қатты жек көреміз. Бұл жек көрушілікті, сенбеушілікті немесе күмәнді жеңу үшін мінажат ету қажет.

<sup>13</sup> Мәсіхтің бәрін кешіруші сүйіспеншілігі мен рақымы жүректі сауықтырады және оны қуанышқа кенелтеді. Өзінің күнәкарлығын түсінген адамның қайсысы осы сезімді басынан өткермей тыныш өмір сүре алады? Саяхатшылар! Өмірлеріңіздің бір күні де сіздер үшін қанын төккен және «денем — шынайы рухани «нәр», ал қаным — шынайы рухани «сусын» дей отырып өзінің тәні мен қанын бізге азыққа беретін Құдай Ұлы Иса Мәсіхтің көмегіне жүгінусіз өтпеуі үшін мінажат етіңіздер.

<sup>14</sup> Зәкір – үміт. Ол жанды сақтайды және оны үмітіміздің мақсаты – Мәсіхте нығайтады. Үміт – сенімнің жемісі. Біз Құдай уәде еткен рақымдылықтың орындалуын үмітпен күтеміз. «Бұл үмітіміз — берік зәкір сияқты жанымыздың сенімді сүйеніші; ол көктегі киелі үйдің ішіндегі «шымылдықтың арт жағында» Құдайдың Өзімен бекітілген» (Евр. 6:19).

<sup>15</sup> Батылдықтың рухын Құдай құр қол жібермейді, онымен бірге біз күшке және үмітке ие боламыз. Мұндай жолбасшысыз саяхатқа шығу өте қиын. Мәсіхті жиі көмекке шақырыңыздар!

## ***Алтыншы тарау***

<sup>1</sup> Жақсы демалыстан кейін саяхатшылар Қиыншылық тауынан Қордық көру алқабына қарай еңістейді. Бұл нені

білдіреді? Құдайдың өзімізге көрсеткен мейірімділігінен кейін біз жан дүниемізге үңіліп, күнәкарлығымыз бен барша әлсіздігімізді түсінуіміз қажет. Бұл бізге тәкаппарланып кетпеуіміз үшін қажет.

<sup>2</sup> Қорлық көру алқабында Батылдықтың рухымен бірге болған тамаша! «Әкенің сәбиіне жаны ашығаны іспетті, Жаратқан Иеміз де Өзін қастерлегендерге дәл сондай мейірім мен жанашырлық көрсетеді» (Зәбүр 102:13), – деген ой жанымызға қандай жұбату сыйлайды десеңізші. Мәсіх біздің өздігімізден ештеңе істей алмайтынымызды және Оған қарыздар екенімізді жиі көрсетіп отырады. Өйткені Ол Өзі ақтап алғандарды ешқашан тастап кетпейді, оларды даналықпен және сүйіспеншілікпен мәңгіге бірге болуға жетелейді.

<sup>3</sup> Тыныштықтың рақатын көріп және сенім мен үмітте нығайып шыққаннан кейін, Қорлық көру алқабы саяхатшылар үшін тым үрейлі болып көрінеді. Оған аяқ басқанда, яғни, өздеріне мұқият көз тастаған кезде олар өздерінің кемелсіздіктерінен қорқынышты сезінеді. Қорлық көру алқабымен жүрулерін жалғастырған олар өздерінің лайықсыз екендеріне көздерін жеткізеді, көрген қорлықтарынан олар Құдайдың сүйіспеншілігін көреді, сонда олардың жандары алғыс сезімі мен үмітке кенеледі. Өз жүректерінен бостықты сезінген олар Мәсіхтің сүйіспеншілігінің кемелдігін түсінеді, ал Оның ақтап алушы өліміне сенім арту арқылы Оның қасиеттері мен әділдігі өздерінің кемшіліктері мен әділетсіздіктерін ақтап алатынына сенеді. Құтқарушымыздың есімі ғасырдан ғасырға жасай берсін!

<sup>4</sup> Егер де Иеміз Өзінің болатын орны ретінде қорлық көру алқабын таңдап алған болса, онда Одан үлгі алып, осы алқапты бағалап үйреніңіздер. Тіпті ол жерден Аполлион немесе басқа дұшпанды кездестіретін болсаңыздар да сіздер қауіпсіздіктесіздер, өйткені бәрін жеңуші Құдай сіздермен бірге. Құдай жандарыңызда болғандықтан сіздер жеңіске жетесіздер.

<sup>5</sup> Саяхатшылар! Тәкаппарлық пен жақсылықты білмеушілік қатар жүреді. Оған лайық емес екенімізге қарамастан, Құдайдың бізге деген мейірімінде шек жоқ. Естен шығару көгалынан абай болыңыздар! Өздерінің адалдықтарын, өз әрекеттерінің лайықтылығын және заңдарды орындау арқылы ақталуға болатынын айтатын көпшілігі осы жерде қалып қояды.

<sup>6</sup> Құдай сөзін терең қастерлеу қажет! «Мен Мәсіхке сенемін, – дейді біреу, – бірақ та тозақ азабының мәңгілік болатынына сене алмаймын». «Мен Мәсіхтің қаны арқылы ақталуға сенемін,



– дейді екіншісі, – бірақ Оның әділдігі арқылы ақталамыз дегенді қабылдай алмаймын». «Тек таңдаулылар ғана құтқарылады дегенге сенбеймін, менің ойымша, бұл әділдік емес», – дейді үшіншісі. Сіздер ойлауға, таңдау жасауға еріктісіздер. Бірақ та сіздер неге саналарыңыз Құдайдың Сөзінде ненің дұрыс, ал ненің бұрыс екенін шешуге қабілетті деп ойлайсыздар? Сананың адам сенбес нәрсе деп қабылдауының өзі оның Сөздегінің бәрін бірдей түсіне бермейтінін дәлелдейді. Бізге қатал немесе әділетсіз болып көрінуі біздің күнәнің билігі астында сезініп, күнәнің билігі астында ойлайтынымыздан куәлік етеді. Адам, Құдайдың Сөзін сынайтындай сен кімсің?

<sup>7</sup> Шайтанның бір шабуылын тойтарып болмай жатып екіншісінің бетін қайтаруға дайындалу қажет. Ең бастысы, Құдайдан алған қаруларыңыз жайлы ұмытып кетпеңіздер.

<sup>8</sup> Шынайы мәсіхшілердің шайтанмен күрестегі жеңістері жайлы әңгімелер Құдайдың есімін дәріптейді. Шайтан тұтқиылдан тап бермеуі үшін саяхатшылар мінажат арқылы Құдаймен жақын жүруге тырысады.

<sup>9</sup> Өлім көлеңкесі алқабы – өлімнің алдындағы ауыр науқас. Осы алқапта жанды жайлап алатын қорқынышты ол жерде болған адам ғана түсіне алады. Жылан-шайтан сенімді күмәндандыру арқылы, Құдайға деген сүйіспеншілікті қорқыныш арқылы шайқалтуға тырысады. Жасаған қателіктерімізді есімізге түсіріп, жанымызды торығудың батпағына батыруға талпынады. Бұл алқап жайында Асаф былай дейді: «Ал мен тура жолдан тая жаздадым, тірегімнен айырылуға шақ қалдым» (Зәбүр 72:2).

<sup>10</sup> Шайтан кез келген бейнеде көріне алады. Мәсіх міндетті түрде жеңеді!

<sup>11</sup> Саяхатшылар қалғыған жоқ. Дұшпан оларға тұтқиылдан шабуыл жасай алған жоқ – олар оның келе жатқанын алыстан байқап, шайқасқа дайындалды.

<sup>12</sup> Көзге түртсе көргісіз қараңғыда терең орға тап болу өте қорқынышты. Өкінішке орай, айыпталу қорқынышының алдында, күнәкарлығымызды сезінгенде өзімізді далада қалғандай сезінеміз. Бірақ та мейірімді Құдай саяхатшыларды тастамайды және оларға «Қорықпа, тек сенімің болсын!» – дейді.

<sup>13</sup> Рақымдылық туралы ілім бізге бейқамдықпен өмір сүруіміз үшін берілген жоқ.

<sup>14</sup> Біздің заманымызда да саяхатшыларды алдайтын және олардың жандарын арбап, өлімге апаратын бейқамдыққа

ұрындыратын «Алыптар», яғни, осы дүние, құмарлықтар және т. б. аз емес.

### ***Жетінші тарау***

<sup>1</sup> Бұл сойыл – адамның күші мен билігінің белгісі. Қазіргі кезде мәсіхшілерді өлімге кесетіндей дәрежеде қуғындамайды, сондықтан осы дүние күлкіге айналдырады немесе менен теріс айналып кетеді деп Мәсіхтен бас тарту ұятты нәрсе.

<sup>2</sup> Ең жоғарғы дәрежедегі адалдық пен адамға тән адалдықтың арасында айырмашылық бар. Кез келген мәсіхші адал, әділ және шыншыл болуға міндетті. Құдайдың Ұлынан өзге ешкім де кемелді емес, сондықтан біз өзіміздің Ақтаушымызға ұқсауға қаншалықты тырысатын болсақ, Құдай бізді соншалықты көбірек сүйе түседі.

<sup>3</sup> Мұндай адамдардың жан дүниелерінде қорқыныш пен рақымдылықтың әрекетінің арасында ұдайы күрес жүреді. Қорқақтың жолы ауыр әрі көңілсіз болды, бірақ осының бәріне қарамастан соңы жақсы аяқталды. Құдай әркімді Өзінің жолымен алып жүреді: олардың біріне ол бес теңге, ал екіншісіне – бір теңге береді. Оған соңына дейін үміт артатын әрі баяу және қорқақтап болса да Оның соңынан сеніммен еретін адам ешқашан далада қалмайды.

<sup>4</sup> Қорлық көру алқабы мойынсұнған және өздеріне сенімді емес адамдарды қорқыта алмайды.

<sup>5</sup> Қорқақтың ерекшелік белгісі осы! Өзінің лайықты емес екенін сезінген шеттетілуден қорқады, бірақ айналада болып жатқан жамандықтар оның ашуын тудырады, себебі оның бойында Құдайды даңқтауға деген ұмтылыс бар.

<sup>6</sup> Құдайдың рақымы шексіз! Саяхатшы, сынақ сенің шамаңа қарай беріледі! Тек үмітінді үзбе! Сенің сенімің – өзеннен өткізетін көпір, өзің сенетін Құдай сенің арғы жағаға аман өтуіңе көмектеседі.

<sup>7</sup> Мойынсұнғыштығы саяхатшының әрекеттері мен ойларын айқындады.

<sup>8</sup> Рухтарыңыздың тыныштығымен мақтанбаңыздар, өйткені ол алдамшы! Сенімсіздікті сезінсеңіздер қамықпаңыздар, себебі егер де жүректеріңізді Құдай алдындағы қасиетті қорқыныш билейтін болса, онда сіздер шын мәнінде Мәсіхтің рақымына ие боласыздар.

<sup>9</sup> Құдайдың рақымы өмір сүретін және әрекет ететін жүрек Киелі Жазбаны осылайша түсінушілікке наразы болады. Құдай сіздерді осындай шайтандық сезімдерден сақтасын!

<sup>10</sup> Осы жолдарды мұқият оқыңыздар! Аз да болса байқампаздығымыз болса біз бұл қорытындылардың шынайылығына оңай көз жеткіземіз. Егер сіздер осындай топтардың біріне жататын болсаңыздар – ойланыңыздар!

<sup>11</sup> Кез келген ескертпелерге назар аударыңыздар. «Сергек болыңдар!» – дейді Құдай бізге.

### ***Сегізінші тарау***

<sup>1</sup> Мұндай жан Құдайдың рақымына ие болды және шынайы саяхатшылармен араласқанына қуанады.

<sup>2</sup> Егер де саяхатшы әлдебіреудің бейқам ұйықтап жатқанын көрсе, оны міндетті түрде оятуы тиіс. Осы арқылы ол өзінің бауырын өлімнен құтқарып қалады.

<sup>3</sup> Рухани қайта жаңғырусyz өз дегенінен бас тартып, өзінің табиғи тәкаппарлығын, ерік күші мен өз-өзін ақтай алатынына сенімділігін жеңуге қол жеткізу мүмкін емес. Біздің бойымыздағы пендешілікті тек Құдайдың рақымы ғана жеңе алады.

<sup>4</sup> Әлденіп алған саяхатшылар шайқасқа дайындалады. Тамақ төнді нығайту үшін қажет, ал жанды рухани азық қоректендіреді. Өмірде Оның атымен күресіп, жеңіске жету үшін Құдайда күшті болуға деген бір ғана мақсатымыз болсын.

<sup>5</sup> Саяхатшылардың барлығы бірдей күшті әрі сергек емес, олардың арасында әлсіздер де бар. Ең бастысы – оның жаны таза болуы тиіс.

<sup>6</sup> Жан тебірететін әңгіме! Сенімде және әрекеттерінде әлсіз қаншама мәсіхші бұл саяхатшыдан өздерін көреді десеңізші! Құдай әлсіздерге немқұрайлы қарамайды, керісінше, оларға деген рақымы мен сүйіспеншілігін күшейте түседі.

<sup>7</sup> Өмірдегінің бәрі Құдайдың еркі бойынша айқындалатыны қандай қуанышты! Ең күшті дұшпандарымыз жеңіліс тапты және олардың ең жаман жоспарлары ойран болды.

<sup>8</sup> Құдайдың жолдары адамға белгісіз! Оның есімін әрқашан және барлық жерде мадақтап жүріңіздер! Құдайдың адамдарға қатысты барша әрекеттері әділетті – осыны біліңіздер және Оның жолдары түсініксіз болған кездердің өзінде осыған сеніңіздер!

<sup>9</sup> Шіркін, мәсіхшілерде бір-біріне деген көбірек кешірімділік пен сүйіспеншілік болғанда ғой! Күштілер әлсіздерге көмектесер еді, даналар білмейтіндердің көздерін ашатын еді. Сонда Мәсіхтегі бауырлардың арасында тыныштық, сүйіспеншілік пен татулық орнайтын еді.

## **Тоғызыншы тарау**

<sup>1</sup> Инжілдік шындықтардың ескі шәкіртінің үйінен пана тапқаны қандай қуаныш десеңізші! Қазіргі уақытта шынайы саяхатшыларды қуанышпен қарсы алатын үйлер аз.

<sup>2</sup> Құдай біздің неге мұқтаж екенімізді біледі.

<sup>3</sup> Құдайдың батасын алуға арналған мәсіхшілік мінажат.

<sup>4</sup> Азғыруға түскен сәттерде оған қарсы тұруға көмектесетін Мәсіхті көмекке шақырыңыздар. Біз секілді Ол да азғыруды көрді, Ол бізді қорғауға қашан да дайын.

<sup>5</sup> Осы дүниенің Қауымды қудалауды тоқтатуы үлкен бақыт. Мәсіхшілер дәл осындай сәттерде сақ болулары тиіс – мұндай кезде бейқамдыққа бой алдыру өте оңай.

<sup>6</sup> Құбыжық бейнесінде автор Папалық кеңесті меңзеп тұр.

## **Оныншы тарау**

<sup>1</sup> Біз Мәсіхтің адами болмысын жиі еске алуға тиіспіз. Ол адам болды, бірақ күнәдан пәк болды. Адами болмысы Оны бізге қол жетімдірек және қымбатырақ ете түседі, себебі адам ретінде Оның біздің әлсіздігімізге көбірек жаны ашиды.

<sup>2</sup> Батылдық рухы қандай жеңістерге жете алады десеңізші! Сенімсіздік өлді. Алып Түңілу рухани семсер – Құдайдың Сөзімен басы шабылды. Тіпті Торығу мен оның қызы? Үрей де нұрға, өмір мен азаттыққа қол жеткізді.

<sup>3</sup> Күмәндану қамалы қиратылды және Алып торығудың басы алынды, бірақ күнәнің өз қамалын қайтадан тұрғызып алуы мүмкін екенін есте ұстау қажет.

<sup>4</sup> Айна – Құдай сөзі.

<sup>5</sup> Мәсіхтің даңқы үшін істелген жақсы істің ешбірін Ол ұмытпайды және сыйлықсыз қалдырмайды. Сенім майданында Ол бізге Өзінің рақымын сыйлайды және жақсы істерімізді Өзіне деген сеніміміз бен сүйіспеншілігіміздің дәлелі ретінде қабылдайды.

## **Он бірінші тарау**

<sup>1</sup> Шындық саяхатшыны ержүрек және батыл етеді. Олар төккен қан – оның абыройы; оның алған жарақаттары – оның даңқы.

<sup>2</sup> Құдайдың шындығы үшін күресуші Құдайдың көмегіне мұқтаж.

<sup>3</sup> Батылдық рухы бұл семсердің сүйіспеншілік отында шыңдалып, шындық үшін шайқасқанын бірден айқындады.

<sup>4</sup> Өздерін мәсіхшілерміз деп атайтын, бірақ та шын мәнінде сенімге қатысты ыстық та, суық та еместер! Құдай сендерді қабылдамайды!

<sup>5</sup> Көптеген адамдардың жарым жолдан кері қайтатындарының себебі мынада: олар Мәсіхті әлі жеткілікті дәрежеде жақсы көрген жоқ. Олар өздерінің күнәкарлықтарын сезінуден азап шекпейді, олар өз күштеріне сенеді. Әрбір саяхатшы өзінен: «Мен Тар қақпалардан өттім бе?» – деп сұрасын.

<sup>6</sup> Шынайы мәсіхші сұрақтарға жауап беруден қашпайды. Ол пікірталасқа дайын болады.

<sup>7</sup> Осы дүниелік адамдар Мәсіхтің жолында саяхатшыларды күтіп тұрған қауіптіліктер туралы жалған сыбыс таратқанды жақсы көреді. Олар саяхатшыларға кездесетін қиыншылықтар мен қауіптер туралы көп айтады, бірақ та оларды қандай қуаныштар мен жұбатулар күтіп тұрғаны жайлы жақ ашпайды.

<sup>8</sup> Кез келген Мәсіхтің жолын шынайы қуушы күнә мен күрестегі жеңісті қашан да сенімге артады. Осы арқылы ол Жаратушымыздың есімін мадақтайды. Мұндай мәсіхші өзінің ерік күші туралы айтып мақтанбайды, ол жақсы істері арқылы ақталуға сенім артпайды және Қасиетті Жазбаға қайшы келетін нәрсенің бәріне қарсы болады.

## ***Он екінші тарау***

<sup>1</sup> Саяхатшылар! Тіпті қонақжай болып көрінетін күркенің өзінде демалу және ұйықтауға жату қауіпті. Күш беруін сұрап Құдайға мінажат етіңіздер, өздеріңізді Сүйгеннен тыныштық сұраңыздар!

<sup>2</sup> Тыныштық пен тән құмарлықтарын жақсы көруді ұмыту қажет, әйтпесе қауіпке ұрынасыздар. Төнге қызмет ету жанның тыныштығын жояды.

<sup>3</sup> Саяхатшылардың міндеті – бауырларына құтқарылудың жолын көрсету. Бұл жерде өзгелерге Инжілді уағыздағандары үшін өздері жеккөрінішті болып қалмау үшін абай болулары қажет.

<sup>4</sup> Осынау қызықтарымен өзіне тартатын дүниеде үстірт мәсіхшілер өз-өзіне разы болудың қандай оянбас ұйқысына кетеді десеңізші! Ол ескертпелерге құлақ аспайды. Өлімнің ұйқысы жанды жайлап алған кезде ол сенімді жойып, адамның санасын соқыр етеді. Бұл өте қауіпті жағдай! Ондай ұйқыға кетпеу үшін мінажат етіңіздер, себебі «Осы дүниені сүйгендердің көктегі Өкеге сүйіспеншілігі жоқ» (1Жохан 2:15).

<sup>5</sup> Құдай сөзі – жолдағы жалғыз жарық. Оған немқұрайлы қарау ессіздік! Бір нәрседен немесе біреуден жарық іздеген адам өзінің не істеп жүргенін білмейді. Мойынсұнған жандар қашан да Құдай сөзін ұстанады.

<sup>6</sup> Күнә жасап алудан қорқатын адам қашан да сақ жүреді, ол жиі мінажатқа жүгінеді. Өз күшіне сенбеу саяхатшының бойына Құдайдың алдында тізе бүгу тілегін сіңіреді. Ол Құдайдан өзіне сана беріп, нығайтуын сұрайды. Құдайды қастерлеу мен мінажат қашан да бірге жүреді және көп өтпей-ақ оларға қуаныш келіп қосылады.

<sup>7</sup> Саяхатшылар, бекер атаққұмарлықтан сақ болыңдар! Күнәкар болмысымыз бойынша бәріміз де атаққұмармыз. Осы дүниелік байлық пен даңққа кенелу туралы ұсыныстан бас тарта алатынына қандай адам сенімді бола алады? Жаратушы Иенің сүйіспеншілігін танығандардан өзге ешкім одан бас тарт алмайды. Олар үшін Мәсіхтің даңқынан артық даңқ, Оның сүйіспеншілігіне деген сенімділіктен асқан рақат жоқ.

### ***Он үшінші тарау***

<sup>1</sup> Мәсіх арқылы ақталғандардың рақатты өлімі: олар Құдайда ұйқыға кетеді! Бірақ та мұндай тағдыр тек Онымен етене өмір сүргендерге, Киелі Рух арқылы жаңа өмірге ие болғандарға, Мәсіхке сенетіндерге және Оның қаны арқылы ақталғандарға ғана даярланып қойылған.

<sup>2</sup> Мұндай тағдыр Мәсіхке ақсаңдай басып келгендерге де даярланған. Өз-өздеріне сенімді парызылдарға қарағанда осы мойынсұнған мүгедекке ұқсас болған артық.

<sup>3</sup> Саяхатшылар, сендердің міндеттерің күнәмен қалай күрес-сендер, Құдайдың көмегімен күмәндану және қорқынышпен де дәл сондай күшпен күресу. Мұндай сезімдер күнә болып табылады емес пе? Олар – сенімсіздіктің нәтижесі, олар Құдайдың

шындықтарының, Оның рақымы мен мәңгілік құтқаруының абыройын түсіреді.

<sup>4</sup> Иса Мәсіхтің рақымына деген сеніммен өлген бақытты! Онда адам Құдай Патшалығында Онымен бірге болады.

<sup>5</sup> Жеңіс – Мәсіхтің шындығында. Тірі кезінде ол үшін батылдықпен күрескен адам өлгенде де ерлікпен өледі. Тәңірім! Сенің даңқың және біздің жанымыздың қуанышы үшін Сенің Сөзіңнің мәңгілік шындығы мен рақымдылыққа деген сенімімізді ұлғайта гөр!

<sup>6</sup> Сенім қандай рақатты қуаныш сыйлайды десеңізші! Ол бізді Оған қарай соншалықты жақындата түседі! Сондықтан қайғыда да, қуанышта да, азғырылғанда да, әлсіздік танытқанда да, тірі кезімізде де және өлім алдында да Оған мінажат етейік.

<sup>7</sup> Достар, сіздер үшін Мәсіхтің есімі ардақты ма? Оның жолымен жүруден қорықпайсыздар ма және Оның сөзінен рухани нәр аласыздар ма? Оның алдында мойынсұныңыздар, Онымен рақатқа кенеліңіздер және Оған алғыстарыңызды айтыңыздар.